



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ

# ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СИЕЗІ



“Ғылым” баспасы  
Астана - 2015

УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5 Қаз)  
Қ 17

Баспаға Халықаралық Түркі академиясының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

**Редакциялық алқа:**

Д.Қыдырәлі (*Редакциялық алқа төрағасы*),  
Ә.Ахметов, Д.Қамзабекұлы, Ш.Құрманбайұлы,  
А.Шәріп, А.Тойшанұлы

**Қ 17 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі** – Астана:  
“Ғылым” баспасы, 2015. – 270 б.

ISBN 978-601-7793-28-9

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіне қатысты тарихи мәліметтердің маңызы зор. Бұл жинақта аталмыш сиездің хаттамасы қазіргі қазақ жазуында беріліп отыр. Еңбек тарихшыларға, тіл мамандарына, студенттерге және Алаш тарихы кызықтыратын барша оқырмандарға арналған.

УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7793-28-9

© Халықаралық Түркі академиясы, 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

### (Тұңғыш білімпаздар сиезі)

Халықтарды бұғаулаған патша өкіметі құлап, Кеңес билігі орныға бастаған аумалы-төкпелі кезеңде ұлт зиялылары ғылым-білім, ағартушылық бағытындағы жаңа заманға бейімделген күрестерін бір сәтке де тоқтатқан емес. Оның айқын дәлелі ретінде әйгілі қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш жиынын айтуға болады. Орынборда 1924 жылы 12-18 маусым аралығында қазақ-қырғыз елі үшін тарихи оқиға болған алғашқы қазақ-қырғыз білімпаздарының жиыны өтеді. Жиынға тек Қазақстан ғана емес, Түркістаннан, Бұхарадан, Мәскеуден түркі халықтарының кейбір беделді тұлғаларының өкіл болып қатысуы, сиезге қатысушы озық ойлы қайраткерлердің сол кезеңде заман алға шығарған оқу-ағарту, ғылым-білім, мектеп бағдарламасы, әліпби, терминология мәселесін жалпы түркі әлемі рухани бірлігі тұрғысынан талқылауы осы тарихи жиынның шешімдері бүгіндері де бағалы екенін танытады. Жиынға Башқұрт үкіметі өкілі Ыбырайымұлы, Түркістаннан қырғыздың көрнекті зиялысы Ишанғали Арабайұлы, Бұхара, Хорезм қазақтары атынан Бұхара Республикасында жауапты қызмет атқарған Мырза Наурызбайұлы қатысып, келелі мәжілістің этно-саяси аймағын кеңіте түскені байқалады.

Тұңғыш білімпаздар сиезінің салмағын, маңыздылығын оның жұмысына атсалысқан тұлғалардан байқауға болады. Алқалы бас қосуға қатысушыларының арасында Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Елдес Омарұлы, Нәзипа Құлжанова сынды Алаштың ардақты азаматтары болды.

Тұңғыш Білімпаздар сиезін ұйымдастырушы күзіретті мекемелер мен оған арнайы өкілін жіберген жауапты ұжымдардың, жиынға қатысқан лауазым иелерінің тізімі де салмақты. Қазақстан Оқу комиссары Зәлиұлы Нұғман, Қазақстан Оқу комиссариатынан Байтұрсынұлы Ахмет, Омарұлы Елдес, Жолдыбайұлы Молдағали, Ералыұлы Нұртаза; Мәскеу Күншығыс баспасөз мекемесінен Бөкейханұлы Әлихан, Төрекұлұлы Нәзір; Қазақстан ғылыми қауымынан Дулатұлы Міржақып, Түркістан

атынан Досмұхамедұлы Халел мен Арабайұлы Ишанғали; Бұқара Республикасынан Наурызбайұлы Мырза; Орынбордағы қазақ институтынан Мырзаұлы Мұқтар; коммунистік партияның Қазақстан комитетінен Кенжеұлы Аспандияр; Жалпыресейлік Кеңес қызметкерлері ұйымының Қазақстандық бөлімінен Саматұлы Мұқтар; Семей губерниялық оқу бөлімінен Тұрғанбайұлы Манан; Қостанай губерниялық оқу бөлімінен Алдоңғарұлы Ерғали; Орал губерниялық оқу бөлімінен Шайұлы Нығыметжан; Бөкей губерниялық оқу бөлімінен Ақбайұлы Рүстем; Қазақстан Ғылым ордасы атынан Лебедев қатысты. Сондай-ақ Сәйполлаұлы Сәдуақас (Сәкен Сейфуллин) Орынбордағы газет-журнал басқармасы атынан қатысып отырды.

Жиынның күн тәртібіне алты бірдей мәселе кірген. Олар жазу мен әліпби мәселелері, қазақша пән сөздері, ауыз әдебиетін жию шаралары, оқу, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектептердің бағдарламалары. Ғасырға таяу уақыт өтсе де аталған тақырыптар қазір де өз өзектілігін жойған жоқ деуге болады. Сондай-ақ аталмыш жиында көтерілген құнарлы ой-пікірлерді қоғамдық өмірде әлі де қолданысқа енгізудің қажеттігін айқындай түседі.

Жиынға қатысқан ғалымдар сиезді қазақ ғылымы мен әдебиетінің негізін салуға жол ашады деп баға берген. Расында кейінірек сиез қабылдаған әліпби туралы белгілі түрколог ғалымдар Е.Д. Поливанов пен А.Н. Самойлович былай деп жазған: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я, во всяком случае, считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием (Е.Н. Жанпейісов. Ұлт ар-намысы // Қазақ әдебиеті. 2013 ж. 8-14 наурыз).

Өз заманында түркология тізгінін ұстаған көрнекті ғалымдардың бұндай жоғары бағасы бұл жиынның тұтастай түркология үшін де тың жаңалықтар әкелгенін білдірсе керек. Осы орайда оның 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық I-түркологиялық сиезбен байланысын айтып кетсе болады. Ол сиездің негізгі мәселесі КСРО түркі тілдес халықтарын латын әліпбиіне көшіру болды. Біздің қарастырып отырған жиында да латын әліпбиін қабылдау

төңірегінде қызу талқылаулар болғандығын көреміз. Тіпті сиез өткен уақыттың жартысы соған арналды десек қателеспейміз. Пікірталастар нәтижесінде А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпби қабылданған. Кейін Орынбордағы жиынға қатысқандардың арасында Баку сиезіне барғандары болды. Бұл тұста сол кездегі зиялылардың көрегендігін байқаймыз, олар латын әліпбиі мәселесін алдын ала қарастырып, бір ұстанымға келген еді.

Сондай-ақ сиезде қазақтың жазу ережелеріне байланысты – дыбысталуы бойынша жазудың дұрыстығы, кірме сөздерді бұқараға ыңғайлы қылып айту, қазақ тілінде бірен-саран жерде қолданылатын әріптерді әліпбиден алып тастау, тіл ережесін барынша қиындатпау, тілді ескіліктен айыру сынды салмақты пікірлер ұсынылған. Қазақ тілі басқа түркі тілдерімен салыстырғанда шет тілдерінің ықпалынан сақталып, өз еркімен дамыған деген кесімді пікірлер де сол кезде дәлелмен айтылыпты. Терминология мәселесін талқылағанда қырғыз зиялысы Ишанғали Арабайұлы «пән сөздерін қазақ тілінен, онан табылмаған күнде жалпы түрік тілінен алу жолын қуаттап, қазақша лұғат кітабын шығару керек» деген байыпты пікір білдіреді. Бұл пікірді Манан Тұрғанбайұлы да былай деп тиянақтай түседі: «Пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек. Онан табылмаған күнде басқа түрік қауымдарына кіріп кеткен сөздерден іздеу керек. Қазақтың өз тілінен де, басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек».

Сиезде мектепке арналған оқу бағдарламасын жасау, оқулықтар жазу саласы да сарапталған. Алаш ардақтысы Шонанұлы Телжанның сол жиында бастауыш сыныптарға арнап түзген оқыту жоспары бүгінгі тәуелсіз еліміздің білім бағдарламасына да оң ықпал ететін тағылымды жұмыс деуге болады.

Алаш зиялылары ғылыми еңбектерді көбейту мәселесінің өзектілігін жақсы түсініп, ақыл-ой қазынасын байытудың қамын ойлапты.

Салиқалы жиында айтылған пікірлерде түркілік құндылықтарға терең мән бергені байқалады. Қазақ халқына тән мәселелер бауырлас түркі халықтарындағы жағдаймен салыстырыла қаралған. Сондай-ақ, Башқұртстан, Бұхара жақтардан білімпаздардың келуі жиынның салмағын арттыра түскен. Башқұрт үкіметі өкілі

Ыбырайымұлы өз құттықтау сөзінде: «қазақ, башқұрт бір-бірімен көрші, туысқан ел, екеуінің ғылым, әдебиет жағынан мүддесі бір» деп айтқаны бұл сиезге тек қазақ қана емес, басқа түркі жұрты да үміт артқан бастама болғандығын дәлелдейді. Баяндама мәтіндері мен талқылаулардан қазақ ғалымдары басқа түркі халықтарының әліпби, жазуларынан қатты алшақтап кетпеудің де қамын жегендігі аңғарылады. Яғни түркі халықтары бір-бірінің әдебиетін оқи алуы да қазақ тіл ережелерін дамытуда басты назарда ұсталған. Бұл қай заманда да тіл мен ғылым түркі халықтарын жақындататын бірден-бір ұстын, құрал екенін көрсетеді.

Баяндамаларда орыс, Еуропа елдерінің тілдеріндегі жазу ережелері де назарға алынып, оның пайдалы, пайдасыз жақтары ескерілген. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының әліпби тақырыбындағы баяндамасында әліпбиді түзеу түркі жұртында бұрыннан келе жатқан мәселе екендігіне назар салынып, түркілік тұтастыққа баса мән берілген. Бұл сол кездегі зиялыларымыздың түрік, татар деп бөлмей, кез келген мәселеге ортақ түркілік ой-сана тұрғысынан қарағандығының, бауырлас түркі халықтарын ғана өзіне серік тұтқанының анық белгісі. Осы орайда қазір түркі жұртына ортақ әліпби жасау мәселесі бойынша Ақаңның «түрік жұрттары үшін бір әліпби түзу деген мәселені - бір әліпбиді бәрі негізге алып, түрік жұртының әрқайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек» деп айтқан пікірі де көңілге қонымды. Және бұл жұмыс барлық түркі елдерінің жұмыла кірісуін талап ететіндігін де шет қалдырмаған. Оның жақсы әліпбиге қойған талаптары да, тереңнен зерттеп айтылғаны көрінеді. Баспа ісі бойынша қырғыз халқы қазақ тілінде басылып шыққан әдебиеттерге арқа сүйегені де тілге тиек етілген. Осы айтылғандардан түркі халықтары үнемі түркілік санамен өмір сүріп, оларды ұйыстыратын тетіктер іздегенін көре аламыз.

Мінеки, бұл тарихи жиынға биыл 92 жыл толса, осы жиыннан соң түркі әлемінің тарихында бағалы орын алған Баку түркология сиезіне 90 жыл толып отыр. Екі жиынның да тағылымы мен өнегесі бүгінгі түркі дүниесі үшін маңызды әрі сабақтас. Сол себептен де академия екі сиездің де материалдар жинағын толығымен жариялауды қолға алып отыр.

Қазақ-қырғыз білімпаздар сиезіне қатысқан зиялылардың дені қуғын-сүргін мен жаппай репрессияға ұшырағаны белгілі.

Солардың арасында Бұхара қазақтарының атынан жиынға арнайы келген, Бұхарада үкімет басшыларының бірі болған әйгілі қайраткер Мырза Наурызбайұлының ғұмырбаянын зерттеу ісіне республикамызға белгілі тұлға, генерал Ержан Исақұловтың атсалысып отырғаны игі бастама. Халықаралық Түркі академиясына білімпаздар сиезінің материалын ұсынғаны үшін Ержан Исақұловқа оқырмандар атынан алғысымызды білдіреміз.

Осы орайда тағы бір айта кетерлік жайт, Алаштанушы ғалым, профессор Д.Қамзабекұлы білімпаздар сиезінің саяси-рухани мағынасына терең мән беріп, жүйелі зерттеулер жазып жүргені белгілі. Оның Бұхара қазақтары атынан жиынға қатысқан Мырза Наурызбайұлының қайраткерлік өмірі туралы архив материалдарымен дәйектеген мақаласы тұлғатануға қосылған тың үлес. Сол себептен де ғылыми қосымшаға профессор Д.Қамзабекұлының осы зерттеуін енгізуді жөн көрдік.

Тарихи құжат мәдени ескерткіш екені мәлім. Сол кезеңдегі грамматикалық-фонетикалық ерекшеліктер бүгінгі ғылыми зерттеулер үшін де маңызды. Осы себептерге байланысты мәжіліс хаттамасының материалын сол кездегі емле-ережелерге сай ешқандай өзгертпей қаз-қалпында жариялауды жөн санадық. Сондықтан да мәтінді кирил қарпіне көшіру барысында жекелеген сөздер, терминдер, адам аттары өзгертусіз беріліп, арнайы түсініктеме әзірленді. Дегенмен оқуға жеңіл болу үшін кейбір тіл ережелерін айналып өтіп, қазіргі ыңғаймен берген жерлеріміз де бар (мысалы, «ыу», «іу», «ұу» - «у», «ый», «ій» - «и», «йыу», «йіу» - ю, «йа» - я, т.б.).

Сөз соңында сиезге қатысушылардың әр мәселені қызу талқылауы олардың шын мәніндегі ұлтының жанашырлары болғанын дәйектейтінін айта кету керек. Сиездің жұмыс істеу тәсілі қазіргі соған ұқсас жиындарды өткізуде жақсы үлгі бола алатыны күмәнсіз. Көлемі жағынан шағын осы жиын материалдары әлі де терең зерделеуді талап етеді.

**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,**  
*Халықаралық Түркі академиясының президенті,*  
*тарих ғылымдарының докторы*

Дүниежүзінің еңбекшілері бірігіндер!

# ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СИЕЗІ

*1924 жыл үйіннің 12 күні*

Орынбор 1925 жыл  
Қазағыстан мемлекет баспаханасы



Дүниежүзінің еңбекшілері бірігіндер!

# ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СІЕЗІ

*1924 жыл үйіннің 12 күні*

ТРУДЫ  
Первого Киргизского  
Научного С'езда

КИРГИЗСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО  
ОРЕНБУРГ 1925 Г.

## Мәжіліс қат

1924 жылы үйіннің 12 күні күндіз сағат 12 де Орынбор оқу қызметкерлері ұйымының үйінде қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сиезі ашылды Қазағыстан оқу камесері<sup>1</sup> Зәлиұлы Нұғман сиездің ашылғандығын жариялап, сиезге келген өкілдердің тізімін оқып шығу үшін Жолдыбайұлы Молдағалиға сөз берді. Молдағали өкілдер тізімін мынау ретте оқып шықты:

Мәскеу күншығыстық баспасөз мекемесінен: 1 – Бөкейқанұлы Әлиқан мен 2 – Төрекұлұлы Нәзір;

Бұқара қазағынан 3 – Наурызбайұлы Мырза;

Түркістан қазақ-қырғызынан 4 – Досмағамбетұлы Қалел мен 5 – Арабайұлы Ишанғали;

Орынбордағы қазақ институтынан 6 – Мырзаұлы Мұқтар;

Қазағыстан оқу камесериатынан: 7 – Омарұлы Елдес, 8 – Байтұрсынұлы Ақмет, 9 – Зәлиұлы Нұғман, 10 – Жолдыбайұлы Молдағали, 11 – Ералыұлы Нұртаза;

Қостанайдың Губернелік оқу бөлімінен: 12 – Алдоңғарұлы Ерғали;

Көменес<sup>2</sup> партиясының Қазағыстандық камитетінен: 13 – Кенжеұлы Аспандияр;

Жалпы Ресейлік кеңес қызметкерлері ұйымының Қазағыстандық бөлімінен; 14 – Саматұлы Мұқтар;

Семейдің губернелік оқу бөлімінен 15 – Тұрғанбайұлы Манан;

Оралдың губернелік оқу бөлімінен 16 – Шайұлы Нығыметжан;

Орынбордағы газет-журнал басқармаларынан 17 – Сәйполлаұлы Сәдуақас;

Бөкейдің губернелік оқу бөлімінен: 18 – Ақбайұлы Рүстем;

Қазағыстандық ғылым қауымынан: 19 – Дулатұлы Міржақып.

Зәлиұлы Нұғман: сиездің президумын сайлау үшін, соған кісі көрсетуге Жолдыбайұлы Молдағалиға сөз берді.

*Молдағали:* сиез президумына Зәлиұлы Нұғман, Кенжеұлы Аспандияр, Наурызбайұлы Мырза, Бөкейқанұлы Әлиқан, Арабайұлы Ишанғали бесеуін атады.

Сиез президумына осы бесеуін сайлап шығарды.

<sup>1</sup> Қазақстан оқу комиссары

<sup>2</sup> Коммунист

Сиездің қатшылық қызметін атқаруға Тұрғанбайұлы Манан мен Алдоңғарұлы Ерғали сайланды.

Қазағыстандық ғылым кеңесі атынан сиездің қарауына мына мәселелер ұсынылды:

- 1 – жазу мәселелері;
- 2 – әлібби мәселелері;
- 3 – қазақша пән сөздер;
- 4 – ауыз әдебиетін жию шаралары;
- 5 – оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары;
- 6 – бастауыш мектептердің програмалары.

Сиез бұл мәселені қабыл алды.

Досмағамбетұлы Қалел: бастауыш мектептердің түрі мен оқытушылар дайындайтын ғылым орындарының програмын тексеру керек, – деп ұсыныс кіргізді.

Сиез Қалелдің бұл ұсынысын қабыл алды.

Бұқара қазағының өкілі Наурызбайұлы Мырза Бұқара мен Қоразым өлкесіндегі қазақтарды оқыту шараларын қарастыруды тіледі.

*Тұрғанбайұлы Манан:* бұл мәселені (Мырзаның ұсынған мәселесін) жалпы түрде, Қазағыстан мен Түркістаннан басқа жерлердегі қазақтардың бәріне арнап, тексеру керек деді.

Сиез Мырзаның ұсынысын Манан айтқан жалпы түрде қабыл алды. Сиездің мәжіліс тәртібі бұлай болып бекілді:

1 – мәжіліс күндіз сағат 10-нан 2-ге шейін, түстен кейін сағат 5-тен 9-ға шейін болады.

2 – баяндамашыға бір сағат уақыт тиеді;

3 – қосыла баяндаушыға 30 минут тиеді;

4 – баяндама тақырыбы сөйлеушіге 15 минут, 2-рет сөйлеушіге 10 минут, 3-рет сөйлеушіге 5 минут уақыт беріледі;

5 – өз басы туралы сөйлеушіге мәжіліс артынан 3 минут тиеді.

Мұнан кейін мәжіліс ағасы сиезді құттықтаушыларға сөз берді.

Сиезді Қазағыстандық атқару камитеті мен оқу камесерияті атынан Зәлиұлы Нұғман құттықтады. *Нұғман:* қазақ қазақ болғалы мұнан бұрын мұндай сиездің болмағандығын, бұл сиез қазақ-қырғыз халқы білімпаздарының тұңғыш сиезі болғандықтан, мұның жұмысы аса мағаналы, елге аса пайдалы болуға тиіс

екенін, жана бұрын патша үкіметі заманында мұндай сиездің болуы да мүмкін емес болғанын, бұл сиездің коменес партиясы бастаған кеңес үкіметі арқасында ғана болып отырғанын айтып өтті.

Коменес партиясының Қазағыстандық камитеті мен қалық камесерлері кеңесі атынан *Кенжеұлы Аспандияр* сиезді құттықтап былай деді:

Кеңес үкіметі Қазағыстанға басқа жерлерден гөрі кешірек келіп орнады. Шындап қызметке кіріскеніне 4 жылда толған жоқ. Қазағыстанның жерінің кеңдігі, қатынас жолдарының кемдігі, пабрик-заводтардың, ұйымдасқан жалшылардың жоқтығы сықылды кемшіліктер жұмысты ойдағыдай қылып атқарып, көздеген мақсатқа кешікпей жетуге үлкен бөгеу бола келді. Коменес партиясының 12 сиезі қазақ сықылды уақ ұлттарда осындай қолайсыз жағдайлардың болатынын ескеріп, ұлт мәселесін артықша маңызды мәселе есебінде тексерді. Уақ ұлттар арасында қызмет қылу үшін айрықша жол ашты. Уақ ұлттардың оқыған азаматтарына зор міндеттер артты. Бірақ олардың көбі, әсіресе қазақ оқығандары міндетін біліп, қызметке белсене кіріскен жоқ. Бұл сиезге келіп отырған қазақ оқығандарының басшылары. Сондықтан бұл сиез бұл уақытқа шейін кеңес қызметіне самарқау болып жүрген қазақ азаматтары тақырыпты өз пікірлерін білдіріп өтуге тиіс.

*Жолдыбайұлы Молдағали:* Аспандияр сөзі тақырыпты сиездің бұлай деп қаулы қылуын тіледі:

Кеңестер республикасының қай жерінде оқығандар бұрынғыдай кері тартуын қойып, кеңес үкіметіне шындап қызмет қылуға кірісіп отыр, қазақ білімпаздарының сиезі жалпы оқығандардың бұлайша пікірі өзгеріп тура жолға түскеніне ырзалығын білдіріп, өз тарапынан мынаны айтты:

1 – кеңес үкіметінің ұлт мәселесі тақырыпты ұстаған жолын, әсіресе ресейлік коменес партиясының 14 сиезінің қаулысын, ол қаулының күншығыс қалықтары арасында іске асып, пайдасы айырықша іске асып, пайдасы айырықша көзге түсіп отырғанын, – осының бәрін көріп отырып: кеңес үкіметіне шын көңілмен тілектес болып, достық ниет пен қызмет қылудан тартынудың түк қисыны жоқ.

2 – мәдениеті төмен, бұрын қорлықта болған ұлттарды ілгері бастырып, өнерін арттыру үшін кеңес үкіметі оларға артықша мүмкіндік беріп отыр, – уақ ұлттардың мәдениетін арттыру үшін қызмет қылатын кісі болса, оған ешкім де бөгеу бола алмайды. Солай болған соң әр ұлттың еңбекшілеріне қызмет қылу – сол ұлттың оқығандарының міндеті болуға тиіс;

3 – уақ ұлттар арасында, біздің Қазақ Республикасында кеңес үкіметінің істейтұғын істеріне, езілген ұлттардың мәдениеті шаруасының ілгері басуына көп себеп болатын оқығандар: оқыған міндетін тартынбай атқарып отырса, бұрынғы қата пікірінен қайтып, алаңсыз іске кіріссе, жұмыстың берекелі болуына сөз жоқ;

Сиез: қазақ оқығандары кеңес үкіметі тақырыпты бұрынғы қата пікірден құтылды, енді қызметке шындап кірісер деп сенеді. Сиез: өз міндетіндегі қызметін атқарғанда осы осы айтылған жолдан шықпайтындығын айтып, жер-жердегі оқығандардың осы жолмен алаңсыз қызмет қылуын тілейді. Сиез мұны қабыл алды.

Түркістен оқу камесериаты атынан Арабайұлы Ишанғали сиезді құттықтап бұлай деді:

Қазақ-қырғыз қалқы мәдениеті нашар өнер, білімнен құр қалған қалық. Соңғы уақыттарға шейін оқу жолында қазақ-қырғызға басшылық қылып келген өзбек, ноғай туысқандарымыз болды. Қазақ балалары содан араптың ескі әліббиімен сабақ оқыды. Арапша жазудың қазақ тіліне қанша үйлесетүні, қандай кемшілігі бар екенімен ешкімнің жұмысы болған жоқ. Өнер, білім жағынан қазақтан артық деп саналған өзбек, ноғай, Стампол<sup>3</sup> түріктерінің қолданған жазуы да, сол арапша ескі жазу болған соң қазақ-қырғыз олардан асып кете алмады. Арапша ескі жазудың түрік тіліне үйлеспейтіні тек соңғы жылдарда ғана, ел ішінде Ақмет шығарған қазақша әлібби тарап, балаларды сонымен оқыта бастағаннан бері қарай ғана көзге көрінді. Ноғай, әзербайжан, Стампол түріктері сықылды мәдениетті туысқандарымыздың әдебиет жағынан адасып жүргендігін сол уақыттан бері қарай ғана білдік. Қазақ-қырғыз қалқының әдебиеті, жазу ережелері негізгі жолға түсіп, бұқарашыл жөнмен алға басып барады. Біздің

---

<sup>3</sup> Ыстамбұл

бұл жөнімізді қазірде өзбек сықылды басқа туыскандарымызда үлгіге алып отыр. Білімпаздар сиезі қазақ әдебиетін осы жолдан шығармай өркендетудің қамын қылуы керек.

Жалпыресейлік кеңес қызметкерлері ұйымының Қазағыстандық бөлімі атынан Саматұлы Мұқтар сөйледі. *Мұқтар* сиезді құттықтау ретінде мынаны айтты: Қазағыстанда кеңес үкіметі орнап, бекіп, біздің шындап қызметке кіріскенімізге 2 жылдан артқан жоқ. Біздің сол екі жылдың ішінде істеген жұмысымыздың өзі көзге көрінерлік: жаңа болып өткен кәсіпшілер сиезінде қазақ еңбекшілерінің ұйымдасып, қатарға кіре бастағаны ашылды. Мұның өзі де аз жұмыс емес. Бұрын оқу тек байлардың ғана еншісі еді, байлардың кедейлерге қарсы ең мықты құралы оқу еді, оқуға кедейдің қолы жетпейтін еді, енді біз еңбекші, кедей балаларын оқытып жатырмыз, бұл да зор жұмыс. Қазақтың кедейлері мен еңбекшілерін оқытып тәрбиелеп шығару – біздің ойдағы мақсаттарымыздың ең керегі. Бұл мақсатқа жету үшін, әуелі кедейдің өзінен оқытушы дайындап шығару, оларды мұқтаждықтан құтқарып, ақысын толық қып беріп отыру керек. Және қалалы жерде тұратын басшы азаматтарымыз елдегі оқытушыларға басшылық қылып, керек-жарағын тауып беріп тұруы керек, оқыған азаматтарымыз шын ынтасымен қызметке кірісіп, осы шараларды тартынбай істеп отырса, қазақтың еңбекші кедейлерін оқытып, жетілдіріп шығару ұзаққа созылмасқа тиіс. Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сиезі жұмысы жемісті болып, пайдасы жалпы бұқараға тиетін болсын, әлгі айтқан мақсатқа тез жететін болайық.

Қазағыстандық оқытушылар курсы атынан Ырысбайұлы сиездің оқытушыларға басшылық қылып, жәрдем көрсетуін тілеп өздерінің шын ынтамен қызмет қылып міндет ақтаруын айтты.

Қазағыстандық Ғылым ордасы атынан сиезді құттықтап *Лебіден* жолдас сөйледі:

Қазақша әдебиет, ғылым жаңа басталып жарыққа шығып отыр, беталысы түзу, болашағы жақсы болар деп сенуге болады. Яурыпа ғалымдары ғылымды тура жолдан тайдырып, адамшылық жолында қызмет еттірудің орнына, байларға құрал қылып беріп еді, қазақ білімпаздары ол қатадан осы бастан сақтанып, ғылымды тұрмысқа жуық, жалпы бұқара жатсынбайтын жолмен жүргізу

керек. Бұл сиездің қарайын деп отырған мәселелері ғылым, әдебиеттің негізгі мәселелері, сондықтан бұл сиезді қазақша ғылым, әдебиеттің негізін салатын сиез деп білу керек. Қазақша ғылым, әдебиеттің болашағы осы сиездің қолында. Сондықтан сиез қарауына түскен мәселелерді артықша шұғылданып, талдап, тексеріп, қатасыз шешу керек. Сонда ғылым, әдебиет тура жолдан шықпайтын болады.

Башқұртстан үкіметі атынан Ыбырайымұлы сиезді құттықтап қазақ, башқұрт бір-бірімен көрші, туысқан ел, екеуінің, ғылым, әдебиет жағынан мүддесі бір екенін айтып, сиездің ғылым, әдебиетке негізгі жол салуын тіледі.

Наурызбайұлы Мырза Бұқара қазағы атынан сиезді құттықтап, ондағы қазақтың хал-жағдайын баяндады. Қазағыстаннан айырықша көмек болмаса, Бұқара мен Қоразымдағы қазақтардың қараңғылықтан құтыла алмайтынын айтып, оларға ғылым жағынан да, Қазағыстанның көмекші болуын өтінді.

*Мәжіліс ағасы:* құттықтау сөздердің біткенін айтып, күндізгі мәжіліс жабылды деп жариялады.

## **Үйіннің 12-сіндегі кешкі мәжіліс**

Мәжілісті Кенжеұлы Аспандияр ашты.

*Саматұлы Мұқтар:* айырықша ұсыныс үшін сөз алып, дүние еңбекшілерінің көсемі, Ресейдегі еңбекшілер төңкерісінің бас кемеңгері Илияұлы Уладимир Ленинді еске түсіріп, құрмет көрсетуді тіледі. Сиез бір минуттай тік тұрып құрмет көрсетті.

*Мәжіліс ағасы:* Қазағыстандық оқытушылар курсінен сиезге екі кісі өкіл кіргізуге өтініш етушілер бар екенін жариялап, оны сиездің қарауына тапсырды. Сиез бұл өтінішті тексеріп, оқытушылар курсының екі өкіліне кеңесші дауыс берілсін деп ұйғарды.

*Мәжіліс ағасы Аспандияр:* Сиезде әйелдерден Құлжан келіні Нәзипаның отырғанын көрсетіп, оны сиезге шешуші дауыспен мүше қылып кіргізуді тіледі.

Сиез мұны қабыл алды.

*Мәжіліс ағасы:* мектептің түрін, мұғалімдер дайындайтын орындардың жобасын қарастыруға екі кемесие сайлау керек деп, – оны сиездің қарауына тапсырды.

Сиезде кемесие сайлауды мақұл көріп, екі кемесиеге үштен б кісі сайлады. Кемесиеге 1 – Байтұрсынұлы Ақмет, 2 – Арабайұлы Ишанғали, 3 – Досмағамбетұлы Қалел, 4 – Шонанұлы Телжан, 5 – Мырзаұлы Мұқтар, 6 – Мұқанұлы Есқали сайланды. Мұнан кейін жазу ережелер тақырыпты баяндама жасауға Омарұлы Елдеске сөз берілді.

### **Жазу ережелері тақырыпты Елdestiң баяндамасы**

Жазу ережелерін тілдің сөз жүйесіне келтіріп, түзетуге болады. Дыбыс жүйесінше де түзетуге болады. Яурыпа қалықтарының көбінде жазу сөз жүйесінше түзелген. Біз білетін орыс қалқының жазуы да сөз жүйесінше, біздің жазуымыз бұл уақытқа шейін дыбыс жүйесінше болып келді.

Жазу сөз жүйесінше болса, туынды сөздер түбірінше жазылады, көмескі дыбыстар, сөздің екпінін сол дыбысқа келтіріп өзгерткенде естілетін түрінде жазылады. Мәселен орысша «просьба», «ног», «вода» деп жазылатын сөздер «прозьба», «нок», «вада» болып оқылады. Бұл сөздің жазылуы естілуінен басқаша болатыны орысша жазудың сөз жүйесінше болғанынан: «просьба»-ның «просить»-ке, «ног»-тің «нога»-ға «вода»-ның «воды»-ға ұсап<sup>4</sup> жазылуы үшін орысша жазу, олай болмай, дыбыс жүйесінше болса қиын болар еді. Орысша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгереді. Орысша жазу дыбыс жүйесінше болса, бір түбіріден шыққан сөздердің әрқайсысын өз алдына біріне-бірін ұсатпай естілуінше жазу керек болар еді. Түбірі бір сөздердің сүгіреттері біріне-бірі ұсамай жазылатын болса оны жазуда олай жазылғанды оқу да қиын болады.

Жазу дыбыс жүйесінше болса – әр сөз өзінің естілуінше жазылады. Біздің жазуымыз дыбыс жүйесінше. Бірақ қазақша жазу олай дыбыс жүйесінше болғаннан қиындамайды. Қайта оңайланады. Қазақша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгермейді. Бір түбірге түрлі жалғау, жұрнақтар жалғанып өзгереді. Сондықтан біздің дыбыс жүйесіне келтіріп жазған сөздеріміз түбірлерінен басқаша болып, шықпайды. Қазақша сөздердің, дыбыс жүйесінше жазылғанда түбіріне аз-мұз ұсамай жазылатындары тек «к» пен «к»-ке тынатұн түбірлерден

---

<sup>4</sup> ұксап



туған сөздер. Ондай сөздерге дауысты дыбысбен басталатын жұрнақтар қосылса «к» өзгеріп «ғ» болады да, «к» өзгеріп «г» болады. Біз ондай сөздерді естілуінше дыбыс жүйесіне келтіріп жазамыз. «Оқ», «жек», «қазақ» сықылды түбірлерден болған «оғы», «жегемін», «қазағы»-лар дыбыс жүйесінше жазсақ «оқы», «жекемін», «қазақы» болып жазылар еді де, басқаша оқылып, басқа мағанада айтылатын сөздермен қатысып кетер еді.

Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де дыбыс жүйесінше болу керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп, түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек.

Қазақша жазу ережелері тақырыпты бұл уақытқа шейін ұсынылған түрлі жобалар бар. Біз олардың әрқайсысын өз алдына тексеріп шешуіміз керек. Ол жобаларды тексергенде біздің ұстаған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс.

1 – «х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақ әліббиінен шығарылсын деген жоба бар. Бұл жобаны ұсынушылардың айтатыны «әріп» азайса жазу жеңілденеді және бұл төрт дыбыс төртеуі де қазақ тілінде жоқ. «Ш» мен «ф» дыбыстары («ш»-ның «ж»-дан басқалығы) мүлде жоқ. Бірен саран «ау-хау», «ахау», «аһ», «ұуһ» сықылды одағайлар болмаса «х» мен «һ»-да кездесе бермейді. Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақшаға кіргізгенде «һәм», «харф», «шарт» сықылды жат сөздер үшін кіргізген. Білім кеңесінің онысы қата. Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды. Жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді. Сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитын бұқараның біздің жазған сөзімізге түсінбейтүн болады. Ол болмай ойда жоқ бір керемет себептер болып Бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді, жат дыбыстары мен бұлжытпай айта алатын болып кетсе қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда жақсы болмайды. Дұрысында қазақ тіліне сіңіп кеткен жат сөздердің ішіндегі жат дыбыстарын бұқара өзінше бұзып дыбыс жүйесіне келтіріп алған, оны тек бұзбай айтатындар оқығандар ғана. «Хәріф» деуге бұқараның тілі келмейді. Бұқара оны кей жерде «әріп» дейді, кей жерде «қарып» дейді. «Һәм» деген сөзді бұқара тіпті айтпайды. Дұрысында сөзді орысша тізу үшін ғана болмаса

«Һәм»-нің қазақ тіліне түк те керегі жоқ. «Ахау», «халалай», «аһ», «үүүһ» бір-екі сөз болғаны үшін әліббиге «х» мен «һ»-ны кіргізу үшін дыбыс жүйесі жағынан керек болғанымен жеңілдік жағынан үлкен шатақ болады. Қазақта «әһ», «мәһ» деген одағайлар да бар, «ыңһы» дейтүнде одағай бар, аттың жүрісін бәсендету үшін айтылатын ықылық бар, ондай бірен-саран сөздер ғана кездесетін дыбыстардың бәріне әріп керек десек, әріптің саны 24 емес, 240 болып кетуі мүмкін. Қазақ тілінде «ш» мен «ч»-ның айырмасы жоқ, басқа түріктердің «ш»-сын да, «ч»-сын да қазақ «ш» қылып айтады (көбіне «ш»-ны «с» қылып, «ш»-ны «ч» қылып айтады). Өзімізде «ш» мен «ч»-ның айырмасы болмаған соң оның екеуін де бірдей әліббиге кіргізудің керегі жоқ. Оны жеңілдік те көтермейді. Дыбыс жүйесі де көтермейді. Басқа түріктерден алыстап кетпес үшін «ш»-ның орнына «ч»-ны алған қолайлы. Сөйтіп бұл төрт әріп «х», «ш», «ф», «һ» қазақша әліббиден шығарылуы керек деген жоба қисынды бұл төрт әріп бізде болмасқа керек.

2 – сүйеу таяқ «а» жойылсын деген жоба бар. Сүйеу таяқ өз алдына бір дыбыс белгісі. Оны әліббиден шығаруға болмайды деушілер де бар. Жұбанұлы Құдайберген сөздің басында айтылатын «а», «ы», «ү»-лардың алдында көмескі естілетін дауыссыз дыбыс бар деп оған «амзе» деп ат қойып отыр. Сөздің басында келетін «о»-ның алдында естілетін дыбыс онан басқа кәдімгі жарты дауысты «у» деп, «от», «өгіз», «орақ» сықылды сөздерді «уогыз», «уорақ» деп жазу керек дейді. Сөз басындағы «е»-нің алдындағы жарты дыбыс «й» болады деп «екеу», «ел» сықылды сөздер «йекеу», «йел» болып жазылсын дейді. Дыбыс жүйесінде Құдайбергендікі дұрыс болар (шынында да сөздің басындағы «о», «е»-лердің алдындағы дыбыс «у» мен «й» емес). Бірақ сөздің басында айтылатын дауысты дыбыс пен сөз ортасындағы дауысты дыбыстың айырмасы аз. Ондай айырмалардың бәрін таңбалай береміз десек әрпіміздің саны 240-тан асып кетуі мүмкін. Ол жазуға үлкен қиындық болады. «Ол»-дың «о»-сы мен, «жол»-дағы «о»-ның басқалығы болса болар-болмас қана, оны да бір аса сергек құлақ болмаса айыру қиын. Сөз басындағы «а» мен сөздің ортасындағы «а»-ның айырмасы да сондай ақ. Ондай айырмаларды таңбалаудың қисыны жоқ. Сондықтан сүйеу таяқты жоғалту керек.

3 – «ы» тақырыпты бітеу буын ережесі бұзылсын, «ы» бар жерінде қалмай жазылатын болсын деген жоба бар. «Ы»-ны сөз басындағы дауысты дыбыстардың алдындағы көмескі дыбыстай көріп, менсінбейтіндер де бар, дұрысында «ы» көмескі дыбыс емес «о», «ұ», «е», «а»-лар сықылды дауысты дыбыс. Қазақ тілінде «ы»-дан жиі айтылатын дыбыс жоқ. «Ы»-ның бітеу буында жазылмай қалатындай түк жазығы жоқ. «Ы»-ны бітеу буында қалдырмай жазатын болғанда, оны жазбай үйренгендерге қиын болатыны ырас, бірақ жеңілдік үшін бар дыбысты (көмескі емес, анық естілетін дауысты дыбысты) жазбаудың түк қисыны жоқ. Ондай жеңілдікке қызығатын болсақ бітеу буында басқа дауысты дыбыстарды да жазбау керек.

Қазақ тілінде «сарқ», «қорқ», «жұлқ», «ұст», «жорт» сықылды көп сөздер бар (бұлардың дауыссыз дыбыстары екеу) арасына дауысты дыбыс салмай жалғанған. «Ы»-ны бітеу буында жазбаған соң бір буынды «сарқ»-ты («сарқады»-ның түбірі) екі буынды «сарық»-қа (қойдың сарығына) ұсатып жазамыз. «Қорқ» пен («қорқады»-ның түбірі «қорық»-дан болған туынды сөз) «жұлқ» пен («жұлқады»-ның түбірі) «үсіт» пен («үсітеді»-нің түбірі) «жорыт» («жорытады»-ның түбірі) бірінен бірінің естілуі де, мәнісі де басқаша бола тұрып бітеу буын ережесі болған соң жазылуы бірдей болып жүр. Бұл үлкен кемшілік. Мұнан құтылу үшін бітеу буын ережесін бұзып «ы»-ны бітеу буында да, ашық буында да қалдырмай жазып отыру керек.

4 – «қ» мен «к» бір дыбыс, «ғ» мен «г» бір дыбыс, «қ» мен «к» орнына бір әріп, «ғ» мен «г»-нің орнына бір әріп болса жарайды. «қ» мен «ғ», «к» мен «г»-ның жұмсақ түрі, «қ» мен «ғ»-ны дәйекшісіз, «к» мен «г»-ні сөздің алдында дәйекші қойып жазатын болсақ, әріптің саны кеміп, жазу жеңілденеді деушілер бар. Дыбыс жүйесі жағынан тексергенде «қ» мен «ғ», «к» мен «ғ»-ның жіңішке түрі деуге болмайды. Қазақ тілінде «қ» мен «ғ»-ның жіңішке түрі де жоқ, «к» мен «г»-нің жуан түрі де жоқ. Орыс тілінде «к» мен «г»-нің екі түрі бар: «код», «дуга»-лардағы «к» мен «г» жуан да, «кит», «дуги»-лердегі «к» мен «г» жіңішке айтылады. «Г»-ның жіңішке түрі араптың жұмсақ «ғ»-сы «к» мен «г»-ні жоғалтып, олардың орнына сөз алдына дәйекші қойып, «қ» мен «ғ»-ны жазу жеңілдік жағынан қолайлы болмайды.

«Қаныкей», «қайткенде», «қызметкер», «бірақ» сықылды үндестік заңына келмейтін көп сөздер бар оларды «қаны-кей», «қайт-кенде», «қыз-меткер», «бір-ақ» деп сызықшамен бөліп, бір бөлігіне дәйекші қойып, екінші бөлегін дәйекшісіз жазып жатқаннан да, осы күнгідей қосып жазған көп жеңіл. Бұл төрт дыбыстың таңбаларын өзгертпей бұрынғысынша төрт әріп арнағанымыз дұрыс.

5 – біздің «ұу», «ыу», «ый» болып бір дауысты дыбыспен орыстың ұзын «у»-ы мен ұзын «и»-іне ұсатып екі дыбысты бір әріппен жазуды қолайлаушылар бар. Бір сыпыра азаматтарымыздың бұл үшін ұсынып жүрген жобасы: «у» мен «й» дауысты дыбыстардан соң жарты дауысты делінсін де, дауыссыз дыбыстардан соң дауысты делініп, орыстың дауысты «у» мен «и»-інше оқылсын деген жоба. Бұл жобаны ұсынушылар оның дыбыс жүйесіне қисынсыз екенімен таласпайды. Тек солай болса жазу жеңілденеді дейді. Дұрысында бұл жоба жеңілдік жағынан да қисынды бола қоймайды.

Ол жобаны қабыл алсақ: «сұу», «тійіу» сықылды сөздерді «су», «тиу» деп жазуымыз керек те, «сұуат», «тійіуі» деген сөздерді я естілуінше осы қалыпта жазбақшымыз, я болмаса жеңіл болсын деп «суат», «тиуі» деп жазбақшымыз. «Сұуат», «тиіуі» деп жазсақ сөз өзінің түбірінен басқаша болып жазылады. Сөздің түбінде жоқ дыбыстардың сөз өзгергенде қайдан келгенін балаларға түсіндіру керек болады. Оны оқушыға түсіндіре қоюда оңай жұмыс емес. Және туынды сөз түбірінен басқаша болып жазылады. Сөздің түбінде жоқ дыбыстардың сөз өзгергенде қайдан келгенін балаларға түсіндіру керек болады. Оны оқушыға түсіндіре қоюда оңай жұмыс емес. Және туынды сөз түбірінен өзгеше қылып жазуда оңай болмайды. «Сөз» деген сөзді дәйікшемен жазып үйреніп кеттік «сөзден» деген сөзді жазғанда да қаталасып алдына дәйікше қойып алып «д»-дан соң да «е» бар екенін білген соң барып түзетеміз. «Сұуат», «тиу» деп жазсақ сөздің ішінде ап-анық естіліп тұрған «сұуат»-дағы «у» мен «тиуі» дегендегі екі «і»-нің неге жазылмайтынын түсіндіріп бермей бұл сөздің сүгіреті осылай болады дегенге оқушы қанағаттанбайтын болады. Бұл жобаны қуаттаушылар дәлелге латын жазуын ұстап, баяғыда латынша сондай ереже

болған дейді. Латын әрібіне қызыққанмен жазу ережесін ойламай үлгіге алу орынсыз. «Латын» әліббінде дауысты «ы» мен «ү»-ға арналған әріптері жоқ. Тілінде «сұуат», «тиіуі» сықылды сөздердің болмауы мүмкін, сондықтан латынның «й» мен «у» тақырыпты ережесі бізге үлгі бола алмайды.

Және «сұуат», «тиіуі»-лерді «суат», «тиуі» деп жазатын болған соң дыбыстары дәл солай болып тізілген «жұуан», «іііні» сықылды сөздерді де жеңілдетіп «жуан», «ііні» деп жазуымыз керек. «Сұуат» пен «тиіуі»-лерді түбіріне ұсатамыз деп «суат», «тиуі» дейді екенбіз «жұуан» мен «іііні»-нің де түк жазығы жоқ қой. «Тиуі»-ні «ти-у-і» деп бұуындап үш буынды сөз дей алғанмен (дұрысында мұндағы «у»-ды өз алдына бір буын деуіміз латыннан қызығып алынған ережеге де көнбей шығады. «У»-дың алдындағы дыбыс дауысты ұзын «и» болған соң «у» жарты дауысты дыбыс болуға тиіс), «іні»-ні үш буынды сөз дей алмаймыз, – үш буынды «іііні»-ні «іні» деп жазған соң оны «іні» деп қана буындайтын боламыз. Қазақша «ііін» деп те айтады, «ин» деп те айтады, «ііін» деп жаза алмай тек «ин» деп қана жазатын болған соң «ііін» деген сөз қағазға түспейтін бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Я болмаса ондай сөздерді жазу үшін тағы да бір өзгеше ережелеріміз болуы керек. Ереже көбейген соң, әсіресе тілдің заңына келмейтін ережелер көбейген соң, жазу қиындай бермек.

Түбінде баланы амырыйкеше<sup>5</sup> оқытатұн боламыз, мұнан соң сөзді буындаудың керегі болмайды деушілер бар. Олай болғанда буыннан құтылу мүмкін емес. Қазақтың әндетіп айтатұн өлеңдері болады, өлеңнің ұйқасуы бұуынмен болады. Өлең болып тізілген сөздердің бұуыны тиісті саннан артық я кем болса, өлең болмай шығады.

Қаршыға сөзін естіп

Жібек енді түйінді

Асыл киім кийінді, – деген өлеңнің «асыл киім кийінді» деген жолындағы буындардың саны 7, «киім»-ді «ким» деп, «киінді»-ні «кинді» деп жазсақ, ол екеуі де үш-ақ буын болады да 7 буынды жолымыз 5 буын болады. «Ы»-ны бітеу буында жазатын болған соң «киімді» «киім» деп жазып, «киім» деп буындаймыз десек

<sup>5</sup> америкаша, американдық үлгіде

сөзді үзіп буындайтын боламыз. Оны қазақ тілінің үздіксіз қасиеті көтермейді. Өлеңді әнге салып айтқанда «кііім» анықталып, «кііім» «кііінді» «кі-иін-ді» болып буындалады.

Сондықтан «кііім»-ді «ким» деп жазған соң оны буындағанда «й» екі бөлініп кетеді деген тағы бір шатақ ережеміз болуы керек. Шатақ көбейген сайын жазу қиындай береді. «Ұу» мен «ыу»-дың естілуі бірдей сондықтан мұның екеуін бірдей қылып «уу» деп жазған жеңіл болады деушілер бар (Манайұлы Нұғман, Бегалыұлы Ғали). «Қаруы», «келіу», «ііуу»-лерді «буу», «жүү»-ларға ұсатып «қаруу», «келуу», «ііуу» деп жазсақ жазудың жеңілденетіні рас. Олай болғанда «қаруы», «келіуі», «ііуі»-лерді «қарууы», «келууі», «ііууі» деп жазуымыз керек. «БІ» мен «ұ» көбіне көмескіленіп бірдей болып естіледі. Көмескі естілген жерде олардың бірінің орнына бірін жазғаннан зор кемшілік болмас деп жоруға болады. Бірақ «ы» мен «ұ» бітеу буында көмескі болғанымен, ашық буында бірінен бірі айырылып шығады. «Келіуі» деген сөздегі «л» нен соңғы дауысты дыбыс «ұ» емес «ы» екені ап анық. Сондықтан оны «келууі» деп жазу қата болады.

Дұрысында жат елдің жазуына еліктеушілерге болмаса, жасынан бастап оқығанда қазақ тілінде оқып үйренген кісіге «ұу»-дан, «ыу»-ды айырып жазудың да, «ый»-ды «й» демей дұрысынша жазудың да еш қиындығы болмасқа тиіс.

б – «б», «д», «ғ», «г» дыбыстары, артында дауысты дыбыс болмаса, тұйықталып «п», «т», «қ», «к» болып айтылады. Тұйық буынның соңғы дыбысы ешуақытта «б», «д», «ғ», «к» болмайды, «п», «т», «қ», «к» болады. Тұйық буын ашылып, бұл дыбыстарға дауысты дыбыс жалғанса «п», «қ», «к» дыбыстары өзгеріп «б», «ғ», «г» болады. Бірақ «т» өзгеріп, «д» болмайды. Сол «т» күйінде қалады. «Қазақ», «қалмақ», «төк» деген сөздерді өзгертіп «қазағы», «қалмағы», «төгеді» деп «қ», «к»-терге дауысты дыбыс жалғасақ «қ» өзгеріп «ғ» болады, «к» өзгеріп «г» болады. Бұларды дыбыс жүйесіне келтіріп естілуінше жазамыз. «Қап», «тап», «топ» деген сөздердің аяғындағы дыбыстары «п», бұларды өзгертіп «қабы», «тобы», «табады» десек, «п» өзгеріп «б» болады. Артынан дауысты дыбыс түскенде «б» болып шығады. Бұл дыбыстардың әсілі «п» емес, «б» болуға тиіс деп

«қап», «топ», «тап» -тарды «қаб», «тоб», «таб» деп, «б» мен жазамыз. Бұнымыз дыбыстың асылын зерттегеніміз. Бірақ бұлай жазу дыбыс жүйесінде жеңілдік жағынан да қолайсыз.

«Тап» тағы «п»-ның асылы деп «б» деп, оны «б» мен жазған соң «төк»-тегі «к»-ні «г» қылып «төг» деп жазуымыз керек еді. «Қ», «к», «к»-нің ережесі бір-біріне үйлеспейді. «Қ», «к»-нің ережесі дыбыс жүйесіншеде, «п»-ның ережесі асылын зерттеумен болған, «к», «к»-нің ережесі жеңіл де, «п»-ның ережесі қиын. «П»-ның ережесі асылын зерттеу жағынан дұрыс болып шықпайды.

«Желп», «серп», «үрп» сықылды, «п» дыбысы артынан дауысты дыбыс жалғағандада өзгермей «п» болып қала беретін сөздерде бар. Олар «желпемін», («желбемін» емес), «серпеді», «үрпі» болып өзгереді. «П»-ның ережесінше «желп», «серп»-терді «п» мен жазамыз да, «қап», «топ»-тарға «б»-ны жазамыз. «П» мен «б»-ның асылын айырамыз, бұл дұрыс емес. Тұйық буынның соңындағы «қ», «к», «п»-лар екі дауысты дыбыстың ортасына түскенде ғана «ғ», «г», «б» болып өзгереді. Бұлардың алдындағы дауыссыз дыбыс болса, артынан дауысты дыбыс жалғағанмен өзгермейді. «Қорқ», «үрк»-тердегі «қ», «к»-нің алдындағы дыбыс дауысты емес, сондықтан олардың артына дауысты дыбыс жалғағанмен өзгермейді. «П»-ның өзгеріп «б» болуы, дәл «к» мен «к»-нің «ғ», «г» болуы сықылды, сондықтан бұлардың ережелерінде басқалық болмауға тиіс. «П»-ны да дыбыс жүйесінше жазуымыз керек.

7 – «Тіл – құрал»-да қазақ тіліндегі дыбыстар: 1-дауысты, 2-жартылай дауысты, 3-дауыссыз болып үш тапқа бөлінген де дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң болып тағы екіге бөлінген. Ұяң дыбыстар: ымыралы, ымырасыз болып және екіге бөлінген. Қазақша дыбыстарды бұлай жіктеудің қолайсыз жері бар: «р» мен «л» ымыралы дыбыстардың ережесіне келмейді. Сөздің соңғы дыбысы «з» мен «ж» болғанда «л» мен басталатын жалғау, жұрнақтар «д» болып өзгереді де, «м» мен басталатын жалғау, жұрнақтар «б» болып өзгереді: «тұз»-«тұздық», «ұзды», «тұздар», «аз», «азбын», «азбыз», «қаз», «қазба», «қазбақ» болады. Сөздің аяғы «р» болғанда жұрнақ, жалғаулардың басындағы «л» мен «м»-лар сол күйінде («д», «б» болмайды) қалады. «Қар», «қарлы», «қарлар», «жүр», «жүрмін», «жүрміз»,

«жүрмек» болады. Сөздің аяғы «л» болғанда «м» мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «м»-ы «б» болып өзгермейді. «Ұл», «ұлмын», «ұлмыз». «Кел», «келме», «келмек» болады. «Л» мен басталатын жалғау жұрнақтардың «л»-ы, «д» болып өзгереді. «Қол», «қолдар», «қолда», «қолдық» болады. Ымыралы атанған төрт дыбыстың қасиеті үш түрлі болады. Дыбысты тапқа бөліп жіктегенде, әр таптың ортақ ережесі болуы керек. Әр таптағы дыбыстардың ортақ қасиеті болуы керек.

Дыбыстардың мектеп үшін керек қасиеттері: сөздің аяғындағы дыбыстың жұрнақ, жалғау, демеу, жалғаулықтарға тигізетін салдары болуға тиіс.

Қазақша дыбыстарды бұл жағынан тексергенде бұлай жіктеген қолайлы:

I. Дауысты: а, о, ұ, ы, е;

II. Жарты дауысты: у, й, р;

III. Дауыссыз:

1-қатаң: б, п, т, ч, д, с, ғ, қ, к, г;

2-ұяң: м, н, ң;

3-ымыралы: ж, з;

4-ымырасыз: л.

Қазақша дыбыстарды бұлай жіктесек, демеу, жалғау, жұрнақ жалғаулықтар тақырыбты ережелеріміз тұрлаулы болады. «Л»-ны жеке қалдыру ерсі десек: оны ымыралы дыбыстарға қосып «мын», «мыз», «ма», «мақ», «мен» сықылды жалғау, жұрнақ, жалғаулықтар сөз аяғы «л» болғанда «бын», «быз», «ба», «бақ», «бен» болып өзгермейді. «М» мен басталған күйінде қалады деген ескерту керек болады. «Л»-ды жарты дауысты дыбысқа қосуға болады. Ұйткенде «л» қосарланып шықпау үшін, сөз аяғы «л» болғанда «л» мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «л»-ы, «д» болып өзгереді ескертуіміз керек.

8 – қазақ тілінде артықша ымыра бар: қазақ тілін басқа түрік тілдерімен салыстырып тексерсек, қазақ тілі жат тілдердің ықпалынан аман сақталып, еркінше өсіп алға кеткенін көреміз. Басқа түріктерде дыбыс қазақша дыбыстарға ұсап, тапқа бөлінбеген. Мәселен ноғайларда жалғау, жұрнақтар түбір сөздің аяғындағы дыбыспен қазақ тіліндегідей ымыраласпайды. Ноғайша «арба»-«арбаның», «арбаны»-«арбалы»-«арбалар»



болып өзгереді. Аяғындағы дыбысы қатаң «ат» да солай «атның», «атны», «атлы», «атлар» болып өзгереді. Қазақ тіліндегі жалғау, жұрнақтар түгел, демеу, жалғау сықылды бүтін сөздер алдындағы сөздердің соңғы дыбысымен ымыраласып өзгеріп отырады. Тіліміздің бұл қасиетін ескерусіз қалдыруға болмайды. Қазақша дыбыстарды тілдің осы қасиетіне келтіріп, тап-тапқа бөлген соң жазу әр әріптің өзінің меншікті қасиетін бұлжытпай көрсетіп отыруға болуға керек. «М» мен басталатын жалғау, жұрнақтар ымыралы дыбыспен тынатын сөздерге жалғағанда «б» мен басталып жалғанады. «Мын», «мыз», «ма», «мақ»-тар «бын», «быз», «ба», «бақ» болып өзгереді. Бұлар сөздің аяғы қатаң дыбыс болғанда, басындағы «м»-ы, «б» болып өзгермейді, «п» болып өзгереді. Сондықтан қатаң дыбыспен тынған сөздер «м» мен басталған жалғау, жұрнақтармен қосылғанда жалғау жұрнақтардың «м»-ы «б» болып өзгермейді, «п» болып өзгереді деп, оларды дыбыс жүйесіне келтіріп, бұрынғыдай «б» мен жазбай «п» мен жазуымыз керек. «Жұртпыз», «ақпын», «бүкпе», «төкпе», «еппен» сықылды сөздерді бұрынғыдай «б» мен жазбай естілуініше «п» мен жазу керек.

Жарты дауысты дыбыстар мен ымыралы дыбыстарға «д» жазып жалғаймыз. Бұл да қисынсыз ереже. Қатаң дыбыстардың көрініп тұрған қасиетін ескермеудің жөні жоқ. Сөздің аяғы қатаң дыбыс болғанда оған жалғанған жалғау жіктеудің «т»-сын «д» қылып өзгертпей, «т» қылып жазу керек. Бұрынғыдай «атдың», «атды», «атда», «атдар» демей, дыбыс жүйесінше «аттың», «атты», «атта», «аттан», «аттар» деп жазу керек. «Іштім», «ішдің» демей «іштім», «іштің» деп жазу керек. «Дыкі», «дағы», «дай» сықылды жұрнақтар, «да» сықылды демеулер қата дыбысқа жалғағанда дыбыс жүйесіндегі «тыкі», «тағы», «тай», «та» болып жазылуы керек. «Аттыкі», «аттағы», «аттай», «ат та, арбада керек» делініп жазылуы керек.

9 – демеу, жалғаулардай мағанасыз болғанмен, олардай алдындағы сөзбен бір болып жалғанбайды, өз алдына бөлек сөз болып тұрады.

«Атда жал бар, өгізде мүйіз бар» дегенде «ат» бен «өгіз»-ге жалғанған «да»-жалғау: «атда», «өгізде» деген сөздердің екпіндері «д»-дан соңғы «а» мен «е» де, «-өгізле» деген екі сөз

болса «г» ден соңғы «ы»-да да екпін болар еді. «Ат да көлік, өгіз де көлік» дегенде «ат да» да екі сөз, «өгіз де» де екі сөз болады: «ат»-тың екпіні басындағы «а» дада, «өгіз»-дің екпіні «г»мен «з»-дың арасындағы «і»-да. Сондықтан демеу жалғаулықтарды алдындағы сөз бен қосып жазуға болмайды. Арасына сызықша қойып жазылудыңда керегі жоқ. Бірақ кейбір демеулер түбір сөзбен жалғаудың арасына кіріп кетеді, ондада түбір екпіні өзгермей бөлек сөз болып тұра береді. Ондайда түбір тұқыл сөзды бөлек жазып, жалғауды демеуге қосып жазған дұрыс болады. «Жақсы мысын», «жақсы ақ бысын» деп жазыу керек.

10 – қазақ тілінде «дікі», «кер», «қор» сықылды үндестік заңына келмейтүн жұрнақтар бар; олар түбір мен бір сөз болып жалғанады. «Дікі», «кер» лер жұан, сөзге жалғанғанда, жіңішке болып жалғанады; оны қосып жазған да, сөздің ішінде жұмсақ «е» мен «к» болған соң, ережемізше түбірді де жұмсақ қылып оқуымыз керек болады.

Жазудың тұрлаусыздығын жойыу үшін, үндестік заңына келмейтүн жұрнақтар «к», «е» дыбыстары жоқ жұмсақ сөздерге жалғанғанда, сөздің алдына дәйекше қойып отыруымыз керек; сонда ондай жұрнақбен қосылып жазылған түбірдің алдында дәйекше болғанда (йа өзінің ішінде «е», «к», «ге» болғанда) жұмсақ қылып оқимызда, – түбірдің ішінде «е», «к», «г»-леріде жоқ. Алдында дәйекшесі де жоқ болса, – жұуан қылып оқыйтүн боламыз; «тор» – жұуан сөз, «төр» жіңішке сөз, бұларға «дыкі» деген жұрнақты қосып жазғанда, бұрын екеуін де бірдей қылып, «тордыкі» деп жазатын едік. Мұның түбірі жуаны «тор» ма, жіңішке «төрт» ма оны жазудан айыруға болмайтын, енді түбірдің дәйекшісін қалдырмай жазатын болсақ, ол екі сөздің екеуін де екі түрлі қылып, жуанын дәйекшісіз «тордыкі» деп, жіңішкесін «төрдікі» деп дәйекшімен жазатын боламыз. Үндестік заңына келмейтін жұрнақтардың ішінде «паз», «уар» сықылды жұрнақтар бар: бұлардың дыбыстары «дыкі», «кер», «қор» сықылды бір түрде айтылатын дыбыстар емес («к», «е» тек жіңішке түрде айтылады да, «к» жуан түрде айтылады), жуан да жіңішке де түрде айтылатын («п», «а», «з», «у», «р» сықылды «паз» бен «уар» дағы дыбыстар жуан да, жіңішке де айтылады), мұндай жұрнақтармен жалғанған сөздердің де дәйекшісін қалдырмай

жазу керек. «Атпаз», «аспаз» сықылды сөздердің түбірі де жуан, сондықтан бұларды дәйекшісіз жазамыз. «Білімпаз», «сөзуар» сықылды сөздердің түбірлері жіңішке – оларды дәйекшімен жазамыз. Бұлардың («білімпаз»-дың) жұрнағы жұмсақ. Түбірге қосылған соң (сөз алдында дәйекші тұрған соң) жұмсақ оқылуға тиіс деп жоруға мүмкін. Бірақ қазақ тілінде сөздің соңғы дыбысы еш уақытта жұмсақ «ә» болмайды, я «е» болады, я қатты «а» болады. Сондықтан «білімпаз», «сөзуар»-лардың алдына дәйекші болғанымен соңғы буындарындағы «а»-дарын жұмсақ қылып оқуға болмайды. Бұлардың алдында дәйекші болғанымен ол дәйекшінің әсері түбірден асып ішінде «а»-сы бар жұрнаққа тимейді сондықтан «сөзуар», «білімпаз»-дардың түбірін жұмсақ оқып, «уар», «паз»-дарын қатты қылып оқитын боламыз.

11 – өткен жылы білім кеңесі: етістіктің 2-інші жақ жіктеуі «сың» болмай, «сын» болсын деп еді (оқисын), жазасын. Мұның дұрысы «сың» болуға тиіс. Қазақтың көбі «сың» дейді. Жана: «сыңның», «сыңыз» дейтін сыпайы түрі бар («оқисыңыз», «жазасыңыз»). Сондықтан етістіктің 2-ші жақ жіктеуі «сын» емес, «сың» деп білуіміз керек.

---

Баяндаушыларға сұраулар беріліп, оның жауабы алынғаннан кейін, баяндама тақырыбы айтыс ашылды.

Мәжіліс ағасы айтысушылардың жазылу ретімен сөзді Мырзаұлы Мұқтарға берілді:

*Мұқтар:* баяндаушының басқа жобаларын мақұлдап, қазақ тілінде дауысты ұзын «и» мен ұзын «у» жоқ дегенге, жана «к» мен «г», «қ» мен «ғ»-ның жіңішке түрі емес дегенге қарсы сөйлеп мынадай дәлелдер келтірді: «қый», «жый», «бій», «сұу», «жұу», «жазыу» деген сөздердің аяғындағы дыбыстар дауысты ұзын «и» мен ұзын «у». Елдес бұл дыбыстарды дауысты дыбыстардың ережесіне келмейді деп, дауысты емес, жарты дауысты, алдындағы дауысты «ы», «ү»-лармен қосылған соң ғана ұзын естіледі дейді. Елдестің дәлелі: дауысты дыбыстарды тілейтін жалғау, «и» жұрнақтары «у» мен «и»-ге басқаша, – дауыссыз дыбыстаркінше болып жалғанады. Сондықтан «у» мен «и»-ді дауысты десек, дауысты дыбыстардың ережесі бұзылады. Ережені бұзбау

үшін бұл екі дыбысты дауысты демеу керек. «И» мен «у»-дың дауысты болмауына Елдестің мұнан басқа дәлел жоқ. Дұрысында бұл дәлел, дәлел емес. «Бій», «сұу»-лардың ілік жалғауы «дың» (бійдың, «сұудың»). Табыс жалғауы «ды» «бійды», «сұуды» екені, дауысты дыбыстардыкіндей «нің», «ні» емес екені рас. Бірақ сол бір, екі жалғауға бола «у» мен «и»-ді дауысты емес деу асығыстық. Дауыссыз дыбыстарға барыс жалғауы көбіне «қа», «ке» болып жалғанады («атқа», «етке»). Дауысты дыбыстарға ол жалғау «ға», «ге» болып жалғанады (арбаға, кісіге) «у» мен «и»-дің барыс жалғауы да «ға» мен «ге» (бійне, сұуға), дауыссыз дыбыстардың көптік жалғауы «дар», «дер» болады (күндер, жылдар) дауысты дыбыстардың көптік жалғауы «лар», «лер» болады (арбалар, кісілер, «у» мен «и»-дің көптік жалғауы да «дар», «дер» емес «лар», «лер» болады (сұулар, бійлер). «У» мен «и»-дің дауыссыз дыбыстарға ұқсайтын қасиеттері болғанымен, дауысты дыбыстарға да ұқсайтын қасиеттері бар. Сондықтан «и» мен «у»-ды дауысты дыбыстардың табына кіргізуге болмайды деу орынсыз. Біз: «у» мен «и»-ды дауысты дыбыстардың артынан келгенде (қой), тау сықылды сөздердегі «у» мен «и»-ді) жарты дауысты болады да, дауыссыз дыбыстарға жалғанғанда дауысты дыбыс болады дейміз. «Сұу», «бій» сықылды сөздерді «у» мен «и» дауысты дейміз. Олардың алдында құлаққа естілмейтін «ұ», «ы» бар деп әуреленбей «сұу», «бій» сықылды сөздердегі «су», «би» деп жазамыз. Сонда жазу жеңілденеді. Мұны балаларға үйрету де оңай болады. «Киім», «кійік» сықылды сөздерді біз Елдес айтқанша «ким», «кик» деп жазбаймыз. «Киім», «киік» деп жазуға болады. Қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и» бар деп білсек ондай («кійім» сықылды) сөздердің қалай жазылатындығын шешудің қиындығы болмайды.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар деп, соның арқасында жазуды жеңілдетіп, дыбыстың жуан түрін де, жіңішке түрін де бір әріппен белгілеп, жіңішке сөздің алдына дәйекші қойып жазатын амалды қолданып отырмыз. Солай болған соң «к» мен «г»-ні «қ» мен «ғ»-ның жіңішке түрі деп, ол екеуін (к мен г-ні) әліббиден шығарып тастаған жөн, – сонда жазу жеңілденіп, ережеміз тілдің үндестік заңынша болады.

Мұнан кейін сөз Досмағамбетұлы Қалелге тиді.

*Қалел:* жазу мәселесі өте зор мәселе, оны жете тексеріп барып, шешу керек. Жазу ережелері тақырыпты баяндаушының ұсынған жобалары жөні дұрыс, қазақ тілінің заңдарына лайықталып жасалған «у»-дың дауысты дыбыс болуына еш дәлел жоқ, біздің «у»-дың орнына басқа түріктерде көбіне дауыссыз дыбыстар айтылады. Мәселен «тау», «сау» сықылды сөздерді бірсыпыра түрік халықтары «тағ», «сағ» дейді. «У»-дың ережесі тақырыпты «ұу» мен «буу»-ды бір-бірінен айырып жатпай ақ «буу»-дың орнына «қуу»-ды жазған қолайлы. «Ұ» мен «ы» көмескіленіп келген жерде «қ» жазған дұрысырақ болады. Біздің қазақ тілінде «қ» өзгеріп «ы»-ға айналып барады. Қырғыз тілінде «қ» сақталған. Біздің «үшін»-ді қырғыздар «үчүн» дейді. «Оқы»-ны «оқу» дейді. Дұрысы қырғызша болуы тиіс. «Оқыу», «жазыу»-лардағы «у»-дың алдындағы дауысты дыбыс «ы» емес, «қ» дегеннен артық қата болмайды. Дұрысының өзі «қ» болуы керек. Етістіктің 2-жақ жіктеуі «сың» болсын деген дұрыс, «сын» билік райдың үшінші жақ жіктеуі (оқысын, жазсын), 2-жақ жіктеудің «сың» болуы жөн. «Б»-ны қалдырып, «п» жазу орынсыз. «Б» тұйықталып келгенде «п» болып өзгермейді, «б» болып естіледі. «Болыб», «келіб», «көб» сықылды сөздерде, «б» тұйық буынның соңғы дыбысы бола тұрып «п» болып естілмейді, «б» болып естіледі.

*Саматұлы Мұқтар:* араптың төрт әрпін әліббиден шығарудың жөні жоқ. Ол төрт әріп бізден басқа түріктердің бәрінде бар. Олар төрт әріпті өз әліббилерінен шығармайды. Ол төрт әріп бізге ауырлық қылмауға тиіс. Онсыз басқа түріктердің арамыз алыстап, біріміздің жазуымызды біріміз түсіне алмайтын боламыз.

*Тұрғамбайұлы Манан:* араптың төрт әрпі туралы Мұқтардың (Саматұлы) сөзін құуаттады. «Буу», «қуу» деп жазылатын сөз буындарын бір дыбыс деп біліп, екеуін бір әріппен жазған жеңіл болатын айтып, соған арнап жоба шығару керек, ең болмағанда Қалел айтқанша оның екеуін де «қуу» деп жазу керек.

Мұнан кейін кешкі мәжіліс жабылды.

### **Үйіннің 13-күнгі ертеңгі мәжіліс**

Мәжіліс ертеңгі сағат 10-да ашылды.

Мәжіліс ағасы Бөкейқанұлы Әлиқан жазу ережелерінің жалпы жолы тақырыпты сөз сөйлеуге Неколай Ибанұлы Бутобскиге сөз берді.

*Бутобски:* дыбыс жүйесінің жалпы заңдарын; түрлі дыбыстарды бірінен-бірі олардың айтылуына, естілуіне қарай айыруға болатынын, жалғас айтылған екі дыбыстың біріне-бірі қандай әсер беретіндігін, сол себептермен түрлі сөздердің жүре келе өзгеріп кетуі мүмкіндігі, сөздің өзгеруіне сөздің екпіні қаншалық әсер беретінін айтып келіп, біз ойымызды сөзбен білдіреміз, сөзді жазумен белгілей аламыз, дұрысында сөздің өзі ойды дұрыс жеткізе алмайды, жазу сөзі де түгелімен бейнелей алмайды. Сөз ойдың көлеңкесі, жазу сөздің көлеңкесі, сонда жазу мен ойдың арасын салыстырсақ жазу көлеңкенің көлеңкесі болып шығады. Дыбыс жүйесінің жоғарыда айтылған заңдарынша түрлі дыбыстарды бірімен бірін салыстырып тексерсек, ұқсас дыбыстарды бірінен бірін айыра тану мүмкін емес дерлік қиын екенін білеміз. Мұнан: әр сөздің өзіне дәл келетін жазудың мүмкін емес екені сыпатталады – деді. Сондықтан жазу тексергенде жазудың дыбыс жүйесінше дәл мә-дәл дұрыс болу жағына көп шұғылданудың керегі жоқ, жазудың негізгі сөз жүйесінше дұрыс болса да жарайды. Әрпі дыбысына дәл келмейтін сөз болса оны сөйлемнің тізілуіне қарай айыруға болады – деді. Қара қалықтың тілі дыбыс жүйесінің тиісті заңдарынша өзгеріп, түрлі сөздердің айтылуы жылдан-жылға басқаша болып, бұзыла береді, мәселен: орысша «Сходно», «Никита», «Котлеты», «Ладно», «Церковь» сықылды сөздерді қара қалық өзгертіп бұзып жіберген, ол сөздерді орыстың мұжығы «Коклеты», «Ланно», «Схонно», «Черковь», «Микита» деп бұзып айтады. Ондай сөздер тек оқығандардың тілінде ғана бұзылмай, таза күйінде қалып отыр. Мұның себебі орысша жазу ережелері сөз жүйесінше болғаннан, олай болмай, жазу дыбыс жүйесінше болса, біздің кітаб тілі де бұқараның тілінше бұзылып кетер еді – деді.

Мұның үстіне Бутобски әріп мәселесінде сөз қылып, қазаққа латын әліббин алу керек деді. Латын әліббине қарсы дәлелдердің ең күштісі: оны алсақ, бұрын қазақша қат танитұн азаматтарымызда қат танымайтын болып, сауатсыздықты арттырып жібереміз – деген қауып. Бірақ мұның да қисыны жоқ: патша үкіметі құлағаннан кейін орыстың жазу ережелері өзгеріп, бұрынғы әріптердің бірсыпырасы әліббиден шығып қалды. Бірақ онан бұрын қат танитын кісілер қат танымайтын болып қалған

жоқ. Жаңа ережені оп-оңай-ақ үйреніп алды. Арапша әліббиді тастап, латын әліббиді алудың қиындығы да сондай-ақ болуға тиіс деп сөзін аяқтады.

Мұнан кейін сөз Байтұрсынұлы Ақметке берілді.

*Ақмет:* жазу мәселесін тексергенде, әуелі жазудың негізін шешіп алу керек: қазақ тіліндегі дыбыстардың қандай екенін, оның таңбалары қандай болатынын, олардың өзара қалай жіктелетінін ашып алу керек. Елдестің баяндамасынша қазақ тілінің 24 дыбысы бар, араптың төрт әрпі «х», «ш», «ф», «һ»-лермен белгіленетін дыбыстар қазақ тілінде жоқ десек, дыбысымыз 24 болады. Бұл 24 дыбысты елдес айтқанша жіктесек – тіліміздің дыбыс жүйесінше мінсіз болады. Қазақша дыбыстарды солай, дыбыс жүйесіне келтіріп жіктегенде «у» мен «й» дауысты дыбыстардың табына кіре алмайды. Дауыссыз «р» мен «л»-ға қосылып кетеді. «Бала», «кісі», «еге», «оқы» деген сөздердің аяғындағы дыбыстары дауысты «қар», «жүр» деген сөздердің аяғындағы дыбыстары дауыссыз «р», «сұу», «сай», «жұу», «тій» деген сөздердің аяғындағы дыбыстары «у» мен «й». Осы сөздерге түрлі жалғау, жіктеу, жұрнақтарды жалғап көрейік:

### I-дауысты дыбыс

Атау:	бала	кісі
Ілік жалғау:	баланың	кісінің
Барыс жалғау:	балаға	кісіге
Табыс жалғау:	баланы	кісіні
Жатыс жалғау:	балада	кісіде
Шығыс жалғау:	баладан	кісіден
Көптік жалғау:	балалар	кісілер
Етістік түбірі:	еге	оқы
1-жақ:	егеймін	оқимын
2-жақ:	егейсін	оқисын
3-жақ:	егейді	оқиды

### II-дауыссыз «р»

Атау:	қар
Ілік жалғау:	қардың
Барыс жалғау:	қарға
Табыс жалғау:	қарды
Жатыс жалғау:	қарда

Шығыс жалғау: қардан  
Көптік жалғау: қарлар

Етістік түбірі: жүр  
1-жақ: жүремін  
2-жақ: жүресін  
3-жақ: жүреді

### III-«у» мен «й»

Атау:	сұу	сай
Ілік жалғау:	сұудың	сайдың
Барыс жалғау:	сұуға	сайға
Табыс жалғау:	сұуды	сайды
Жатыс жалғау:	сұуда	сайда
Шығыс жалғау:	сұудан	сайдан
Көптік жалғау:	сұулар	сайлар

Етістік түбірі:	жұу	тій
1-жақ:	жұуамын	тійемін
2-жақ:	жұуасын	тійесін
3-жақ:	жұуады	тійеді

Мұнан: дыбыс жүйесінше «у» мен «й»-дың дауыссыз, «р»-дан еш басқалығы жоқ екені, екеуінің де дауысты дыбыстарға қосылмайтыны сипатталады. Мұның үстіне қазақша «тау», «мүйіз» сықылды сөздерді бір сыпыра түрік халықтары «тағ», «мүгіз»-дейді. Мұнан «у» мен «й»-дің асылы дауыссыз екені сыпатталады.

«Қ» мен «ғ»-ның, «к» мен «г»-ден айтылуы да, естілуі де басқаша, әрқайсысының ауыздан шығатын орындары да бірінен-бірі өте алыстап кеткен. Бұларды бірінің-бірі жіңішке түрі деу қисынсыз.

«Б» мен «п»-ның ережесі тақырыпты Қалелдің айтқаны дұрыс, «б» тұйықталып келгенде де көбіне «б» болып естіледі, «б» мен «п»-ның ережесін «тіл құралша» қалдырған дұрыс.

2-ші жақтық жіктеу «сын» болмай «сың» болсын деген қисынсыз. I-жақтық жіктеу, тәуелдеулер «м» болғанда ғана 2 жақ жіктеу «ң» болады; I-жақ жіктеу «мын» болғанда оған сәйкес 2 жақ жіктеу «сын» болуға тиіс. «Мын»-ның асылы «мен», «сын»-ның асылы «сен» болуға керек. Бұлардың аяғындағы дыбыстары «ң» емес «н», сондықтан «сын»-ды «сың» деп жазудың жөні жоқ.



Қалықтың аузында бір сыпыра жерлерде «сын» демей «сың» дейді деген дәлел емес. Тілдің негізгі ережелерін бұзып, қатадан айтылған сөз түрін еліктеу – қисынсыз.

Елдес шығаруға ұйғарған төрт әріптің қазақ тілінде сақталуға аз да болса ақысы бар «һ», үйткені «аһ», «ұһ» деген одағайлардан туған «аһламақ», «ұһлемек» сияқты сөздер түрлі тұрпат түрлері жалғаулары мен басқаларының сақталғандай қазақ тілінде ақысы жоқ. Сондықтан «һ»-дан басқаларын сақтау керек деу орынсыз.

Қалелдің «ы» мен «ұ»-ның қайсысы екенін айыруға дүдәмәл<sup>6</sup> болған жерде «ұ» жазу қолайырақ деудің мәнісі мынау: дыбысты айтарда аузымыздың сөз айтуға қатысатын мүшелерін сол дыбыстың айтылуына ыңғайлаймыз. Дыбысты айтқандағы ауыз мүшесінің қалыпты біріне-бірі жақын болса, дыбыстар да жақын, ұқсас болып шығады. Мәселен, «таны», «тасы», «қоры», «мұжы» деген сөздерді айтып қарасақ, әуелгі екі сөздің аяғындағы «ы» ап-анық естіліп тұр. Мұнда аяғы «ы»-ма, «ұ»-ма? Дөп күманданбайсың. Олай болатын себебі: бұл сөздерді айтқанда ауыз мүшелерінің қалпында «ұ» дыбысын айтқанда болатын қалыптарында ешбір ұқсасы жоқ. Ауыз мүшелерінің қалыпты айтылатын орындары да басқа болғандықтан, дыбыстарының арасында ұқсастық жоқ. Онан кейінгі екі сөзді алсақ, бұлардың аяғындағы дыбыс «ы»-ма, «ұ»-ма деген дұдамалдық пайда болып, сезіле бастайды. Себебі «о»-ны айтқанда ернімізді созыңқырап айтамыз. «Ұ»-ны айтқанда ернімізді созып айтамыз. Арасындағы айырымы сол – бірін айтқанда ерін аз созылады, ауа тамақтан еркін шығады. Екіншісін айтқанда, ерін көбірек созылып, ауа қысылыңқыраған тамақтан шығады. «о» мен «ұ» ауыз мүшесінің ұқсас қалпы айтылғандықтан дыбыстарында ұқсастық бар. «О»-ға икемделген ауыз мүшесі «ы»-ны айтуға кіріскендіктен «ы»-ға «ұ»-ның дыбысына ұқсас өң береді. Сондықтан «ы» анық естілмей дүдәмал болып шығады. Соңғы екі сөзді алсақ мұнда «ы» ма, «ұ» ма деген дұдамалдық күшті. Қатта<sup>7</sup> «ы» емес, «ұ» деп айтуға болады. Мұның олай болатын себебі «ұ»-ны айтуға икемделген ауыз мүшесі «ы»-ны барып айтқанда «ы», «ұ» сияқты болып естілуден. Егер ондай орындарда «ы» жазбай, «ұ» жазу

<sup>6</sup> екі ұшты, күмәнді, белгісіз

<sup>7</sup> тіпті

керек делінсе, мен оған қарсы емеспін. Бірақ олай болғанда айтатыным мынау: «қоры», «тоқы», «құры», «мұжы» деген сөздерді «қорұ», «тоқұ», «құрұ», «мұжұ» деп жазатын болсақ, бұлардың зат есімге айналған түрі де, тәуелдеу түрлері де сол жөнмен «ұ» арқылы жазылу тиіс болады, – қорұу, тоқұу, құрұу, мұжұу (зат есімге айналған түрі), қорұуұ, тоқұуұ, құрұуұ, мұжұуұ (тәуелдеу түрі) деп жазу керек болады. Үйткені жалғыз «ұ»-ның әсерінен «ы», «ұ»-ға айналып кетті десек, «ұ» мен «у» екеуінен кейін «ы» сақталады деуге орын жоқ. «Ы» мен «ұ» дүдәмәл талас болғандықтан екеуінің таңдап, қай қолайлысын алуымыз керек. «Ұ» қолайлы десек жоғарыдағы көрсеткенше жазамыз, «ы» қолайлы десек жоғарыдағы сөздерді былай жазамыз. «Қорыу», «тоқыу», «құрыу», «мұжыу» (зат есімге айналған түрі). «Қорыуы», «тоқыуы», «құрыуы», «мұжыуы» (тәуелдеу түрі).

Ақметтен кейін сөз Шонанұлы Телжанға тиді.

*Телжан:* баяндамада көрсетілген жобалардың «у» мен «и»-ден басқаларына дауым жоқ. Бірақ қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен ұзын «и» жоқ деу қата. Ақмет пен Елдес жалғау, жұрнақтардың түрін дәлел қылып «й» мен «у»-ды дауысты дыбыстар тобына қосыла алмайды дейді. «У» мен «й» дауысты дыбыстар тобына қосылатын жері де бар, қосылмайтын жері де бар. Ілік жалғау, табыс жалғаулары «у» мен «й»-ге «дың», «ды» болып жалғанатыны рас, бірақ «лық», «лы» сықылды жұрнақтар, көптік жалғаулар «лар», барыс жалғау «ға», бәрі де «у» мен «й»-ге жалғанғанда дауысты дыбыстарға сәйкес түрде жалғанады. «Сұу», «сай» деген сөздерге сол жалғау, жұрнақтарымен бірдей болады.

Сұу,	сай,	бала,	кісі.
Сұулық,	сайлық,	балалық,	кісілік.
Сұулы,	сайлы,	балалы,	кісілі.
Сұулар,	сайлар,	балалар,	кісілер.
Сұуға,	сайға,	балаға,	кісіге.

Бұл жалғау, жұрнақтардың бірдейлігі. «У» мен «й»-дің дауысты екеніне дәлел. Ақмет «у» мен «й»-дің дауыссыз дыбыстармен ортақ жалғауларын көрсетіп, ол екі дыбысты дауыссыз дейді. Мен «у» мен «й»-дің дауысты дыбыстарымен ортақ қасиеттері бар екенін көрсетіп отырмын.

«У» мен «й»-дің дауыссыз болу қисыны қандай болса, оны дауысты деудің қисыны да сондай, мұның үстіне «у» мен «й»-дің созып, айқайлап айтуға келетінін қоссақ «у» мен «й»-ді дауысты дыбыс деудің дәлелі басым болып шығады. Дауысты ұзын «у» мен ұзын «й» қазақтан басқа түрік халықтарының бәрінде бар. Қазақ тілін басқа түрік халықтарының тілінен бөліп алып, бізде дауысты «у» мен «и» жоқ деу қисынсыз. «У» мен «и»-дің жазу ережесін жеңілдік жағынан тексерсек: балалардың миына қонбайтұн нағыз шатақ ереже болып шығады. «Құууу», «жұууу» сықылды сөздерді Елдестің ұсынған жобасынша жазсақ, қатарынан бес «у» жазуымыз керек болады. Бұл өте қиын, бұлт қиындық. Бір «у»-ды екі дыбыс деп, екі әріппен жазғаннан болып отыр. Бір дыбыс болып естілетін ұзын «у» мен ұзын «и»-ді бір әріппен жазатын болсақ жазу жеңілденеді.

*Арабайұлы Ишанғали:* біздің шығарып тастаймыз деп отырған төрт әріп, басқа түрік халықтарының бәрінде бар. Олар бірінің кітабын бірі оқымай отыра алмайды. Ол төрт әріпті әліббиден шығарып тастайтын болсақ, біз басқа түріктердің жазғанын мүлдем оқи алмайтын боламыз. Олар біздің әдебиетімізді оқи алмайтын болады. Бұл үлкен қата. Төрт әріптен жиренбеу керек. Онымен қазақша сөздерді жазбайтын болсақ та, оны әлібби кітабына кіргізіп, жат тілдер үшін қолданылатын әріптер ретінде балаларға таныстыратын болу керек.

Ұзын «у» мен ұзын «и» қазақ тілінде жоқ дегенге өзім түсіне алмаймын. Көп жыл мұғалім болып бала оқытып көрдім. Балаға «ұу» мен «ыу», «ый»-деген әр қайсысы екі дыбыс деп түсіндіру қиын. Тілдің заңы, ғылым жолы деп, жазуды қиындатып алып жүрмейік. «У» мен «и»-дің жазу ережесін жете тексеру керек.

*Қалел:* екінші рет сөз алып мынаны айтты: араптың төрт әрпін қазақша әліббиден шығару керек. «У» мен «и»-дің ережесін өзгертуге болмайды. Ақметтің келтірген дәлелдерінен асып кету мүмкін емес. 2 жақтық жіктеу «сын» болмай «сың» болуы керек. Қалықтың аузында көбіне «сын» емес «сың» делінеді. Онымен санасбасқа болмайды. «Ы» мен «ү» көмескіленіп естілген жерде «ы» жазбай, «ү» жазған дұрыс: ондай дыбыстардың асылы «ү», мәселен «үшін» деген сөзді «үшүн» деп жазсақ дұрысырақ болады.

*Дулатұлы Міржақып:* араптың төрт әрпі тақырыпты Ишанғалидың сөзін қуаттап, ол төрт әріптің әлібиден шығарылмауын тіледі.

*Жолдыбайұлы Молдағали:* тілдің заңы, тілдің бұзылмау шаралары сықылды дәлелдерге тоқтау керек. Міржақыптың төрт әріп қазаққа керек деп отырғаны қисынсыз. Айтыс жеткілікті болды. Баяндаушыға адакқы<sup>8</sup> сөз беріп, әңгімені доғару керек.

*Мәжіліс ағасы:* сөз сұраған кісі жоқ екенін жариялап, баяндаушыға қорытынды сөз сөйлеуге кезек берді.

Елдес қорытынды сөзде мынаны айтты:

Орысша жазу ережесі сөз жүйесінше, орысша сөздің түбірін өзгертіп отыратын болған соң: орысша түбір сөз бен туынды сөздің сүгіреті бірдей де айтылуы (естілуі) басқаша болады. Сондықтан орысша жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болмай шығады. Бутобыскийдің: жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болуы мүмкін емес деп отырғаны сонан, орысша жазудың сөз жүйесінше болып, сөздерді түбірімен қопарылып өзгеретін болғаннан. Бірақ Бутобыскийдің айтқанына еріп, қазақша жазудың да дұрыс болуы мүмкін емес деп білудің жөні жоқ. Қазақша сөздің түбірі өзгермейді. Туынды сөздің түбірі жеке түбірмен бірдей болып айтылады. Сондықтан қазақша дыбыс жүйесінше жазылған сөз сөз жүйесінше дұрыс болып шығады. Жазудың сөз жүйесінше болуының артық жері: оқи, жаза білетін кісі жазылған сөзді ежелеп оқымайды. Бүтін сүгіретін<sup>9</sup> бірден көріп танып оқиды. Жазушы туынды сөзді жазғанда оның түбірінің сүгіретін есінде тұтып, туынды сөздің түбіріне ұсатып жазады. Туынды сөздің айтылуы түбірден басқаша болып, жазу ережесі дыбыс жүйесінше болған күнде де, жазушы көбіне қатасып, туынды сөзді түбірге ұсатып қояды. Мәселен: біз «түн» деген сөздің алдына дәйекші қойып жазып үйренгенбіз. «Түндік» деген сөздің жұрнағында жіңішке «к» болған соң дәйекшінің керегі жоқ. Сөйтсе де, «түндікті» бастап жазғанда, оны түбіріне ұсатып, қатасып алдына дәйекші қойып қоямыз. Осындай қата болмау үшін орысша жазу ережесі сөз жүйесінше болған. Бірақ жазудың бұлай сөз жүйесінше болуының қолайсыз жағы да аз емес.

---

<sup>8</sup> аякқы, соңғы

<sup>9</sup> суретін

Бутобыскийдің: бұқара тілді бұзып барады, орысша әдебиет тілі, жазудың сөз жүйесінше болғаны себепті ғана, бұзылмай аман сақталып келеді дейді. Бутобыскийдің мұнысы қата. Тілдің тетігі сол тілмен сөйлейтін елде, бұқарада. Елдің тілі, сырттан төтенше бір себеп болмаса, еркімен өзгеріп, өркендей беруге тиіс. Мәселен, қазақ тілі солай өзгеріп, дыбыстары тап-тапқа бөлініп, бірінен бірінің жігі ашылып шыққан, қазақ тілінің солай өркендеуіне сырттан бөгеу болған жоқ. Тілдің бұл өзгерістеріне себеп болған: сол тілмен сөйлеген ел. Сол елдің тұрмысы. Ноғай тілі олай өзгерген жоқ, ноғай тілінің дыбыстары бір-бірінен жігі ашылмаған. Оның себебі жазу, әдебиет, Бутобыскийше айтқанда жазудың арқасында ноғай тілі қазақ тіліндей бұзылмай аман қалған деуге болады. Дұрысында қазақ тілі бұзылған жоқ. Еркімен өзгеріп, өңделіп шыққан. Ноғай тілі олай еркімен өзгере алмай жазу әдебиетімен шегеленіп қалған. Жазудың, әдебиеттің қызметі: тілдің өзгерісіне әсер беру емес, сол өзгерістен қалмай еріп отыру, болған өзгерісті қаттап, таңбалап отыру. Тілдің ескі түрін ұстап алып, содан айырылмай, жаңадан болған өзгерісті, тілдің бұзылғаны деп түсініп, қабыл алмай отырған жазу елдің тіліне салған бұғау есебінде болады. Орыстың жазуы дұрысында Бутобыский айтқан қалыпты тілді өзгерістен аман алып қалып отырған жоқ. Бұқараның тіліне бұғау болып отырған жоқ, тілдің өзгерісіне еріп, болған өзгерісті қатқа түсіріп таңбалап келеді. Орысша «я», «ю» деген әріптер әуелде «я», «ю» болып әрқайсысы екі дыбыстың тізбегі болып оқылатын, жүре келе орыстың тілі (дыбыс жүйесі) өзгеріп, бұлардың әр қайсысы бір дыбыс болып «ә», «ү» болып айтылатын болды. Орысша жазу Бутобыский айтқанша, тілді өзгертпей аман сақтайтын болса: орысша «Пять», «Няня» сықылды сөздер «я»-ның әуелгі мәнісінше «пыйят», «нияния» болып оқылуы тиіс еді. Жазу тілдің өзгерісінен қалыспай еріп отырғаны себепті бұл сөздер осы күнгі айтылуы бойынша «я» сы «ә»-ге ұсап оқылады. Орысша «Сон», «Весь» деген сөздер бұрын «сини», «вьсь» деп жазылады екен. Айтылуы «сын», «біс» (орысша «в» дыбысы «б» деп көрсетілген) болған екен. Жүре келе орыстың тілі өзгеріп, бұл сөздер осы күнгісіндей «сон», «весь» болып айтылатын болған. Жазу бұл өзгерісті қатқа түсіріп, өзгерген сөздерді өзгерген күйінде жазатын болған.

Жазу, әдебиет өз міндетін дұрыс атқаратын болса – осылай тілдің өзгерісінен қалмай еріп отыруға тиіс. Жазу халықтың аузында болған өзгерісті Бутобыскийше, тілдің бұзылғаны деп, қабыл алмай отыратын болса, ондай жазудың пайдасынан зияны артық болады. Ондай жазу тілдің еркімен өзгеріп, ілгері басуына бөгет болады. Ол болмаған күнде әдебиет тілін бұқараның тілінен басқаша қылып, екеуінің арасын алыстатып жібереді.

Мәжіліс ағасы сағат 2 болды деп, Елдестің қалған сөзін кешке қалдыруды ұйғарды.

### **Үйіннің 13-күнгі кешкі мәжіліс**

*Мәжіліс ағасы:* қорытынды сөзін аяқтау үшін Омарұлы Елдеске сөз берді.

*Елдес:* жазудың сөз жүйесінше болуы жазуға да, оқуға да жеңіл болатыны рас. Бірақ сөз жүйесінше болған жазу, дыбыс жүйесінше дұрыс болуы шарт. Қазақша сөздің түбірі өзгермейтін болған соң, біздің дыбыс жүйесінше жазғанымыз сөз жүйесінше дұрыс болады. Қазақша жазудың сөз жүйесінше дұрыс болмайтын жерлері бар, дұрысында ондай сөз жүйесіне келмейтін ережелеріміз дыбыс жүйесінше де дұрыс емес. Мәселен, біз бұл күнге шейін «ы»-ны бітеу буында жазбай, «бій», «қарыз» сықылды сөздерді «би», «қарз» деп жазып келеміз, сөйте тұра «бійі» «қарызы» деген сөздерді жазғанда бітеу буын ашылды деп, түбірінде жазылмайтын «ы»-ны жазамыз. Сөздің сүгіреті түбірінен басқаша болып шығады. Жазу сөз жүйесінше дұрыс болмайды, сондықтан ондай сөздің жазылуы да, оқылуы да қиын болады. Біздің жазуымыздың бұлай сөз жүйесінше болмай отырған себебі: оның дыбыс жүйесінше дұрыс болмағандығынан. Тілдің заңына келмейтін бітеу буын ережесінің кесірінен. Бітеу буын ережесін бұзып, «ы»-ның жазылуын дыбыс жүйесінше қылып шығарсақ («ы»-ны бар жерінде қалдырмай жазып отыратын болсақ) «бій», «қарыз» сықылды сөздердің жазылуы сөз жүйесінше дұрыс болып шығады. Жазу да, жазылғанды оқу да жеңілденеді. Жазудың осылай сөз жүйесінше дұрыс, дыбыс жүйесіне де қайшы келмейтін болса жеңіл болатынын ойлап, мен: түбір дәйекшісімен жазылатын сөздерге ішінде «е», «к», «г» дыбысы бар жұрнақ, жалғаулар қосылғанда да дәйекші қалмай

жазылатын болсын, туынды сөздің сүгіреті түбірден басқаша болмасын деп едім. Білім кеңесі, ондай болғанда дәйекші мүлдем көбейіп кетеді деп менің ол жобамды қабыл алмады.

Бұрын ескі түрік тілінде «ы» орнына көбіне «ұ» дыбысы айтылатын болған. Бірақ жүре келе, қазақ тілі басқа түрік тілінен жігі ашылып, «ұ» дыбысы бар сөздің көбі «ы» мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінің өз еркімен болған өзгерісі. Бұл өзгеріске қарсы болып, ескішілдік қылудың жөні жоқ. Болған өзгерісті сөзсіз қабыл алып, қаттап отыру керек. Қазақ тілінде «ұ» өзгеріп, «ы» болып бара жатқандығы себепті «ы» мен «ұ»-ның көмескі естілген жерінде «ұ»-ның орнына «ы» жазатын болсақ, жазуымыз тілдің өзгерісінің жөніне дәл келеді.

2-нші жақтық жіктеу «сын» я «сың» екенін, жалпы бұқараның айтылуына қарай шешу керек. Тілдің заңын ашу үшін, оның түрлі мәнісін білу үшін, бұқараның аузындағы сөз түрлерін тексеру керек. «тілдің заңы мынадай, бұқараның сөзі дұрыс емес, сөздің түрін тілдің заңына келтіріп түзейміз» деу қата. Олай болған күнде бұқараның тіліне қарсы заң дегеніміз – тілдің заңы емес, тек оймен жорып шығарған заң болады. Тілдің заңының тетігі – жалпы бұқараның аузындағы тіл. Оны елемей, ойдан шығарған заң – заң емес. Жазуды ондай заңға сүйеудің жөні жоқ. 2-жақтық жіктеу «сың» болса тілдің заңына келмейді деу қата. «Сың»-ға қарсы заң, жорамал заң. «Мын» мен «сын» ның түбірлері «мен» сен «сен» деу де қата. Мен жазамын, сен жазасың (сын) дейміз. «Мын» мен «сын»-ның мәнісі «мен», «сен» мен бір болса онда екі қайтара айтпас едік. «Жазамын»-ның «мыны» «мен» деген мағынада болуы мүмкін емес, «жазамын» екі сөзден құралған «жаза», «мен» десек «мен» бастауыш, «жаза» баяндауыш болуға тиіс. Қазақ тілінде еш уақытта бастауыш баяндауыштан соң айтылмайды. Қазақша сөйлемнің баяндауышы ең соңында болады. «Мын»-ның бастауыш бола тұрып, баяндауыштың артынан айтылуы мүмкін емес. Жорамал заңды дәлел қылып, «сың»-ды жоғалтып жіберуіміз зорлық. Елдің көбі «сын» демейді «сың» дейді. 2-жақтық жіктеу «сын» болмай «сың» болуы керек. Бұқараның аузында «сың»-ның сыпайы түрі «сыңыз» бар. «Сіз жазасыңыз» дейді «сыңыз»-дың орнына «сыз» деп те айтады. Бірақ жалпы жұрттың аузындағы «сыңызды» тілдің заңына қарсы

деп жоғалтып жіберуге болмайды. Тілдің заңын ойдан шығарып, бұқараның аузындағы сөз түрлерін сұрыптай бастасақ, тіл өзінен басқа тілдің заңы дегеніміз тілге түк қатысы жоқ өз алдына бірдеме болып шығады. Түбінде жорамал заң үстем болып шықса елдің тілі бұзылады. Олай болмай, тіл аман сақталынып қалса, тілдің заңы деп әуреленіп жүйелеп жүргеніміз – заң емес, ертегі болып қалады.

Қазақша сөздің түбірі өзгермейді. Сондықтан сөздің дыбыс жүйесінше жазғанымыз сөз жүйесінше дұрыс болып шығады дедік. Бірақ бұл заңға (сөздің түбірі өзгермейді деген заңға) келмейтін бірен-саран сөздер бар. Ол «к», «к», «п» дыбыстарымен тынатын сөздер. Ондай сөздерге дауысты дыбыстан басталатын жалғау, жұрнақтар қосылғанда сөз аяғындағы «к», «к», «п» өзгеріп «ғ», «г», «б» болады. Біздің жазуымыздың негізгі дыбыс жүйесі «к», «к»-ның жазылу дыбыс жүйесінше. «П»-ның қасиеті «к», «к»-мен бірдей. Сондықтан оның жазылуы да «к» мен «к»-нікі сықылды болуы керек. Бұған көнбей Қалел айтқанша сөз аяғында тұйықталып келген «б» да «п» болып естілмейді. Көмескіленіп «п» дан көрі «б»-ға жақын болып естіледі деп білсек сөз аяғындағы «б» мен «п»-ның жазылуы «Тіл құралша» болсын дегенмен жалғау, жұрнақтардағы «б» мен «п»-ны дыбыс жүйесінше жазбай болмайды. «Б» мен басталатын жалғау, жұрнақтар қатаң дыбысқа «п»-мен басталып жалғанады. Оны естілуінше жазуымыз керек. Мысалы: «бір ашбыз», «қазба», «аспа» жалғау, жұрнақтардың жазылуын дыбыс жүйесіне келтірмей, «п» орнына, «б» жазуымыз, қатаң дыбыстардың дербес қасиетін елемегендік болады. Оның жөні жоқ.

Манан мен Міржақыптың араптың төрт әрпінен айырылмаймыз деуі қисынсыз. Бұл төрт әріп әлібиден шығарылмаса: тіл бұзылады. Ол төрт әріп тұрғанда қазақтың өз сөзі болып кеткен Асан, Үсен, Зәуре, Әкім, Бақыр сықылды сөздерді Манан мен Міржақып Хасен, Хұсейін, Зуһыра, Хакім, Фақыр – деп жазатын болады. Сонан соң тіл бұзылмай қоймайды.

«Сұу», «жазыу», «бій», «қыи» сықылды сөздердің аяғындағы дыбыстары орыстың дауысты ұзын «у» мен «и»-не ұсап естілетіні рас. Бірақ бұл сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғасақ: бітеу буындағы дауысты «ұ», «ы»-



лар ашық буынға келіп, дауыссыз «у», «й»-лардан айырылып шығады. «Сұуат», «жазуы», «бйіміз», «қияды» деген сөздерде дауысты «ұ», «ы»-лар ашық буынға келіп, дауыссыз «у», «й»-лардан айырылып шығады. «Сұуат», «жазұуы», «биіміз», «қияды» деген сөздерде ауысты «ұ» мен «ы» да, олардан соңғы дауыссыз «у» мен «й» да анық естіледі. Орыстың дауысты «у» мен «и» не ұсап естілетін қазақша дыбыстардың бәрі де осылай сөзге жалғау, жұрнақтар жалғанғанда ішіндегі дауысты дыбысы мен дауыссыз «у», «й»-лері бірінен бірі айырылып шығады. Тұйық бұуында көмескіленіп естілетін дауысты «ұ» мен «ы» бұуын ашылғанда анық естіледі. «Құйын», «күйеді» сықылды сөздердегі «ұ» қандай анық естілсе «қиын», «кйіеді» сықылды сөздердегі «ы» да сондай анық естіледі. «Күйеді» де «ұ» жоқ деп дауласу қандай қисынсыз болса, «кйіеді» де («к» ден соң) «ы» жоқ дауласуда сондай қисынсыз. «Кйіеді» де «ы» бар екені рас болса, оның түбірі «кйй»-де де «ы» бар екені рас. «Кййдің» «ы»-сы мен «и»-нің тізбегі орысша дауысты «и»-ге ұсап естіледі. Сондықтан оны екі дыбыс емес, бір дыбыс деп білу керек деп дауласу, орысшаға еліктеу болады. Қазақ тілінде 24 дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, бұл дауысты дыбыстар, арасына дауыссыз дыбыс салмай, бір-біріне жалғана алмайды. Бұлардан басқа 19 дауыссыз дыбыс (мұның ішінде «у» мен «й» де бар) бірімен-бірі, әсіресе дауысты дыбыстармен жалғана алады. «Й» да, «у» да дауысты дыбыстардың қандайымен жалғана алады. Алдынан да, артынан да жалғана алады (қой, тай, тау, егеу, қоян, тауық). «Ый» ды орысша «и» деп, «ыу» мен «ұу»-ды орысша «у» десек, басқа дыбыстардың бәріне де жалғана алатын «у» мен «й» дыбыстары жалғана алмайды деп білуіміз керек. «Ы» мен «й» де, «ы» мен «у» да, «ұ» мен «у» да қатарынан бір жерге сиыса алмайды. Бұлардың бір-бірімен жалғануы да мүмкін емес деген ақылға да, тілдің заңына да келмейтін өз алдына бір ережеміз болуы керек. Мұқтар мен Телжанның ұсынысын қабыл алып, қазақ тілінде дауысты «и» мен «у» бар десек, әлгідей жалған ережелерден құтыла алмаймыз. Оқушы бастап әріптермен танысқан соң түрлі әріпті бірімен-бірін тізіп үйренеді. Тізілген әріптерді қосып оқып үйренеді. Өзі қосып оқи алмағанын оқытушыдан сұрайды. Осылай өз бетімен әріп тізіп оқыған оқушы аса кешше

болмаса әртүрлі әріптерді тізе келе мәселен «ы»-ға «й»-ды жалғап тізуі мүмкін. Зейінді оқушы «ы» мен «и»-дің тізбегі қалай оқылатындығын оқытушыдан сұрамай, өзі-ақ оқып кетеді. Бірен-саран оқи алмайтыны болса, амалсыз оқытушыдан сұрайды. Сонда оқытушы балаға не деп жауап бермек? Оқытушының жауабы тек мынадай ғана болуы тиіс: бұл дыбыстар басқа дыбыстардан өзгеше, басқа дыбыстар бір-біріне жалғана береді. Бірақ бұл дыбыстар олай біріне бірі жалғана алмайды деп қана түсіндіруі керек. Оқытушының балаға онан басқа айтар дәлелі болмайды. Ол айтқан дәлелі, тілдің заңына сәйкес келмейтін жалған ереже болады. Оның жалған екені көп ұзамай-ақ оқытушы сөз жүйесін оқи бастағанда-ақ анықталып шығады. Оқушы сөз жүйесінен етістіктің жіктелуімен танысады. Дауысты дыбыстармен тынатын етістіктің түбірлеріне «-имын», «-исын», «-иды» дейтін жіктеулер жалғанатынын біледі. Қара+йды = қарайды, күре+йді = күреді болатынын біледі. Оқы+йды = оқыйды болатынын да, «ы» мен «й»-дің бір-біріне жалғана алмайды деген ереженің өтірік екенін де біледі. Бес күнге бармайтын өтірікті балаға ереже есебінде үйретудің түк жөні жоқ. Қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар десек, оны өтірік ережесіз түсіндіру мүмкін болмайтыны жоғарыда айтылды. Баланы өтірік ережемен оқыту үшін ол өтірік ереженің өтірігі ашылмайтын болуы керек. Дауысты «у» мен «и»-дің өтірігін ашбау үшін сөз жүйесінің заңдарын бұзып, «ы»-ны дауысты дыбыс табынан шығару керек. Дауысты дыбысқа «-иды» болып жалғанатын жіктеу «ы»-ға екінші түрлі болып жалғанады. «Ы»-ның өзі жоғалып кетеді де, жіктеу дауысты «и»-ден бастап жалғанады деген тағы бір жалған ереже керек. Жалған ережелерге көнбейтін дұрыс ережелер толып жатыр. Жалған ереженің өтірігін ашбау үшін сол дұрыс ережелерінің бәрін де осылай бұзып, тағы толып жатқан жалған ережелер шығару керек болады. Жаңа басталып түзеліп келе жатқан «Тіл құралдың» заң-ережелерін қопарып, бұзу керек болады. Тілдің заңына келтіріп шығарған ережелердің орнына жалған ережелер кіргізіп, былықтыру керек болады. Сол былықтардан құрастырып жаңа дыбыс жүйесі, сөз жүйесін шығару керек болады. «Ыу» мен «ұу»-ды дауысты «у» деп білудің қисыны да осындай. Ол үшін тағы толып жатқан өтірік ережелер керек болады. «Сауық»,

«жауын» деген сөздердегі «а» мен «у», «егеуім»-дегі «е» мен «у» қандай анық болса, «сұуық», «жұуын» дардағы «ұ» мен «у» да, «егіуім» деген сөздегі «і» мен «у» да сондай анық. «Жұуын» да, «у» мен «ұ» қатар тұрғаны рас болса, оның түбірі «жұу» да да қатарынан «ұ» мен «у» бар екені рас. «Егіуім» де бар «ы» мен «у»-дың тізбегі «егіу»-де де бар.

«Ы» тақырыпты бітеу буын ережесі жойылған соң «у» мен «и»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше, сөз жүйесінше дұрыс болып шығады. «Жазыу» мен «жазыуы», бір-бірінің сүгіреті ұқсас (жазылуы сөз жүйесінше) болады. «Жазыу»-дағы «ы»-ны қалдырмай жазатын болған соң, оның жазылуы дыбыс жүйесінше дұрыс болады. Дыбыс жүйесі мен сөз жүйесінің екеуіне де дәл келетін жазудан жеңіл жазу болмайды.

Мұқтар «сұу»-ды, «су» деп, «сұуат»-ты, «суат» деп жазатын болса, олай жазу («у»-ды дауысты «у» деп білгенде) сөз жүйесінше дұрыс, «сұуат»-тың сүгіреті «сұу»-ға ұқсап түседі. Бірақ «суат» деп жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болмайды. «Сұуат» -тың ап-анық естіліп тұрған «у»-сын жоғалтып жіберуді дыбыс жүйесі көтермейді.

Телжан, «й» мен «у» дауысты дыбыстармен ұқсастығын айтып, оны дауысты дыбыстар табына кіргізгеннен еш кемшілік болмайды дейді. Жалғау, жұрнақтарды түбір сөзге Телжанша жалғап тексерсек: қазақша дыбысты тап-тапқа бөліп жіктеу мүмкін болмай қалады. Ұяң дыбыстардың ілік жалғауы «ның» болады («нанның», «шаңның»), дауысты дыбыстардың ілік жалғауы «ның» («баланың», «кісінің»), дыбысты Телжанша тексерсек, ұяң дыбыстарды дауысты дыбыс деп білуіміз керек. «Сын», «сыз» сықылды. Жіктеулер, «шы», «шыл» сықылды жұрнақтар, дауысты дыбысқа, барлық дауыссыз дыбыстарға да тек бір түрде ғана жалғанады (баласын, баласыз, жылқышы, қарашыл, азсын, азсыз, малшы, қазақшыл). Телжан, мұндай жұрнақтарды дәлел қылып, дауыссыз қатаң дыбыстардың дауысты дыбыстарға қосылмайтын жерлері де бар, дауысты дыбыстар мен ортақ қасиеттері де бар, сондықтан қатаң дыбыстарды дауысты дыбыстар табына кіргізгеннен де артық кемшілік болмайды деуі мүмкін. Түрлі ұғымдарды тап-тапқа бөліп жіктегенде, Телжанша жіктейтін болсақ: ешбір ұғымды тұрлаулы қылып жіктеу мүмкін

болмас еді. Ешбір пәнде де жүйе болмас еді. Осы күнгі жүйелі ғылымдардың бірі де болмас еді. Дұрысында адам баласының ақылы түрлі ұғымдарды Телжанша жіктеуді көтермейді. Оны тап-тапқа бөліп жіктегенде әр тапты біріне-бірі қатыспайтын қылып жіктейді. Қазақша 24 дыбысты біз де солай қылып жіктеп отырмыз. Бірінен-бірінің еш басқалығы жоқ дыбыстарды өз алдына бір тапқа кіргізіп жіктеп отырмыз. «Н», «м», «н» үшеуін бір тапқа кіргізіп, бұларға ұяң деп ат қойып отырмыз. Бұл үшеуінің дауысты дыбыстармен ортақ қасиеті де толып жатыр (баланың, нанның, баламен, нанмен, балада, нанда) бұлардың жарты дауысты дыбыстармен ортақ қасиеттері де көп (нанды, сұуды, нансыз, сұусыз); бұл үш дыбыстың басқа дыбыстардың қайсысымен де ортақ қасиеттері жоқ емес. Бірақ бұл үш дыбыс дауысты дыбыстардан да басқаша (баланы, нанды, баладан, наннан), жарты дауысты дыбыстардан айырылып шығады. «Сұулар, нандар», ымыралы, қатаң дыбыстардан да осындай басқалығы бар. Бірақ бұл үш дыбыстың өзара бірінен бірінің басқалығы жоқ. Біз осындай өзара бірінен бірінің басқалығы жоқ дыбыстарды жиып өз алдына бір тап қылып жіктеп отырмыз. «Р», «у», «й» үшеуінің бірінен бірі еш басқалығы жоқ. Сондықтан бұл үшеуін бір тап деп отырмыз. Түрлі ұғымды тап-тапқа бөліп жіктеудің осындай мәнісі болады. Оны Телжан білуі керек еді. Сүт еметін жануарларды Телжанша жіктеп: бұзау, торпақ, ұрғасы сиыр, бұқа – бәрі де сиыр, бірақ өгізді сиырдың табына кіргізуге болмайды, өгіздің атқа ұқсас жері көп, сондықтан өгізді жылқы деп білу керек. Өгіздің жылқыға ұқсамаған жері де бар. Бірақ жылқыға ұсаған жері де бар өгізді жылқы дегеннен артық кемшілік болмайды деу қанша қисынды болса, «у» мен «й»-ды дауысты деудің қисыны да сондай.

Елдестің қорытынды сөзі біткен соң. *Ақмет*: жазу тақырыпты таласты мәселелерді жете тексеріп, дұрыс шешу үшін, өз алдына бір кемесие сайлап, мәселені сол кемесиенің қарауына тапсыру керек дейді. Сиез Ақметтің бұл ұсынысын қабыл алып, жазу мәселесін тексеру үшін бес кісілік кемесие сайлауға ұйғарды. Кемесиеге Байтұрсынұлы Ақмет, Шонанұлы Телжан, Омарұлы Елдес, Мырзаұлы Мұқтар, Досмағамбетұлы Қалел бесеуі сайланды.

Мұнан кейін қалған уақыт кемесінің мәжілісіне тисін деп сиез өз мәжілісін келесі күнге қалдырды.

### **Үйіннің 14-нші күнгі ертеңгі мәжіліс**

Мәжіліс ағасы Зәлиұлы Нұғман, мәжілісті ашып, жазу тақырыпты кемесінің ұйғарған жобасын баяндау үшін Омарұлы Елдеске сөз берді.

Елдес мына ретте жазылған кемесінің қатын оқып берді.

### **Мәжіліс қат**

1924-нші жылы үйіннің 13 күні жазу ережесін түзетуші кемесінің мәжілісі болды.

Мәжіліс ағасы Ақмет.

Мүшелері: Қалел, Мұқтар (Мырзаұлы), Телжан, қатшы: Елдес.

Кемесіе өзіне тапсырылған мәселелерді тексеру ретін қарастырып, әуелі қазақша дыбыстар қандай екенін, оған лайық таңбалардың нендей болуын ашып алу керек деді.

Қазақ тілінде: а, б, п, т, ж, ч, д, р, з, с, ғ, қ, ң, л, м, н, о, ұ, е, ы – дыбыстары бар, олардың таңбалары осы жазылған әріптер екені даусыз қабылданды.

Мұнан кейін «к» мен «г» дыбыстары тексерілді.

*Мұқтар*: тілімізде үндестік заңы бар деп сол заңның арқасында дәйекшімен жазуды жеңілдете алатын болған соң «к» мен «г» дыбыстарына өз алдына әріп алмай-ақ жұмсақ сөздер келетін «к» мен «ғ»-ны «к» мен «г» деп білсек болады. Сонда әріптің саны азаяды да жазу жеңілденеді – деді.

*Қалел*: Мұқтардың дәлелін теріс деуге болмайды. Мұқтардың мұнысын қабыл алсақ, әрпіміздің жүйесі бір ыңғайланатыны рас, бірақ онан жеңілдік болмайды. «Қ» мен «ғ»-ны дәйекшімен жазып, «к», «г» деп оқуға болады. Бірақ сөз алдындағы дәйекші жазуды қиындатады. Бұрын «к», «г» мен жазылатын сөздердің бір таңбасы (дәйекші) артық болып жазылады. Жана: елдің үйреніп кеткен «к» мен «г»-ні бірден шығарып тастауымыз тым күрт болады. «К» мен «Г»-ні бұрынғысынша өз алдына қалдыру керек – деді.

*Ақмет*: «к» мен «г»-ні қазақ әліббиінен шығарып тастауға болмайды. «К» мен «Г»-нің, «қ» мен «ғ»-дан заты басқа, әрқайсы ауыздың әр жерінен шығатын дыбыс – деді.

Кемесие бұл мәселені тексере келе «к» мен «г» қазақ тілінде бар, екеуі де қазақша әліббиге кіргізілсін, түбінде бұл екі дыбыстың тегі тексеріліп, талқыға түсетін болса, қайтадан қаралады деп ұйғарды.

Мұнан кейін «х», «ш», «ф», «һ» дыбыстары тексерілді.

*Кемесие:* бұл төрт әріп қазақша әліббиден шығарылсын деді. Жана: бұл төрт әріп қазақша оқу құралдың аяғында араптың басқа әріптерімен бірге оқушыларға таныту ретінде ғана жазылатын болсын, бірақ ол әріптердің ешбірімен де қазақша ешбір сөз жазылмасқа тиіс деп ұйғарды.

Мұнан кейін жарты дауысты «у» мен «й» тексерілді.

Кемесие: жарты дауысты «у» мен «й» дауысты дыбыстардың артынан жалғаса болады деп бір ауыздан қабыл алды. Сонан соң «у» мен «й»-дың дауысты дыбыстардың алдында болатын, болмайтыны тексерілді.

Кемесие: «у» мен «й» екі дауысты дыбыстың арасында келеді деп білді.

Мұның артынан қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и» дыбыстарының бар, жоғы тексерілді.

Бұл мәселе тақырыпты кемесие бір қарарға келе алған жоқ.

Мұнан соң «ы»-ның бітеу буында жазылу, жазылмау мәселесі қаралды.

Кемесие: «ы» бітеу буында қалмай жазылатын болсын деді.

«Б» мен «п»-ның жазу ережесі тексеріліп, кемесие: «б» мен «п»-ның жазу ережесі түбір сөздерде де, жалғау, жұрнақ жалғаулықтарда да тіл құралша болсын деп ұйғарды.

Бұрын «д» мен жазылып жүрген жалғау, жіктеу, жұрнақтар тексеріліп, кемесие: олардың жазылуы дыбыс жүйесінше болсын деді.

Сөз артынан айтылатын демеулердің жазу ережелері тақырыпты кемесие: ондай демеулердің түбірі мен жалғаудың арасында айтылғандары түбірге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылсын да, түбір мен жалғаудың арасына түспей, жалғасқанда түбірден бөлек жазылсын деп қаулы қылды.

Сүйеу таяқ тексеріліп, кемесие: оны жоғалту керек деп ұйғарды. Сөз басындағы «<sup>10</sup>» мәтсіз «<sup>10</sup>» болып жазылсын делінді.

<sup>10</sup> Әліптің үстіне жазылатын созылықтық белгісі (~).

Үндестік заңына келмейтін жұрнақтар тексеріліп, Кемесие: ондай жұрнақтармен жалғанған түбір сөздің дәйекшілері қалмай жазылатын болсын деді.

Даусыз қабылданған 24 дыбыс бұлай жіктелсін делінді:

I – дауысты: а, о, ұ, е, ы;

II – жарты дауысты: р, л, у, й;

III – ұяң: ң, м, н;

IV – қатаң: б, п, т, ч, с, қ, к;

V – ымыралы: ж, з;

VI – ымырасыз: д, г, ғ.

Бұл әріптердің әлібби реті бұлай болады: а, б, п, т, ж, ч, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й.

Екінші жақ жіктеудің «сын» я «сың» болуы тексеріліп, кемесие: қазақ тілінде оның екі түрі де бар деп білді.

Мәжіліс қатқа кемесие мүшелерінің бәрінің де қолы қойылған.

Сиез кемесиенің қаулысын байанлап тексерді. Араптың төрт әрпі тақырыпты талас болып, оның қазақ әліббиінен шығарылмауын дәлелдеп, Манан мен Міржақып сөйледі. Дәлелдері: бұрын айтылған, басқа түріктерден алыстап кетпеу болды. Оларға қарсы Елдес өз дәлелдерін баяндама мен қорытынды сөзіндегі дәлелдерін келтіріп сөйледі.

Сиез: «х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақша әліббиден шығарылсын деп қаулы қылды.

Мұнан кейін Төреғұлұлы Нәзір: қазақша әліббиден «ч» шығарылып, оның орнына «ш» әрпі алынсын. Қазақ тілінде басқа түріктердің «ч» мен жазатын дыбысы жоқ, қазақша «ч» мен таңбаланатын дыбыс араптарда, басқа түріктерде «ш» әрпімен жазылады деді. Жана: «ғ» әрпі жеңілдік үшін нүктесіз «ғ» деп жазылатын болсын деді.

Сиез: Нәзірдің бұл екі ұсынысын да қабыл алды.

«Ы»-ның бітеу буында жазылуы тақырыпты сұраған сөздерге баяндаушы жауап беріп, түсіндіргеннен кейін, кемесиенің «ы» тақырыпты жобасы да қабыл алынды.

Кемесиенің «б» мен «п» тақырыпты жобасы, бұрын «д» жазылып жүрген жалғау, жұрнақтардың дыбыс жүйесінше жазылуы, сөз артынан айтылатын демеулердің жазу ережесі, сүйеу таяқ жоғалып, сөз басындағы «а»-ның мәтсіз жазылуы,

үндестік заңына келмейтін жұрнақтардың жазу ережесі, қазақша әріптердің әлібби реті, дыбыстардың жігі – әр қайсысы өз алдына тексеріліп, бұл мәселелер кемесиенің ұйғаруынша қабылданды. «Ш»-ның әлібби ретіндегі орны «с»-ға жалғас болсын – делінді.

Кемесиенің: 2-жақ жіктеу («сын» мен «сың») тақырыпты жобасы тексерілді.

*Міржақып*: «сын» мен «сың» екеуінің қатар жүруі ретсіз, мұны жете тексеріп, біреуін ғана алу керек – деді.

*Сиез*: Міржақыптың ұсынысын қабыл алып, «сын» мен «сың»-ды жанадан тексеру керек деп ұйғарды.

*Ақмет*: 2-жақ жіктеудің «сын» болуын қолдап, бұрын айтқан дәлелдердің үстіне мынаны айтты. «Мын», «сын» жіктеулері жалғыз етістіктерге ғана емес, зат есім, сын есімдерге де жалғанады. Бұл жіктеумен айтылған сөз көбінесе нәрсенің күйін көрсетеді. «Мен кісімін», «сен кісісін» дейміз, мұның үшінші жақ жіктеуі жоқ «ол кісі» дейміз. Бұл жіктеулер етістікке басқаша жалғанады: етістіктің түбіріне жалғанбайды. Көсемше түрінде жалғанады. «Мен қараймын», «сен қарайсын» дейміз. Жана бұл жіктеулердің етістікке жалғанғанда 3-жақтық түрі де болады: «ол қарайды» дейміз. Бұл жіктеудің 3-жақ түрі беріде болған. Әуелде, ескі түрік тілінде мұның 3-жақ түрі болмаған. Етістіктің «мын», «сын»-ға сәйкес 3-жақтық түрі бір сыпыра түрік халықтарында бұл күнде жоқ. Мәселен ноғайлар «ол қарайды», «ол барады» демейді. «Ол қари», «ол бара» деп етістікті тек көсемше түрінде ғана айтады. 3-жақтың түрі жоқ. 1-жағы «мын», 2-жақ түрі «сын» болған соң бұл жіктеудің асылы «мен», «сен» болуға тиіс деп білу керек. «Кісімін»-ның асылы «кісі мен» болуға тиіс, «қарайсын»-ның асылы «қарай сен»-«қарайтын сен» болуға тиіс. 2-жақтық түрі «ң» болатын жалғаулар дұрысында жіктеу емес. Тәуелдеу болуға тиіс: «сенің басың» дегендегі «ң» тәуелдеу, «сен бардың»-дегендегі «ң»-да тәуелдеуден шыққан. «Бару сенің амалың» деген мағынада болған соң аяғы тәуелдеуге ұқсап «ң» болған. Дұрысында 2-жақ жалғау «ң» болғанда, 1-жақтық «м»-ға сәйкестеніп болады; 1-жақтық жалғау «мын» болғанда, оған сәйкес 2-жақ жалғау, еш уақытта «ң»-мен тынбайды, «сын» болады.

*Елдес*: қазақ тілі басқа түріктердің тілінен басқаланып, сөз түрлері өз алдына дербес, жолмен өзгерген. Солай өзгеріп бір



қалыпқа келген сөз түрін, оның тегін жорып, дұрыс я бұрыс деудің жөні жоқ. «Мен бардым», «сен бардың» дегендегі жалғаулардың тегі тәуелдеу деп, жорудың өзі қата. Тәуелдеу болған күнде «мен», «сен» делінбей «менің», «сенің» делінуге тиіс еді. «Менің бардым», «сенің бардың» болуы керек еді. 1-жақтың «мын»-ға сәйкес, 2-жақтық жалғау еш уақытта «сың» болмайды, «сын» болады. 2-жақтың жалғау «сың» болуы үшін аяғы «н» болу үшін 1-жақтық жалғаудың аяғы «н» болмай «м» болуы керек деудің жөні жоқ. Ақметтің бұған келтіріп отырған дәлелі жалғыз «сын». Мен жақсымын, сен жақсысын, мен барамын, сен барасын. «Сын»-ның өзі даулы болған соң оны дәлелге келтіруге болмайды. «сын» даусыз түрі жоқ. Ақмет «жақсысын», «барасын» дейді. Біз «жақсысын», «барасын» дейміз Ақмет бірінші жақтың «мын»-ға сәйкес, 2-жақтың жалғау «сын» болады дейді. Біз «мын»-ға сәйкес 2-жақ жалғауы «сың» болады, еш уақытта «сын» болмайды дейміз. «Сын»-ның асылы «сен» екеніне толық дәлел жоқ. Дұрысы «сың», «сын» деген өз алдына жіктеу болуға тиіс. Жана біз жазу ережесін дыбыс жүйесінше шығаратын болған соң, сөздің асылын зерттеудің қажеті жоқ. Тек осы күнгі түрін ғана алу керек. Талас жіктеудің қалық аузындағы түрі «сын», оның «сыңыз» дейтін сыпайы түрі бар. «Сіз барасыз» деп айтады, бірақ «барасыңыз» деп те айтады. «Барасынсыз» деп ешкім айтпайды. Бұл даулы жіктеудің «сын» емес, «сың» екеніне толық дәлел.

Мұнан кейін мәселе дауысқа қойылып, көпшілік Ақметтің жобасын мақұлдады, 2-жақтық жіктеу «сың» болмай, «сын» болсын деді.

Күндізгі мәжіліс осымен бітіп, жазу ережелерінің басқа мәселелері кешкі мәжіліске қалдырылды.

### **Үйіннің 14 күнгі кешкі мәжіліс**

Мәжіліс ағасы Нұғман, мәжіліс ашқаннан кейін кемесінің бір ынтымаққа келе алмаған ұзын «у» мен «и» мәселесі тексерілетінін жариялап Ақметке сөз берді.

*Ақмет:* аяғы «ұу», «ыу», «ый» болып тынатын сөздерге түрлі жалғау, жіктеу, жұрнақтар жалғап, оны дауысты дыбыстардың жұрнақ, жалғауларымен салыстырып, «у» мен «и»-ды қай жағынан тексергенде де дауысты деуге болмайтынын, екеуінің де дауыссыз екенін айтып өтті.

*Мұқтар:* дыбыстың дауысты я дауыссыз екендігін оның ауыздың қай жерінен шығатынын, құлаққа не түрде естілетінін, акустика (физика ғылымының дыбыс бөлімі) жөні мен ғана ашуға болады. Біздің дыбыстарымыз олай тексерілген емес, біздің дыбысты тап-тапқа бөліп, жіктегенде қолданып отырған жолымыз: тек жалғау, жұрнақтардың түрі. Тек соны ғана дәлелге ұстап, «у» мен «и»-ды дауыссыз деуге болмайды. «У» мен «и» жай құлаққа дауысты болып естіледі. Балаларға қат танытқанда дыбыстың сол жәй құлаққа қалай естілетіні керек. «У» мен «и»-дің тегі акустика жөнімен тексере алмайтын болған соң, оның дауысты я дауыссыз екенін құлаққа естілуіне қарай шешу керек. «У» мен «и» -ді солай тексерсек, оны ешкім дауыссыз деп айта алмайды.

*Елдес:* «у» мен «и» дауысты болып естіледі деу қата. «У» мен «и» дауысты дыбысқа жалғанғанда ғана болмаса, өздігінен тіпті естілмейді де. «У» мен «и»-ді алдына не артына дауысты дыбыс жалғамай айтуға болмайды. «У» мен «и»-дің акустика жөнімен тексерілмегені рас, олай тексеру әзір біздің қолымыздан келмейді. Бастауыш мектептерде оқылатын дыбыс жүйесі, сөз жүйесінің негізі жалғау, жұрнақтар. Біз қазақша дыбыстарды тап-тапқа бөліп, жіктегенде сол жалғау, жұрнақтардың түріне қарай жіктейміз деп отырмыз. Қазақша дыбыстарды солай, жалғау, жұрнақтардың түріне қарай жіктеп шығара алмасак: қазақ тілінің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі бар деуіміздің өзі қата. Дыбыстары тап-тапқа бөлініп жіктелмеген тілдің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі болуы мүмкін емес. Дыбыс жүйесі мен сөз жүйесіне керек дыбыс жігі: тек жалғау, жұрнақтардың түріне қарай жіктемесе болмайды. Бастауыш мектептерде оқылатын сөз жүйесі, дыбыс жүйесі үшін дыбыстарды тап-тапқа бөліп жіктегенде қолданатын жол жалғыз-ақ жалғау, жұрнақтар жолы. Ол жолдан шығып, дыбыс жүйесі, сөз жүйесін түзеу мүмкін емес. «У» мен «и»-дің затын басқа жолдармен де тексеруге болады. Бізде «у», «и» болып айтылатын дыбыстарды басқа түріктердің «ғ», «қ» сықылды дауыссыз дыбыс пен айтуы «тау», «сыйыр» сықылды сөздерді «тағ», «сығыр» деуі: «у» мен «и»-дің тегі дауыссыз екеніне дәлел. Қазақ тілінде «соғым», «тұқым» сықылды сөздер бар. Бұлардың түбірлері «сой», «тұу», бұл сөздер түбірінше «сойым», «тұуым»

болуы керек еді. Бірақ «и» өзгеріп «ғ» болып отыр да, «у» өзгеріп «қ» болып отыр. «Таб», «жаб» сықылды етістіктердің көсемше түрі «табыб», «жабыб» болудың орнына «тауыб», «жауыб» деп айтылады. Дауыссыз «б», дауыссыз «у» болып өзгереді. «Р» тілі келмейтін кісілердің көбіне «р»-дың орнына «и»-ді айтады. «Барамын» деген сөзді «байамын» дейді. Бұл «й»-дің «р»-мен тектес екеніне дәлел. «У» мен «и»-ді қай жағынан тексергенде де, оны дауысты деуге болмайды. «У» мен «и» «ғ», «қ», «б», «р» сықылды дауыссыз дыбыс.

*Телжан:* «у» мен «и»-дің дауысты дыбыстармен ортақ жалғау, жұрнақтарын теріп, тақтаға жазып көрсетті. «У» мен «и»-дің дауысты дыбыстардан басқалығы болғанымен, ұқсастығы да бар екенін айтып, оны дауысты дыбыстар табына кіргізу керек деді.

Мәселені дауысқа қоярда *Мұқтар:* «у» мен «и»-дың дауысты емес екеніне, таласпайтынын айтып, ол екі дыбыстың дауысты я дауыссыз екенін шешпей-ақ олардың қалай жазылатынын тексеруді тіледі.

*Сиез:* әуелі «у» мен «и»-дың дауысты емес екенін шешіп алуға мақұл көріп, мәселе дауысқа қойылды. Бұл мәселені дауысқа қойғанда, дауыс берген өкілдердің аты аталып өтілсін деген ұсыныс болып, мәселе өкілдердің атын атап, пікірін сұрау ретінде дауысқа қойылды.

Қазақ тілінде дауысты «у» мен дауысты «и» жоқ деп дауыс бергендер: 1 – Бөкейқанұлы Әлиқан, 2 – Омарұлы Елдес, 3 – Досмағамбетұлы Қалел, 4 – Дұулатұлы Міржақып, 5 – Шағиұлы Нығыметжан, 6 – Байтұрсынұлы Ақмет, 7 – Тұрғанбайұлы Манан, 8 – Алдоңғарұлы Ерғали, 9 – Наурызбайұлы Мырза, 10 – Жолдыбайұлы Молдағали, 11 – Ақпайұлы Рүстем (Бөкей өкілі – барлығы 11 кісі болды).

Бұған қарсы қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар деушілер:

1 – Сүгірұлы Рақым (Орынбордағы газет-журналдар басқармасының өкілі, Сәкеннің орнына сайланып келген), 2 – Арабайұлы Ишанғали, 3 – Мырзаұлы Мұқтар, 4 – Төреғұлұлы Нәзір, 5 – Зәліұлы Нұғман, 6 – Ерәліұлы Нұртаза алтауы болды.

Құлжан келіні Нәзипа дауыс берген жоқ. Бұлардан басқа өкілдер мәжілісте болмады.

Сөйтіп сиез көпшілікпен: қазақ тілінде дауысты «у» мен дауысты «и» жоқ деп ұйғарды.

Мұнан кейін «у» мен «и»-дің жазылу ережесі тексерілді.

*Міржақып:* «ұу», «ыу»-лар бір дыбысқа ұсап естіледі. Оны екі әріппен жазу балаларға түсіндіргенде, жазғанда да ауыр болады. Сондықтан «ұу», «ыу»-ларды бір әріппен жазатын ереже шығару керек деді.

*Елдес:* «ұ», «ы» дыбыстары тұйық буында «у»-дың я «й»-дің алдында көмескіленіп, біріне-бірі ұсап естілетіні рас, бірақ буын ашылып, дауысты «ұ», «ы»-лар артындағы дауыссыз «у»-дан я «ы»-дан айырылып, екеуі екі буынға шыққанда көмескі «ы», «ұ»-лар анық естілетін болады. «Ұ» мен «ы» тұйық буында «у»-дың алдына келгенде жазылмайды. «І» әрпі «й»-мен тұйықталған буында жазылмайды деп ереже шығаруға болар еді. Сонда «жуу», «жұуу», «қажуу», «кй» сықылды сөздерді «жу», «жуу», «қажу», «ки» деп жазатын болар едік. Бірақ мұндай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар қосылып, «ұ», «ы»-лар ашық буынға шығып, анық естілетін болғанда оларды қалдырмай жазып отыратын болар едік. «Жұуын», «жұууы», «қажуы», «кйеді» деген сөздер осы қалыпты, «ұ», «ы»-ларды қалдырмай жазатын болар едік. Енді мұндай ережеден жазудың қандай жеңілденетінін тексеріп көрейік: «жұу», «кй»-лердің дауысты дыбыстарын жазбау дыбыс жүйесінше дұрыс болмайды. «Жұуады», «кйеді» деген сөздердің түбірінен басқаша болып жазылғаны сөз жүйесіне келмейді. Дыбыс жүйесінде, сөз жүйесінде келмейтін жазу еш уақытта жеңіл болмайды. Түбірі «жу» делініп жазылатын «жұуады»-ны осы қалыпты, түбіріне ұқсатпай жазу жеңіл болмайды. Абайлап отырмасақ қатасып «жуады» деп жазып қоятын боламыз.

«І» мен «ұ» әріптері «у»-дың алдында еш уақытта жазылмайтын болсын, «ы» әрпі «й»-дің алдында жазылмайтын болсын деп ереже шығаруға болады. Онда «жұуын», «жұууы», «қажуы», «кйеді» сықылды сөздердің «ы», «ұ»-ларын жазбайтын боламыз. Ол сөздерді «жуын», «жууы», «қажуы», «киеді» деп жазатын боламыз. Сонда бұл сөздердің сүгіреті түбіріне ұсап, сөз жүйесінше дұрыс болып шығады. Бірақ жазу, дыбыс жүйесінше дұрыс болмайды. Оқушы жазылмаған дыбыстың не екенін оймен жорып қана оқитын болады. Қазақша жаңа үйреніп жүрген басқа қалықтың кісілері ондай сөздердің сүгіреттерін әрқайсысын өз

алдына жаттап алмаса, мүлде оқи алмайтын болады. «Жуын», «жууы», «қажуы» сықылды сөздерді, жазылмаған әріптердің не екенін білмей, кейде тіпті оның бар, жоғын да білмей қатасып «жыуын», «жыууы», «қажууы» деп оқыуда мүмкін болады. «Жууын»-ның «ұ»-сын, «ы»-ға, «қажууы»-ның «ұ»-сын «ұ»-ға айналдырып жіберуі мүмкін. «Жуууы»-ның «ұ»-сын «ы»-ға айналдырып, екі «у»-дың арасындағы «ы»-ны мүлде жоғалтып, үш буынды «жуууы»-ны екі буынды «жуу-уы» қылып жіберуде мүмкін болады. Мұнан тіл бұзылады.

«У»-дың «ы»-сының орнына «ұ» жазып, «ыу» мен «ұу»-дың сүгіретін бірдей қылып шығаруға болады. Онда «қыйуу», «келіу» сықылды сөздерді «қыйуу», «келуу» деп, «қыйууы», «келууы»-лерді «қыйууы», «келууы» деп жазатын боламыз. «Жуууы», «жууууы»-ларды «жуууу», «жуууууы» деп жазатын боламыз. Ашық буында анық естіліп тұрған «ы»-ның орнына «ұ» жазатын болған соң, оқушы ондай сөздерді жазылуынша бұзып айтатын болады.

Сөйтіп «у» мен «й» тақырыпты қандай ереже шығарсақ та, оның ешқайсысы да дұрысынша, дыбыс жүйесінше жазғаннан жеңіл болмайды.

*Ақмет:* қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и» жоқ екенін мойындаған соң «ыу», «ұу»-лардың орнына жалғыз «у» жазамыз деудің түк те қисыны жоқ. Мұнан былай «у» мен «и»-дің жазылуын дыбыс жүйесіне келтіріп, дұрысынша жазуымыз керек. Онан қашып, тілдің заңына келмейтін шатақ ереже шығарудың жөні жоқ. Ондай ереже жазуды ауырлатпаса, жеңілдетпейді деп «у» мен «и»-дің жазылуын дыбыс жүйесінше болуын ұсынды.

Мәселе дауысқа қойылып, сиездің көпшілігі «у» мен «и»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше болсын деп ұйғарды.

Сөйтіп білімпаздар сиезінің жазу ережелері тақырыпты қаулысы мына түрде қабылданды:

1 – «х», «ф», «һ» әріптері қазақша әлібиден шығарылады;

2 – бұрын «ч» әрпі жазылып жүрген дыбыстың әрпі «ш» болады, «ч» әрпі қазақша әлібиден шығарылады;

3 – сөз басындағы дауысты әріптің алдында сүйеу таяқ жазу ережесі бұзылады; дауысты әріптер сөздің басында да «а» мәтсіз «а» болып жазылады;

4 – «ғ» әрпі нүктесіз «ғ» болып жазылады;

5 – қазақ тіліндегі дыбыстардың саны 24, олардың әлібби реті мынадай болады: а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й;

6 – бұл 24 дыбыс өзара бұлайша жіктеледі:

I – дауысты: а, о, ұ, е, ы;

II – жарты дауысты: р, л, у, й;

III – ұяң: ң, м, н;

IV – қатаң: б, п, т, с, ш, қ, к;

V – ымыралы: ж, з;

VI – ымырасыз: д, ғ, г.

*Ескерту:* «л» мен басталатын жалғау, жұрнақтар жарты дауысты «л»-ға жалғанғанда, «л» қатарынан екі рет айтылмауы үшін «д» мен басталып жалғанады (мысалы «лар», «лық» сықылды жалғау, жұрнақта «л» мен тынатын «мал» сықылды сөздерге жалғанғанда «маллар», «маллық» болып жалғанудың орнына «малдар», «малдық» болып жалғанады);

VII – ымыралы дыбыстарға «д» мен басталып жалғанатын жалғау, жұрнақтар («дыкі», «дағы») қатаң дыбыстарға «т» мен басталып жалғанады. Олардың жазылуы дыбыс жүйесінше болады.

*Ескерту:* құрау демек «да», «де» бөлек сөз болғандығы себепті, қатаң дыбыстардан соң да сол «да», «де» күйінде жазылады (мысалы: «қазақта ат да бар, ас да бар»);

VIII – «ы» бітеу буында жазылмайды деген ереже бұзылады. «Ы» бар жерінде қалмай жазылады (мысалы: «ынтық», «бій», «жазыу»).

IX – сөз артынан айтылатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады. Ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады (мысалы: «жақсы ма?»; «жақсы-ақ ба?»; «жақсы-мысын?»; «жақсы-ақ-бысын»?)

X – үндестік заңына келмейтін «кер», «дыкі», «паз» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады. Ондай жұрнақпен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса, оның дәйекшісі жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылады (мысалы: «тұздыкі», «түздікі», «сөзыуар», «білімпаз»).

*Ескерту:* қазақша сөздің соңғы буынында жұмсақ «ә» болмайды; сондықтан «сөзыуар», «білімпаз» сөздерінің алдында дәйекші болған мен соңғы буындарындағы «а» жуан оқылуға тиіс.

XI – жазудың бұл айтылғаннан басқа ережелері (екінші жақтық жіктеудің «сын» болуы, «б» мен «п»-ның ережесі сықылды, сиезде қаралып, қабыл алынбаған ұсыныстарда) тіл құралша болады.

### **Үйіннің 15-і, күндізгі мәжіліс**

Мәжіліс ашылғаннан кейін, мәжіліс ағасы әлібби тақырыпты баяндама жасау үшін Байтұрсынұлы Ақметке сөз берді.

#### **Әлібби тақырыпты Ақметтің баяндамасы**

1 – әлібби түзеу деген түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе. Мәселе қозғалғаннан бері түрік әліббиінің түзелген жақтары да бар. Түрік әліббиінің түбі араптан шыққанмен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны, араб әліббиі демей, түрік әліббиі деймін.

2 – осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліббиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден өзгертіп алған әлібби. Яурыпа жұрттарының тұтынған әліббиінің түбі көнесемит әліббиі. Көнесемит әліббиін өз тіліне үйлестіріп, Пінікие<sup>11</sup> жұрты алған. Онан грек алған, гректен латын, Яурыпа жұрттары алған. Түрік әліббиінің түбі де көне семит әліббиі. Онан көпеліктер алған. Көпеліктен араб өз тіліне үйлестіріп алған. Араптан иран, түрік және басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліббиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған. Өз тілінің дыбыстарына қарай, өзгеріс кіргізіп алған, тіліне әліббидің артығы болса, алып тастаған. Кемтігі болса әріп қосып толықтырған. Дәл келмеген әріптер болса, оның не түсін өзгертіп, не дыбысын өзгертіп алған. Сондай өз тіліне икемдеп, өзгеріс жасап алған әліббилеріне әр қайсысы өз аттарын қойып латын әліббиі, орыс әліббиі дегенде, түрік өз тіліне үйлестірген әліббиін түрік әліббиі деп, қазақ онан өз тіліне үйлестіріп алған әліббиін қазақ әліббиі деп атауға жолымыз болуға тиіс.

---

<sup>11</sup> Финикия

3 – түрік жұрттары әлібби түзейміз десе, бәрі қосылып, бір әлібби түзей алмайды. Үйткені тілдеріндегі дыбыстардың түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әлібби жасауға болмайды. Үйткені олай жасалған әліббидің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір әлібби түзеу деген мәселені – бір әліббиді бәрі негізге алып, түрік жұртының әрқайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі, негіз боларлық әлібби керек. Сол әліббиді қарастырып табуымыз керек.

4 – түрік жұрттары әліббиі жоқ жұрт болса белгілі-белгілі әліббилерді алар еді де, түрлі жағынан, қолайлы-қолайсыздығын қарар еді де, ұнатқан біреуін алар еді.

Түрік жұрты ондай емес, көптен тұтынып келе жатқан әліббиі бар жұрт.

Көптен қолданып, көзге үйір болып, көңілге сіңген, қалыққа тамыры таралған әліббиді тастай салып, басқа әліббиді ала қою оңай жұмыс емес. Солай болған соң түрік жұрттары бәріне бірдей негіз боларлық әлібби іздегенде, әуелі, өз әліббиінің ондай негіз болуға жарайтын-жарамайтындығын анықтап ашарға керек. Екінші, өз әліббиі жарамаса, онан артық әліббиі табарға керек. Үшіншісі, қолайлаған әліббиді түрік жұртының әрқайсысы өз алдына үйлестіру керек. Әлібби түзеу жүзінде алдымен істелетін осы үш жұмыс.

5 – түрік жұрттарында әлібби түзеу мәселесі қозғалып жүрген себебі – бір кезде түрік тіліне өлшеп жасаған әлібби, бұл кезде түрік жұртының бұтақтары өскен соң, бәріне бірдей шақ келмей жүргендігі. Ол кемшілік түрік әліббиінде жоқ деп ешкім айта алмайды. Бірақ ол кемшілік не дәрежелі кемшілік? Негізгі кемшілік пе, некен-саяқ кемшілік пе? Екінші сөзбен айтқанда түрік әліббиін негізге алуға жаратбай шығарып тастайтын кемшілік бе? Болмаса олай-бұлай түзету мен оңдалатын кемшілік пе? Осы жерін ашуымыз керек.

6 – әлібби талдап бірін артық, бірін кем дегенде бірінде мін көп, бірінде аз дегенде, табан тіреп бағалайтын, бір тиянақ болуы керек. Ол тиянақ әлібби қасиеттерінен шығатын нарық



болуға керек. Ашып айтқанда, әліббиді бұлды бұлсыз<sup>12</sup> қылатын сипаттары болуы керек.

Менің ойымша жақсы әліббидің қасиеттері мынадай болуы керек:

1) жақсы әлібби тілге шақ болуы керек. Өлшенбей тігілген о жер, бұ жері бойға жұуысбай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әлібби де қолайсыз. Бойынды қысып, тәнінді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әлібби де қолайсыз болады.

2) жақсы әлібби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліббидің әрбір сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса жазуды ұзақтатып уақытты көп алады.

3) әліббидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуға тиіс. Әрпі тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әлібби баспа сөзді арзандатады.

4) жақсы әлібби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай. Баспасы мен жазбасының сүуреті жақын әлібби үйретуге жеңіл болады.

Жақсы әліббиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліббилердің бәрі де кемшілікті әлібби болмақ. Тұтынып жүрген түрік әліббиін бұлдағанымызда<sup>13</sup>, басқа әліббиді бұлдағанымызда да осы төрт сыпат жағынан қарап бұлдауымыз керек.

7 – тұтынып жүрген әліббидің о жер, бұ жерін өзгертіп түзету деген оңай нәрсе, тұтынып жүрген әліббиді тастап, басқа әлібби алу деген ол өте қиын жұмыс. Оны істеуге көп күш, көп қаржы керек. Ондай өзгеріс жасау: істеуге адамы, құралы сай, жұмсауға қаржысы мол, әлді жұрттардың қолынан келмек. Біздер сияқты анасы да, мынасы да жоқ, мешеу жұрттарға бір әліббиді тастап, екінші әліббиді ала қою оңай жұмыс емес. Солай болған соң, бізге осы күнгі тұтынып жүрген әліббиімізді әбден тексеріп, негіз болуға тіпті жарамайтын болғанда ғана шарасыздықтан басқа әліббиді негізге алуымыз керек.

8 – түрік әліббиінің қолайсыздығынан залал шегіп жүрген түрік жұрттарының әр қайсысы қандай кемшілігі бар екенін, ол кемшіліктерді түзетуге боларлық кемшілік пе, болмайтын

---

<sup>12</sup> бағалы-бағасыз

<sup>13</sup> бағалағанымызда

кемшілік пе, ашу керек. Қазақ да, башқұрт да, ноғай да, өзбек де, түрікбен де, әзірбайжан да түрік әліббиінің негізі болатын-болмайтын кемшіліктерін әбден ашса, сонда түрік жұрты болып, басқа әлібби іздеуге болады. Оған дейін латын әліббиін аламыз деп, жасалып жатқан жобалар асыққандардың ісі болса керек.

9 – мәселенің қазаққа қараған жағынан келсек, біз түрік әліббиін түзеп, тілімізге шағындап әлібби жасағанымызға он жылдан асып барады. Қазақ әліббиі түрік әліббиін негізге алып, қазақ тілі үшін әлібби жасау оңай екендігін көрсетті. Қазақ басқа әлібби аламыз десе, өзгелерді еліктеумен аламыз демесе, өз әліббиі жарамандықтан, шарасыз болып аламыз демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталып ашылған, ол дыбыстарға әріп арналған. Әліббиі деген осы болады. Біз әлібби түзейміз дегендік түрік әліббиін тілімізге келмеген соң, тастап түзейміз демейміз. Әліббиіміздің түзелмей қалған жағы бар, сонысын ғана түзейміз дейміз.

10 – түрік әліббиінің баспа түрі қолайсыз. Онысы баспа ісі жүзінде де, үйрету жүзінде де, кемшілік қылады. Біздің баспа әріптеріміз жазба сияқты тіркеліп басылады. Юрыпа жұрттарының, онан басқа да жұрттардың көбінің-ақ баспа әріптері дара басылады. Дара әріп сара<sup>14</sup> көрінеді. Жазба түрінде тіркесіп басылғанда, әріптің баста, ортада, аяқта ұшырайтын түрлерінің бәрі алынып, бір әріп бірнеше түр болып саралығы кемиді. Мұнан келетін кемшілік, әуелі бір әріптің бірнеше түрде болуы әріп ұясын көбейтіп, әріп тізу жұмысын қиындатады. Екінші әріп саралығын кемітумен үйреткен шақта кемшілік қылады. Үшінші сол кемшілігінің кесірінен осы күнге дейін түрік жұрттары қол машина жасатып, тұтына алмай келді. Біз әлібби түзейміз дегенде әліббиіміздің осы кемшілігін түзетеміз дейміз.

Әлгі айтылған үш түрлі кемшілік бәрі келіп, бір шұқырға<sup>15</sup> құятын кемшілік, әліббиіміздің баспа түрін даралау мен үш кемшіліктің үшеуі де жоғалмақшы.

11 – баспа түрін даралау қолдан келместей онша қиын да, көп те жұмыс емес. Әріп түрі дара мен тіркес екеуінің аралығында басылса оқуға болатындығын көрсетерлік азда болса тәжіриба

---

<sup>14</sup> айқын, анық

<sup>15</sup> шұңқыр

бар. Қол машинаға жасаған әріптер мен дара басылған сөздерді жылдам оқып кетпегенмен ақырында оқуға әркімге де болады. Таныуға болса, жылдам оқу деген көз үйренумен жеттігетүн нәрсе. Қол машинаға жасалған әріптерді көре, біле амалсыздықтан көніп отырған кемшіліктер бар.

Баспаға арнап жасаған әріптерде ол амалсыз жіберіліп отырған кемшіліктер болмайды. Сүйтіп қазаққа қолайсыздық қылып отырған түрік әліббиінің жалғыз-ақ баспа түрі болып шығады. Сондықтан біздің әлібби түзейміз дегендегі істейтін ісіміз әріптердің баспасын дара түзуге айналдыру болып шығады.

12 – қазақ тіліне түрік әліббиінен қолайлы әлібби бар шығар, оны неге қарастырмаймыз, оны неге алмаймыз деуші бар шығар. Солай болған соң мәселенің бұл жағын да үндемей өтуге болмайды. Соңғы кезде түрік тіліне өте қолайлы деп жүрген әлібби латын әліббиі. Бұл әліббидің түрік әліббиі мен салыстырғанда, артықтығы жалғыз-ақ баспа түрінің даралығында. Басқа жағынан қарағанда кемшілігі көп, артықтығы жоқ. Жоғарыда айтылған жақсы әліббиге ылайық төрт сипат жағынан сынға алып, екі әліббиді қатар қойып қарап шықсақ екеуінің де артық-кем жері белгілі болмақ.

13 – жақсы әліббидің белгісінің бірі – тілге шақтығы деп едік. Әуелі екі әліббиді осы жағынан салыстырып қарайық, қайсысы қазақ тіліне сәйкесірек келеді екен.

Түрік әліббиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз, тікелей алынған әріптер: а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, й, барлығы 19 әріп.

Бұрын дербес иемденген дыбысы жоқ болып, бірде олай, бірде бұлай жұмсалып жүргендіктен ережелеп бекітіп алып отырған әріптеріміз: о, у, е, ы-төртеуі, өзгертіп алғанымыз жалғыз: ұ.

Латын әліббиін алуға жасаған жобаға қарағанда (Қалел жобасы) латын әліббиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз тікелей алынатын әріптер: а, b, d, l, m, n, p, r, s, t, z, k, g (а, б, д, л, м, н, п, р, с, е, з, к, г) барлығы 14 әріп. Нақ тұспа-тұс келмегенмен жұуықтығы барлықтан ережелеп икемдеуге келетін әріптер: и, і, у, j, е (у, й, ы, ж, е) – бесеу.

Қазақ дыбысына жуық келетін де әріп болмағандықтан өзгертіліп алынған әріптер: ğ, k̇, ŋ, ө (ғ, к, ң, ұ) – төртеу

Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен екі белгімен алынатын «ш» дыбысының әрпі: sh (ш) бар.

Бұл салыстыру жүзінде латын әліббиінен түрік әліббиінің ана ғұрлым артықтығы айқын-ақ көрініп тұр.

Түрік әліббиінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп қазақ дыбысына сәйкес келгенде, латын әліббиінен 14-ақ дыбыс сәйкес келіп тұр.

Түрік әліббиінен ережемен 4 әріп алынғанда, латын әліббиімен ережемен 5 әріп алынатын көрінеді. Түрік әліббиінен өзгертумен алынған әріп біреу-ақ. Латын әліббиін алғанда ондай әріп төртеу болатын көрінеді.

Жақсы әліббидің екінші сыпаты жазуға жеңілдігі деп едік. Енді ол жағын да салыстырып қарайық.

Әріп сүгіретінің онтайлылығы мен мүшесінің аздығымен жазуға жеңіл болады. Суретінің оңай-қиындығы да мүшесінің аз-көбі де қалам сермеумен өлшенеді.

Қаламның бір сермеуімен жазылатын әріп, екі сермеуімен жазылатын әріптен шапшаңырақ жазылады. Қаламның қысқа сермеуімен жазылатын әріп, ұзын сермеуімен жазылатын әріптен шапшаңырақ жазылады.

Бұ жағын салыстырғанда түрік әліббиінің анағұрлым артықтығы айқын екендігін көру қиын емес. Түрік әліббиіндегі қалам сермеу саны: а (1-1/2), б (1-2), п (1,1/2-2), ж (1,1/2-2), д (1), р (1/2-1), з (1-2), с (1/2-1-2-3), ш (1,1/2-2-3-4), ғ (1/2-2), қ (1,1/2), к (2), г (3), ң (3), н (1,1/2-2), л (1), о (1), ұ (2), у (2), е (2-1), ы (1), й (1,1/2-2), барлығы 33-41. Оның да көбі нүкте.

Латын әліббиіндегі қалам сермеу саны:

а (2), b (2), p (2), t (2), j (2), sh (4), d (2), r (2), z (2), s (2), g (2), k (3), k (4), g (3), n (3), n (2), m (3), l (1), o (1), ө (2), n (2), e (1), y (2), i (2), барлығы 53 сермеу.

Жақсы әліббидің 2-нші сыпаты жағынан да түрік әліббиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік әліббиінде қалам сермеу 41, латында 53. Түрік әліббиіндегі сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу, қысқа сермеулі әріп пен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы әліббидің үшінші қасиеті баспаға қолайлылығы деген едік. Бұл жағынан бәйгіні латын әліббиі алады. Түрік әліббиінің баспасын дараласақ, латын әліббиі бұл бәйгіні де ала алмайды.

Жақсы әліббидің төртінші қасиеті үйретуге жеңілдігі деп едік. әліббиді үйретуге жеңіл болады: 1) әріптерінің пішіні саралығымен; 2) баспа түрі мен жазба түрінің жақындығымен; 3) суретінің жабы, сүгірейлігі мен жазуға шеберлікті онша керек қылмауымен. Саралық жағынан түрік әліббиінің күнгі түрі латын әліббиінен төмен. Үйткені баспасының бас, орта, аяқ түрлері әріп саралығын кемітетіндігі жоғарыда айтылды. Даралық жоқта әріпте саралық болмайды. Баспасын саралағанда түрік әліббиі латын әліббиінен саралық жағынан да кем болмайды. Қатта латын әліббиі ұлылы-кішілі әріптермен алынса, түрік әліббиі үйрету жағынан да артық болады. Түрік әліббиі дараланған шақта, латын әліббиі ұлы әріпсіз болған шақта екеуі саралық жағынан да, үйретуге жеңілдік жағынан да теңеледі. Баспа түрі мен жазба түрінің жақындығы жағынан салыстырғанда түрік әліббиі латын әліббиінен озады. Баспаға түрік әліббиінің жазба түрі алынған соң, екеуінің арасында айырымы аз болатыны айқын нәрсе. Түрік әліббиінің баспасын даралағанымызда, осы күнгі дара түрі мен тіркес түрінің орталығында етіп баспа әріптер жасалса, баспа түрі мен жазба түрінің арасындағы жақындық ілгеріде сақталмақшы. Дара түрін олай жасау қолдан келетін нәрсе.

Сүгіреттерінің жабы сүгірейлігі жағынан салыстырғанда түрік әліббиі латын әліббиінен тағы озады. Әріп жабы, сүгірейлеу болса, үйретуге келтіретін жазу үйреткен кезде болады. Бала болсын, үлкен болсын, қат білмейтін адамның жазуға үйренбеген, қолына әріп сүуреттері неғұрым жабы сүгірейлеу келсе неғұрлым шеберлікті аз керек қылса, солғұрлым жеңілдік келтірмек. Латын әліббиінен көрі түрік әліббиінде жабы сүгірейлік көп екеніне ешкім таласпас деп екеуін қатар қойып қарап жатуды қажет көрмеймін. Керек деушілер болса қатар қойып, қарап өтуге болады. Оның үстіне түрік әліббиінің жазу үйреткендегі келтіретін тағы жеңілдігі – түрік әліббиінің 14 әрпін жазып үйренген соң, былайғы 10-ы үйретусіз жазылады. Сүйтіп манағыдан бергінің бәрін қорытып айтқанда, екі әліббиден салыстырып қарағандағы көргеніміз не?

Түрік әліббиінің латын әліббиінен кем жері баспа түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Басқа жағынан көбінесе түрік әліббиі артық болып шықты. Баспа түрін дараласақ, ол жалғыз

кемшілік те жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік әліббиін тастап латын әліббиін алудан әлбетте оңай болса керек.

15–латынәліббиін алу деген сөз екі әліббиәбден тексерілгеннен кейін шығып жүрген сөз бе, тексерусіз тек алайық дегеннен шығып жүрген сөз бе – ол жағы маған қараңғы. Тексеріп қарасақ, латын әліббиінің түрік әліббиінен кемдігі болмаса артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс. Оны әркім-ақ қостауы тиіс. Жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда оны дұрыс деп қостауға болмайды. Латын әліббиін аламыз деушілер ол әліббидің түрік әліббиінен не артықтығын айқындап ашпай, пайдалы екендігін баяндап түсіндірмей, тек пәлен-түлендер алып жатыр, бізде аламыз дейді. Еліктеу мен лепіртуі базары көтеріңкі нәрсе екені рас, бірақ біреу алып жатыр екен деп латын әліббиін алуға болмайды. Біреудің істегені дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. Тек еліктеуді маймылша еліктеу деп атайды. Тесе қарап тексеріп, түрік әліббиінен латын әліббиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деп көзге көрсеткен, ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сияқты көрінеді.

16 – латын әліббиін түрік әліббиінен кем де болса аламыз дер едік. Латын әліббиі Яурышаның мәдениетті жұрттардың пәнді, сәнді әдебиеттерін өзімен ала кететін болса, яғни ол жұрттар бізбен тұқымдас, тілі жақын болып, олардың газет-журналдарын, пән кітаптарын оқып кететін болсақ, әліббиін алғанмен тіліміздің арасында, ешбір жақындық болмаған соң, латын әліббиін тұтынған жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап, әмірін күтіп, балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен. Ондада латын әліббиін түрік әліббиінен төменде болса, алуға мағына бар дер едік. Ең болмаса латын әліббиін тұтынған жұрттар мен көрші отырып, аралас-құралас болып, қатысып, қабысып, түйіндесіп жатқан істеріміз болса екен. Онда да пайда-майдасы тиер дер едік. Мұнда о да жоқ. Тіпті қолайлылығын қойып, сұлулығы үшін аламыз десек, ол жағынан да латын әліббиінің жеңіп шығуы нағайбыл. Үйткені сұлу жазу қолдың шеберлігіне қарайды. Қолы шебер адам екеуімен де сұлу жазады. Қолы олақ адам екеуімен де жаман жазады. Жазбасы емес, баспасының сұлулығы үшін аламыз десек, баспа әріптің суреті шебер қолынан шығады. Шебер қолынан екеуі де шебер болып шығуы ықтимал.

17 – о жақ, бұ жағынан қарап, латын әліббиіне қызығарлық еш нәрсе таба алмаймыз. Латын әліббиін алғанда, келтіретін пайдасы жоқ болмақ, істейтін зияны көп болмақ. Зияны сол – бұл «сау басқа сақина тілеп алуда» болмай ауру үстіне ауыру тілеп алуы болады. Біздің осы күнгі ауруымыздың зоры: мешел өскендіктен мәдениет жүзіндегі мешеулігіміз, надандық сауатты адамдардың, іс қыла білетін адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәдениет жағынан кемшіліктер. Сол аурудың үстіне латын әліббиінің кемшілігі келіп жамалмақ.

Латын әліббиін аламыз деушілер сол қиялын қалай жүзеге шығарамыз дейді екен? Түрік әліббиін қалайша қалдырып, латын әліббиін қалайша жүргіземіз дейді екен? Осы күнгі азда болса түрікше сауатты адамдарымызды сауатсыздыққа айналдырамыз дей ме екен? Әйтпесе бала оқытуға күш-құрал, қаржы табылмай жатқанда түрікше сауаттыларды бір күнде латынша сауатты қылып жібереміз дей ме екен. Болмаса бұрынғы сауаттыларға газет-журнал кітаптарды түрік әліббиімен бастырып, кейінгілерге латын әліббиімен бастырамыз дей ме екен. Олай болатын болса осы күні бір әліббиімен бастыруға табылмай жатқан қаржыны латын әліббиі ала келеді дей ме екен?

Осылардың бәрін анықтап ашып, түрік әліббиін түзеуден латын әліббиін алудың оңайлығын көрсеткенше латын әліббиі түрік әліббиінен жұмысының жеңілдігі жағынан да бәйгі ала алмайды. Түрік әліббиін түзеу жұмысы жалғыз-ақ баспа әрпін даралаумен бітеді. Ол жұмыс латын әліббиін алудан жүз есе оңай болатынына таласатын адам табылар ма екен?

Әлібби түзету туралы Ақметтен кейін Төрөқұлұлы Нәзір қосымша баяндама жасады:

### **Нәзірдің баяндамасы**

Әріп мәселесін жете тексеру керек деген Ақметтің сөзін қостамасқа болмайды. Бірақ Ақмет қазақтың осы күнгі қолданып отырған түрік әліббиін өте мақтап, латындыкін алу қолайсыз деп көрсетті. Біз алатын латын жазуын жете тексермей, беталдына ұсынып отырғанымыз жоқ. Сондықтан Ақметтің «жете тексеру керек» деген сөзіне латын жазуын керексіз көру қайшы келіп отыр. Біз латын жазуын қазаққа күштеп алдырмақшы емеспіз.

Оның әдемілігіне қызығып отырғанымыз жоқ. Немесе өзі латын жазуын алуға қарсы болып отырып, латын туралы «Ақ жол» газетінде жоба ұсынған Досмағамбетұлы Қалел сықылданып дәлелсіз босқа еліктеп де жүргеніміз жоқ. Біз Ақмет айтқандай жете тексеріп, толық дәлелдер көрсеткелі отырмыз.

Латын жазуының түрікше мен салыстырғанда толып жатқан жеңілдігі, артықшылығы бар. Мәселен, бір нөмір қазақ газетін басып шығару үшін 15 бұт араб (түрік) әрпі керек, ал латын әрпімен бассак 2-2,1/2 бұт кетеді. Баспақаның түрік кәссісінде<sup>16</sup> 174-200 әріп ұясы болады, латын кәссісінде 100-ден аспайды. Орыс наборшігі (әріп тізуші) өз тілінде 7500 әріп тізгенде, латын әрпімен жазылатын поляк<sup>17</sup>, франсуз<sup>18</sup> тілдерінде 5500 әріп теріп шығарады. Татар наборшігі өз тілінде 5500 әріп тізгенде, өзге қазақ, өзбек сықылдыдардың тілінде 4000-4200 әріп тереді. Араб тілінде 3000 шамалы ғана тереді. Қазақ наборшігі латын әрпімен өз тілінде орыстар сықылды 7500-ді терер еді.

Латын әрпі жазуға да түрікшеден жеңілірек. Мәселен, түрік әрпінің әрбіреуі төрт түрлі (ك، ك، س، س) латындікі бір-ақ түрлі (k)<sup>19</sup>. Жана да түрік жазуында әріптердің өте түстестері бар, мәселен (ج، ح) нүктесі қатадан қойылмай кетсе айыруға болмай қалады.

Латын әліббинің тағы бір қолайлы жағы – оның жазу машинасына керектігі. Осы кезде біз кеңселерде қазақ тілін жүргізбек болып отырмыз. Бұл заманда жазу машинасысыз кеңсе істері саулап жүріп кетбек емес. Түрікше жазу машинасын шығару пікірі басталғанға 25 жыл болды, содан бері әлі бір жөнді машина шыққан жоқ.

Міне осының бәрін салыстырғанда латын әрпін алсақ, әрі оқуға, жазуға жеңілдігі, әрі жұмысының оңайлығы көрініп тұр. Ал қаржы жағына келсек 15 бұт әріппен 2,1/2 бұт әріптің бағасы бір еместігі өзінен өзі белгілі. Латынша басылған кітаб арзанға түспек. Қызметкерлердің саны азайып, оларға жұмсалатын ақы да кемімеқ. Сондықтан біздің латын жазуын алудан қашуымыздың жөні жоқ. Жаңа нәрсені қалық жадырқайды екен деп тоқталудың

<sup>16</sup> касса

<sup>17</sup> поляк

<sup>18</sup> франсуз

<sup>19</sup> Техникалық себептерге байланысты мәтіндегі b әрпінің орнына k әрпі мысал ретінде берілді.



да жөні жоқ. Бұл ретте қалықтың бұрынғы мисонерлер қалыққа орыс әліббиін алдыртамыз дегендеріне болған көзқарастарын мысалға келтіруге болмайды. Қара қалық әрбір жаңа нәрсеге тосырқайтыны рас. Отарба мен откеменің шығуына да қара қалық бір кезде қарсы болған. Бірақ осы кезде соларға өздері мініп жүр. Осы кезде Ташкент пен Орынбор арасында отарбаға мінбей, түйеге мініп келіп жүрген адам жоқ. Мәдениеттің жаңалығы, бет алысы қалықтың пікіріне қарап жолынан тоқталмайды. Бұрын жұдырықтасып төбелесетін жұрт қазір аспанда ұшып жүріп химияның ғазы мен соғысатын болды. Біздің үшін латын әрпінің жаттығы, көп болса, осылардай-ақ шығар. Латын әліббиін алу керек.

Мен: латын жазуы күні бүгін алынбағанда да немістерше қабылдауымыз керек деймін. Немістер латын әрпін өз әліббиіне бірте-бірте кіргізген. Тым болмаса, біз де соны істелік, сөйтіп бара-бара біраз жылдан кейін латын әліббиін қолданып кететін болалық. Бұл қиын емес. Латын жазуын орыстардың алмай отырған себебі, біріншіден олардың әдебиет кітабы көп, сондықтан оның бәрін қайта бастыру осы заманда қиын болып отыр. Екінші – орыс әрпі біздікіне қарағанда онша ауырлық келтірмейді.

Қысқасы менің айтатыным: жиылыс бұл мәселені армансыз тексеру керек. Жоғарыда көрсетілген дәлелдерді салмақтап латын жазуын қабылдауы керек. Латын жазуы бізге әрі жеңіл, әрі арзанға түседі. Оңай нәрседен, пайдалы нәрседен арзанға түсетін нәрседен қашбау керек. Мәдениет жолында бір адым болса да ілгері аяқ басатын жаққа ұмтылу керек.

Баяндаушыға сауалдар беріліп, жауап алынғаннан кейін, бұ туралы сөйлеушілерге сөз берілді.

*Міржақып:* Нәзір жолдастың дәлелдерін естідік. Нәзір бір нөмір қазақша газет шығару үшін 15 бұт түрік әрпі, 2,5 бұт латын әрпі кететіндігін, әріп ұялары арасында да осы шамалы айырма барлығын көрсетіп, латын әрпін алсақ баспаның жеңілденетінін, жұмысы кеміп, кітаптың арзанға түсетіндігін сыпаттады. Латын әрпі мен түрік әрпі осы күйінде тұрғанда солай болатыны рас. Бірақ түрік әріптерінің баспасын біз даралап алмақшымыз. Түрік әрпінің бұрынғы төрт түрі сонда біреуге айналмақ. Сөйтіп

бұрынғысынан төрт есе кемімек. Олай болса, бір нөмірлік қазақша газетке латыншадан неше бұт әріп кетсе, түрікшеде сонша кетеді. Латыншаның ұясы қанша болса, түрікшенің де ұясы сонша болады. Қатта түрікше ұя кем болады. Үйткені латынша мен түрікшенің сыпырлары, тыныстары, тағы басқа өзге белгілері бірдей болғанмен (сан жағынан) түрік әріптері дараланса, латындыкі (әріптері) артып шықпақ. Себебі түрік әліббинде бас әріптер (заглавн. буква) жоқ, латыншада бар. Егер латыншадан бас әріптерді шығарамыз десеңдер, сонда ғана екі жағы бірдей болады. Осылай болған соң латынша әріптерді алуға біз қызығарлық жеңілдік де, арзандық да болмай қалады.

Енді іске асыру жағына келелік: біздің қазақ жұртында азды-көпті ақ үстінен қара танитындар-сауаттылар бар. Латын жазуын алатын болсақ, бізде сауатты адам қалмақ емес. Онда сауатсыздықты жоюдың орнына біз сауаттылықты жою жолына түсбекпіз. Осы күні баспақана күшіміздің кемдігінен, қаржының тапшылығынан қолдағы азын-аулақ кітаптарымызды бастыра алмай, газет-журналдарымызды дұрыстап шығара алмай отырғанымызда, латыншаға түссек, бұрынғы мың машақатпен басылып шыққан азды, көпті әдебиетімізді қайта бастырудың өзі бізге жеңіл соқпайды. Латын әрпі бізге қаржы ала келмейді. Орыс жұрты латынша алмай отыру себебі әдебиеті көптіктен, оны қайта басуды қиын көргендіктен болса, біздің аз әдебиетімізді қайта бастыруымыз орыстың көп әдебиетін қайта бастырудан жеңіл емес. Үйткені, орыста мың сан баспақана бар. Бізден байлығы артық, білімі артық, ондай күш бізде жоқ. Сондықтан орыс ауырсынған нәрсені біздің оңай көруіміз ақылға симайды. Латын мәселесін көтеруіміз бізге әлі ертерек. Онан да күшімізге тимейтін, қолымыздан келетін түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана беруіміз керек.

*Елдес:* қазаққа латын жазуын алуды ғылым жағынан тексерудің қажеттігі жоқ. Латын әрпін аламыз деу тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше, Яурыпаның мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюден пайда шамалы. Біз бір нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданып келе жатқан әріптерімізді

түзетіп, баспақана қызметкерлерімізді, әріп тізіушілерімізді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер 25 жылдан бері жазу машинасын дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап, жазып та отырмыз. Әлде болса, орынсыз латыншаны ортаға салғанша, өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей бөгеп жүрген түрік әліббиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ.

### **Үйіннің 15-і, кешкі мәжіліс**

Мәжіліс ағасы Арабайұлы Ишанғали баяндама туралы сөйлеушілерге жаңадан сөз берді.

*Қазанғанұлы Қанаиш:* Төрекұлұлының түрікше әріптен 15 бұт керек болған орынға латынша 2,1/2-ғана бұт керек деп айтуы ұшқарылау, түрік әрпі ауырлық ретінде көп болып көрінуі әріптердің арасына қойылатын сына темірдің көптігінен. Түрікше әріптің теруі бірден қиын болса, теріп болғаннан кейін аударып салуы екі есе қиын. Олақтау кісі шашып ала береді. Басылып шыққан қағаздарды бүктегенде аударып салып алғаннан кейін ғана бүктеуге болады. Латын әрпінің бір бұты 40 сом, түрік әрпінің бұты 80 сом, осының бәрін есептегенде түрік әрпімен бастыруға ақша көп кетеді. Латын әрпін қолданғанда шығын аз кетеді. Түрікше әріп кәссісіне 172 ұя, латын әрпіне 52 ұя, орыс әрпіне 92 ұя керек. Оның ішіне сөздің басына жазылатын үлкен әріптер де бар. Қай жағынан қарасақ та латын әліббиін алу қолайлы.

*Қалел:* Нәзір айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жазып беруге тапсырған соң жобаны жасағаным да рас. Түркістанда бұл мәселе қаралып, латын әрпін алу қолайсыз көрілген.

*Манан:* латын әрпін пайдалы деушілердің дәлелі – жалғыз баспаның жеңілдігін ғана айтты. Өзге дәлелдері жоқ. Бұған қарағанда әңгіме латын туралы болмай, түрік әріптерінің баспа түрін жеңілдету жайынан болу керек. Қазір түрік әріптерін жеңілдету шаралары істеліп жатыр. Жазу машиналары жасалған. Латын әрпін алған әзірбайжандар да оны іске асыра алмай қазір

қайтадан түрік әрпіне түсіп отыр. Сондықтан латын мәселесін көтерудің мағынасы жоқ.

*Ишанғали:* еліктеу деген жақсы нәрсе, бірақ пайдалы нәрсені еліктеу керек. Бізден мәдениеті жоғарырақ Осбан<sup>20</sup> түріктері де бұл мәселені көптен қозғаса да, бұл күнге шейін түрік әріптерін тастай алмай келеді. Біз шамамызға қарамай қолда барды жоғалтып, жоқты жасай алмай әуіреленіп жүрмелік. Өмір жүзінде, іске аспайтын нәрсені сөз қылудың орны жоқ. Латын мәселесі тоқтау керек.

*Ерғали:* біздің Қазағыстанда осы күнгі қолданып жүрген санақ бойынша сауаттылардың саны 5 процент десіп жүр. Бұл қата. Дұрысында қазақша қат танушылар бұдан көп. Бұлардың көбі жастар. Оқыған жастарды, қаладағысы бар, даладағысы бар, салыстырсақ, қаладағыларының саны артық. Қазақ институтында, кеңес-партия мектептерінде, неміс, француз тілдері оқу програмына кіргізіліп, міндетті сабақтар ретінде оқылып жүр. Сол тілдерді оқытып жастардың бекер басын қатырғанша латын жазуына жаттықтырған артық. Осы кезде қазақ тілінде басылғалы тұрған химия, физика, шама тілі сықылды кітаптар бар. Осыларға латын әрпі керек болмай қалды. Бір ғана түрік әліббиді керек дей бермей, латын әріптеріне де көңіл бөліп, Яурышаның мәдениетіне бір табан жақындап, осы бастан жастарға таныстыра беруіміз керек. Латын әрпі әбдан талқыға түссін, бұл сиез үзілді-кесілді қарар шығармасын. Кейін тағы да жиылыстарда қаралып, армансыз шешілетін болсын.

Баяндама тұралы сөз біткеннен кейін қорытынды сөзін айтуға Нәзірге кезек берілді.

*Нәзір:* менің баяндамама қарсы сөйлеушілердің бәрінің сөздері дәлелсіз, құр көркем әңгіме болды. Дәлел көрсеткен жалғыз-ақ Міржақып. Мен қорытынды сөзімде шешендердің сөздерінің түріне қарай жауап беріп өтпекпін. Қаржының жоқтығы әр нәрсеге бөгет болатыны рас. Латын әрпін алмаған күнде де қаржы көбейіп кетпейді. Латын әрпін алу ауруға ауру жамау болады дейді. Мен ауруды емдеу деп жауап беремін. Елдес айтқандай қазақта жоқ болып тұрған әріп жиюшыларды, баспақаналарды өзімізден жасап алу оңай болмас. Мен қазірден

---

<sup>20</sup> Осман

латын әліббиін жүргізу деп айтпаймын, тек қазақ әліббиіне кірсін деймін. Оқытушыларымыздың жүзден бірі балаларға латын әрпін үйрететін болса, бара-бара жайылып кетбек. Құр бұйрықпен тоқтатпай, өмір жүзінде екеуін жарысқа қатар салып жіберу керек. Кейінгі буын өздеріне қарай жайлысын алар. Түрік әрпін қанша мақтағанмен, түзетіп, жеңілдетіп алуға болмайды. Міржақыптың әдемілеген дәлелі ілгергі күнге үміт байлау ғана. Ол үміттің не болып шығатыны белгісіз. Бұл уақытқа шейін жеңілденбеген түрік әрпі еш уақытта жеңілденеді деп айта алмаймын. Дайын тұрған оңайлықты еске алып, латын әрпін қазақ әліббиінің аяғына жазып қою керек.

### Үйіннің 16-сы күндізгі мәжіліс

Мәжілісті Бөкейқанұлы Әлиқан ашып, баяндамасы туралы қорытынды сөз аайту үшін Ақметке сөз берді.

*Ақмет:* Нәзір соңғы сөзінде баяндама туралы сөйлеген шешендер көркем әңгіме айтты, дәлел келтірген жоқ дейді. Нәзірдің дәлелдерін көрдік. Өз пікірін үске<sup>21</sup> шығару үшін Нәзірдің жұмсамаған әдістері қалған жоқ. Нәзірдің бар дәлелі латын әріптері даралығынан баспа жұмыстарына жеңілдік келтіретіндігі ғана. Біз түрік әріптерінің дара түрін тауып отырмыз. Сонымен жазғанда бұрын түрікше танитындар, ежелеп болса да оқи алады. Латын әрпімен басылған сөздерді ежелеп оқуға да жоқ. Латын әрпін еліктеп Әзірбайжан да алып еді. Аяғында өмір жүзінде іске асыра алмай, бұл уақытта бұрынғы шығарған декретін өзгертіп, түрікше әріпке қайта айналып келіп отыр.

Онсызда латыншадан түрік әріптерінің қиын болмайтындығы сыпатталғандай. Бір газет үшін латыншадан 2,1/2 бұт түрікшеден 15 бұт әріп керек болатын болса, енді түрікше әріптерді даралағаннан кейін 2 бұт та жететіндігі анық. Орыс әріптерінің ұясы 98 болса, оның реті мына түрмен болып отыр. Орыста 33 әріп бар, оның бас әріптері тағы сондай 33, барлығы 66. Әртүрлі тыныс, сипыр белгілері 32, барлығы 98. Біздің 24 әрпімізге ортақ 32 белгіні қоссақ барлығы 56 болмақ. Ал енді әріп құйдыру жағынан келсек біз әлгі 24 дара әріпті ғана құйдырады екеміз. 24 әріп құйдырудың шығыны латын жазуын жаңадан кіргізуден

---

<sup>21</sup> жоғары, артық

неше есе кем екендігін әркім түсінсе керек. Біз көрініп тұрған дайын нәрсеге қызыққышпыз. Өнер, шеберлік жұмсап, ой жүргізіп, өзімізге қолайлы нәрсені істеп алуға жалқаумыз, салақпыз. Нәзір латыншамен жазу жеңіл дейді. Бұл дұрыс емес. Латын жазуы мен орыс жазуы бір түстес. Мәселен, менің жасымнан көп жазған бір сөзім әкемнің аты екен, соны орысша да, қазақшада жазайын (Байтурсун) міне бұған қарағанда, түрікше әріппен жазудың шапшаңдығы, әдемілігі, орынды аз алатындығы бадырайып көрініп тұр. Шапшаң жазу қолды көтерместен иректтей беруде емес, көп жазып әдеттенуден болады. Жазу машинасын басқанда, пианино ойнағандай, қол ылғи секіріп жүреді. Сонда қолдың секіруі шапшаңдыққа бөгет болмайды. Шапшаңдық қолды сырғанатып отырумен ғана болса, жазу машинасын жазу, пианино ойнау мүмкін де болмас еді.

Әріптің түрі (бір-біріне ұқсамауы) әр түрлі болса, ол шеберліктің туғызғаны. Қазақтың жастары жалаң сөзбен ғана болмай, шеберлікті, іскерлікті көздеу керек. Сонда өзіміздің жастардан шебер шығып, осы түрік әрпінің өзінен әлденеше түрлер шығармай ма. Біз мәдениетті, өнерлі болуға талпынсақ, мақсатқа сонда жетеміз. Сонда дайын нәрсеге қызығатын болмай, барды ұқсатып, жоқты табатын боламыз. Біз әлі де болса, қолымыздағы жұртқа түсінікті әріптерімізді ұқсатып алу шараларына кірісуіміз керек. Латын әрпіне қызыға қоятын ешнәрсе жоқ. Латын әрпі ескірген, өлген зат, оны қайтадан тірілтіп аламыз деу адасқандық болады.

*Ақмет:* қорытынды сөзін айтып болған соң, әлібби тақырыпты өз жобасын оқып шықты.

### **Әлібби тақырыпты Ақметтің жобасы**

Қазақ-қырғыз білімпаздарының сиезі, әлібби түзеу тұралы жасалған баяндаманы талқыға салып тексергеннен кейін, жана осы күнгі тұтынып жүрген түрік әліббиін тастап, латын әліббиін аламыз деген пікірдің дұрыс-терісін тексеріп қарағаннан кейін мынау қарарды шығарды:

1 – қазақ тұтынып отырған әліббиінің баспа түрінің дара болмауы баспа істерінде, үйрету жағында қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліббиінің өзін түзету, өзге әлібби алудан анағұрлым оңай болатындықтан,

түрік әліббиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек.

2 – латын әліббиінің түрік әліббиінен артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліббиінің баспа түрін дараласақ жоғалатын болғандықтан жанадан латын әлібби жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан латын әліббиін алу деген сөзді ауызға алмаса да болады.

*Нәзір:* Ақмет жобасының бас жағында дәлел ретінде айтылған сөздері мен жобаның 2-бабы мүлде шығарылып, 1-бабын, «түрік әліббиінің өзін түзету, өзге әлібби алудан анағұрлым оңай» деген сөздер шығарылып, қалғаны қабылдансын – деп ұсынды.

Ақмет жобасы да, Нәзірдің ұсынысы да дауысқа қойылып, дәлел ретінде айтылған сөздер қалсын деген ұсынысқа төрт дауыс берілді. Көпшілік пен жобаның дәлел ретіндегі сөздерді Ақмет айтқан түрде қабылданды. Жобаның бірінші бабын өзгертпей, Ақмет ұсынған түрде қабыл алуға 11 дауыс беріліп, ол да өзгеріссіз қабылданды.

*Ералыұлы Нұртаза:* жобаның 2 бабындағы «латын әліббиін алу деген сөзді ауызға алмасқа керек» деген сөзді шығарып, оның орнына «латын әліббиін алу ертерек» деген сөзді кіргізу керек деп ұсынды.

*Міржақып:* жобаның аяғындағы «ауызға алмасқа керек» деген сөзді түзетіп, «латын әліббиін алу деген сөзді орынсыз деп тану керек» деген дұрыс деп ұсынды.

*Ақмет:* жобасын Міржақып айтқанша түзетуге болатынын айтып, жобаның 2-бабын дауысқа салғанда Міржақып түзеткен түрде салуды тіледі.

Жобаның 2-бабы дауысқа қойылып: оны Міржақып ұсынысынша қабыл алуға 8 дауыс берілді де, Нұртазаның ұсынысына 7 дауыс берілді (Сиездің бір мүшесі дауыс беруге қатыспай қалды).

Сөйтіп әлібби тақырыпты Ақмет жобасын мына түрде қабылдады:

Қазақ-қырғыз білімпаздарының сиезі, әлібби түзеу туралы жасалған баяндаманы талқыға салып тексергеннен кейін жана осы күнгі тұтынып жүрген түрік әліббиін тастап, латын әліббиін

аламыз деген пікірдің де дұрыс, терісін қарағаннан кейін, мынау қарарды шығарды:

1 – қазақ тұтынып отырған түрік әліббиінің баспа түрінің дара болмауы баспа істерінде, үйрету жағында қолайсыздық қылатын болғандықтан ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліббиінің өзін түзету өзге әлібби алудан анағұрлым оңай болғандықтан: түрік әліббиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек.

2 – латын әліббиінің түрік әліббиінен артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз, кемшіліктері көп болғандықтан ол артықтығы да түрік әліббиінің баспа түрін дараласақ, жоғалатын болғандықтан, жанада латын әліббиін жүргізу ісі өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, латын әліббиін алу деген сөз орынсыз деп тану керек.

Бұл қаулы қабыл алынғаннан кейін *Нұртаза*: әлібби тақырыпты Зәлиұлы Нұғманның жазып, қол қойып жіберген ұсынысын оқып шығып, оны дауысқа салуды тіледі.

Нұғманның өзі Қазағыстан Орталық атқару камитетінің мәжілісінде болғаннан, Сиездің бұл күнгі мәжілісінде бола алған жоқ еді. Әлібби тақырыпты ұсынысын орысша жазып жіберіпті. Қазақшасы мынадай:

### **Латын жазуын қолдану тақырыпты ұсыныс:**

Мәселе аса маңызды болғандықтан, жанада араб әліббиі мен латын әліббиінің айырмасы тиісті орындарда күн ілгері тексерілмегендіктен, бұл мәселе туралы тағайынды қарар шығарылмасын. Бұл мәселе қазақ қалқы біріккеннен кейін, қарақалпақ тағы басқаларының өкілдері қатынасатын болашақ сиезге салыну үшін оқу кемессииеритіне тапсырылсын.

Нұғманның бұл ұсынысы дауысқа салынып, оны қолдаушылардың саны, оған қарсы болушылардың санымен бірдей болып сегіз-сегізден болды. Мәжілісте болмағанмен ұсынысына қол қойып берген Нұғманның өз дауысын қосып есептегенде оның ұсынысын қолдаушылардың саны 9, оған қарсы 8 дауыс болды.

Мұнан кейін мәжіліс ағасы: қазақша пән сөздері тақырыпты баяндама жасау үшін Омарұлы Елдеске сөз берді.



## **Қазақша пән сөздері тақырыпты Елдестің баяндамасы**

Елдің мәдениетін өркендету үшін қолдан келетін шаралардың ең маңыздысы баспа сөз. Баспа сөз ісі берекелі болу үшін, баспа сөздің елге, жалпы бұқараға пайдасы тиетін болу үшін оны бұқара түсініп, оқи алатын болуы шарт. Ол болмаса жазылып шыққан кітаб, газет-журналдардың сөзіне ел түсінбейтін болса, баспа сөзден түк пайда болмайды.

Қазақша кітаб, журнал-газеттерді қазақ түсініп оқи алатын болуы үшін: оның тілі қазақша болуы керек. Әуелі сөздері қазақша болуы керек. Екінші, қазақша сөздер қазақша тізіліп жазылуы керек.

Бұл екі шартқа келмей жазылған сөздерді қазақ түсіне алмайды. Сондықтан ондай сөз елдің, мәдениетін өркендету түгіл ермегіне де жарамайды. Баспа сөзіміз күшейіп, кітаб, журнал, газеттеріміздің саны көбейгенмен тілі түсінікті болмаса, оның пайдасынан зияны артық болмақшы. Жүре бара қазақша кітаб тілі мен жалпы бұқараның тілі басқаланып, бірінің сөзіне бірі түсіне алмайтын болып шықпақшы. Олай болатын болса, баспа сөзден қазір түгіл түбінде де пайда болмайды. Ол болмай бұқара баспа сөздің былық тілін үйреніп алып, жалпы бұқараның тілі кітаб тілінше былығы беретін болса, қазақтың тілі бұзылмақшы. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды.

Олай болмау үшін кітаб тілі бұқараның тілінен басқаланып да кетбей, елдің тілі де бұзылмай, баспа сөз қызметін тиісінше атқарып, елге пайдалы болу үшін: қазақша басылып шығатын кітаб, газет, журналдардың тілі қазақша болуын осы бастан алдын-ала ескеріп, қам қылу керек.

Сөздердің өзі де, тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек.

Сөзді қазақша тізу қолдан келмейтін жұмыс емес: ол үшін жазушы жат тілдің сөз тізіміне әуес болуды қойып, қазақша сөйлем жүйесінің тиісті ережесін жаттап алса, қазақша сөйлемнің анықтауышы анықталатын сөздің алдына, толықтауыш, пысықтауыш өздерінің толықтап, пысықтайтын сөздерінің алдына келіп, арасына басқа сөз салмай жалғасып тізіледі – деген жалғыз ережені жаттап алса болады.

Мәселенің қиыны: сөздің түсінікті болуында. Баспа сөз үшін, әсіресе пән кітаптары үшін пән сөздері керек. Ондай сөздер

қазақтың өз тілінде бұрын болмаған. Оны жаңадан ойлап шығару керек. Басылып шыққан газет-журналдарды қазақ оқи алатын болуы үшін оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек.

Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола қоймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы аз да болса тиісті ұғымды сездіретін болса, оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөздерді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек.

Пән сөзді қазақ тілінен алғанда, түрлі түбірге (тұқылға) түрлі жұрнақтар жалғап алуға болады. Қазақ тіліндегі жұрнақтарды мағына жағынан тексеріп екі бөлуге болады. «Лық», «шы», «шыл», «лы», «сыз», «уыш»-тар сықылды тұрлаулы жұрнақтар болады. Бұлар түбірге жалғанғанда әрқайсысы айрықша бір тұрлаулы мағынада айтылған сөз болып шығады. «Қ», «н», «ақ» сықылды тұрлаусыз жұрнақтар бар. Бұлардың ешбірінде тұрлаулы мағына жоқ. Мәселен: «қ» жұрнағын «тара» сөзіне жалғасақ «тарақ» болады. Тарақ – тарайтын аспаптың аты. Мұндағы «қ»-«уыш»-тың орнында, сол жұрнақты «төсе» дейтін түбірге жалғасақ «төсек» болады. «Төсек» – төсейтін аспап емес, төселетін нәрсе. «Н»-ды «сау» деген түбірге жалғасақ «сауын» болады. Сол «н»-ды «жұу»-ға жалғасақ «жұуын» болады. Сауын – сауылатын мал, жұуын – жұуылатын бірдеңе болуға керек ед, олай емес, жуғаннан қалған сұу. «Кесек» бен («кес»+«ек») қонақ («қон»+ «ақ») сондай басқалық бар.

Қазақша жұрнақтар дыбыс жүйесі жағынан екі түрлі болып бөлінеді:

Түбірмен үндесіп жалғанатын жұрнақтар бар: (лық, лік, ақ, ек, шы, ші), үндестік заңына келмейтін жұрнақтар бар (кер, қор, дыкі).

Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір мағынасына, дыбыстарына қарай: айрықша бір мәндісі болуы мүмкін. Сондықтан түбірге тұрлаусыз жұрнақ жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек. Тұрлаусыз жұрнақтарды жалғап жаңа сөз шығару үшін әуелі ондай жұрнақтарды тексеріп, сырын біліп алу керек. Үндестік заңына бағынбайтын,

жұрнақтардың көбі, қазақ тіліне сіңісіп кеткен жат жұрнақтар. Олармен мәндес үндесіп жалғанатын қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді, түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық.

Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, Яурыша қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп, өзгертіп алу керек. Үйтбей, жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ, ондай сөзге қазақтың тілі келмейтін болады. Жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне, қазақтың өз сөзіндей болып сіңіседе алмайды. Бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне қазақ тіліне сіңісіп түпкілікті қазақ тілі болып шығуы үшін мағынасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды. Тек кітаб сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе, кітаб тілі ел тілінен басқаланып шығады. Кітабтың елге пайдасы болмайды. Жана: тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады. Тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады.

Олай болғанда жақсы болмайды.

Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұсап, қазақ тіліне сіңіп кететін, болуы үшін, оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1 – қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер жоқ емес, соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «ныкі» (дыкі, тыкі) мен жалғанып айтылатын түр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «ныкі» ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында ешбір тілде тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды. Бір заңның күші мен екінші заңға бағынбай кететін сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару я ол заң жоғалуға бет алған деп жору қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің де бәрін сол заңға келтіріп алу керек,

сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрін де бір ыңғай жіңішкертіп я бәрін жуандатып алу керек.

2 – қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарда болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды.

Бұл үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмилә» сықылды, соңғы буынында жұмсақ «ә» бар сөздер жоқ емес. Бірақ бұл сөздер арапша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері. Мұндай сөздердің ерсі жерлері – бұларға жалғау қосып, өзгертенде, бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды. «Кәмилә»-нің өзі жұмсақ болғанымен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәмиләге» болмайды, «Кәмилаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буынынан басқа жерінде жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң бас буыннан басқа буындарында «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабият» – «әдебиет»).

3 – қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер оның аяғында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң, бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа дыбысқа айналдырып алу керек (Покров – «Боқырау»).

4 – қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды. «Қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ, жалғаулар (жіктеулер) қосылып, «қ», «к» лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса «ғ», «г» болып өзгереді. Бірақ «т», «д» болып өзгермейді, «т» күйінде қалады. «Ғ», «г», «д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын, «қ», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жана дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертін болып, «т» сол күйінде қалатын болуы керек. Ондай сөздің аяғындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын

жалғау, жұрнақтар жалғағанда «қ», «к»-лер өзгермейтін болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург – «Орынбор»).

5 – қазақ тілінің үздіксіз заңы бар, қазақша сөздің ішінде дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып, (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қар-ағ-ай» болып үзіліп буындала алмайды); «мәс-еле» сықылды үзіліп буындалатын сөздер қазақ тілінде болмайды. Жана: бір сөздің ішінде, арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін, жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (мәсле – «мәселе», мүмін – «момын»).

6 – қазақша сөздің екпіні соңғы буында болады. Сондықтан соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландырғанда екпінін соңғы буынға келтіріп алу керек (Самара – «Самар», Пуховый – «Бөкебай»).

7 – қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі айтылатын дыбыстың біреуін мүлде жоғалтып, я болмаса орнына басқа дыбыс кіргізіп алу керек («Макка» – «Меке», «Алла» – «Алда»).

8 – қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмасқа керек.

Ішінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып, алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әр қайсысына алдын ала қазақ дыбыстарын арнап, көрсетуге болмайды. Іретіне қарай мәселен орысша «в», «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін. «Х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

9 – қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс.

Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайды. Жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.

Мәжіліс ағасы қазақша пән сөздер тақырыпты айтыс ашылатынын жариялап, айтысушыларға олардың жазылған ретімен сөз берді.

*Нәзір:* Білім кеңесінің «Қызыл Қазағыстанда» жариялаған пән сөздерінен мысалдар келтіріп – Білім кеңесі қабылдаған сөздерінде жалпы негіз жоқ екендігін айтты. Қабылданған сөздерден: Білім кеңесінің пән сөзді, қалай да болса, қазақ тілінен алуды артық көретіні көрініп тұр. Пән сөзді қазақ тілінен алған дұрыс. Бірақ қазақша пән сөз арналған ұғымға дәл келіп, тілге жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Білім кеңесінің «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» сықылды сөздері – сол шарттардың бәріне де дәл келеді. Мағына жағынан да, айту, естілу жағынан да кемшілігі жоқ. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін оның осы «сөз жүйесі» сықылды мінсіз болуы шарт. Олай болмай «бійбауырмалдық» сықылды, мағана жағынан қолайсыз, айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөзі қылып алудың жөні жоқ. Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жана: барлық қалықтардың бәріне ортақ «интернатсионал», «демократия» сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы Яурыпаның айтып отырған түрінде алу керек. «Аптомобил», «телегірап» сықылды техника сөздерін де сол жалпы Яурыпаның қолданған түрде алу керек. Ондай сөздерді қазақшаға аударып, Яурыпадан алыстаудың пайдасы болмайды.

Бұл күнде ұмытылып кеткен ескі сөздерге қызығудың да керегі жоқ. Қазақтың өз тілінде жоқ басқа түріктердің сөзіне қызығудың да керегі жоқ. Қазақтың осы күнгі тілінде бар, жалпыға түсінікті сөз болмаса, ұмытылып кеткен ескі сөздерден, қазаққа түсініксіз басқа түріктердің сөзінен де Яурыпа сөзін алған артық деп білу керек.

*Манан:* баяндама толық болған жоқ. Пән сөздерін қайдан аламыз, не түрлі етіп аламыз, жат сөзді алғанда кімнен аламыз, тіл іздегенде кімнен іздейміз. Жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз? – деген сұрауларға жауап күтіп едік. Баяндаушы ең соңғы сұрауға ғана жауап берді. Басқалары тақырыпты ешдеме айта алған жоқ. Бұрыннан баспа сөзде жазылып жүрген, Түркістанның дау қылып жүрген мәселелері – алдыңғы сұраулар дей. Оның жайынан баяндаушы ешдеме айтқан жоқ. Сондықтан

баяндаманы толық емес деп біліп, қайтадан толық баяндама жасалуын сұрау керек. Пән сөздері тақырыпты мен өз тарапымынан мынадай жобалар ұсынамын: пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек. Онан табылмаған күнде басқа түрік қауымдарына кіріп кеткен сөздерден іздеу керек. Қазақтың өз тілінен де, басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек – деді.

*Қалел:* қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінде пәнге жарайтын көп сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің: жат сөздердің асылын өзгертпей алу керек деуі қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде оның түбірін ғана кіргізуіміз керек. Жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ. Жат тілден алынған түбір сөзге өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек.

Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болуы керек: бүтін қазақ қалқы үшін жалғыз Білім кеңесі болуы керек. Ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесиелер болуы керек. Пән сөздері әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспа жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс. Ол пән сөздер сонан соң ғана барып, Білім кеңесінің қарауына түсіп бекітіліп шығуға тиіс.

*Ишанғали:* пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаған күнде жалпы түрік тілінен алу жолын қуаттап, қазақша лұғат кітабын шығару керек екенін айтты.

*Манан:* тартыстың созылып кеткен себебі баяндаманың толық болмағанынан деп жаңадан баяндама жасалуын тіледі.

Мәжіліс ағасы *Ишанғали:* баяндама толық болмады деу қата. Мананның қанағаттанбаған мәселелері болса, ол туралы баяндаушы қорытынды сөзінде ашып айтуы мүмкін. Сөз сұраушы ешкім жоқ, сондықтан енді Елдес қорытынды сөзін сөйлейді.

*Елдес:* пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз қандай болуға тиіс екендігін мен баяндамада айтып өттім. Оны қайта айтудың қажеті жоқ. Сөйтсе де, Мананға жауап бермей болмайды. Мананның «Пән сөздер: қайдан аламыз?», «тіл іздегенде кімнен іздейміз?»,

«жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?» деп жауап күткен сұраулары дұрысында толып жатқан сұрау емес, сөзді түрліше құрастырып, қайта-қайта айтқан екі-ақ түрлі сұрау. Мұның біреуі «не түрлі етіп аламыз?» бен «жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?» деген сұрауға жауап болды. Оны Мананның өзі айтып өтті. Мананның басқа сұраулары: жалпы түрік тілі мен Яурыпа тілінің қайсысына артық баға беру керек деген сұрау. Меніңше баяндамада бұл сұрау да жауапсыз қалған жоқ еді. Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз: оның қазаққа, жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді: тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі пырансуздан іздейміз, онан табылмаса немістен іздейміз, онан табылмаса Қытайдан іздейміз деген секілді. Жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалап, алдын-ала реттеп қою мүмкін емес, қазақ тілінің заңына келмейтін ноғай сөзі мен қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетін тілге жеңіл, құлаққа жайлы қытай сөзін салыстырып таңдайтын болсақ, меніңше: қазақ тілінің заңына келетін қытай сөзін алу керек.

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздердің қазаққа жат болмауы, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағын қарастыру керек. Бұл шартқа келмеген сөз: түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да, қазақша сөз болуға жарамайды.

Біздің бұл Білімпаздар сиезі сықылды сиездің тексерген мәселелері жалпы, негізгі түрде ғана тексерілуге тиіс. Сондықтан баяндамада жалпы түрде жасалды. Қай жұрттың тілі бірінші орында, қайсысыныкі 2-ші орында болуға тиіс екендігі айтылған жоқ.

Сөйтсе де сиезде: қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек деген жоба көп айтылды. Бұл жоба тақырыпты менің айтатыным: басқа түріктерден, солардың жазылған кітаптарынан түсіне алмастай болып, алыстап кету жарамайды. Сондықтан басқа түріктерде бар сөзді шеттен іздемеу керек деген жоба қисынды. Бірақ түрік қалықтарының бәрінің пән сөзі бір емес. Өзбеки бұқаралық сықылды елдердің тіліндегі сөздің көбі парсы сөзі. Әзірбайжан, Оспан түріктерінің пән сөздері көбіне араптан алынған. Ноғай тілінде араб, парсы,



орыс сөздері бәрі де бар. Сондықтан басқа түріктердің сөзі дегенді: түрік қалықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, түрік қалықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қисыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түрік қалықтарынан іздеу керек деген жобаны: түрік қалықтарының бәріне ортақ сөзден іздеу керек деп түсіну керек.

Барлық қалықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды. Қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұсатып, алу керек.

Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығару, жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қалайша өзгертіп кіргізу тақырыпты менің жобаларыма қарсы сөйлеуші болған жоқ. Сондықтан ол жобалардың осы сиез қаулысы есебінде қабылдануын тілеймін.

Сиез пән сөзі тақырыпты бұлай қаулы қылды.

1 – қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын, қазақша сөзден, түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2 – қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік қалықтарынан ізделсін, басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3 – Яурыпа қалықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөзі болып алынсын, ондай сөзге мағанасы дәл келетін қазақтың өз болса – жалпы Яурыпа сөзі мен қазақша сөз, түбінде екеуі жалпы қалықтың талғауына түсіп, қай қолайлысы алынатын болуы үшін екеуі қатар жазылып отыратын болсын.

4 – қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер, қазақ тілінің баяндамада бейнелеп көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5 – қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орын – қазақша Білім кеңесі, жалпы қазақ қалқы үшін жалғыз болсын, пән сөздер әуелі Білім кеңесінің, жанында әр пәннің мамандарынан

сайланған, әр пәннің өзіне дербес кемесиеларда тексерілетін болсын. Кемесиенің қабылдап алған сөздері баспа жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, Білім кеңесінің қарауына тапсырылып, сонан бекіп шығатын болсын.

6 – қазақша сөздер әліббиді ретімен тізіліп, лұғат кітабы болып жазылып шығарылсын.

Бұл қаулыға қосымша есебінде Әлиқанның қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «ов» деп қосып жазу қалсын деген ұсынысы тексерілді.

*Елдес:* дұрысында кісінің өз атына әкесінің атын қосып айтудың керегі жоқ. Кісінің өз атына әкесінің атын қосып айту, жалғыз қазақ емес, жалпы түрікте жоқ. Қазақ тілінде бірен-саран кісілердің атына, өз аттас кісілермен қатыстырмау үшін әкесінің атын қосып айтатын орындар да болады. Бірақ ондайда әуелі әкесінің атын айтып, оған «ұлы» деген сөзді қосады да, кісінің өз атын соған жалғап айтады. Ескі әңгімелерде Жәнібек батырды «Қошқарұлы Жәнібек» дейді. Кісінің аты-жөнін жазу реті де бізде жалпы түрікше болуы керек. Кісінің өз атын аттас кісімен қатыстырмау үшін ғана болмаса, әкесінің атын жазбай, өз атын ғана жазу керек. Әкесінің атын жазғанда, оны әуелі жазып, оған «ұлы» деген сөзді қосып, өз атын сонан соң жазу керек.

Бұл мәселені сиез бұлайша шешті:

Кісінің аты-жөнін жазғанда, оның өз аты ғана жазылатын болсын, үкімет орындарының қағазында, кісінің өз атын аттас кісілерінің атымен қатыстырмау үшін, әуелі әкесінің аты жазылып, оған «ұлы» деген сөз қосылып, сонан соң өз аты жазылатын болсын.

Күндізгі мәжіліс осымен жабылды.

### **Үйіннің 16-сы кешкі мәжіліс**

Мәжіліс ағасы *Әлиқан:* қазақша төрт жылдық мектептердің пьрограмасы<sup>22</sup> тексерілетінін айтып, оның жайынан баяндама жасау үшін Шонанұлы Телжанға сөз берді.

*Телжан:* қазақша төрт жылдық бастауыш мектептердің пьроғырамын мына түрде оқып шықты.

---

<sup>22</sup> программа, бағдарлама

## **Қазақша төрт жылдық баулу мектептерінің пыроғырамы**

1 – бастауыш мектеп оқуына жоспар жасаудағы мақсат – әуелі үйретуге керек нәрселердің орнына керексіз нәрселер үйретіліп, балалардың өмірі босқа өтбес үшін, екінші керекті нәрселерді үйреткеннің өзінде де, балалардың сана шамасының, нәзік табиғатының ауанына қарай, жеңілінен ауырына, жақынынан алысына көшу үшін, үшінші тәжірибемен мерзімдеп бастауыш мектепте үйретілетін білімдердің көлем мөлшерін көрсету үшін.

2 – баланы үйретудегі мақсат тіршілік ісіне даярлау. Тіршілік ісіне даярлау үшін балаларға табиғатты таныстыру керек. Табиғатты пайдаланудың әдісін, өнер білімін үйрету керек.

Өнер-білім деген ұшан-теңіз сияқты ұшы-қиыры жоқ нәрсе. Өнер-білімнің бәрін үйретуге балалық күйі сияқты адам өмірінің бір азғантай жағы түгіл, бүтін өмірі жетпейді. Бастауыш мектеп үшін жасалған жоспар, сондағы оқитын балалардың жасына өлшеп шағындап бөліп шығарған өнер-білімнің көлем шамасы ғана болады.

3 – мәдениеті ілгері жұрттарда, мәселен, орыс жұртында бастауыш мектеп үшін жасалған толып жатқан жоспарлар бар. Олар бірінен бірі ұзап кете қоймайтын біріне бірі аралас жоспар, олардың бір-бірінен айырылатын жері, әр қайсысы, әр түрлі нәрсені бұлдап, өз бұлдаған нәрсесін оқу түріне отырғызуында ғана.

Соңғы замандағы жасалған жоспарларда өнер-білім балаларға баулу түрінде іс үстінде үйретілсін деген пікір күшті. Біздің Ресей оқу кемесиеритеті да осы пікірді қуаттап, бастауыш мектептердің бәрінде де оқу баулу түрде болсын деп отыр. Бірақ болсын дегенмен бастауыш мектептердің бәрі баулу мектебі болып жатқан жоқ. Себебі үйрету солай болсын десе, олай оқуға сайлаған нәрсе жоқ. Олай істегенде оған лайықтап жасаған құрал болуы керек. Олай үйретуге даярлаған мұғалім болуы керек. Ондай құралдар да, мұғалімдер де әлі жоқ; қатта тәжіриба болып жұмыс көргеннен кейін жасалып отырған олай оқытудың жосбары да жоқ.

4 – оқу түрін ісбен үйретуді қойып, өнер-білімге балалар баулу іретінде даярланған құрал мен мұғалім басқаларда болмағанда, бізде де болмайтыны баршамызға мәлім нәрсе. Олай болса оқу

түріне істі қойып, жосбар жасай алмағанымыздың мәнісі жат көрінбесе керек.

Бұл ұсынып отырған жоспар тіршілікке керек өнер білімнен бастауыш мектепке шағындап, шама көрсететін ғана жосбар. Ол өнер-білімдерді, құралы сай мұғалім іс үстінде үйретер, құралы жоқ мұғалімнің қолынан келмейтін жерлерде сөзбен үйретер. Кітабпен де үйретер. Болмаса жосбардың көздейтіні әркім әліне қарай, түрлі жолмен үйреткенде де балаларға білдіретін өнер-білімнің белгі көлемі болсын деген.

5 – бастауыш мектеп балаларды оқуға ауыздандырып, білім нәрін алдыру есебіндегі тойғылықты, тыңғылықты білім бермейтін шала мектеп екені баршамызға мәлім. Өнер-білім тарабы көп нәрсе болғандықтан тарауы да көп нәрсе екені белгілі. Бастауыш мектеп үшін жосбар жасаудың бір қиын жері – сол толып жатқан өнер-білім, білім тарауларының бәрінен болмағанмен көбінен балалар іс жүзінде пайдаланғандай, шама-шарқына қарай білім аларлық етіп жосбар жасау керек.

6 – тәртібтеп балалар үйретіп, тәжіриба көп көрген жұрттарда бастауыш үйретілетін өнер білім жосбарлары бар екендігі жоғарыда ескеріліп өтті. Біздей мешел өсіп мешеулеп келе жатқан жұрт соныдан соныға қонып, соныдан соныға жол салып жатқан алдағы жұрттардың артынан ермесек, алдына шығуға, қатта қатар жүруге де шамамыз келмейді. Оқу жүзінде жаңадан жол салып, жосбар жасау біздің қолымыздан келмейді. Алдағы жұрттардың алғанын алып, істегенін істеуге жарасақ сода бізге әзіріне жарайды. Біз бастауыш мектебіміз үшін жосбар жасағанда алдымыздағы жұрттардың жасаған жосбарларын негіз қылып, аларлығын алып, алмастығын тастап, керек болған жеріне қосып, солардың тәжірибасына сүйеніп жасауымыз керек. Мұны негізге алмай, өз тәжірибамызбен жасауға, өз тәжірибамыз әлі аз.

7 – бастауыш мектепте оқитын балалар (орыс, қазақ демей) жасы бір, табиғаты бірдей болғандықтан, жалпы адамға бірдей өнер-білім тараулары жағынан орыс мектебі үшін жасалған жосбарларды өз жағдайымызға азырақ икемдегеніміз болмаса, онша өзгеріс кіргізбей аламыз. Даяр жосбар жоқ нәрселер: қазақ тілі, тариқы, тұрмыс жүйесі, бұлар мектептерінде оқылмайтын болғандықтан оқылса да өз тілі, өз тариқы, өз тұрмысы

оқылғандықтан бізге лайық мәдениетті елдердің я орыстың жосбары жоқ. Бұлар үшін жосбар жаңадан жасалмақшы. Қазақтың тілін, тариқын, тұрмыс жүйесін, мектепте үйрету жосбарын жасау оңай жұмыс емес, үйткені қазақ тілін тәртіпті мектеп үйреткен тәжіриба әлі аз. Қазақ тариқын, тұрмыс жүйесін үйреткендей тәжіриба тіпті жоқ. Тәжірибасыз жасалған оқу жоспары мектеп бойына шақ келе қояр деп еш қайсымызда айта алмаймыз. Қазақ тіліне, тариқына, тұрмыс жүйесіне шамалап, жосбарлап, кесіп-пішкендеде біз өз тәжірибамызға сүйенбей, өзгелерге қарап пішеміз.

Орыс мектептерінде қазақ тариқы, қазақтың тұрмысының жүйесі, тілі оқылмағанмен, өз тілі, өз тариқы, өз тұрмысы оқылады. Солар үшін жасалған жоспарларға қарап, біз де шамалап жосбарлаймыз.

8 – қазақ басатауыш мектебі үшін, жосбар жасауда негізге алынған жосбарлар:

1) 4 жылдық баулу, негізгі бастауыш мектеп үшін 1910-ыншы жылы мұғалімдер кемесіесі Каркупте жасаған жосбар.

2) 4 жылдық бастауыш мектеп үшін 1911-інші жылы Мәскеу мұғалімдерінің айрықша кеңесінде жасаған жосбары.

3) Мәскеу оқу кемесиериегі тарапынан 1921-інші жылы шыққан баулу мектебінің бірінші басқышы үшін жасаған жосбар.

4) соңғы жосбардан қазақ мектептеріне икемдеп жасаған Қазағыстан оқу кемесиериегінің жосбары.

9 – осы айтылған жосбарларға қарап, шамалап өнер-білімнің жалпы адамға бірдей тарауларын онша өзгертпей, өз жағдайымызға икемдеп алғандағы, ондағы жоқ нәрселер үшін соның өзі болмағанмен сондай нәрселердің жосбарына қарап шамалаумен жосбарлағандағы азда болса, өзімізде бар тәжірибаға сүйеніп, жасағандағы 4 жылдық қазақ бастауыш мектебінде өнер-білім тараулары төмендегі көрсетілген нәрселер болмақ. Ол нәрселердің әрқайсысының көлемі, шамасы болмақ.

**Ескерту:** өнер-білім деген қарыстап, құлаштап, өлшеуге я болмаса, батбандап, мысқалдап, өлшеуге келмейтін нәрсе екені баршамызға мәлім. Өзі сондай нәрсе болған соң оның үйрету жосбарында олай өлшеу келмейді. Мектепке қанша шағындап жосбар жасалғанмен ол жосбар бойға өлшеп тіккен киімдей шап-шақ бола қоймайды. Жосбардың аты жосбар. Жосбар

деген сілтеген жөн, мерзімделген жер мағанадағы ғана нәрсе. Ол сілтеген мерзімге жету, жетбеу жүрістің күштілігіне қараған сияқты, мұғалімнің де күшіне қарайды.

Төрт жылдық қазақ бастауыш мектептерінде үйретілетін нәрселер, олардың әр жылға шамаланған көлемдері:

1) Ана тілі (сөйлеу, оқыу, жазу); 2) шама тілі (сан жүйесі); 3) табиғат тану (табиғаттың тәні, күші, ісі); 4) жер тану (жердің іші, тысы, түгі, ауасы); 5) ел тану (түрлі жұрт, түрлі тұрмыс, кәсіп); 6) тарих; 7) сүгірет салу.

### **Ана тілі**

1 – бастауыш мектеп ана тілінің сабағынан, тіл білімі төрт тарау болып кіреді: бірінші сөйлеу ауызекі, жазба мен сүгірет салу мен пікірін айта білу;

2 – оқу: баспа, жазба қайсысын болса да жақсылап оқи білу, оқығанын дұрыс түсіндіру;

3 – жазу: сөзді, тыныстарды дұрыс жазу;

4 – тіл тану: дұрыс айту, дұрыс жазу үшін тіл заңын дұрыс білу керек.

Бастауыш мектептің төрт жылында да тіл білімінің осы төрт тарауы да ана тілінің сабағында қалмастан қатар жүріп бармақ.

### **1-інші жыл**

1 – сөйлеу: балалардың сана саңлау шамасы, сөз бөлімі, нәрсені танымы қай даражада екенін байқау үшін жасалатын әңгіме. Әңгіме тақырыбы балалардың өздеріне нәрселерден болу керек. Мәселен: жаз ойнағандағы ойындары, үйде істейтін істері, жақсы көретін малдары, мектепке келуі, бұрын оқыған, оқымағаны, оқыған болса қайда оқығаны, кімнен оқығаны, қандай ертегі, ән білетіні тағысын тағы сондай нәрселер (балалар ұялмай, қорынбай<sup>23</sup>, бойын билеп сөйлеп үйрену үшін әңгімелескенде қатасын түзетбей еркін сөйлету керек). Құрал болса мұғалім өзі айтқан әңгімесін сүгіреттеп көрсету керек.

Әліббидің әріп танытатын бөлімін бітіргеннен кейін балалардың ұғымын кеңіту, балалар білетін нәрселердің таптарымен таныстыру.

<sup>23</sup> бір нәрседен жасқану, тайсалу

Балалардың танымы шамалы болатын болса. Боларлық нәрселерді сүгіреттеп таныту. Жыл, ай, жұма, күн, түн, сағат сияқты уақыт бөлімдерімен таныстыру. Тұрмыста көбірек ұшырайтын ұсақ өлшеу, ұсақ ақша түрлерімен көзбе-көз таныстыру. Адамның денесін, денесінің мүшелерін таныту. Бес сезім мүшесін таныту. Нәрселердің жұмсақтық, сұйықтық, мөлдірлік, қайтбалылық сияқты қасиеттерін таныту. Ақ, қара, көк, жасыл, сары сияқты түстерін таныту, түйенің, қойдың, ешкінің түсі түгін таныту.

Осы әңгімелердің адағында сөйлеу жағынан балаларда мынадай білім болуға тиіс:

- 1) Қысқада болса, жүйелеп сөйлей білу.
- 2) Қысқа мазмұнды, сүгіреттерді сөз қыла білу.
- 3) Есінде қалған, естіген аңғарған, өз басында болған оқиғаларды сөзбен я сүгіретбен айта білу.
- 4) Оқылған мақалалардың мазмұнын өз сынынша жүйелеп айта білу.
- 5) Сүгірет я маңайдағы заттардың аттарын жаза білу.
- 6) Айлардың аттарын, күндердің сандарын тіркей білу.
- 7) Жыл құсы келген күнін, мұздың бұзылған күнін, бәйшешек шыққан шаманы, малдың балалаған мезгілін, үйдің қыстаудан шыққан күнін тіркей білу.

2 – оқу: «Оқу құралынан» әліббиден қысқа мақалаларды ашық оқи білу, оқыған мақаласының мағанасын толық ұғыну, астарлы мағананы әшейін мағанадан айыра білу. Қысқа-қысқа өлеңдерді шамасынша безендіріп, оқи білу, әнге салатын өлеңдерді әнге салып айта білу.

3 – жазу: сөзді буынға, бұуынды дыбысқа бөліп жазып дағдылану.

Әуелі ашық буынды сөздерді жазып дағдылану (бала-ашық буын, ақ, ау-бітеу буындар). Дауыссыз дыбыстардың қосарынан бір буында келетін сөздерді жазып дағдылану. Мұндай сөздерді тақтайға я дәптерге жазылған жазбадан да, кітаптағы басбадан да жазып дағдылану, сондай сөздерді кітаптан балалардың өздері тауып жазуға дағдылану, дәйекші, дәйекшісіз сөздерді айырып жаза білу (көшірту).

Осы айтылғандарды үйренгеннен кейін балада мынадай білім қалуы керек:

- 1) Сөздің буынын дұрыс айыра білу.
- 2) Буын ішіндегі дыбыстарды анық айыра білу, әр дыбыстың жігін берік білу.
- 3) Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбысты айыра білу.
- 4) Сөздің жуан, жіңішкесін айыра білу.
- 5) Дәйекші қойылатын, қойылмайтын орындарды айыра білу.
- 6) Сөйлем аяғына ұлы тынысты қоя білу.
- 7) Қосылатын, қосылмайтын әріптерді жақсы білу.

## II-жыл

1) Сөйлеу: әңгімелесе білу. Жүйесін жуыстырып әңгіме айта білу. Мазмұны молырақ сүгіреттерді сөз қыла білу.

Оқыған мақалалар мағанасын қуаттайтын, өмірінде ұшыраған я естіген оқиғаларынан мысалдар келтіріп айта білу. Мұғалімнің нұсқауы бойынша естіген мақалалардың керекті жерлерін тауып ала білу.

Мектепте, я үйде оқыған мақалаларының қысқаша мазмұнын мұғалімнің жетектеуімен жүйесін келтіріп әңгіме қылып айта білу.

Серуенге шыққанда, әуелі қыдырғанда назары түскен нәрселерді, табиғат жүзіндегі құбылыстарды, шаруа жүзінде істеліп жатқан істерді жүйелеп әңгіме етіп айта білу.

Мұғалімнің жазған сұрауларына, жауап тауып жазу, қысқа мазмұны сүгіреттің мазмұнын өзі жаза білу, мектеп тұрмысында болған оқиғаларды тізе білу. Мұғалімнің жөнін көрсетіп берген жеңіл тақырыптары бойынша қысқа-қысқа мақалалар жазу. Бір-біріне қысқа қат, қысқа қабар жаза білу.

2) Оқу: қирағат кітабындағы<sup>24</sup> сөздерді, қара сөздерді, мақалаларды, мысалдарды, өлеңдерді оқыу. Әдемілерін жаттау. Оқыған ұсақ әңгіме, шағын ертегі сияқты сөздердің мазмұнына түсініп оқу, мақала мазмұны (өлең болсын, қара сөз болсын) көбінесе, балалардың үйдегі, мектептегі өмірлері жайынан, ауыл-аймақ, тұрмыс жайынан ауыл маңындағы табиғат жайынан болуы керек.

3) Жазу, тіл тану: айныма әріптердің (қ, к, п) ғ, г, б-ға айналатын реттерімен таныстыру. «Ұ», «ы» әріптері «у» алдында келетін

<sup>24</sup> оқу кітабы



сөздермен таныстыру, бітеу буынды сөздерді ашық буынға айналдыра білу, әсіресе «у» алдында «ұ», «ы» келетін сөздердің буындарын айырып дағдылану.

«Құуыу», «бұуыу», «тұуыу», «сұуыу» сияқты сөздердің қай буыны болса да бітеу түрінде де, ашық түрінде де жаздырып дағдыландыру. «Й» алдына «ы» келетін сөздермен таныстыру.

Бітеу буындарды аштырып да, аштырмай да жаздырып дағдыландыру, «ы» дыбысы «й»-дің алдында да, артында да келетін сөздермен таныстыру, олардың буындарын ашып та, бітеу күйінде де жаздыртып дағдыландыру. Сөздің тұлғасына қарай да, мағанасына қарай да, сұрыпталатынын білу. Қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар қалай жазылатынын білу. Басты-басты жұрнақтармен таныстыру, жұрнақсыз сөзді жұрнақтап жалғатып, дағдыландыру. Сөз жұрнақпен жалғағанда мағанасы өзгеріп, туынды сөзге айналатындығын ұқтыру. Басты жұрнақтардың сөзге беретін белгілі мағаналарын білу. Атаушы сөздер мен шылау сөздерді айыра білу. Атаушы сөздердің де, шылау сөздердің де өзара айырылатын түрлерін білу, сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін тану.

Тұрлаулы мүшелердің атын білу, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлемді айыра білу. Санама орында қос нүкте, теріс үтір қойылатынын білу, тасымал тәртібін білу.

### III-жыл

1) Сөйлеу: дұрыстап әңгіме айту. Оқыған мақалалардың мазмұнын айту. Ұшыраған оқиғаларды, мақаланың лұғат мәнін бұзбай, қосып ұлғайтып айту. Оқыған мысал, ертегі сияқты сөздердің қолайлы жерлерін алып, айтысқан өлеңдерді, өлеңсіз жазылған әдемі сөздерді жаттап, безендіріп айту, оқыған мақалалардың мазмұнына, мақал, мәтел, тақбақ, жұмбақ сияқты сөздер шығару, оқыған мақалаларын мүшелілеу (жосбарын айырту).

Оқыған мақаланың мазмұнын жазу, мақаланың ыңғайына қарай өз өмірлерінен оқиғалар алып жазу. Мақалаға үйлес мазмұнды мақала жазу.

Өз өмірінде, я басқалардың өмірінде болған оқиғалардан алып, сол оқиғаларын әліптеп (суреттеп) жазу. Кітабтан ұнатқан

өлеңдерін, әдемі сөздерін өз алдына тіркеп жинау. Күн сайын оқиға тізіп, тізу ретін білу (жүргізу).

2) Оқу: түрлі дарынды сөзді, пәнді мақалаларды, өлеңдерді, мисалдарды, әңгімелерді 3-інші жылдық «Оқу құралы» қирағат кітабынан оқыту. Мұнда да жақсы өлеңдерді, мысалдарды алып, жаттап, безендіріп айта білу, айтысы бар сөздерді сол айтысқан күйінде келтіріп айта білу. Елік сөздерді еліктеп үйрену.

3) Жазу үйрену, тану: сөздің септеу, жіктеу, тәуелдеу, көптеу жалғауларын айыра білу. Аяғы түрлі дыбысты сөздерді алып, септеп, жіктеп, тәуелдеп, көптеп жалғаулардың сөздің аяқ дыбысына қарай өзгеруін аңғарту. Сөздерді түрлі жалғаулары мен жазып (септеп, тәуелдеп, жіктеп) дағдылану. Мақалалардың ішіндегі сөздердің жалғауларын айыра білу. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөздерді септей, тәуелдей, жіктей білу. Етістіктің болымды, болымсыз түрлерін, жана есімше, көсемше түрлерді де айыра тану, етістер түрлерін білу. Сөйлемнің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелерін айыра білу. Сөйлем ішіндегі орнын білу, қаратпа сөз бен қыстырма сөзді айыра білу туралы сұраулы, лепті, сөйлемдерді білу. Сұрау белгісін, леп белгісін орнына тұтына білу.

#### **IV жыл**

1) Сөйлеу: жиылған өз топтарында шығып сөйлеп үйрену, жиылыста баяндама жасап үйрену. Әдебиет мәжілістерінде пікір айтып үйрену. Үшінші жылдан гөрі көлемдірек мақалалардың мазмұнын ауызекі де, жазып та мазмұндай білу. Берілген тақырып пен жасалған жосбар, я сүгірет бойынша шығарма жазу. Өздері ішінде болған баулу серуендеу сүгіреттерін жазу. Серуенде көрген табиғат көріністерін суреттеп жазу. Суреттеу: адамның суретін сыпаттап жазу, қат, шолақ қат, сенім қағаз, өкіл қағаз, әдіресін жаза білу. Өз беттерінен тақырып алып, шығарма жазу, көптеп шығарма жазу, қабырға газетіне, журналына мақала жаза білу. Сауық кештерін жасап үйрену.

2) Оқу: 3-4-інші жылдық «Оқу құралы» қирағат кітабындағы қазақтың үлгілі жазушыларының әдемі сөздерін оқу, сынға алу, ғылым-білім мазмұнды мақалалардың мазмұнына түсініп оқып білім алып үйрену.

3) Жазу, тіл тану: етістіктің райларын білу, көсемше, есімше түрлерін жіктей білу. Тәуелденген сөздерді септеп, жіктей білу. Құрмалас сөйлемнің сыйысулы түрлерін айыра білу, қиысулы сөйлемдердің салалас, сабақтас түрлерін айыра білу, сөйлемнің бір өңкей мүшелерінің арасына кіші тыныс қоя білу.

Салалас сөйлемдердің арасына кіші тыныс (теріс үтір) орта тыныс, ұлы тыныс, сызық, қос нүкте қойылатын орындарын айыра білу.

## **Қазақша төрт жылдық баулу мектебінде оқылатын тұрмыс жүйесінің проғрамы**

### **I-жыл**

Әуелгі жылдары тұрмыс жүйесі бөлек пән болып оқылмай, басқа пәндермен аралас оқылып кетеді. Тұрмыс жүйесі көбінесе қазақ тілі, табиғаттану сықылды пәндермен аралас болуы керек. Үйткені тұрмыс жүйесі ғылымының шұғылданып қарайтын пәні – адам мен адамның, адам мен табиғаттың арасы.

Сол жолмен жүргенде компілекс әдісіне қарай да бейімделеміз. Баланың ұғымына үйлесе аламыз деп ойлаймыз. Алғашқы жылы тұрмыс жүйесі төменде көрсетілген түрде болуы керек болады. Баланың үй ішінің адамдары, балалардың мектептегі ұйымдары, мектеп тәртібі, үйіндегі адамдардың қайсысы не істейтіндігі (үй ішіндегі адамдардың жұмысты бөліп істеуі, ол жұмысты қалай басқаратындығы), үй ішінде қара жұмыстан басқа тағы немен ермек қылады. Мектепте, үй ішінде денсаулық сақтау. Үй ішінің егін салу, шөп шабуы сықылды кәсіптері тақырыпты балаларға аңғартып түсіндіру. Үй ішінің жазғы, қысқы кәсібі, сауын мал, жұмыс малы, жұмыс құралдары, қарып-қасірлерге қоғам жәрдемі. Бұларға балалардың өздерін араластыру. Өктебір мйрамы сықылды мйрамдар.

### **II-жыл**

Егін салу, пішен шабу, мал төлдеу сықылды, ауыл шаруашылығының маусым уақыты, мектептегі балалар ұйымының түрлері (атқару камитеті, жиылыс, үйірмелер). Малдың қай түрінің төлдегіш, сауынға қолайлылығы, жүндестігі, жұмысқа беріктігі, отырған жерлерінде қандай астық артық,

қандай астық кем шығатындығы, олардың шығымын салыстыру, жұт жылдары: олар неліктен болғаны, темір ұстасы, өрмекші, етікші, ағаш шеберлерінің кәсіптері, ауыл қаладан не нәрсе сатып алады, қалаға ауыл не нәрсе сатады.

Айырбас жайында қысқа мағұлымат, ауыл кеңесі қала жайында әңгіме, ауылдағы жалшы, ауылдағы таптар, жарлы, орта, бай. Май мейрамы сияқты мейрамдар.

### III-жыл

Үшінші жыл тұрмыс жүйесі, жағырапияның үшінші жылдық програмының ішіне кіргізілген. Сондықтан үшінші жыл тұрмыс жүйесі жағырапиямен бір кетеді. Тек тұрмыс жүйесі үшін ауыл малының есебі, болыс жайына толығырақ кідіріп өту керек.

*Ескерту:* I-II жылда көрсетілген нәрселер оқылады деп ұғыну керек емес. Оларда қазақ тілі, жағырапия сияқты үстінде жолай қыстырылып кетеді деп түсіну керек.

### IV-жыл

Үй шаруашылығының керек нәрселері: жер, құрал, мал, жұмыс қылар адам. Үй шаруашылығының мақсаты, үй ішін асыру, бірлестік, қалаға нәрсе жеткізу, тағысын тағылар. Шаруашылық жосбары (қанша пішен шабу, егін салу, мал сау, жұмыс малын қалай ұстау керек, тағысын тағылар).

Шаруашылыққа қолайлы-қолайсыз шарттар: топырақ түрі, ауа райы, базардың алыс жақындығы сияқтылар. Жана білім, жаман әдеттер, шаруашылықтың күші, жерінің саны сапасы. Құралының түрі. Жұмыс қыларлық адамдары, тағысын тағылар.

Жер пайдалану түрі: ортақ пайдалану, шаңыраққа бөлу сияқтылар. Жерінде не нәрсе егілетіндігі, мал санының өршіп, өшуі. Басқа жерлермен салыстыру, шаруашылықтың кіріс-шығысы. Өзіндік һәм ақшалы бөлімдері, ақшаға ауылдан алатыны, ауыл шаруашылығының жүйелері: жарлы, орташа, ауқатты, бай. Бұлардың арасы, бір-біріне жағымы, ауыл нәрсесін қайда сатады, не үшін сатады. Ауыл мен қала керек нәрсесін бұрын соғыс кезінде, осы күні қайдан алады. Базар жәрмеңке алыпсатар қаперетсие<sup>25</sup>. Ауыл кәсібі, қала кәсібі бұлардың айырбасы.

<sup>25</sup> кооперация

Қоғам арасында еңбек бөліс, қай түрі мен жалшылар мен қара шаруаның бірігуі, тұрған ауылының қоғам үшін атқарып тұрған қызметі. Бір өңкей ауыл шаруаның салығы, оның мақсаты: ауылға, болысқа, үйезге негізгі ділгір нәрселер не?

Құралдар керектігі, отырған ауылының, болысының, үйезінің тариқы. Олардың шаруашылығы табиғат құбылыстарымен өзгеріп тұруын түсіндіру. Мектеп, оқу үйі, мйрамдар, театр, жастар ұйымы, оның қызметі мен мақсаты, Пебірал төңкерісі, Өктебір төңкерісі, жалшылар қожалығы, Кеңес үкіметі, губернелік үкімет, Қазағыстан үкіметі, Түркістан үкіметі.

#### **4 жылдық баулу мектептерде табиғат тану проғырамы IV-інші жыл**

Табиғат: өлі, тірі табиғат, оның күйлері, қасиеті, термометрдің керектігі.

1 – судың қасиеті, табиғат бен адамға судың не үшін керектігі, суға қатысқан нәрселер, суды тазарту әдісі, бу, бұлт жаңбыр, қар, бұршак, қырау, шық.

2 – ауаның тектері, қасиеттері.

3 – жер: жердің құйқасы, құйқаның заты, минаралдар. Жер жыныстары: саз, құм, шарық тастар, шақбақ тастар, өсімдікке бұлардың керегі, бұларды тұрмысқа тұтынуы. Кендер: тұз, тас көмір, шым көк, мұнай бұлардың керектігі, Қазағыстанда бұл заттар қай жерден табылатындығы.

4 – металдар: олардың айырықша қасиеттері. Кен тастар, металдарды қазып алу, темір, мыс, қалайы, қорғасын, сынап, күміс, алтын.

#### **Өсімдіктер**

Өсімдіктің өсу дәнінің өсетін шарттары, қандай дәндер өсе алады, су, ауа, жылу, жарықтардың дән өсуіне керектігі өсімдіктердің мүшелері: тамыр, сабақ, жапырақ, гүл. Олардың өсімдікке керектігі, гүлді, гүлсіз өсімдіктер.

Жеміс дәнінің тұқым түрлері, кендір, кәртоп, көде, бидай, тары, қарағай, терек, тобылғы, бактерия, олардың қасиеті, көбейіп, азаюы, пайдалы, зиянды бактериялар.

### Жануарлар

1 – адам, адамның сүйегі: сүйектің керектігі, сүйектің қалай қосылатындығы, бастың, дененің, аяқ-қолдың сүйектері.

2 – ет, оның керектігі, еттің қызметі, сіңір қызметі.

3 – қоректену: қоректенудің керектігі, асқазанның қызметі.

4 – дем алу: дем алудың керектігі, дем алуға керек мүшелер.

5 – қан жүруі, оның керегі, қан жүруге керек мүшелер.

6 – керексіз нәрселерді сыртқа шығаратын мүшелер, тері, бүйрек.

7 – ми, ми тамыр саласы, оның керектігі.

8 – сезім мүшелері, көру, есту, татым, сипау, иіскеу.

### Сүт қоректі жануарлар

Ит, мысық, қоян, саршұнақ, суыр, жылқы, сиыр.

### Құстар

Торғай, тауық, қырғауыл, үйрек, қаз, тырна, дуадақ, бүркіт.

### Бақа-шаян

Кесіртке, көлбақа.

### Балықтар

Алабұға, шортан, табан.

### Құрт-құмырысқа

Қара шыбын, бүрге, бит, қандала, шегіртке, инелік, ара, жібек құрты, адам ішегіндегі жылан.

### **Төрт жылдың баулу мектептерінде оқылатын жағырапияның (жертану) проғрамы**

Төрт жылдық мектептердің алғашқы жылдарында жағырапия бөлек ғылым болып оқылмайды. Тек ана тілінің сабағы мен аралас жағырапиядан мағұлматтар үйретіліп, кетеді. Бөлек ғылым есебінде болып жағырапия үшінші жылдан бастап оқытылады. Бұлайша жағырапияны оқытқанда әуелі туған жер, сонан жақын маңайы, сонан кейін дүние жүзімен таныстыру керек.

### III-жыл

Отантану: жердің дөңгелектігі, план, маштап, төрт тұс, тұстық, жер беті, класты, мектеп үйін, қораны пландау. Жердің биіктігін аңғару, ауыл айналасындағы ойпаң, биік жерлер, ауылдағы жұрттың кәсіптері, диқаншылық, мал асырау бақташылық, сауда, басқа кәсіптер жақын қала мен ауыл арасында тауар, жана басқа өндірісті заттар айырбасы. Ауылда әлеумет шаруашылықтары, оларды басқару жолы.

Ауыл болыстың бөлімі, ауылдың қалқы. Болыс, болыстық мекемелер, үйез, үйездік қала, болыстың, үйездің қалқы, үйезде табиғаттың райы.

Ауа, жаңбыр, қар, қырау, дауыл, бұршақ, жыл тоқсаны, ағынды, ағынсыз сулар, құдықтар, өзен.

Үйез губерна жерінің беті, тегістік, төбе, тау, үстірт, сайлар, өзеннің аңғары, сор, жер құйқасы, жер топырағы, жер жексені, кендер. Губернадағы жануар, өсімдіктер. Губерна, губерналық қала. Қала шаруашылығы, қаладағы үкімет кеңселері, губернадағы, үйездегі белгілі қалалар.

Қала қалқының кәсібі, сауда кәсіп, жол қатынасы, қала мәдениет кіндігі, қаланы ауылмен салыстыру, жұмыс түрлері, егіншілік, мал бағу, кітабқаналар, құлыптар<sup>26</sup>, театрлар.

Губерна қалқы, губернадағы қалықтың саны, тығыздығы, тұқымы, губернадағы қалықтардың кәсіптері, жолы, мемлекет не нәрсе, губерна республиканың бөлімі екендігі.

Жер: жердің пішіні, шамасы, жердің қабығы, іші. Аспан: аспанда көрінетін нәрселер. Ай, оның пішіні, күн, күннің жолдастары. Күннің жерге әсері. Планеттер, жұлдыздар, үркер, темір қазық, ақбоз ат, көкбоз ат, олардың арқаны, құйрықты жұлдыздар, олардың көрінуі, ақба жұлдыздар.

### IV-жыл

1 – Қазағыстан, Түркістан жерінің кеңдігі, табиғат жағдайы, қалқы, қалқының кәсібі, жолдары, кіндік қалалары, ел билеу түрі.

2 – Кеңестер одағының планымен таныстыру, одақ жерінің ұзыны, көлденеңі, ауданы, шегі, көрші мемлекеттер.

---

<sup>26</sup> клубтар

3 – Одақтың шаруашылық аудандарға бөлінуі.

4 – яурыпалық Ресей, оның жер беті, ауасы, өсімдіктері, жәндіктері, жерінің құйқасы, яурыпалық одақтық жаратылыстың жағдайына қарай бөлінетін аудандары: 1 – солтүстік диқаншылығы жоқ өлке, оның жағдайы, қалықтың тұрмысы, кәсібі; 2 – далалық диқаншылық өлке; 3 – кәсібішіл өлкелер, оның кендері (Орал, Дон кендері); 4 – Қапқаз, оның таулары, тауының тұрмысы, табиғаттың жалпы жағдайы, қалқының тұрмысы, кәсібі. 5 – жылы үйек өлкесі (Қырым) Қара теңіз жағасы. Сібір, оның ауасы, жерінің беті, табиғаттың жағдайы, қалқының тұрмысы, кәсібі, кенді Қапқаз, Орал сияқты аудандардың кәсібі, олардың одаққа пайдасы, одақты билеу реті.

## Шама тілінің<sup>27</sup> програмы

### I-жыл

10-ға дейін сан үйрету:

1) маңайдағы нәрселерді 10-ға дейін санау, маңайдағы шамаларды өлшеу.

*Ескерту:* маңайдағы түрлі шамаларды өлшегенде жатырақ өлшеуден өлшетпей өздеріне белгілі, тұтам, кадам (адым), құлаш, сүйем, өздерінің елілерімен өлшету.

2) 10-ға дейін ілгері қарай, сонан кейін оннан кейін қарай санау.

3) Онның ішіндегі сандарды қосып, алу.

4) Сыпырлар, қосу, алу бара барлық белгілермен танысу. Онға дейін көбейту мен бөлу (көбейту мен бөлу белгілері), бөлшек сандар:  $1/2$ ,  $1/4$ ,  $1/8$  метр өлшемдерімен таныстыру.

### II

20-ға дейінгі ауызекі санау мен сыпырларды жаза, тани білу.

1) 20-ға дейін сандарға 4 амалды тұтына білу. 20-ның ішіндегі сандарды көбейте білу, ұзындық өлшемдерімен танысу, бөлшек сандар:  $1/12$ , малдың барлық етін 12 жікке бөлу, ай жылдың  $1/12$  екенін білу.

---

<sup>27</sup> математика



### III

100-ге дейін жаза да, ауызша да санай білу.

1) ондықтап төрт амалды білу.

2) ғырам, декағырам, гектоғрамдарды білу.

3) уақыт өлшемдері (жыл, ай, ай аттары, жеті, жетідегі күннің сандары мен олардың аттарымен танысу, айта білу), сағат, минут, секундтермен таныстыру.

4) ашық жердегі ұзындықты өлшеу, нәрселердің салмақтарын өлшеу.

### II-жыл

1) 100-дің ішіндегі сандарға төрт амалды тұтына білу (жаза да, ауызша да санай білу).

2) 100-дің ішіндегі сандардың көбейту кестесін білу.

3) Мыңға дейін жаза, ауызша санай білу.

4) 1000-ның ішіндегі сандарға төрт амалды тұтына білу, бөлгіші 2, 4, 8, 16 болып келетін бөлшек сандарды қосу, бөлгіші 10, 100 бөлшектерді оқи, жаза білу, бұларды қосу мен бөлу. Сандарды 10, 100-рет көбейтіп, азайта білу. Метр өлшеулерінің түрімен таныстыру, оларды азайтып, көбейтіп үйрету.

5) Нүкте, сызық (түзу, сынық сызық) түзу сызықтарды жаза білу, шаршы, тік бұрышты төрткілдерді сыза білу.

### III-жыл

Қандай сан болса да жаза да, ауызша да санай білу.

1) қандай сан болса да, қоса да, ала да білу. Жақша, тік қоршау, буынды қоршау, көбейту мен бөлу.

2) Екі, үш, төрт сыпырлы сандарға бөлу, ондық бөлшектермен танысу, бұлардың қосылуы мен алынуы, метр өлшеулері. Ондық бөлшектерді көбейту мен бөлу.

3) Түзу сызықты ашамен бөлу, тік бұрышты төрткілдердің ауданын өлшеу. Дөңгелектерді қағаздан оюмен сызу (ашамен), өремен өріс, шаршыны 2-ге, 4-ке, 8-ге бөлу, градуспен танысу, дияғырамдар жасай білу.

#### IV-жыл

Арнауыз, жиынды, арнаулы сандарды 4 амалмен есептей білу. Жіксіз (өзінен басқаға бөлінбейтін) сандарды, жікті (өзінен басқаға бөлінетін) сандарды, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9-ға бөліну белгісі, жікті сандарды жіксіз сандарға жіктеу. Ұлы бөлінбе мен кіші бөлме, оларды табу. Жай бөлшектер, бөлшекбен танысу, олардың қалай шығатыны. Дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандар. Жай бөлшектерді өзара, жана ондық бөлшектермен салыстыру, жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру, бөлшекті көбейту, азайту, ықшамдау, бөлімдерді бүтіндерді табу.

Арнауыз бөлшектерді (төрт амалмен) арнаулы бөлшек бен төрт амалмен есебтеу, процент есептеп шығару.

Дияғырам істей, жаза білу, бұрыштардың қосындысы; (тыраныспартыр) үшкілдердің<sup>28</sup> түрлері мен барабарлығы.

Екі жағымен арасындағы бұрышына сүйеніп үшкіл сызу, осы белгілерден, екінші үшкілді барабарлап сызу. Ортасы өткелсіз екі нүктенің арасында өлшеу, үшкіл, тік бұрыш төрткіл жерлердің пыланын жасау. Көбкілікдер, теңгілдер, көбкіл жерлердің пыланын жасау.

Баяндаушыға түрлі сауалдар беріліп, жауап алынғаннан кейін, баяндама тақырыпты айтыс ашылды.

Сиез баяндама тақырыпты сөйлеген шешендердің сөзін тексере келе. Бастауыш мектептер програмы әуел сол үшін сайланып қойған кемесиеде қаралсын деп ұйғарды.

#### Үйіннің 17-сы күндізгі мәжіліс

Мәжіліс ағасы Әлиқан: бастауыш мектеп програмын қарайтын кемесие жұмысын бітірмегенін айтып, ауыз әдебиетін жию тақырыпты баяндама жасау үшін Досмағамбетұлы Қалелге сөз берді.

Қалел: қазақтың ауыз әдебиетін жию жұмысы бұл уақытқа шейін не күйде болып келгенін, бұрынғы жағырапия ұйымдарының не істеп, не қойғанын, төңкерістен соң Кеңес үкіметі заманында жиылған ауыз әдебиеті қандай болғанын, олардың не түрде жиылғанын ауыз екі айтып өтті (жазулы баяндамасы болған жоқ).

---

<sup>28</sup> үшбұрыш

Мұнан кейін айтыс ашылып, қазақтың ауыз әдебиетін жию тақырыпты бұл уақытқа шейін істеліп келген шаралар тексеріліп, талқыға түсті.

*Қалел:* қорытынды сөзінде, елдің ауыз әдебиетін жию шаралары деп мынадай жоба ұсынды. Елдің ауыз әдебиетін жию үшін әр аймақта тұрып қызмет қылатын білім кеңесінің қойған кісілері болуы керек. Олардың жиған сөздері білім кеңесі жанындағы мамандардың сынынан өтіп, қабыл алынғандары тоқтаусыз басылып шығып, ел ішіне тарайтын болуы керек. Ауыз әдебиетін жиғанда ел аузындағы сөздердің мынасы жақсы, мынасы жаман деп талғау керек емес. Бәрін жия беру керек. Жиылған әдебиеттің қаншалық екенін ашатын орын білім кеңесі ғана болуы керек. Мұның үстіне, сиез қалық әдебиетін жиюдың аса керектігін айтып, ол үшін қазынадан жеткілікті қаржы бөліп тұруын сұрау керек.

*Әлиқан:* бұл ұсынысты толықтырып бұлай деді: қалықтың ауыз әдебиетін жию кез-келген кісінің қолынан келе бермейді. Сондықтан елдің ауыз әдебиетін жиятын кісілерді оны жия білетін кісілерден ғана сайлау керек. Елдің ауыз әдебиетін қалай жию, қайдан жию керек екенін түсіндіріп, өз алдына бір кітаб жазып шығару керек. Ауыз әдебиетін жиюшылар сол кітабтың нұсқауымен іс қылатын болуы керек. Оқу кемесериятінің оқу жолына ұстайтын барлық қаржысының белгілі үлесін (просентін) елдің ауыз әдебиетін жию жұмысына арнау керек. Сонда ауыз әдебиетін жиюға да, оны бастырып шығаруға да қаржы болады.

*Сиез:* Қалелдің ұсынысын, Әлиқанның толықтырып, түзеткен қалыпты қабылдап, бұлайша қаулы қылды:

1 – Елдің ауыз әдебиетін жию тақырыпты, оны қалай жию керек түсіндіретін бастауыш кітаб шығарылсын.

2 – Ел арасында тұрып, қызмет қылу үшін ауыз әдебиетін жинайтын кісілерден әр аймаққа арнап кісі сайлансын.

3 – Жиылған әдебиет Білім кеңесінің сынынан өтіп, қабылданған соң, тоқтаусыз басылып шығып, ел ішіне тарайтын болсын.

4 – Ауыз әдебиетін жиып бастырып шығаруға жеткілікті қаржы болу үшін оқу кемесерияті өзінің барлық қаржысынан сол жұмысқа арнап, бір белгілі просентін беріп тұратын болсын.

## **Оқу, білім кітаптарын көбейту тақырыпты Мұқтардың баяндамасы**

Білім әдебиетін өркендету шаралары осы кезге шейін қолданып келген шаралары мен жана әдебиеттің осы күнгі жайы мен байлаулы болуға тиіс. Бұлар өз жағынан баспа сөз мекемелерінің істерімен байлаулы болмақ. Сондықтан қазақ баспа сөздері мен қатынастары болып келетін Қазағыстан мемлекеттік, Мәскеудің күншығыстық, Түркістанның мемлекеттік баспа сөз мекемелерінің істерімен қысқаша танысып өтуге тура келеді.

Қазағыстан мемлекеттік баспа сөз мекемесінің 1923 жылдан бері басып шығарғаны 121 кітаб. Оның сегізі көрікті әдебиеттен, 46-сы мемлекеттік кітабтар, 18-і мезгілдіктер, жалпы білім адабиятына жататындары 49 кітаб. Барлық кітабтардың ұзын санымен салыстырғанда жүздің 40 шамасы.

Білім әдебиетін өзара жіктегенде 49 кітабтың 23 (жүздің 47-сі) саясат кітабтары, 13 (жүздің 26-сы күні) оқу құралдарынан, 7-сі (жүздің 14-і) шаруа жайынан, 2-еуі (жүздің 4-уі) ден саулық кітабтары. Қалғандары бірен-саран тәрбие, кәсіп одақтары еңбектері жайынан. Бұл кітабтардың көбі кәсіп ретінде орысшадан жиырма үшінші жылдың бер жағында аударылғандары. Әсіресе мекемелік, саясаттық кітабтар. Мектеп құралдарының 4-уі қалық ағарту кемесериятінің шарттары бойынша, үшеуі өз бетіне, алтауы өзгерістен бұрын жазылғандар. Сонымен Қазағыстанның мемлекеттік баспа сөз мекемесінің, жазушы азаматтардың еңбектері көбіне мемлекеттік кітаб бен саясат кітабтарына жұмсалған. Әсіресе өте кемісті болып келген мектеп құралдары.

Мәскеудің күншығыстық баспа сөз мекемесінің басып шығарғаны, басуға әзір тұрғаны 28 кітаб. Мұның көбі көрікті әдебиеттен (10 кітаб), сонан соңғысы жаратылыстан (7 кітаб) үшінші орында шаруашылық (5 кітаб), ден саулық тазалық тақырыпты екеу. Мектеп құралынан біреу, саясат жайынан біреу. Кітабтарының көбі орысшадан аударылған көрінеді. Көрікті әдебиеттің кітабтары да не аударма не қалық аузында сақталып келгендер.

Түркістен кітабтарының көбі көрікті әдебиеттен (9 кітаб) жана екеуінен басқасы кілең қалық аузындағы батырлар жайындағы өлеңдер. Екінші орында жаңа шыққан мектеп құралдары (5 кітаб)

(бұл ретте бұрыннан бар бес кітаб саналмай отыр). Жаратылыстан бір кітаб, саясат жайынан бір кітаб жана бірен-саран проғраммдар.

Түркістан басба сөз мекемесінің ісіне деректі толық мағұлұматтар болмағандықтан жоғарыдағы көрсетілген есептерді толық деуге болмайды.

Қазақ әдебиетінің өсуіне жәрдемші болып келген бұл үш мекеменің істерін, бағыттарын жалпы тексергенде: істеріміздің өнімсіздігі, шығарған кітабтардың аздығы, маңызсыздығы, жұмыстарының бағытсыздықтары көзге түседі. Қазақ елінің жаңа тұрмысқа кірісіп істеп отырған тіршілігіне, қойып отырған мақсатына қарағанда айтылып өткен кемшіліктер өте-мөте көзге түспекші. Оның бер жағындағы ерсілік, бастапқы басқышта жоғары даражалыға дейін ашылған мектептерге қазақ тілінде оқытамыз деп, қазақ балаларын мыңдап жиып алып, сол мектептің он екі де бір нұсқасы жоқ болып, дағдарып тұрғанда үшеуінің біреуінде де мектептерге құрал боларлық жарытымды кітабтар жоқ, бірен-саран болғанымен де ылайықсыз. Аз, ішінде білім әдебиетінің жолына түсіңкіреген жалғыз күншығыстық басба сөз мекемесі болды. Бірақ оның да мектеп кітабтары жоқтың қасында (біреу-ақ), Түркістеннің мектеп құралдандыру жолына түскісі келгенмен де жазушы жағынан бөгелетін көрінеді.

Қазағыстан өзінің міндетті жолына қарағанда білім әдебиетін өркендету жолында, әсіресе мектеп құралдандыру жағынан ештеме істемегенге таяу.

Әрине, бұл істелмеу жұмыстың өнбеуі, бағытсыздық түрлі себептермен байлаулы. Ол себептер мыналар:

1 – әуелі жазуға шұғыл кірісіп отырған оқыған азаматтың кемдігі.

2 – мемлекет қаржысының тапшылығы.

3 – осы тапшы нәрселерді құрастырып, сұрастырып, бір жерге қосып реттеп, басшылық қылып отырған мекеменің жоқтығы.

8 - قازاق تىلىندە ارتىقىشا مىرا بار : قازاق ىملىن باسقا تۇرىك ىملى مەن سالىستىرىپ تەكسەرسەك : قازاق ىملى جات تىلدەردىڭ ئىقبالىنان امان ساقىتالىب ، ەركىنشە ۇسۇب العا كەتكەنن كورەمىز . باسقا تۇرىكتەردە دىبىس قازاقشا دىبىستارعا ۇساب ، تاپ تاپقا بولىنبەگەن . ماسەلەن : نواعيالاردا جالعاۋ جۇرناق تار ىملىر سوزدىڭ اياعىنداى دىبىس بەن قازاق تىلىندە گىدەي ، مىرا لاسبايدى . نواعىشا : «اربا» - «اربانىڭ» ، «اربانى» ، «اربالى» ، «اربالار» بولسۇن وزگەردى ، اياعىنداى دىبىسى قاتاڭ «ات» دا سولاي «اتنىڭ» ، «اتنى» ، «اتلى» ، «اتلار» بولسۇن وزگەردى . قازاق تىلىندە جالعاۋ جۇرناق تار تۇگىل ، دەمەۋ ، جالعاۋلىق سىقىلىدى ىملىتن سوزدەردە اللىنداى سوزدەردىڭ سوڭى دىبىسى مەن مىرا لاسىب ، وزگەرىپ وتىرادى . ىملىمىزدىڭ بۇل قاسىيەتنە ەسكەرتىۋىمىز قالدىرىۋعا بولمايدى . قازاقشا دىبىستاردى ىملىدىڭ وسى قاسىيەتنە كەلتىرىپ تاپ - تاپقا بولگەن سوڭ ، جازىۋ ار تاپتىڭ وزىنە مەنشىكتى قاسىيەتنە بۇلجىتباي كورسەتىپ وتىراتۇن بولمۇعا كەرەك .

«م» مەن باستالاتۇن جالعاۋ ، جۇرناق تار مىرالى دىبىس بەن تىناتۇن سوزگە جالغاناندا «ب» مەن باستالىب جالغانادى : «مىن» ، «مىز» ، «ما» ، «ماق» - تار «بن» ، «بىز» ، «با» ، «باق» بولسۇن وزگەردى . بۇلار سوزدىڭ اياعى قاتاڭ دىبىس بولغاندا ، باسنىداى «م» ى «ب» بولسۇن وزگەرمەيدى «پ» بولسۇن وزگەردى . سوندىقتان قاتاڭ دىبىس بەن تىنعان سوزدەردە «م» مەن باستالغان جالعاۋ ، جۇرناق تار مەن قوسىلغاندا ، جالعاۋ جۇرناق تار دىڭ «م» ى ، «ب» بولماي ، «پ» بولسۇن وزگەردى دەپ ، ولاردى دىبىس جۇيەسىنە كەلتىرىپ ، بۇرىنقىداى «ب» مەن جازباي «پ» مەن جازىۋىمىز كەرەك : «جۇرتىمىز» ، «اقىمىن» ، «توكپە» ، «توكپەك» ، «پەن» ، سىقىلىدى سوزدەردى ، بۇرىنقىداى «ب» مەن جازباي ، ەپىشلىۋىنشە «پ» مەن جازىۋ كەرەك .

جارتى داۋىستى دىبىستار مەن مىرالى دىبىستارعا «د» مەن باستالىب جالغاناتۇن جالعاۋ ، چىكتەۋلەردى قاتاڭ دىبىستارعا دا سول كۆيىندە «د» جازىب جالعايمىز . بۇلدا قىيىنسىز ەرەجە ؛ قاتاڭ دىبىستار دىڭ ايقىن

كورىنىپ تۇرغان قاسىيەتىن ەسكەرمەۋدىڭ ءجونى جوق. سوزدىڭ اياعى قاتاڭ دىبىس بولغاندا وعان جالانغان جالعاۋ جىكتەۋلەردىڭ «ت» سىن، «د» قىلىپ وزگەرتىپ، «ت» قىلىپ جازىۋ كەرەك: بۇرىنقىداي «اتىڭ» ، «اتى»، «اتا»، «اتدان»، «اتدار» دەمەي، دىبىس جۇيەسىنىشە «اتىڭ» ، «اتتى»، «اتتا»، «اتتان»، «اتتار» دەپ جازىۋ كەرەك. «شىشىم» ، «شىشىڭ» ، دەمەي ، «شىشىڭ» ، «شىشىم» دەپ جازىۋ كەرەك. «دىكى» ، «داى»، «داي» سىقىلى جۇرناق، «دا» سىقىلى دەمەۋلەردە قاتاڭ دىبىسقا جالعاغاندا دىبىس جۇيەسىنىشە «تىكى»، «تاى»، «تاي»، «تا» بولمى جازىلىۋى كەرەك: «اتتىكى»، «اتتاعى»، «اتتاي»، «ات تا ، اربادا كەرەك» دەلىنىپ جازىلىۋى كەرەك.

9- دەمەۋ، جالعاۋلىقتار: جۇرناق جالعاۋلارداي ماعاناسىز بولغان مەن ، ولارداي الدىنداى سوزبەن ءبىرىۋىلىپ جالعاۋىلىدى، ءوز الدىنا بولەك سوز بولمى تۇرادى.

«اتنا جال بار، وگىزدە ءمۇيىز بار» دەگەندە «ات» بەن «وگىز» گە جالانغان «دا»- جالعاۋ: «اتنا»، «وگىزدە» دەگەن سوزدەردىڭ ەكىپىندەرى «د» دان سوڭى «ا» مەن «ە» دە - «وگىزدە» دەگەن ەكى سوز بولسا «گ» دەن سوڭى «ا» دا ەكىپىن بولار ەدى. «ات دا كولىك، وگىزدە كولىك» دەگەندە «ات دا» دا ەكى سوز، «وگىزدە» دە ەكى سوز بولادى: «ات» تىڭ ەكىپىنى باسىنداى «ا» دادا ، «وگىز»- دىڭ ەكىپىنى «گ» مەن «ز» دىڭ اراسىنداى «ا»-دا. سوندىقتان دەمەۋ جالعاۋلىقتاردى الدىنداى سوزبەن قوسىپ جازىۋعا بولمايدى. اراسىنا سىزىقشا قويىپ جازىۋدىڭدا كەرەكى جوق. ءبىراق كەي ءبىر دەمەۋلەر ءتۇبىر سوزبەن جالعاۋدىڭ اراسىنا كىرىپ كەتەدى؛ وندا «ا» ءتۇبىر ەكىپىنى وزگەرمەي بولەك سوز بولمى تۇرا بەرەدى. وندايدا ءتۇبىر تۇقىل سوزدى بولەك جازىپ، جالعاۋدى دەمەۋگە قوسىپ جازعان دۇرىس بولادى. «جاقسى مەسىن»، «جاقسى اق بىسىن» دەپ جازىۋ كەرەك.

10 - قازاق تىلىندە «دىكى»، «كەر»، «قور» سىقىلى ۇندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن جۇرناق، بار؛ ولار ءتۇبىر مەن ءبىر سوز بولمى جالعاۋ نادى. «دىكى»، «كەر» لەر جۇۋان- سوزگە جالانغانعاندا، جىڭشىكە بولمى جالعاۋدى؛ ونى قوسىپ جازعاندا، سوزدىڭ شىندە جۇمىساق «ە» مەن «ك» بولغان سوڭ، ەرجەمىز شە ءتۇبىردى دە جۇمىساق قىلىپ وقىمىز كەرەك بولادى.

جازىۋدىڭ تۇرلاۋسىزدىن جويىۋ ءۇشىن، ۇندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن

جۇرناق تار «ك»، «گ»، «ه» دېيىشتىرى جوق جۇمىساق سوزدەرگە جالغانغاندا،  
سوزدىڭ الدىنا دايەكشى قويىپ وتىرىۋىسىز كەرەك؛ سوندا ونداى  
جۇرناق بەن قوسىلىپ جازىلغان تۇبىردى الدىندا دايەكشى بولغاندا (يا  
وزىنىڭ شىندە «ه»، «ك»، «گ» بولغاندا) جۇمىساق قىلىپ وقىمىزدا، -  
تۇبىردىڭ شىندە «ه»، «ك»، «گ» - لىرى دە جوق. الدىندا دايەكشى دە  
جوق بولسا، - جۇۋان قىلىپ وقىتۇن بولامىز؛ «تور» - جۇۋان سوز،  
«تور» جىڭشكە سوز؛ بۇلارغا «دىكى» دەگەن جۇرناق تى قوسىپ جازغاندا،  
بۇرىن كەۋىن دە بىردەي قىلىپ «توردىكى» دەپ جازاتۇن دەپ، - مۇنىڭ  
تۇبىرى جۇۋان «تور» ما، يا جىڭشكە «تور» مە - ونى جازىۋدان ايرىۋعا  
بولمايتۇن؛ ەندى تۇبىردىڭ دايەكشىسىن قالدىرماي جازاتۇن بولساق، - ول  
ەكى سوزدىڭ كەۋىن ەكى تۇرلى قىلىپ، جۇۋاننى دايەكشىسىز «توردىكى»  
دەپ، جىڭشكەسىن «توردىكى» دەپ دايەكشى مەن جازاتۇن بولامىز.  
ۇندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن جۇرناقتاردىڭ شىندە «پاز»، «ۋار» سىقىلى  
جۇرناقتار بار: بۇلاردىڭ دېيىشتارى «دىكى» «كەر»، «قور» سىقىلى بىر  
تۇردە عانا ايتىلاتۇن دېيىشتار مەس («ك»، «ه» تەك جىڭشكە تۇردە عانا  
ايتىلادى دا، «ق» جۇۋان تۇردە عانا ايتىلادى) - جۇۋان دا جىڭشكە دە ايتىلىۋى  
مۇمكىن («پ»، «ا»، «ز»، «ۋ»، «ر» سىقىلى «پاز» بەن «ۋار» داعى دېيىشتار  
جۇۋان دا جىڭشكە دە ايتىلادى)؛ مۇنداي جۇرناقتار مەن جالغانغان سوزدەردىڭ دە  
دايەكشىسىن قالدىرماي جازىۋ كەرەك. «اپاز»، «اسپاز» سىقىلى سوزدەردىڭ  
تۇبىرى دە جۇۋان، سوندىقتان بۇلاردى دايەكشىسىز جازامىز؛ «بىلىمپاز»،  
«سوزىۋار» سىقىلى سوزدەردىڭ تۇبىرلىرى جىڭشكە، - ولاردى دايەكشى مەن  
جازامىز؛ بۇلاردىڭ («بىلىمپاز» - داردىڭ) جۇرناغى جۇمىساق تۇبىرگە قوسىلغان  
سوك («سوز الدىندا دايەكشى تۇرغان سوك) جۇمىساق وقىلىۋعا تەمىس دەپ  
جورىۋعا مۇمكىن؛ بىراق قازاق تىلىندە سوزدىڭ سوڭى دېيىسى ش  
ۋاقىتتا جۇمىساق «ا» بولمايدى، - يا «ه» بولادى، يا قاتتى «ا» بولادى،  
سوندىقتان «بىلىمپاز»، «سوزىۋار» لاردىڭ الدىندا دايەكشى بولغان مەن سوڭى  
بۇۋىندارىنداغى «ا» لار جۇمىساق قىلىپ وقىۋعا بولمايدى، بۇلاردىڭ الدىندا  
دايەكشى بولغان مەن ول دايەكشىنىڭ اسەزى تۇبىردەن اسىب شىندە «ا»  
سى بار جۇرناققا تەيمەيدى، سوندىقتان «سوزىۋار»، «بىلىمپاز» داردىڭ  
تۇبىرىن جۇمىساق وقىپ، «ۋار»، «پاز» دارىن قاتتى قىلىپ وقىتۇن بولامىز.  
11 ونكەن جىلى مېلام كەڭەسى: تەستىكتىڭ 2 نشى جاق جەكتەۋى

«سنىڭ» بولماي «سەن» بولسىن - دەپ دەدى . («قىيىسىن» ، «جازاسىن» ) .  
 مۇنىڭ دۇرسى «سنىڭ» بولمۇغا ئىيىس : قازاقتىڭ كويى «سنىڭ» دەيدى ؛  
 چانا : «سنىڭ» - نىڭ «سىڭىز» دەيتۇن سىپايى مۇرى بار ( «وقىيىسىڭىز» ،  
 «جازاسىڭىز» ) . سوندىقتان تەستىكتىڭ 2 نىشى جلق چەكتەش ، «سەن»  
 مەس ، «سنىڭ» - دەپ بېلىۋىمىز كەرەك .

باياندۇشقا سۇراۋلار بەرىلىپ ، ونىڭ جاۋابىن العانان كەيىن ، باياندا ،  
 قىزىقىتى ايتىس اشلىدى .  
 مەجلىس اعاسى ايتىسۇشلاردىڭ جازىلىۋ رەتى مەن سوزدى  
 مىرزا ۇلى مۇقتارعا بەردى .

مۇقتار : باياندۇشنىڭ باسقا جوبالارنى ماقۇلداب ، قازاق تىلىندە  
 «دۇستى ۇزىن «ي» مەن ۇزىن «ۋ» جوق - دەگەندە ، چانا «ك» مەن «گ»  
 «دەستارى «ت» مەن «ع» - نىڭ چىكىشكە تۇرى مەس - دەگەندە قارسى  
 سويلەپ ، مىناداي دالەلەر كەلتۈردى : «قىي» ، «جىي» ، «بىي» ، «سۇۋ» ،  
 «جۇۋ» ، «جازىۋ» دەگەن سوزدەردىڭ اياغىنداغى دىبىستار داۋىستى ۇزىن  
 «ي» مەن ۇزىن «ۋ» . مەس بۇل دىبىستاردى ، داۋىستى دىبىستاردىڭ  
 ەرەجەسىنە كەلمەيدى دەپ ، داۋىستى مەس ، جارتى داۋىستى ، لىنىنداغى  
 داۋىستى «ي» ، «ۋ» لار مەن قوسىلغان سولدا عانا ۇزىن ەستىلەدى - دەيدى .  
 ەلەستىڭ دالەلى : داۋىستى دىبىستاردىڭ تىلەيتۇن جالغاۋ جۇرناققارى «ۋ»  
 مەن «ي» - گە باسقاشا - داۋىستىز دىبىستاردىكىنشە بولپ جالغانادى ،  
 سوندىقتان «ۋ» مەن «ي» دى داۋىستى دەسەك ، - داۋىستى دىبىستاردىڭ  
 ەرەجەسى بۇزىلادى ، ەرەجەنى بۇزباۋ ۇشمن بۇل ەكى دىبىستى داۋىستى  
 دەمەۋ كەرەك . «ۋ» مەن «ي» - دىڭ داۋىستى بولماۋنا ەلەستىڭ مۇنان باسقا  
 جالەلى جوق . دۇرىسندا بۇل دالەل - دالەل مەس : «بىي» ، «سۇۋ» لاردىڭ  
 تىلىك جالغاۋى - «دىڭ» ( «بىيدىڭ» ، «سۇۋدىڭ» ) . تابىس جالغاۋى  
 «دى» ( «بىيدى» ، «سۇۋدى» ) - ەكەنى ، - داۋىستى دىبىستاردىكىندەي  
 «نىڭ» ، «نى» مەس ەكەنى راس ؛ ەپراتق سول ەبىر - ەكى جالغاۋعا  
 بولا «ۋ» مەن «ي» داۋىستى مەس دەۋى اسىيىستىق . داۋىستىز دىبىستارعا  
 بارس جالغاۋ كوپىنە «ئا» ، «كە» بولپ جالغانادى ( «اتقا» ، «ەتكە» ) ،  
 داۋىستى دىبىستارعا ول جالغاۋ «عا» ، «گە» بولپ جالغانادى ( «اربا» ،  
 «كىسىگە» ) ؛ «ۋ» مەن «ي» - دىڭ بارس جالغاۋىدا «عا» مەن «گە»  
 ( «بىيگە» ، «سۇۋعا» ) ؛ داۋىستىز دىبىستاردىڭ كوپتىك جالغاۋى «دار» ،

«دەر» بولادی («كۈندەر»، «چىلنار»)، داۋىستى دىبىستاردىڭ كۈبىتىك جالغاۋى «لار»، «لەر» بولادی («اربالار»، «كىسىلەر»)، - «ۋە مەن «ي» - دىڭ كۈبىتىك جالغاۋى دا، «دار»، «دەر» مەن «لەر»، «لار»، «لەر» بولادی («سۇۋلار»، «بىلەر»). «ۋە مەن «ي» - دىڭ داۋىسىز دىبىستارغا ۋىسايىتۇن قاسىيەتتەرى بولغان مەن داۋىستى دىبىستارغا ۋىسايىتۇن دا قاسىيەتتەرى بار. سوندىقتان «ۋە مەن «ي» دى داۋىستى دىبىستاردىڭ تابىنا كىرگىزۈگە بولمايدى دەۋ - ورنىسىز. «بىز: «ۋە مەن «ي» - دى داۋىستى دىبىستاردىڭ ارتىنان كەلگەندە («قوي»، «تاۋ» سىقىلى سوزدەردەكى «ۋە مەن «ي» - دى) جارتى داۋىستى بولادى دا، داۋىسىز دىبىستارغا جالغاناندا داۋىستى بولادى دەيمىز: «سۇۋ»، «بىي» سىقىلى سوزدەردەكى «ۋە مەن «ي» دى داۋىستى دەيمىز، ولاردىڭ الدىندا تۇلاققا ەستىلمەيتۇن «ۋ»، «ي» بار دەپ، اۋرەلەنبەي، «سۇۋ»، «بىي» سىقىلى سوزدەردى «سۇ»، «بىي» دەپ جازامىز، سوندا جازىۋ جەڭىلدەندى، مۇنى بالالارغا ۇيرەتۋەدە وڭاي بولادى. «كىم»، «كىك» - دەپ جازايمىز، «كىم»، «كىك» بىز، ەلەس ايتقاندا، «كىم»، «كىك» - دەپ جازايمىز، «كىم»، «كىك» دەپ جازامىز، - ونداى سوزدەردى باسقاشا، ماسەلەن «كىك» دەپدە جازىۋعا بولادى. قازاق تىلىندە داۋىستى ۇزىن «ۋ» مەن ۇزىن «ي» بار - دەپ بىلسەك، - ونداى («كىم» سىقىلى) سوزدەردىڭ قالاي جازىلاتۇن شەشۋىدىڭ قىيىندىقى بولمايدى.

قازاق تىلىندە ۇندەستىك زاتى بار دەپ، سونىڭ ارقاسىندا جازىۋدى جەڭىلدەتىپ دىبىستىڭ جوۋان تۇرىندە چىكىشكە تۇرىندە بىر اربى بەن بەلگىلەپ، چىكىشكە سوزدىڭ الدىنا دايەكشى قويىپ جازاتۇن امدى قولدانىپ وتىرمىز. سولاي بولغان سولڭ «ك» مەن «گ» نى «ق» مەن «ع» نىڭ چىكىشكە تۇرى دەپ، ول كەۋىن («ك» مەن «گ» نى) البىيىنەن شىعارىپ تاستاعان جون، - سوندا جازىۋ جەڭىلدەتىپ، مەجەمىز تىلدىڭ ۇندەستىك زاتىغا بولادى.

مۇنان كەيىن سوز دوسىلامبەت ۇلى قالەلگە تىيدى .

قالەل: جازىۋ ماسەلەسى وتە زور ماسەلە؛ ونى جەتە تەكسەرىپ بارىپ شەشۋ كەرەك. جازىۋ مەجەلەرى تاقىرىبتى بايانداۋىشنىڭ ۇسنىعان جوۋبالارى، جونى دۇرىس، قازاق تىلىنىڭ زاتىدا رىنا لايقىتالىپ جاسالغان. «ۋ» - دىڭ داۋىستى دىبىس بولۇنماش دالەل چوق؛ بىزدىڭ «ۋ» دىڭ ورنىنا باسقا تۇرىكتەردە كۈبىنە داۋىسىز دىبىستار ايتىلادى، ماسەلەن «تاۋ»، «ساۋ» سىقىلى



سوزدەردى ئېمىرسىپىرا تۇرىك فالقنارى «تاع»، «ساع» - دەيدى، «ئۇ» - دىڭ  
 ەرجەسى ئاقىرىبتى «ئۇ» مەن «ئۇ» - دى بىرىنەن ئېمىن اىمىر جاتباي  
 اق «ئۇ» ورنىنادا «ئۇ» جازغان قولايلى : «ئۇ» مەن «ئى» كومەسكىلەنەن  
 كەلگەن جەردە «ئۇ» جازغان دۇرسىراق بولادى، ئېمىز دىڭ قازاق تىلىندە  
 «ئۇ» وزگەرىپ «ئى» - عا اينالىپ بارادى؛ قىمىز تىلىندە «ئۇ» ساققالعان :  
 ئېمىز دىڭ «ئۇشىن» - دى قىمىزدار «ئۇچۇن» دەيدى، «ئوقى» - نى «ئوقۇ» -  
 دەيدى؛ دۇرسى قىمىزشا بولمۇغا ئېمىس؛ «ئوقۇ» «جازىئۇ» لارداعى «ئۇ»  
 دىڭ الدىنداعى داۋىستى دېمىستى «ئى» مەس «ئۇ» - دەگەننەن ارتىق قانا  
 بولمايدى، - دۇرسىنىڭ ئوزى «ئۇ» بولمۇغا كەرەك: ەتسىكتىڭ 2 نىشى  
 جاق جىكتەۋى «سىڭ» بولسىن دەگەن دۇرسى، - «سىن» - بىلىك رايىدنىڭ  
 ئۇشىنىشى جاق جىكتەۋى («ئوقىسىن» «جازسىن»)، 2 نىشى جاق جىكتەۋىنىڭ  
 «سىڭ» بولمۇ ئجون. «ب» نى قالدىرىپ «پ» جازىئۇ ورنىسىز، «ب»  
 ئۇيىقتالىپ كەلگەندە «پ» بولمىپ ەستىلەيدى، «ب» بولمىپ ەستىلەدى،  
 «بولمىپ»، «كەلمىپ»، «كوب» سىقىلدى سوزدەردە، «ب» ئۇيىق بۇۋىنىڭ  
 سوڭى دېمىسى بولا تۇرىپ «پ» بولمىپ ەستىلەيدى «ب» بولمىپ ەستىلەدى.  
 سامات ۇلى مۇقتار: اراپنىڭ ئورت ئارىپىن الېبىدەن شىعارىۋىدنىڭ  
 ئجونى جوق، - ول ئورت ئارىپ بىزدەن باسقا تۇرىكتەردىڭ بارىندەدە  
 بار، - ولار ول ئورت ئارىپتى ئوز الېبىلەرنەن شىعارمايدى، ول ئورت  
 ئارىپ بىزگەدە ئۇيرلىق قىلماۋغا ئېمىس، - ونىسىز باسقا تۇرىكتەردەن  
 ارمىز الىستاب؛ ئېمىمىز دىڭ جازىئۇمىزدى ئېمىمىز ئۇسىنا المايتۇن بولامىز.  
 تۇرعامباي ۇلى مانان: اراپنىڭ ئورت ئارىپى تۇۋرالى مۇقتاردىڭ  
 (سامات ۇلى) سوزىن قۇۋاتتادى. «ئۇ» دەپ جازىلاتۇن سوز بۇۋىندارىن  
 ئېمىر دېمىس دەپ ئېلىپ، ەكەۋىن ئېمىر ئارىپ بەن جازغان جەڭىل بولاتۇن  
 ايتىپ، سوعان ارناب جوبا شىعارىۋ كەرەك، ەڭ بولمىغاندا قالەل ايتقاندا  
 ونىڭ ەكەۋىندە «ئۇ» دەپ جازىئۇ كەرەك - دەدى.  
 مۇنان كەيىن گەشكى ماچىلىس جابىلدى.

## ۋىيەننىڭ 13 نىشى كۈنىگى ەرتەڭگى ماچىلىس.

ماچىلىس ەرتەڭگى ساعات 10 دا اشىلدى.

ماچىلىس اعاسى بوكەي - قان ۇلى الېي - قان - جازىئۇ ەرجەلەرنىڭ  
 چالپى جولى ئاقىرىبتى سوز سويلەۋگە نەكولاي بىبان ۇلى بۇۋوتوبسكىگە  
 سوز بەردى.

بوۋتوبىسكى: دىبىس جۇيەسىنىڭ جالپى زاڭدارىن؛ تۇرلى دىبىستاردى بىرىنەن بىرىنەن ولاردىڭ ايتىلىۋىنا، سىتىلىۋىنە قاراي ايرىۋعا بولاتۇنىن؛ چالماى ايتىلغان ەكى دىبىستىڭ بىرىنە بىرىنىڭ قانداي اسەر بەرەتۇنىن؛ سول سەبەبتەرمەن تۇرلى سوزدەردىڭ چۇرە كەلە وزگەرب كەتۋ مۇمكەندىگىن؛ سوزدىڭ وزگەرىۋىنە سوزدىڭ ەكىپىنى قانشالىق اسەر بەرەتۇنىن، - ايتىپ كەلىپ: بىز ويىمىزدى سوزبەن بەلەنمىز؛ سوزدى جازىۋ مەن بەلەنگىلىي الامىز؛ دۇرىسىندا سوزدىڭ ۇزى ويدى تۇگەل جەتكىزە المايدى، جازىۋ سوزدىدە تۇگەلى مەن بەينەلەي المايدى؛ سوز ويدىڭ كۈلەڭكەسى، چازىۋ سوزدىڭ كۈلەڭكەسى؛ سوندا جازىۋ مەن ويدىڭ اراسىن سالد - سىتىرساق، - جازىۋ كۈلەڭكەنىڭ كۈلەڭكەسى بولمى شىعادى؛ دىبىس جۇيەسىنىڭ جوعارىدا ايتىلغان زاڭدارىنشا تۇرلى دىبىستاردى بىرى مەن بىرىنەن سالىتىرىپ تەكسەرسەك، - ۇقىماس دىبىستاردى بىرىنەن بىرىنەن ايرى تانىۋ مۇمكەن مەس دەرىلك قىيىن ەكەنىن بىلەمىز؛ مۇنان: ار سوزدىڭ وزىنە ۇدال كەلەتۇن چازىۋدىڭ مۇمكەن مەس ەكەنى نىسپاتتالدى - دەدى. سوندىقتان جازىۋ ەرەجەبىن تەكسەرگەندە جازىۋدىڭ دىبىس جۇيەسىنشە ۇدال - ما ۇدال دۇرىس بولمىۋ چاغىنا كوپ شۇغىلكانچۇدىڭ كەرەكى جوق، جازىۋدىڭ نەگىزى سوز جۇيەسىنشە دۇرىس بولسا دا جارايدى، ارپى دىبىسنا ۇدال كەلمەيتۇن سوز بولسا ونى سويلەمنىڭ تىزىلىۋىنە قاراي ايرىۋعا بولادى - دەدى. قارا قالقىنىڭ ۇداي دىبىس جۇيەسىنىڭ ۇتىستى زاڭدارىنشا وزگەرب، تۇرلى سوزدەردىڭ ايتىلمىۋ جىلدا ن جىلعا باسقاشا بولمى، بۇزىلا بەردى؛ ماسەلەن: ورسىشا «Церковь» «Ладно» «Котлеты» «Никита» «Сходно» سىقىلدى سوزدەردى قارا قالقى وزگەرتىپ بۇزىپ جىبەرگەن، - ول سوزدەردى ورسىنىڭ مۇجىعى «Черковь» «Сходно» «Ладно» «Котлеты» «Никита» - دەپ بۇزىپ ايتادى. ونداى سوزدەر تەك وقىعانلاردىڭ تىلىندە عانا بۇزىلماي تازا كۆيىندە قالب وتىر، - مۇنىڭ سەبەبى ورسىشا جازىۋ ەرەجەلەرى سوز جۇيەسىنشە بولماتىن، ولاى بولماي، جازىۋ دىبىس جۇيەسىنشە بولسا، بىزدىڭ كىتەپ ۇتىلىدە بۇقارانىڭ تىلىنشە بۇزىلىپ كەتەر ەدى - دەدى.

مۇنىڭ ۇستىنە بۇۋتوبىسكى ارپ ماسەلەسىندە سوز قىلىپ، قازاققا لاتىن ەلىپبىسىن الۋ كەرەك - دەدى. لاتىن ەلىپبىسىنە قارسى دالەلدەردىڭ ەڭ كۇشتىسى: ونى الساق، بۇرىن قازاقشا قات تانىتۇن ازاماتتار بىزدا قات

تائىمايتۇن بولسۇ ، ساۋاتسىز دىقتى ارتتىروب جىبەرەمىز - دەگەن قاۋىپ . ئىبراھىم مۇنىڭدا قىيىنىنى جوق : باتسا ۋكىمەتنى قۇلاغاننان كەيىن ورسىتىڭ جازىۋ مەرەجەلەرى وزگەرىپ ، بۇرىنچى لىپتىردىڭ ئىبر سىپراسى الپىيدەن شىعب قالدى ؛ ئىبراھىم ونان بۇرىن قات تائىمايتۇن كىسىلەر قات تائىمايتۇن بولسۇ قالغان جوق ، چاڭقا مەرەجەنى وپ - ۋىڭاي اق ۋىرەنىب الدى ؛ ارابشا الپىيدى تاستاپ ، لاتىن الپىيىن ئۇنىڭ قىيىندىقىدا سونداي اق بولغۇغا ئىپس دەپ سوزىن اياقتادى .

مۇنان كەيىن سوز بايتۇرسىن ۋلى اقمەتسكە بەرىلدى .

اقتە : جازىۋ ماسەلەسىن تەكسەرگەندە ، اۋەلى بھازىۋدىڭ نەگىزىن شىعب المۇ كەرەك : قازاق تىلىندەكى دىبىستارنىڭ قانداي كەنەن ، ونىڭ تاڭبالارى قانداي بولانۇنىن ، ولاردىڭ سوز ارا قالاي چىكتەلەتۇنىن اشىب المۇ كەرەك . ەلدەستىڭ بايانداماسىنىشا قازاق تىلىنىڭ 24 دىبىسى بار ؛ - لىپتىڭ ئورت ئارپى «ح» ، «ش» ، «ف» ، «ھ» - لەرمەن بەلگىلەنەتۇن دىبىستار قازاق تىلىندە جوق دەسەك ، - دىبىسىمىز 24 بولادى ؛ بۇل 24 دىبىستى ەلدەس ايتقانشا چىكتەسەك ، - تىلىمىزدىڭ دىبىس جۇيەسىنشە سىمىسىز بولادى . قازاقشا دىبىستاردى سولاي ، دىبىس جۇيەسىنە كەلتىروب چىكتەگەندە ، - «ۋ» مەن «ي» داۋىستى دىبىستارنىڭ تاپىنا كىرە المايدى ، داۋىسىمىز «ر» مەن «ل» - عا قوسىلىپ كەتەدى . «بالا» ، «كىسى» ، «كە» ، «وقى» - دەگەن سوزدەردىڭ اياغىنداى دىبىستارى داۋىستى ؛ «قار» ، «جۇر» دەگەن سوزدەردىڭ اياغىنداى دىبىستارى داۋىسىمىز «ر» ؛ «سۇۋ» «ساي» ، «جۇۋ» ، «ئىي» - دەگەن سوزدەردىڭ اياغىنداى دىبىستارى «ۋ» مەن «ي» . وسى سوزدەرگە ئۇرلى جالغاۋ ، چىكتەۋ جۇرناق تار جالغاب كورەيك :

I - داۋىستى دىبىس .

اۋاۋ :	بالا	كىسى
ملىك جالغاۋ :	بالانىڭ	كىسىنىڭ
بارس جالغاۋ :	بالاعا	كىسىگە
تاپس جالغاۋ :	بالانى	كىسىنى
چاتس جالغاۋ :	بالادا	كىسىدە
شىعەس جالغاۋ :	بالادان	كىسىدىن

كۈبىتىك چالغاۋ:	بالالار	كىسىلەر
تەستىك تۇبىرى:	ەگە	وقى
1 نىشى جاق:	ەگەيمىن	وقىمىن
2 نىشى جاق:	ەگەيسىن	وقىيسىن
3 نىشى جاق:	ەگەيدى	وقىيدى

## II - داۋىسىسىز «ر» .

اتاۋ	قار
بىلك چالغاۋ :	قازدىڭ
بارس چالغاۋ:	قارعا
تابىس چالغاۋ:	قاردى
جانىس چالغاۋ:	قاردا
شەمس چالغاۋ:	قاردان
كۈبىتىك چالغاۋ:	قارلار
تەستىك تۇبىرى:	جۇر
1 نىشى جاق :	جۇرەمىن
2 نىشى جاق :	جۇرەسىن
3 نىشى جاق :	جۇرەدى

## III - «ۋ» مەن «ي»

اتاۋ:	سۇۋ	ساي
بىلك چالغاۋ:	سۇۋدىڭ	سايدىڭ
بارس چالغاۋ:	سۇۋعا	سايعا
تابىس چالغاۋ:	سۇۋدى	سايدى
جانىس چالغاۋ :	سۇۋدا	سايدا
شەمس چالغاۋ:	سۇۋدان	سايدان
كۈبىتىك چالغاۋ:	سۇۋلار	سايلار
تەستىك تۇبىرى:	جۇۋ ،	عتىي

- 1 نىشى جاق: جۇۋامىن، تىيەمىن  
 2 نىشى جاق: جۇۋاسىن، تىيەسىن  
 3 نىشى جاق: جۇۋادى، تىيەدى.

مۇنان: دىيىس جۇيەسىنىشە «ئۇ» مەن «ي» - دىڭ داۋىسىسىز «ر» دان «ش» باسقالمى جوق، كەنى، كەئۇنىڭ دە داۋىستى دىيىستارغا قوسىلمايتۇنى سىپاتىنلادى. مۇنىڭ ۇستىنە قازاقشا «تاۋ»، «مۇيىز» سىقىلى سوزدەردى «بىر» سىپىرا تۇرىك قالقتارى «تاع»، «مۇگىز» - دەيدى؛ مۇنان «ئۇ» مەن «ي» - دىڭ ئاسىلى داۋىسىسىز كەنى سىپاتىنلادى.

«ق» مەن «ع» نىڭ «ك» مەن «گ» دەن ايتىلىۋى دا «ستىلىۋى دە باسقاشا» «ار قايسىسىنىڭ اۋزىدان شىعاتۇن ورنىندارى دا بىرىنەن «بىرى» وتە «ستىب» كەتكەن؛ بۇلاردى «بىرىنىڭ» «بىرى» جىڭشكە «تۇرى» دەۋ قىيىسىسىز.

«ب» مەن «پ» - نىڭ «رەجەسى» تاقىرىبتى قالەلدىڭ ايتقانى دۇرس، - «ب» تۇيىقتالىب كەلگەندە دە كۆيىنە «ب» بۆلمى «ستىلدى»؛ «ب» مەن «پ» - نىڭ «رەجەسىن» «تىل قۇرالشا» قالدىرىغان دۇرس.

2 نىشى جاقىتىق جىكتەۋ «سىن» بولماي «سىڭ» بولسىن دەگەن قىيىسىسىز:  
 1 نىشى جاقىتىق جىكتەۋ، تاۋەلەۋلەر «م» بولغاندا، «انا»، 2 نىشى جاقىتىق جىكتەۋ «ك» بولادى؛ 1 نىشى جاقىتىق جىكتەۋ «مىن» بولغاندا «غان» سايكەس 2 نىشى جاقىتىق جىكتەۋ «سىن» بولۇغا «تىيىس»؛ «مىن» - نىڭ ئاسىلى «مەن»، «سىن» - نىڭ ئاسىلى «سەن» بولۇغا كەرەك، - بۇلاردىڭ اياغىندى «دىيىستارى»، «ك» مەس، «ن»، سوندىقتان «سىن» - دى «سىڭ» دەپ جازىۋدىڭ «جۈنى» جوق. قالقتىڭ «ئۇزىندا» «بىر» سىپىرا جەزىلەردە «سىن» دەمەي «سىڭ» دەيدى - دەگەن دالەل مەس، «تىلدىڭ» نەگىزكى «رەجەلەرىن» بۇزىپ، قاتادان ايتىلغان «سوز» «تۇرىن» «لىكتەۋ» - قىيىسىسىز.

«لەس» شىعارىۋغا «يىغارىغان» «تورت» «ارپىنىڭ» قازاق تىلىندە ساققالىۋغا «ازدا» بولسا «قىسى» بارى «ھ»؛ «ۋىتكەنى» «ھ» دىيىسى مەن ايتىلغان «قازاقتىڭ» «وز» تىلىندە «ازدا» بولسا «سوزدەر» بار. ماسەلەن: «!ا!» «!ۇ!» دەگەن «ودا» «ايلاردان» تۇۋان «امىلماق»، «ۋەمىلەمەك» سىياقتى «سوزدەر» «تۇرلى» «تۇرپات» «تۇرلەرى» «جالاۋلارى» مەن. باسقارلارنىڭ ساققالىغانداي قازاق تىلىندە «قىسى» جوق. سوندىقتان «ھ» دەن باسقارلارنى ساقتاۋ كەرەك دەۋ ورنىسىز.

قالەلدىڭ «ى» مەن «ۇ» نىڭ قايسىسى كەنەن ايتىرىۋغا دۇدەمال بولغان

جەردە «ۇ» جازىۋ قولايلىراق دەۋىنىڭ مانىسى مەن ئۇ : دىيىشى ايتاردا  
 اۋزىمىزنىڭ سوزدى ايتىۋغا قاتىساتۇن مۇشەلەرىن سول دىيىشىنىڭ ايتىلىۋىنا  
 ئىكەنلىكىمىز. دىيىشى ايتىقانداعى اۋز مۇشەسىنىڭ قالپى بىرىنە مېرى  
 چاقىن بولسا، دىيىشتاردا چاقىن ۇقساس بولىب شىعادى. ماسەلەن: «ئانى»،  
 «ئاسى»، «قورى»، «توقى»، «قۇرى»، «مۇجى» دەگەن سوزدەردى ايتىب قواساق،  
 اۋەلگى ەكى سوزدىڭ اياغىنداغى «ى» ايتىلىپ تۇرىدۇ. مۇندا اياغى  
 «ى» ما؟ «ۇ» ما؟ دەپ كۇماندا ئىپتىدائىيەت. ولاي بولاتۇن سەبەبى: بۇل سوزدەردى  
 ايتقاندا اۋز مۇشەلەرىنىڭ قالپىندا «ۇ» دىيىشىن ايتقاندا بولاتۇن قالپىندارىنا  
 ش مېرى ۇقساسى جوق. اۋز مۇشەلەرىنىڭ قالپى دا ايتىلاتۇن ورىندارىدا  
 باسقا بولغاندىقتان، دىيىشتارنىڭ اراسىندا ۇقساستىق جوق. ونان كەيىنگى  
 ەكى سوزدى الساق، بۇلاردىڭ اياغىنداغى دىيىشى «ى» ما، «ۇ» ما دەگەن  
 دۇدەمەللىق پايدا بولىب، سەزىلە باستايدى. سەبەبى - «و» نى ايتقاندا  
 ەرىمىزدى سوزنىڭ قىرئاب ايتامىز؛ «ۇ» نى ايتقاندا ەرىمىزدى سوزىب  
 ايتامىز. اراسىنداغى ايتىرىمى سول - بىرىن ايتقاندا ەرىن از سوزىلادى.  
 اۋا تاماقتان ەركىن چىعادى، ەكىنچىسىن ايتقاندا، ەرىن كوپىرەك سوزىلىپ  
 اۋا قىسىلىڭقىراغان تاماقتان شىعادى. «و» مەن «ۇ» اۋز مۇشەسىنىڭ ۇقساس  
 قالپى مەن ايتىلغاندىقتان دىيىشتارىندا ۇقساستىق بار. «و» غا بىكەمدەلگەن  
 اۋز مۇشەسى «ى» نى ايتىۋغا كىرسەكەندىكىتەن، «ى» غا «ۇ» نىڭ دىيىشىنا  
 ۇقساس ۇڭ بەردى. سوندىقتان «ى» نىڭ ەستىلىمى دۇدەمال بولىب شىعادى.  
 سۆڭمى ەكى سوزدى الساق، مۇندا «ى» ما، «ۇ» ما، دەگەن دۇدەماللىق  
 كۇشتى. قاتتا «ى» مەس «ۇ» دەپ ايتىۋعا دا بولادى. مۇنىڭ ولاي بولاتۇن  
 سەبەبى - «ۇ» نى ايتىۋغا بىكەمدەلگەن اۋز مۇشەسى «ى» نى بارىب ايتقاندا  
 «ى» «ۇ» سىياقتى بولىب ەستىلىۋەن. ەگەردە ونداي ورىنداردا «ى» جازباي  
 «ۇ» جازىۋ كىرەك دەلىنسى، مەن وعاندا قارسى مەسەبىن. مېىراق ولاي  
 بولغاندا ايتاتۇن مەن: «قورى»، «توقى»، «قۇرى»، «مۇجى» دەگەن سوزدەردى  
 «قورۇ»، «توقۇ»، «قۇرۇ»، «مۇجۇ» دەپ جازاتۇن بولساق، بۇلاردىڭ زات  
 ەسىمگە اينالغان سوزىدە تاۋەلدەۋ سوزلەرى دە سول جون مەن «ۇ» ارقىلى جازىلىۋ  
 ەتتىس بولادى، - قورۇۋ، توقۇۋ، قۇرۇۋ، مۇجۇۋ (زات - ەسىمگە  
 اينالغان سوزى)، قورۇۋۇ، توقۇۋۇ، قۇرۇۋۇ، مۇجۇۋۇ (تاۋەلدەۋ سوزى)  
 دەپ جازىۋ كىرەك بولادى؛ ۇنىكەنى - جالەمىز «ۇ» نىڭ اسەرىنەن «ى»  
 «ۇ» غا اينالىب كەتتى دەسەك، «ۇ» مەن «ۇ» ەكەۋنەن كەيىن «ى» ساقتالادى.

دەۋگە ورىن جوق: «ى» مەن «ۋ» دۇدەمال تالاس بولغاندىقتان كەۋىنىڭ تاڭداپ، قاي قولايلىسىن ئالۋىسىز كەرەك. «ۋ» قولايلى دەسەك، جوعارىدا كۆرسەتىلگەنشە جازامىز. «ى» قولايلى دەسەك، جوعارىداغى سوزدەردى بۇلاي جازامىز: «قورىۋ»، «توقىۋ»، «قۇرىۋ»، «مۇجىۋ» (زات - سىنىگە اينالغان تۇرى)، «قورىۋى»، «توقىۋى»، «قۇرىۋى»، «مۇجىۋى» (تاۋەلدەۋ تۇرى).  
 اقمەتتەن كەيىن سوز شونان ۇلى تەلجانغا ەتتىدى.

تەلجان: باياندامدا كۆرسەتىلگەن جوبالاردىڭ «ۋ» مەن «ى» دەن باسقارلارنا داۋىم جوق، ەبىراق قازاق تىلىندە داۋىستى ۇزىن «ۋ» مەن ۇزىن «ى» جوق دەۋ قاتا. اقمەت بەن ەلدەس، جالعاۋ، جۇرناقاردىڭ تۇرلەرىن دالەل قىلىپ «ى» مەن «ۋ» داۋىستى دىبىستار تابىنا قوسىلا المايدى دەيدى. «ۋ» مەن «ى» دىڭ داۋىستى دىبىستارغا قوسىلاتۇن جەرىدە بار. قوسىمايتۇن جەرىدە بار. بىلك جالعاۋ، تابىس جالعاۋلار «ۋ» مەن «ى» گە - «دىڭ»، «دى» بولىپ جالغاناتۇنى راس، بىراق «لىق»، «لى» سىقىلىق جۇرناقتار، كوتىڭ جالعاۋ «لار»، بارىس جالعاۋ «عا» - بارىدە - «ۋ» مەن «ى» گە جالغاناندا داۋىستى دىبىستارغا سايكەس تۇردە جالغانادى: «سۇۋ»، «ساي» دەگەن سوزدەرگە سول جالعاۋ، جۇرناقتاردى جالعاۋ «بالا»، «كىسى» دەگەن سوزدەردىڭ جالعاۋ جۇرناقتارى مەن بىردى بولادى.

سۇۋ،	ساي،	بالا،	كىسى.
سۇۋلىق،	سايلىق،	بالالىق،	كىسىلىك.
سۇۋى،	سايلى،	بالالى،	كىسىلى.
سۇۋلار،	سايلىر،	بالالار،	كىسىلەر.
سۇۋعا،	سايغا،	بالاعا،	كىسىگە.

بۇل جالعاۋ، جۇرناقتاردىڭ بىردەيلىگى: «ۋ» مەن «ى» - دىڭ داۋىستى كەننە دالەل. اقمەت «ۋ» مەن «ى» - دىڭ داۋىستىز دىبىستار مەن ورتاق جالعاۋلارنى كۆرسەتىپ، ول ەكى دىبىستى داۋىستىز دەيدى. مەن «ۋ» مەن «ى» - دىڭ داۋىستى دىبىستار مەن دە ورتاق قاسىدەتى بار كەننە كۆرسەتىپ وتىرمىن.

«ۋ» مەن «ى» داۋىستىز دەۋدىڭ قىيىنىنى فاندای بولسا، ونى داۋىستى دەۋدىڭ قىيىنىنى دا سونداي؛ مۇنىڭ ۇستىنە «ۋ» مەن «ى» - دىڭ سوزىپ ايقايلاپ ايتۇعا كەلدەنۇن قوسساق، - «ۋ» مەن «ى» دى داۋىستى

دېبىس دەۋدىڭ دالھلى باسمى بولمىش شىعادى . داۋىستى ۋىزىن «ۋ» مەن ۋىزىن «ي» قازاقتان باسقا تۇرىك قالماقتارىنىڭ بارىندەدە بار؛ قازاق ئەتىلىن باسقا تۇرىكتەردىڭ تىلىنەن بولمىش الب، بىزدە داۋىستى «ۋ» مەن «ي» جوق - دەۋ قىيىنىسىز . «ۋ» مەن «ي» دىڭ جازىۋ مەرەجەسىن جەڭگىلىك ئاجىمان تەكسەرسەك : بالالاردىڭ مىيىنا قونبايتۇن ناعىز شاتاق مەرەجە وسى بولمىش شىعادى. «قۇۋىۋ» «جۇۋىۋ» سىقىملىق سوزدەردى، ەلدەستىڭ ۋىسنان جوباسنىشا جازساق، قاتارنان بەس «ۋ» جازىۋىمىز كەرەك بولادى؛ بۇل وتە قىيىن؛ بۇل قىيىندىق، مېر «ۋ» - دى ەكى دېبىس دەپ، ەكى ارىپ بەن جازعاننان بولمىش وتىز. مېر دېبىس بولمىش سىتىلەتۇن ۋىزىن «ۋ» مەن ۋىزىن «ي» - دى مېر ارىپ بەن جازاتۇن بولساق - جازىۋ جەڭگىلىك مەندى .

ارابىي ۇلى بىشانعالىي : مېزدىڭ شىعارىپ تاستايمىز دەپ وتىرعان ئورت ارىپ، باسقا تۇرىك قالماقتارىنىڭ بارىندەدە بار. ولار مېرىنىڭ كىتەبىن مېرى وقماي وتىرا المايدى. ول ئورت ارىپتى الببىيدەن شىعارىپ تاستاساق، مېز باسقا تۇرىكتەردىڭ جازعانن مۇلدە وقىي المايتۇن بولامىز، ولار مېزدىڭ ادبىيەتىمىزدى دە وقىي المايتۇن بولادى. بۇل ۇلكەن قاتا. ئورت ارىپتەن جىيەنەنەۋ كەرەك؛ ونى مەن قازاقشا سوزدەردى جازبايتۇن بولساق دا، ونى الببىي كىتەبىنە كىرگىزىپ، جات تىلدەر مۇشۇن قولدانىتۇن ارىپتەر رەتىندە بالالارعا تانىستىراتۇن بولمۇ كەرەك .

ۋىزىن «ۋ» مەن ۋىزىن «ي» قازاق تىلىندە جوق دەگەنگە ۋىزىن تۇسىنە المايمىن. كۆپ جىل مۇعالىم بولمىش بالا وقتىب كوردىم: بالاغا «ۋۇ»، «ۋۇ»، «يى» - دەگەن ار قايسىسى ەكى دېبىس دەپ تۇسىندىرىۋ قىيىن. تىلدىڭ زاڭى، عىلىم جولى دەپ، جازىۋدى قىيىن تىب الب جۇرمەيىك، «ۋ» مەن «ي» - دىڭ جازىۋ مەرەجەسىن جەتە تەكسەرىۋ كەرەك. قاهەل، - ەكىنشى رەت شوز الب مەنانى ايتتى : ارىپتەڭ ئورت ارىپىن قازاقشا الببىيدەن شىعارىۋ كەرەك. «ۋ» مەن «ي» - دىڭ مەرەجەسىن وزگەرتىۋگە بولمايدى، اقمەتنىڭ كەلتىرگەن دالەلدەرىنەن اسىب كەتمۇ مۇمكىن مەس. 2 نىشى جاقىتق جىكتەۋ «سىن» بولماي، «سەڭ» بولمۇ كەرەك: قالقتىڭ اۋزىندا كوپىنە، «سىن» مەس، «سەڭ» دەلىنەدى، - ونى مەن ساناسباسقا بولمايدى. «ي» مەن «ۋ» كومەسىكىلەنمىش سىتىلگەن جەردە، «ي» جازباي «ۋ» جازعان دۇرس: ونداى دېبىستاردىڭ اسىلى



«ۋ»؛ ماسەلەن «ۋىشىن» دەگەن سۆزدى «ۋشۇن» دەپ جازساق  
 جۇرسىراق بولادى.

دۇۋلات ۋالى مىرجاقىب: ارابتىڭ تورت ئارپى ئاقىرىبتى بىشانئەلىمىدىڭ  
 سۆزىن قۇۋاتتاپ، ول تورت ئارابتىڭ ئالبىيدەن شىعارىلماۋىن-تەلەدى.  
 جولىدىباي ۋالى مولداغالىمى: ئىلىدىڭ زاڭى، ئىلىدىڭ بۇزىلماۋ  
 شارالارى سىقىلدى دالەلەرگە توقتاۋ كەرەك. مىرجاقىپنىڭ تورت ئارپ  
 خازاققا كەرەك دەپ وتىرعانى قىيىنسىز. ايتىس جەتەكلىكتى  
 بولدى؛ بايانداۋشىغا اداقنى سۆز بەرىپ، اڭگىمەنى  
 جوعارىۋ كەرەك.

ئماجىلىس اعاسى سۆز سۇراغان كىسى جوق كەنن چارىيالاب،  
 بايانداۋشىغا قورىتىندى سۆزىن سويلەۋگە كەزەك بەردى.

ئەلەسى قورىتىندى سۆزىندە مىنانى ايتتى:

ورىسشا جازىۋ ەرەجەسى سۆز جۇيەسىنشە؛ ورىسشا سۆزدىڭ  
 تۇبىرى وزگەرىپ وتىراتۇن بولغان سوڭ: ورىسشا تۇۋىندى سۆز بەن  
 تۇبىر سۆزدىڭ سۇگىرەتى بىردەي دە ايتىلۋى (ستىلىۋى) باسقاشا  
 بولادى؛ سوندىقتان ورىسشا جازىۋ دىبىس جۇيەسىنشە دۇرس بولماي  
 شىعادى. بۇۋ توبىسكىيدىڭ: جازىۋ دىبىس جۇيەسىنشە دۇرس بولمىۋى  
 مۇمكىن مەس دەپ وتىرعانى سونان-، ورىسشا جازىۋدىڭ سۆز جۇيەسىنشە  
 بولمىپ، سۆزدەرى تۇبىرى مەن قوپارىلىپ وزگەرەتۇن بولغانان. ئىپراق،  
 بۇۋ توبىسكىيدىڭ ايتقاننا ەرىپ، قازاقشا جازىۋدىڭ دا دۇرس بولمىۋى  
 مۇمكىن مەس دەپ- بىلىۋىدىڭ جۇنى جوق. قازاقشا سۆزدىڭ تۇبىرى  
 وزگەرمەيدى،- تۇۋىندى سۆزدىڭ تۇبىرى جەكە تۇبىر مەن بىردەي  
 بولمىپ ايتىلادى. سوندىقتان قازاقشا دىبىس جۇيەسىنشە جازىلغان سۆز-  
 سۆز جۇيەسىنشەدە دۇرس بولمىپ شىعادى. جازىۋدىڭ سۆز جۇيەسىنشە  
 بولمىۋىنىڭ ارتىق جەرى: وقىي، جازا بىلەتۇن كىسى، جازىلغان سۆزدى  
 جەلەپ وقىمايدى، بۇتىن سۇگىرەتىن بىردەن كورىپ تانىپ وقىيدى؛  
 جازىۋشى تۇۋىندى سۆزدى جازغاندا،- ونىڭ تۇبىرىنىڭ سۇگىرەتىن  
 سىندە تۇتىپ، تۇۋىندى سۆزدى تۇبىرىنە ۇساتىپ جازادى؛ تۇۋىندى  
 سۆزدىڭ ايتىلۋى تۇبىردەن باسقاشا بولمىپ، جازىۋ ەرەجەسى دىبىس  
 جۇيەسىنشە بولغان كۇندەدە،- جازىۋشى كوپىنە قاتاسىپ، تۇۋىندى سۆزدى  
 تۇبىرگە ۇساتىپ قويايدى؛ ماسەلەن: بىز «ئۇن» دەگەن سۆزدى اللىنا

دايەكشى قويىپ جازىب ۇيرەنگەنبىز ، «تۇندىك» دەگەن سوزدىڭ جۇرناغىندا جىڭشىكە «ك» بولغان سوڭ وعان دايەكشىنىڭ كەرەكى چوق، سۇيتسەدە ، «تۇندىك» تى باستاپ جازغاندا ، ونى تۇبىرىنە ۇساتىپ ، قاتاسىب الدىنا دايەكشى قويىپ قويامىز. وسىنداي قاتا بولماۋ ۇشىن ورسشا جازىۋ مەرجەسى سوز جۇيەسەنشە بولغان . بىراق جازىۋدىڭ بۇلاي سوز جۇيەسەنشە بولۇشنىڭ قولايىسىز جاعىدا از مەس . بۇۋ توبىسكىي : بۇقارا ئىلىكى بۇزىپ بارادى ، ورسشا ادەبىيەت ئىلىكى جازىۋدىڭ سوز جۇيەسەنشە بولغانى سەبەبتى عانا ، بۇزىلماي امان ساقالمىپ كەلەدى - دەيدى . بۇۋ توبىسكىينىڭ مۇنىسى قاتا . ئىلىكىڭ تەتىگى سول ئىل مەن سويلەيتۇن ەلدە ، - بۇقارادا . ەلدىڭ ئىلىكى ، سىرتتان بىر توتەنشە سەبەب بولماسا ، - ەركى مەن وزگەرىپ ، وركىندەي بەرىۋگە ئىمىس . ماسەلەن قازاق ئىلىكى شولاي وزگەرىپ ، دىبىستازى تاپىپ تاپقا بولمىنىپ ، بىرىنەن بىرىنىڭ جىگى اشىلىپ شىققان ، - قازاق ئىلىكىنىڭ ولاي وركىندەۋىنە سىرتتان بوگەۋ بولغان چوق ، - ئىلىكىڭ بۇل وزگەرىسەن سەبەب بولغان : سول ئىل مەن سويلەگەن ەل ، سول ەلدىڭ تۇرمىسى . نوعاي ئىلىكى ولاي وزگەرگەن چوق ، نوعاي ئىلىكىنىڭ دىبىستازى بىرىنەن بىرىنىڭ جىگى اشىلماعان ، - ونىڭ سەبەبى جازىۋ ، ادەبىيەت ؛ بۇۋ توبىسكىيشە ايتقاندا ، - جازىۋدىڭ ارقاسىندا نوعاي ئىلىكى ، قازاق تىلىندەي ، بۇزىلماي امان قالغان - دەۋگە بولادى . دۇرىسنىڭ قازاق ئىلىكى بۇزىلغان چوق ، - ەركى مەن وزگەرىپ وڭدەلىپ شىققان نوعاي ئىلىكى ولاي ەركى مەن وزگەرە الماي ، جازىۋ - ادەبىيەت بەن شەگەلەنىپ قالغان . جازىۋدىڭ ، ادەبىيەتنىڭ قىزمەتى : ئىلىكىڭ وزگەرىسەن سەبەب بەرىۋ مەس ، سول وزگەرىستەن قالماي ەرىپ وتىرىۋ ، - بولغان وزگەرىستى قاتتاب تاڭبالاب وتىرىۋ . ئىلىكىڭ ەسكى تۇرىن ۇستاپ المىپ ، سونان ايرىلماي ، جازىۋدان بولغان وزگەرىستى ، ئىلىكىڭ بۇزىلغانى دەپ ئۇسۇنىپ ، قابىل الماي وتىرعان جازىۋ ەلدىڭ تىلىنە سالغان بۇعاۋ سەبەب بولادى . ورنىستىڭ جازىۋى ، دۇرىسنىدا ، بۇۋ توبىسكىي ايتقان قالىبتى ئىلىكى وزگەرىستەن امان المىپ قالىپ وتىرعان چوق ، بۇقارانىڭ تىلىنە بۇعاۋ بولىپ وتىرعان چوق ، - ئىلىكىڭ وزگەرىسەن ەرىپ ، بولغان وزگەرىستەردى قاتقا ئۇسىرىپ تاڭبالاب كەلەدى . ورسشا «Я», «Ю» - دەگەن ارپىتەر اۋەلدە «يا» ، «يو» بولمىپ ار قايسىسى 2 دىبىستىڭ تىزبەگى بولىپ وقىلاتۇن ؛ جۇرە كەلە ورسىنىڭ ئىلىكى (دىبىس جۇبەسى) وزگەرىپ ؛ بۇلاردىڭ ار قايسىسى بىر دىبىس

بولىپ، «ا»، «و» بولىپ ايتىلاتۇن بولدى. ورسشا جازىۋ، بۇۋتوبىسكىي ايتقاندا، «ئىلىكى وزگەرتبەي امان ساقتايتۇن بولسا: ورسشا „Пять“ „Няня“ سىقىلىدى سوزدەر „Я“ نىڭ اۋەلدەگى مانىسىنىشە: «ئىپىت» «ئىنيانیا» بولىپ وقىلىۋعا «ئىپىس» ەدى؛ جازىۋ «ئىلىكىڭ وزگەرسىنىپ قالسىپاي ەرب وتمرغانى سەبەبتى بۇل سوزدەر وسى كۇزگى ايتىلىۋىنشا، „Я“ سى «ا» گە ۇساب وقىلادى. ورسشا „Сон“, „Весь“ دەگەن سوزدەر بۇرىن „Сънъ“, „Въсь“ دەپ جازىلادى ەكەن، - ايتىلىۋى «سىن»، «ئىپىس» (ورسشا „В“ دىپىسى «ب» مەن كورسەتىلگەن) بولغان ەكەن؛ چۇرەكەلە ورسشنىڭ «ئىلىكى وزگەرىپ، بۇل سوزدەر وسى كۇنگىسىندە ي „Сон“ „Весь“ بولىپ ايتىلاتۇن بولغان؛ جازىۋ ول وزگەرىستى قاتقا «تۇسۇرپ، وزگەرگەن سوزدەردى وزگەرگەن كۇيىندە جازاتۇن بولغان. جازىۋ، ادەبىيەت، ۇز مىندەتەن دۇرىس اتقاراتۇن بولسا، - وسىلاي «ئىلىكىڭ وزگەرسىنىپ قالسىپاي ەرب وتمرىۋعا «ئىپىس»؛ جازىۋ قالقىنىڭ اۋزىندا بولغان وزگەرىستى، بۇۋتوبىسكىيشە، «ئىلىكىڭ بۇزىلغانى - دەپ، قابىل الماي وتمراتۇن بولسا، - ونداي جازىۋدىڭ پايدىلىنىپ زىيانى ارتىق بولادى: ونداي جازىۋ «ئىلىكىڭ ەركى مەن وزگەرىپ بىلگەرى باسۇنبا بوگەۋ بولادى؛ - ول بولماغان كۇندە، - ادەبىيەت «ئىلىكى بۇقارانىڭ تىلىنەن باسقاشا قىلىپ، ەكەونىڭ اراسىن المىستانىپ جىبەردى.

«ماجىلىس اعاسى ساعات 2 بولدى دەپ، ەلدەستىڭ قالغان سوزىن كەچكە قالدىرىۋعا ۇيىلادى.

## ۋىيەنىڭ 13 نىشى كۇنىگى كەشكى «ماجىلىس».

«ماجىلىس اعاسى: قورىنىدى سوزىن اياقتاۋ «ۇشىن ومارۇلى ەلدەسكە سوز بەردى.

ەلدەس: جازىۋدىڭ سوز جۇيەسىنىشە بولمىۋى جازىۋعادا، وقىۋعادا چەكىل بولمىۋى، اس؛ «بىراق سوز جۇيەسىنىشە بولغان جازىۋ دىپىس جۇيەسىنىشە دە دۇرىس بولمىۋى شارت. قازاقشا سوزدىڭ «تۇبىرى وزگەرمە يتۇن بولغان سوك، «بىزدىڭ دىپىس جۇيەسىنىشە جازىۋعانىمىز سوز جۇيەسىنىشە دە دۇرىس بولادى. قازاقشا جازىۋدىڭ «سوز جۇيەسىنىشە دۇرىس بولمايتۇن جەرلەرى بار، دۇرىسىندا، ونداي سوز جۇيەسىنە كەلمەيتۇن ەرەجەلەرىمىز - دىپىس جۇيە-

سېنىشەدە دۇرسەمەس. ماسەلەن ھېز بۇل كۆزگە شەيىن «ى»نى بېتېۋۇ بۇۋىندا جازباي ، «ئىيى» ، «قارىز» سېقىلىدى سوزدەردى «ئىيى» ، «قارز» دەپ جازىب كەلمەز ، - سۈيۈتە تۇرا ، «ئىيى» ، «قارىزى» دەگەن سوزدەردى جازعاندا ، بېتېۋۇ بۇۋىن اشلىكى دەپ ، تۇبىرىندە جازىلمائتۇن «ى»نى جازامز ، - سوزدىڭ سۇگىرەتتى تۇبىرىنەن باسقاشا بولمىش شىعادى ، - جازىۋۇ سوز جۇيەسىنىشە دۇرس بولمايدى ، سوندىقتان ونداي سوزدەردىڭ جازىلىۋىدا وقىلمۇدا قىيىن بولادى . ھېزىڭ جازىۋىمىزدىڭ بۇلاي سوز جۇيەسىنىشە بولماي وتىرعان سەبەبى : ونىڭ دېيىس جۇيەسىنىشەدە دۇرس بولماغاننان ، - ئىلىدىڭ زاكىندا كەلمەيتۇن بېتېۋۇ بۇۋىن ەرەجەسىنىڭ كەسىرىنەن . بېتېۋۇ بۇۋىن ەرەجەسىن بۇزىپ ، «ى»نىڭ جازىلىۋىن دېيىس جۇيەسىنىشە قىلىپ شىعارساق ( «ى»نى بار جەرىندە قالدۇرماي جازىب وتىراتۇن بولساق ) : «ئىيى» ، «قارىز» سېقىلىدى سوزدەردىڭ جازىلىۋى سوز جۇيەسىنىشەدە دۇرس بولمىش شىعادى ، - جازىۋۇدا ، جازىلغاندى وقىۋدا جەڭگىلىكەندى . جازىۋۇدىڭ وسىلاي سوز جۇيەسىنىشەدە دۇرس ، دېيىس جۇيەسىنىشەدە قايشى كەلمەيتۇن بولسا ، - جەڭگىل بولاتۇنن ويلاب ، مەن : «تۇبىرى دايە كىشى مەن جازىلاتۇن سوزدەرگە ئىشىندە «ە» ، «ك» ، «گ» دېيىستارى بار جۇرناق جالغاۋلار قوسىلغاندا ، دايە كىشى قالماي جازىلاتۇن بولسىن ، تۇۋىندى سوزدىڭ سۇگىرەتتى تۇبىردەن باسقاشا بولماسىن دەپ «دېم . ھېلىم كەڭەسى ، ولاي بولغاندا دايەكىشى مۇلكە كۆبەيىپ كەتەدى . دەپ ، مەنىڭ ول جوبامدى قاپىل المادى .

ھۇزىن ، ەسكى تۇرىك تىلىندە «ى» نىڭ ورنىنا كۆبىنە «ۇ» دېيىسى ايتىلاتۇن بولغان . ھېراق جۇرە كەلە قازاق ئىلى باسقا تۇرىك تىلىنەن جىڭى ئىشلىپ ، «ۇ» دېيىسى بار سوزدەردىڭ كۆبى «ى» مەن ايتىلاتۇن بولغان . بۇل قازاڭ تىلىنىڭ ۇزەركى مەن بولغان وزگەرسى ؛ ول وزگە رسكە قارسى بولمىش ، ەسكىلىك قىلىۋىدىڭ جۇنى جوق ، - بولغان وزگەرسىتى سوزسىز قاپىل المىب قاتتاب وتىرىۋ كەرەڭ . قازاق تىلىندە «ۇ» وزگەرىپ «ى» بولمىش بارا جاتقاندى سەبەبى ، - «ى» مەن «ۇ» نىڭ كۆمەسكى ەستىلگەن جەرىندە «ۇ» نىڭ ورنىنا «ى» جازاتۇن بولساق : جازىۋىمىز ئىلىدىڭ وزگە رسىنىڭ جۇنىنە ەدال كەلمەيدى .

2 نىشى جاقتىق جىكتەۋ «سىن» يا «سىڭ» ەكەنن ، جالىپى بۇقارانىڭ ايتىۋىنا قاراي ، شەشۋ كەرەڭ ئىلىدىڭ زاكىن اشۇ ۇشىن ، ونىڭ تۇرلى مانىسىن ھېلىۋۇ ۇشىن : بۇقارانىڭ اۋزىنداى سوز تۇرلىرىن تەكسەرىۋ

كەرەك. «ئىلىدىكى زاڭى مىناداي، بۇقارانىڭ سۆزى دۇرس مەس» سۆزدىكى تۇرىن ئىلىدىكى زاڭىمىنا كەلتۈرۈپ تۈزەيمىز» دەۋ قاتا. ولاي بولغان كۈندە: بۇقارانىڭ تىلىنە قارسى زاڭ دەگەنمىز. ئىلىدىكى زاڭى مەس، تەك وي مەن جورىب شىعارغان زاڭ بولدى. ئىلىدىكى زاڭىمىنىڭ تەتىگى - جالىپى بۇقارانىڭ ئۆزىندىكى ئىلى، ونى ەلەمەي ويدان شىعارغان زاڭ - زاڭ مەس؛ جازىۋدى ونىداي زاڭغا سۆيەۋدىكى ئىلى جوق. 2 نىشى چاقىتىق چىكىنەۋ «سىڭ» بولسا ئىلىدىكى زاڭىمىنا كەلمەيدى - دەۋ قاتا؛ «سىڭ»غا قارسى زاڭ - جورامال زاڭ. «مىن» مەن «سىن» - نىڭ تۇرىلەرى «مەن» مەن «سىن» دەۋدە قاتا. «مەن جازامىن»، «سەن جازاسىڭ (سىن)» دەيمىز؛ «مىن» مەن «سىن» - نىڭ مانىسى «مەن»، «سەن» مەن «مىن» بولسا - ونى ەكى قايتا ايتباس ەدىك. «جازامىن» - نىڭ «مىن» ى «مەن» دەگەن ماغانادا بولۇشى مۇمكىن دە مەس: «جازامىن» ەكى سۆزدەن قۇرالغان، «جازا» مەن - دەسەك، «مەن» باستاۋىش، «جازا» بايانداۋىش بولمۇغا تەبىس؛ قازاق تىلىندە شى ۋاقىتتادا باستاۋىش بايانداۋىشتان سوڭ ايتىلمايدى، - قازاقشا سويلەمنىڭ بايانداۋىشى ەك سوڭىندا بولدى؛ «مىن» - نىڭ، باستاۋىش بولا تۇرىپ، بايانداۋىشتىڭ ارتىنان ايتىلۇشى مۇمكىن مەس. جورامال زاڭدى دالەل قىلىپ «سىڭ» دى جوعالتىپ جىبەرىۋىمىز زورلىق. ەلدىكى كوپى «سىن» دەمەيدى «سىڭ» دەيدى 2 نىشى چاقىتىق چىكىنەۋ «سىن» بولماي «سىڭ» بولۇ كەرەك. بۇقارانىڭ ئۆزىندا «سىڭ» - نىڭ سىپايى تۇرى «سىڭىز» بار؛ «سىز» جازاسىڭىز» دەيدى؛ «سىڭىز» - نىڭ ورنىنا «سىز» دەپ دە ايتادى؛ ئىلى جالىپى جۇرتتىڭ ئۆزىندىكى «سىڭىزدى» ئىلىدىكى زاڭىمىنا قارسى دەپ، جوعالتىپ جىبەرىۋىگە بولمايدى. ئىلىدىكى زاڭىمىن ويدان شىعارىپ، بۇقارانىڭ ئۆزىندىكى سۆز تۇرلەرىن سۇرىپتاي باستاساق: ئىلى وزىنە باسقا، ئىلىدىكى زاڭى دەگەنمىز تىلگە تۇك قاتىسى جوق ئوز الدىنا ئىلىر - دەپ بولمىپ شىعادى. تۇبىندە جورامال زاڭ ۇستەم بولمىپ شىقسا، - ەلدىكى ئىلى بۇزىلادى؛ ولاي بولماي، ئىلى امان ساقىتالىپ قالسا: ئىلىدىكى زاڭى دەپ ئۆزلەنمىپ چۇيەلەپ جۇرگەنمىز - زاڭ مەس ەرتەگى بولمىپ قالادى.

قازاقشا سۆزدىكى ئۆبىرى وزگەرمەيدى، سوندىقتان ئىلىدىكى دىبىس چۇيەسىنشە جازانمىز سۆز چۇيەسىنشە دە دۇرس بولمىپ شىعادى دەدىك، ئىلى بۇل زاڭغا (سۆزدىكى ئۆبىرى وزگەرمەيدى - دەگەن زاڭغا) كەلمەيتۇن بىرەن - ساران سۆزدەر بار؛ ول: «ق»، «ك»، «پ» دىبىستارى مەن

تىناتۇن سوزدەر؛ ونداى سوزدەرگە داۋىستى دىبىس بەن باستالاتۇن جالعاۋ جۇرناقى قوسىلغاندا «سوز اياغىنداى «ق»، «ك»، «پ» وزگەرىپ «ع»، «گ»، «ب» بولادى. «بىزنىڭ جازىۋىمىزنىڭ نەگىزى دىبىس جۇيەسى؛ «ق»، «ك» نىڭ جازىلىۋى دىبىس جۇيەسىنشە. «پ» نىڭ قاسىيەتى «ق»، «ك» بەن بىردەي، سوندىقتان، ونىڭ جازىلىۋى «ق» مەن «ك» نىكى سىقىلىدى بولىۋ كەرەك. بۇعان كۈنبەي، قالەل ايتقاندا، «سوز اياغىندا تۇيەتالىب كەلگەن «ب» دا، «پ» بولمىپ «ستىلەيدى»، كومەسكىلەنىپ «پ» دان كورى «ب» عا جاقىن بولمىپ «ستىلەدى» دەپ بىلسەك، «سوز اياغىنداى «ب» مەن «پ» نىڭ جازىلىۋى «تىل قۇرالىشا» بولمىن دەگەن مەن: جالعاۋ، جۇرناقى «ب» مەن «پ» نى دىبىس جۇيەسىنشە جازباي بولمايدى. «ب» مەن باستالاتۇن جالعاۋ جۇرناقى قاتاڭ دىبىسقا «پ» مەن باستالىپ جالغاندا، ونى «ستىلۋىنشە جازىۋىمىز كەرەك. مىسال: «بىز ا بىز»، «بىز اشپىز»، «قازبا»، «اسپا». جالعاۋ، جۇرناقى «ب» جازىلىۋىن دىبىس جۇيەسىنە كەلتىرمەي، «پ» ورنىنا «ب» جازىۋىمىز: قاتاڭ دىبىستارنىڭ دەرىس قاسىيەتىن ەلمەگەندىك بولادى، ونىڭ «جونى جوق».

مانان مەن مىر جاقىمنىڭ اراپنىڭ «تورت اراپنىڭ شىعارىلماسا: «تىل بۇزىلادى. ول قىيىنسىز، ول «تورت اراپ» بىيىدىن شىعارىلماسا: «تىل بۇزىلادى. ول «تورت اراپ» تۇرغاندا، قازاقنىڭ «وز» سوزى بولمىپ كەتكەن «اسان» «ۋسەن»، «زاۋرە»، «اكىم»، «باقىر» سىقىلىدى سوزدەردى مانان مەن مىر جاقىم: «خاسەن»، «خۇسەين»، «زوھىرا»، «خاكىم»، «باقىر» دەپ جازاتۇن بولادى؛ سونان سوڭ «تىل بۇزىلماي قويمايدى.

«سۇۋ»، «جازۇ»، «بىي»، «قىي» سىقىلىدى سوزدەردىڭ اياغىنداى دىبىستارى ورنىنىڭ داۋىستى ۇزىن «y» مەن «II» نە ۇساب «ستىلەتۇنى راس. «بىراق بۇل سوزدەرگە داۋىستى دىبىس بەن باستالاتۇن جالعاۋ، جۇرناقى جالغاساق: بىتەۋ بۇۋىنداى داۋىستى «ۋ»، «ى» - لار اشىق بۇۋىندا كەلىپ «لۇسىسىز «ۋ»، «ى» - لاردان ايرىلىپ شىعادى: «سۇۋات»، «جازىۋى»، «بىيىمىز» «قىيادى» - دەگەن سوزدەردە داۋىستى «ۋ» مەن «ى» دا، ولاردان سوڭى داۋىسىسىز «ۋ» مەن «ى» دا اشىق «ستىلەدى. ورنىنىڭ داۋىستى «y» مەن «II» نە ۇساب «ستىلەتۇن قازاقشا دىبىستارنىڭ «بارى دە وسلاي» - سوزگە جالعاۋ جۇرناقى جالغاندا بىشىندەكى داۋىستى دىبىسى مەن داۋىسىسىز «ۋ»، «ى» لەزى بىرىنەن «بىرى ايرىلىپ شىعادى» - تۇيىق بۇۋىندا كومە

سكىلەنىپ ەستىلەتۇن داۋىستى «ۋ» مەن «ى» بۇۋىن اشىلغاندا انىق ەستىلەدى.  
«قۇيىن»، «كۇيەدى» سىقىلدى سوزدەردەگى «ۋ» قانداي انىق ەستىلسە، «قىيىن»،  
«كىيەدى» سىقىلدى سوزدەردەگى «ى»-دا سونداي انىق ەستىلەدى؛ «كۇيەدى» دە  
«ۋ» جوق دەپ داۋلاستۇ قانداي قىيىنسىز بولسا، «كىيەدى» دە ( «ك» دەن  
سولڭ) «ى» جوق دەپ داۋلاستۇدا سونداي قىيىنسىز. «كىيەدى» دە «ى» بار  
«كەنى راس بولسا»، - ونىڭ تۇبىرى «كىي» - دە دە «ى» بار «كەنى راس.  
«كىي» - دىڭ «ى» سى مەن «ى» - نىڭ تىزبەگى ورسىشا داۋىستى «И» - گە  
ۇساب ەستىلەدى، سوندىقتان ونى ەكى دىبىس «مەس»، ۇبىر دىبىس دەپ ۇبىلۇ  
كەرەك - دەپ داۋلاستۇ؛ ورسىشا ەلىكتەۋ بولادى. قازاق تىلىندە 24 دىبىس  
بار؛ ونىڭ بەسەۋى - داۋىستى، بۇل داۋىستى دىبىستار، اراسىنا داۋىستىز  
دىبىس سالماي، بىرىنە ۇبىرى جالغانا المايدى. بۇلاردان باسقا 19 داۋىستىز  
دىبىس (مۇنىڭ ئىشىندە «ۋ» مەن «ى» دە بار) ۇبىرى مەن ۇبىرى، اسىرسە  
داۋىستى دىبىستار مەن جالغانا الادى: «ى» دا، «ۋ» دا داۋىستى دىبىستار دىڭ  
قانداي مەن دا جالغانا الادى، - البىنان دا، ارتىنان دا جالغانا الادى («قوي»،  
«تاي»، «تاۋ»، «ەگەۋ»، «قويان»، «تاۋىق»). «ىي» - دى ورسىشا «И» - دەپ،  
«بۇ» مەن «ۋۇ» - دى ورسىشا «У» - دەسەك: باسقا دىبىستار دىڭ بارىندە  
جالغانا الاتۇن «ۋ» مەن «ى» دىبىستارى داۋىستى «ى» مەن «ۋ» عا جالغانا  
المايدى - دەپ بىلىۋىمىز كەرەك، - «ى» مەن «ى» دە، «ى» مەن «ۋ» دا،  
«ۋ» مەن «ۋ» دا قاتارىنان ۇبىر جەرگە سىيسا المايدى، بۇلاردىڭ  
ۇبىرى مەن ۇبىرىنىڭ جالغانىۋى مۇمكىن مەس - دەگەن، اقىلدا،  
تىلىنىڭ زاڭىندا كەلمەيتۇن ۇز الدىنا ۇبىر ەرەجەمىز بولىۋ  
كەرەك. مۇقتار مەن تەلجاننىڭ ۇسىنىس قىلىپ سىب، قازاق تىلىندە داۋىستى  
«И» مەن «У» بار - دەسەك: الگىندەي جالغان ەرەجەدەن قۇتىلا المايمىز.  
وقۇشى باسئاب ارپىتەر مەن تانىسقان سولڭ تۇرلى ارپىتى ۇبىرى مەن  
ۇبىرىن تىزىپ ۇبىرەنەدى؛ تىزىلگەن ارپىتەردى قوسىپ وقىپ ۇبىرەنەدى؛  
ۇزى قوسىپ وقىپ الماعاننىن وقىتىۋشىدان سۇرايدى. وسىلاي ۇز بەتنى  
مەن ارپ تىزىپ وقىغان وقۇشى، اسا كەششە بولماسا، - تۇرلى ارپىتەردى  
ۇبىرە كەلە، ماسەلەن «ى» عا «ى» - دى جالاب تىزىۋى مۇمكىن، - زەينىدى  
وقۇشى «ى» مەن «ى» - دىڭ تىزبەگى قالاينى وقىلاتۇننىن، وقىتىۋشىدان  
سۇراماي، ۇزى اتى وقىپ كەتەدى، - بىرەن ساران وقىپ المايتۇنى بولسا،  
الماسىز وقىتىۋشىدان سۇرايدى. سوندا وقىتىۋشى بالاعا نەدەپ جاۋاب

بەرمەك؟ ۋە قىتمۇشنىڭ جاۋابى تەك مىناداي عانا بولمۇغا ئىيىس: «بۇل دىبىستار باسقا دىبىستاردان وزگەشە؛ باسقا دىبىستار ئىبرى مەن ئىبرى. جالانا بەردى؛ بىراق بۇل دىبىستار ولاي بىرىنە ئىبرى جالانا المايدى» دەپ قانا ئۇسىندىرغۇ كەرەك. ۋە قىتمۇشنىڭ بالاغا ونان باسقا ايتار دالەلى بولمايدى؛ ول ايتقان دالەلى ئىمادىڭ زاڭىنا كەلمەيتۇن جالان مەرجه بولادى. ونىڭ جالان كەنى كوپ ۇزاماي اق، ۋە قىمۇشى سوز جۇيەسىن ۋە قى باستاغاندا اق، - انىقتالېب شىعادى: ۋە قىمۇشى سوز جۇيەسىنەن ۋە تىستىكتىڭ جىكتەۋلەرى مەن تانىسادى، - داۋىستى دىبىستار مەن تىناتۇن ۋە تىستىڭ تۇبىرلەرىنە «يىمىن»، «يىسىن»، «يىدى» - دەگەن جىكتەۋلەر جالانانۇنمىن بىلەدى، - «قازا» + «يىدى» = «قارايدى»، «كۇرە» + «يىدى» = «كۇرەيدى» بولانۇنمىن بىلەدى، «وقى» + «يىدى» = «وقىيدى» بولانۇنمىن دا، «ى» مەن «ى» - دىڭ بىرىنە ئىبرى جالانا المايدى دەگەن مەرجهنىڭ وتىرىك كەننەن بىلەدى. بەس كۇنگە بارمايتۇن وتىرىكتى بالاغا مەرجه سەبەبىدە ۇيىرەتەۋدىڭ تۇك جۇنى جوق. قازاق تىلىدە داۋىستى «y» مەن «и» بار - دەسەك، ونى وتىرىك مەرجهسىز ئۇسىندىرىۋ مۇمكىن بولمايتۇنى جوعارىدا ايتىلدى. بالانى وتىرىك مەرجه مەن ۋە قىتمۇش ئۇشنى ول وتىرىك مەرجهنىڭ وتىرىكى اشلىمايتۇن بولۇشى كەرەك؛ داۋىستى «y» مەن «и» - دىڭ وتىرىگىن اشباۋ ئۇشنى سوز جۇيەسىنىڭ زاڭىدارىن بۇزىپ، «ى» نى داۋىستى دىبىس تاپىنان شىعارىۋ كەرەك: داۋىستى دىبىسقا «يىدى» بولېب جالانانۇن جىكتەۋ «ى» - غا كەننىشى ئۇزلى بولېب جالانادى، - «ى» - نىڭ ۇزى جوعالېب كەتەدى دە، جىكتەۋ داۋىستى «и» مەن باستالېب جالانادى - دەگەن تاغى ئىبرى جالان مەرجه كەرەك. جالان مەرجهگە كۈنپەيتۇن دۇرىس مەرجهلەر تولېب جاتىر؛ جالان مەرجهنىڭ وتىرىگىن اشباۋ ئۇشنى ول دۇرىس مەرجهلەردىڭ ئىبارىن دە. ۋە سىلاي بۇزىپ، تاغىدا تولېب جاتقان جالان مەرجهلەر شىعارىۋ كەرەك بولادى، - جاڭا باستالېب تۇزەلېب كەلە جاتقان «ئىل قۇرالدىڭ» زاڭ مەرجهلەرىن قوپارىپ، بۇزىۋ كەرەك بولادى، ئىلدىڭ زاڭىنا كەلتىرىپ شىعارغان مەرجهلەردىڭ ورنىنا جالان مەرجهلەر كىرگىزىپ بىلىقتىرىۋ كەرەك بولادى، سول بىلىقتاردان قۇراستىرىپ جاڭادان دىبىس جۇيەسى، سوز جۇيەسى شىعارىۋ كەرەك بولادى، «بۇ» مەن «ۋۇ» - دى داۋىستى «y» دەپ ئىبلۇدىڭ قىيىسىنىدا ۋە سىندىداي؛ ول ئۇشنى تاغىدا تولېب جاتقان وتىرىك مەرجهلەر كەرەك بولادى، «ساۋىق»، «جاۋىن» دەگەن سوزدەردەگى «ا» مەن



«ۋ»، «ه گەۋىم» - دەگى «ه» مەن «ۋ» قانداي انىق بولسا، «سۇۋىق»؛ «جۇۋىن» دارداي «ۋ» مەن «ۋ» دا، «ه گەۋىم» دەگەن سوزدەگى «ى» مەن «ۋ» دا سونداي انىق. «جۇۋىن» دا «ۋ» مەن «ۋ» قاتار تۇرغانى راس بولسا، ونىڭ ئۇبىرى «جۇۋى» - دا دا قاتارنان «ۋ» مەن «ۋ» بار ەكەنى راس؛ «ه گەۋىم» دە بار «ى» مەن «ۋ» دىڭ ئىزبەكى «ه گەۋى» دەدە بار.

«ى» تاقىرىتى بىنەۋ بۇۋىن ەرەجەسى جويىلغان سوڭ، «ۋ» مەن «ى» دىڭ جازىلىۋى دىبىس جۇيەسىنىشەدە، «سوز جۇيەسىنىشەدە دۇرىس بولمى شىعادى: «جازىۋ» مەن «جازىۋى» بىرىنە ئىبىرىنىڭ سۇگىرەتى ۇقساس (جازىلىۋى «سوز جۇيەسىنىشە» بولادى؛ «جازىۋ» داى «ى» نى قالدىرماي جازاتۇن بولغان سوڭ، ونىڭ جازىلىۋى دىبىس جۇيەسىنىشەدە دۇرىس بولادى، دىبىس جۇيەسى مەن «سوز جۇيەسىنىڭ» ەكەۋىندە «دال كەلەتۇن جازىۋدان جەگىل جازىۋ بولمايدى،

مۇقتار «سۇۋى» دى «سۇ» دەپ، «سۇۋات» تى «سۇۋات» - دەپ جازاتۇن بولسا، - ولاي جازىۋ (ۋ) دى داۋىستى ۇزىن «y» دەپ بىلىگەن كۇندە) «سوز جۇيەسىنىشە دۇرىس، «سۇۋات» - تىڭ سۇگىرەتى «سۇۋى» - عا ۇساب تۇسەدى؛ بىراق «سۇۋات» - دەپ جازىۋ دىبىس جۇيەسىنىشە دۇرىس بولمايدى: «سۇۋات» تىڭ اپدانىق ەستىلىپ تۇرغان «ۋ» سىن جوعالتىپ جىبىرىۋى دىبىس جۇيەسى كوتەرمەيدى.

تەلجان، «ى» مەن «ۋ» داۋىستى دىبىستار مەن ۇقساستىن ايتىپ، ونى داۋىستى دىبىستار تابىنا كىرگىز كەننەن ەش كەمشىلىك بولمايدى - دەيدى. جالغاۋ، جۇرناقاردى ئۇبىر سوزگە تەلجانشا جالغاب تەكسەرسەك: قازاقشا دىبىستى تاب - تابقا ئبولمى چىكتەۋ مۇمكەن بولمايدى. ۇياڭ دىبىستار دىڭ بىلىك جالغاۋى «نىڭ» بولادى («ناننىڭ»، «شا كىنىڭ»)، داۋىستى دىبىستار دىڭ بىلىك جالغاۋى دا «نىڭ» («بالانىڭ»، «كىسىنىڭ»). دىبىستى تەلجانشا تەكسەرسەك، ۇياڭ دىبىستاردى دا داۋىستى دەپ ئېلىۋىمىز كەرەك. «سىن»، «سىز» سىقىلدى. چىكتەۋلەر، «شى»، «شىل» سىقىلدى جۇرناقار، داۋىستى دىبىستادا بارلىق داۋىسىز دىبىستار عادا تەك ئىبىر تۇردە عانا جالغانادى («بالاسىن»، «بالاسىز»، «چىلقىشى»، «قاراشىل»، «ازسىن»، «ازسىز»، «مالشى»، «قازاقشىل»). تەلجان، مۇنداي جۇرناقاردى دالەل قىلىپ، داۋىسىز قاتاڭ دىبىستار دىڭ داۋىستى دىبىستار عا قوسىلمايتۇن جەرلەرىدە بار، داۋىستى دىبىستار مەن ورتاق قاسىيەتتەرىدە بار، سوندىقتان قاتاڭ دىبىستاردى داۋىستى

دېيىستاز تابىنا كىرگىزگەننەن دە ارتىق كەمشىلىك بولمايدى دەۋى مۇمكەن،  
 تۇرلى ۋەسىيەلەردى تاب - تابقا بولۇپ چىكتەگەندە، تەلچاندا چىكتەيتۇن  
 بولساق: ش بىر ۋەسىيەدا تۇرلاۋلى قىلىپ چىكتەۋ مۇمكەن بولماس  
 ەدى، ش بىر پاندەدە جۈيە بولماس ەدى، وسى كۇنگى جۈيەلى غىلىمداردىڭ  
 بىرى دە بولماس ەدى. دۇرسىندا ادام بالاسىنىڭ اقلى تۇرلى ۋەسىيەلەردى  
 تەلچاندا چىكتەۋدى كوتەرمەيدى، ونى تاب - تابقا بولۇپ چىكتەگەندە، ار  
 ئابىتى بىرىنە بىرى قاتىسپايتۇن قىلىپ چىكتەيدى. قازاقشا 24 دېيىستى  
 بىزدە سولاي قىلىپ چىكتەپ وتىرمىز: بىرىنەن بىرىنىڭ ش باسقالمى  
 چوق دېيىستاردى ۋوز الدىنا بىر تابقا كىرگىزىپ چىكتەپ وتىرمىز.  
 «ك»، «م»، «ن» - ۋشەۋىن بىر تابقا كىرگىزىپ، بۇلارعا ۇياڭ دەپ ات قويىپ  
 وتىرمىز: بۇل ۋشەۋىنىڭ داۋىستى دېيىستار مەن ورتاق قاسىيەتتە دە تولىپ  
 جاتىر («بالانىڭ»، «ناننىڭ»، «بالا مەن»، «نان مەن»، «بالادا»، «ناندا»)، بىلاردىڭ  
 چارتى، داۋىستى دېيىستار مەن ورتاق قاسىيەتتە دە كوب («ناندى»، «سۇۋدى»؛  
 «نانسىز»، «سۇۋىسىز»)؛ بۇل ۋش دېيىستىڭ باسقا دېيىستاردىڭ قايسىسى  
 مەن دە ورتاق قاسىيەتتەرى چوق مەس؛ بىراق بۇل ۋش دېيىس داۋىستى  
 دېيىستاردان دا باسقاشا («بالانى»، «ناندى»، «بالادان»، «ناننان»)، چارتى داۋىستى  
 دېيىستاردان دا ايرىلىپ شىعادى («سۇۋلار»، «ناندار»)؛ بىرالى، قاتاڭ دېيىستاردان دا  
 وسىنداي باسقالمى بار. بىراق بۇل ۋش دېيىستىڭ ۋوز ارا بىرىنەن  
 بىرىنىڭ باسقالمى چوق؛ بىز وسىنداي، ۋوز ارا بىرىنەن بىرىنىڭ باسقالمى  
 چوق دېيىستاردى جىيىپ ۋوز الدىنا بىر تاب قىلىپ چىكتەپ وتىرمىز.  
 «ر»، «ۋ»، «ي» - ۋشەۋىنىڭ بىر بىرىنەن ش باسقالمى چوق، سوندىقتان  
 بۇل ۋشەۋىن بىر تاب دەپ وتىرمىز، تۇرلى ۋەسىيە تاب-تابقا بولۇپ  
 چىكتەۋدىڭ وسىنداي مانىسى بولادى. ونى تەلچان بىلىۋ كەرەك ەدى،  
 سۇب مەتۇن جانئوارلاردى تەلچاندا چىكتەپ: «بۇزاۋ تورپاق، ۇرعاشى  
 سىبىر، بۇقا-بارى دە سىبىر؛ بىراق وگىزدى سىبىردىڭ تابىنا كىرگىزىۋگە  
 بولمايدى، وگىزدىڭ اتقا ۇقساس جەرى كوب، سوندىقتان وگىزدى جىلقى  
 دەپ بىلىۋ كەرەك: وگىزدىڭ جىلقىغا ۇساماعان جەرى دە بار، بىراق جىلقىغا  
 ۇساماعان جەرى دە بار، وگىزدى جىلقى دەگەننەن ارتىق كەمشىلىك بولمايدى» -  
 دەۋ قاندا قىيىسىنى بولسا، «ۋ» مەن «ي» ەدى داۋىستى دەۋدىڭ قىيىسىنى دا  
 سونداي.

ەلەستىڭ قورىتىندى سوزى بىتكەن سوك

اقمەت: چازبۇ تاقىرىپتى تالاس ماسەلەلەردى جەتە تەكسەرىپ، دۇرس شەشۋۇشۇن، - ۋوز الدىنا ۋىر كەمەسىيە سايلاپ، ماسەلەنى سول كەمەسىيەنىڭ قارلۇنىنا تاپسىرىۋ كەرەك - دەدى.

سەيز، اقمەتنىڭ بۇل ۋىسىنىسىن قاپىل الىپ، چازبۇ ماسەلەسىن تەكسەرىۋ ۋىشۇن بەس كىسىلىك كەمەسىيە سايلاۋغا ۋىباردى؛ كەمەسىيەگە: بايتۇرسىن ۋلى اقمەت، شونان ۋلى تەلجان، ومار ۋلى ەلدەس، مرزا ۋلى مۇقتار، جوسما اقمەت ۋلى قالەل - بەسەۋى سايلاندى.

مۇنان كەيىن قالغان ۋاقىت كەمەسىيەنىڭ ماجىلىسىنە ۋىسىن - دەپ، سەيز ۋوز ماجىلىسىن كەلەسى كۇنگە قالدردى.

## ۋىيەننىڭ 14 نشى كۇنگى ەرتەڭكى ماجىلىسى.

ماجىلىس اعاسى ۋالى نۇعمان، ماجىلىستى اشىپ، چازبۇ تاقىرىپتى كەمەسىيەنىڭ ۋىبارغان جوباسىن بايانداۋ ۋىشۇن ومار ۋلى ەلدەسكە ۋوز بەردى.

ەلدەس: مئاۋ رەتتە چازىلغان كەمەسىيەنىڭ ماجىلىس قاتىن وقىپ شىقتى.

## ماجىلىس قات.

1924 نشى جىلى ۋىيەننىڭ 13 نشى كۇنى، چازبۇ ەرەجەسىن تۇزەتۋىشى كەمەسىيەنىڭ ماجىلىسى بولدى.  
ماجىلىس اعاسى اقمەت.

مۇشەلەرى: قالەل، مۇقتار (مرزا ۋلى)، تەلجان، قاتشى: ەلدەس.  
كەمەسىيە، وزىنە تاپسىرىلغان ماسەلەلەردى تەكسەرىۋ رەتىن قاراستىرىپ، ئاۋەلى قازاقشادىبىستار قانداي كەننن، وغان لايىق تاڭبالاردىڭ نەندەي بولۇپ اشىپ الۋ كەرەك - دەدى.

قازاق تەيىندە: ا، ب، پ، ت، ج، چ، د، ر، ز، س، غ، ق، ك، ل، م، ن، و، ۋ، ە، ى - دىبىستارى بار، ولاردىڭ تاڭبالارى وسى چازىلغان ارقىتەر ەكەنى - داۋسىز قاپىلداندى.

مۇنان كەيىن «ك» مەن «گ» دىبىستارى تەكسەرىلدى.

مۇقتار: تىلىمىزدە ۋىندەستىك زاكى بار. دەپ، سول زاكىنىڭ ارقاسىدا دايە كىشى مەن جازىۋدى جەڭىلىكتە لاتۇن بولغان سوڭ، - «ك» مەن «گ» دىبىستارىنا ۋوز الدىنا ۋازىپ الماي اق، جۇمىساق سوزدەردە كەلەتۇن «ق» مەن «غ» - نى «ك» مەن «گ» دەپ بىلىسەك بولادى؛ سوندا ۋازىپتىڭ سانى ازىيادى دا جازىۋ جەڭىلىكتە نەدى - دەدى.

قال: مۇقتاردىڭ دالەلىن تەرىس دە ۋگە بولمايدى؛ مۇقتاردىڭ مۇنىسىن قابىل الساق، - ۋازىپمىزدىڭ جۇيەسى ۋبىر نىكەيلىناتۇنى راس، ۋبىراق ونان جەڭىلىك بولمايدى: «ق» مەن «غ» نى دايە كىشى مەن جازىپ، «ك»، «گ» دەپ وقىۋعا بولادى، - ۋبىراق ۋسوز الدىندا ۋى دايەكىشى جازىۋدى قىيىناتادى، - بۇرىن (ك)، (گ) مەن جازىلاتۇن سوزدەردىڭ ۋبىر تاڭبىسى (دايەكىشى) ارتىق بولىپ جازىلادى. جانا: ەلدىڭ ۋبىرەنىپ كەتكەن (ك) مەن (گ) - نى بىردەن شىعارىپ تاستاۋىمىز تىم كۇرت بولادى. (ك) مەن (گ) - نى بۇرىنەسىنىشا ۋوز الدىنا قالدىرىۋ كەرەك - دەدى.

اقمەت: (ك) مەن (گ) - نى قازاق الپبىيىتىن شىعارىپ تاستاۋعا بولمايدى: (ك) مەن (گ) - نىڭ (ق) مەن (غ) دان زاتى باسقا، ۋاز قايسىسى ۋوزدىڭ ۋر جەرىنەن شىعانتۇن دىبىس - دەدى.

كەمەسىيە، بۇل ماسەلەنى تەكسەرە كەلە: (ك) مەن (گ) قازاق تىلىدە بار، كەۋىدە قازاقشا الپبىيىگە كىرگىزىلىسىن؛ تۇبىندە بۇل ەكى دىبىستىڭ تەڭى - تەكسەرىلىپ، تالقىما تۇسەتۇن بولسا، - قايتادان قارالار - دەپ ۋيەاردى.

مۇنان كەيىن (خ)، (ش)، (ف)، (ھى) دىبىستارى تەكسەرىلىدى. كەمەسىيە: بۇل تورت ۋازىپ قازاقشا الپبىيىدەن شىعارىلىسىن - دەدى؛ جانا: بۇل تورت ۋازىپ قازاقشا وقىۋ قۇردىڭ اياغىدا ۋازىپتىڭ باسقا ۋازىپتىرى مەن بىرگە وقىۋشىلارغا تانىتۇ رەتىدە عانا جازىلاتۇن بولاسىن؛ ۋبىراق ول ۋازىپتىردىڭ ەش ۋبىرى مەندە قازاقشا ەش ۋبىر ۋسوز جازىلماسقا ۋتىس - دەپ ۋيەاردى.

مۇنان كەيىن جارتى داۋىستى (ۋ) مەن (ي) تەكسەرىلىدى.

كەمەسىيە: جارتى داۋىستى (ۋ) مەن (ي) داۋىستى دىبىستاردىڭ ارتىنان جالعاسا بولادى - دەپ ۋبىر ۋوزدان قابىل الدى.

سونان سوڭ (ۋ) مەن (ي) - دىڭ داۋىستى دېستاردىڭ الدىندا بولاتۇن،  
بولمايتۇنى تەكسەرلىدى.

كەمەسىيە: (ۋ) مەن (ي) ەكى داۋىستى دېستىڭ اراسىندا كەلەدى -  
دەب ەبىلىدى،

مۇنىڭ ارتىنان قازاق تىلىندە داۋىستى ۋزىن «У» مەن «И» دېستارىنىڭ  
يار، جوعى تەكسەرلىدى،

بۇل ماسەلە تاقىرىبى كەمەسىيە ەبىر قارارعا كەلە العان جوق .

مۇنان سوڭ «ى» نىڭ بىتەۋ بۇۋىندا جازىلىۋ، جازىلماۋ ماسەلەسى قارالدى.

كەمەسىيە : «ى» بىتەۋ بۇۋىندا قالماي جازىلاتۇن بولسىن - دەدى .

«ب» مەن «پ» نىڭ جازىۋ ەرەجەسى تەكسەرلىب، - كەمەسىيە: «ب» مەن  
«پ» - نىڭ جازىۋ ەرەجەسى ەتۇبىر سوزدەردە دە ، جالعاۋ ، جۇرناق ،  
جالعاۋلىقتاردا ەتبل قۇرالشا بولسىن - دەب ۇياردى .

بۇرىن «د» مەن جازىلىب جۇرگەن جالعاۋ ، جىكتەۋ ، جۇرناقتار  
تەكسەرلىب ، كەمەسىيە: ولاردىڭ جازىلىۋى دېسى جۇيەسىنشە بولسىن - دەدى .

ەسوز ارتىنان ايتىلاتۇن دەمەۋلەردىڭ جازىۋ ەرەجەلەرى تاقىرىبى  
كەمەسىيە: ۋنداي دەمەۋلەردىڭ ەتۇبىرمەن جالعاۋدىڭ اراسىندا ايتىلعانلارى  
ەتۇبىرگە سىزىقشا مەن جالعانب، جالعاۋمەن بىرگە جازىلىن دا ، ەتۇبىرمەن  
جالعاۋدىڭ اراسىنا تۇسبەي جالعاسقاندا ەتۇبىردەن بولەك جازىلىن - دەب  
قاۋلى قىلدى .

سۇيەۋ ناياق تەكسەرلىب، كەمەسىيە : ۋنى جوعالتىۋ كەرەك - دەب  
ۇياردى؛ ەسوز باسىنداى «آ» ەمانسىز «ا» بولسب جازىلىن - دەلىندى .

ۋندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن جۇرناقتار تەكسەرلىب ، - كەمەسىيە :  
ۋنداي جۇرناقتارمەن جالعانان ەتۇبىر ەسوزدىڭ دايبەكشىلەرى قالماي  
جازىلاتۇن بولسىن - دەدى .

داۋسىز قابىلدانغان 24 دېسى بۇلاي جىكتەلسىن دەلىندى :

I - داۋىستى : ا ، و ، ۇ ، ە ، ى ؛

II - جارتى داۋىستى : ر ، ل ، ۋ ، ي ؛

III - ۇياڭ : ك ، م ، ن ؛

IV - قاتاڭ : ب ، پ ، ت ، چ ، س ، ق ، ك .

V - سىرالى : ج ، ز ؛

VI - سىراسىز : د ، گ ، غ ؛


 ورسشادا، قازاقشادا جازايىن (بايتۇرسىن - Байтурсун) مەنە بۇغان  
 قاراعاندا، تۇرىكشە ۋارپ بەن جازىۋدىڭ شاپشاڭدىغى، ادەملىگى، ورنىدى  
 از الاتۇندىغى بادرايىپ كورنىپ تۇر. شاپشاڭ جازىۋ قولدى كوتەر-  
 مەستەن بىرەكتەي بەرىۋە ەمەس، كوپ جازىپ ادەتتەنۇدەن بولادى.  
 جازىۋ ماشىناسىمىن باسقاندا، پىيانىتو ويناغانداي، قول بىلەي سەكىرىپ  
 جۇرەدى. سوندا قولدىڭ سەكىرىۋى شاپشاڭدىققا بوگەت بولمايدى.  
 شاپشاڭدىق قولدى سىرعانائىپ وتىرىۋەن مانا بولسا، جازىۋ ماشىناسىن  
 جۇرگىزىۋ، پىيانىنو ويناۋ مۇمكىن دە بولماس ەدى.  
 ۋارپنىڭ ئۇرى (بىرىنە ۋىر ۋقسام-اۋى) ۋار ئۇرلى بولسا،  
 ولشەبەرلىكنىڭ تۇۋىغىغانى. قازاقنىڭ جاستارى جالاڭ سوزبەن مانا بولماي  
 شەبەرلىكتى، سەكەرلىكتى كوزدەۋ كېرەك. سوندا ۋىزىمىزدىڭ جاستاردان  
 شەبەرلەر شىغىپ، ۋسى تۇرىك ۋارپنىڭ ۋىزىمەن الدە نەشە تۇرلەر  
 شىعارمايما. ۋىز مادەنىيەتتى، ۋىرلى بولۇغا تالپىنسا، ماقساتقا سوندا  
 جەتەمىز، سوندا دايمىن نارسەگە قىزىعاتۇن بولماي، باردى ۇقسائىپ،  
 جوقتى تاباتۇن بولامىز. ۋىز ەلى دە بولسادا، قولسىزداي جۇرتقا  
 تۇسىنكىتى ارپىتەرمىزدى ۇقسائىپ الۇ شارالارنا كىرىسۇمىمىز كېرەك.  
 لاتىن ارپىنە قىزىغا قوياتۇن ەش نارسە جوق. لاتىن ۋارپى ەسكەرگەن،  
 ولگەن زات، ۋنى قايتادان ەتىرىلىتىپ الامزەۋ اداسقاندىق بولادى.  
 اقمەت: قورىتىندى سوزىن ايتىپ بولغان سوڭ، ەلبىيى تاقىرىبتى  
 ۋوز جوباسىن وقىپ شىقتى.



## «البېيى تاقىرىمىنى اقمەتتىڭ جوباسى»

فازاق - قىرغىز «بىلىمپازدارنىڭ سىيەزى»، «البېيى تۈزەۋ تۇۋرالى» جاسالغان باياننامانى تالقىغا سالمى تەكسەرگەننەن كەيىن، جانا وسى كۇنگى تۇتىنىپ جۇرگەن تۇرىك «البېيى تاستاب»، لاتىن «البېيىن الامىز-دىگەن» پىكىردىڭدە دۇرس-تەرسىن تەكسەرىپ قاراغاننان كەيىن، مەنئە قاراردى شىعاردى:

1 - فازاق تۇتىنىپ وتىرعان تۇرىك «البېيىنىڭ باسبا تۇرىنىڭ دارا بولماۋى باسبا سىتەرىندە»، ۇيرەتۈ جاعىندا قولايىزدىق قىلاتۇن بولغاندىقتان - ول قولايىزدىقتان قۇتىلىۋ ءۇشىن تۇرىك «البېيىنىڭ ءوزىن تۈزەتۋ وزگە «البېيى» المۇدان انا عۇرلىم وڭاي بولغاندىقتان: تۇرىك «البېيىنىڭ» جازبا ءۇرىن وسى كۇيىندە قالدىرىپ، باسباسىن دۇرا تۇرىندە المۇ كەرەك.

2 - لاتىن «البېيىنىڭ» تۇرىك «البېيىنەن ارتقىمى جالھىز اق دارالىق جاعىنان بولماسا، باسبا جاعىنان قولايىزى كەمشىلىكتەرى كوپ بولغاندىقتان، ول ارتقىمىدا تۇرىك «البېيىنىڭ» باسبا تۇرىن دارالاساق جوعالاتۇن بولغاندىقتان، جانا لاتىن «البېيىن» جۇرگىزىۋ جۇمىسى وتە كوپ ءىس، كوپ كۇش كەرەك قىلاتۇن بولغاندىقتان، - لاتىن «البېيىن» المۇ دەگەن ءسوزدى اۋىزعا الماسقا كەرەك.

«نازىر: اقمەت جوباسىنىڭ باس جاعىندا دالەل رەتىندە ايتىلعان سوزدەرى مەن جوبانىڭ 2 نىشى بابى مۇلكە شىعارلىپ، 1 نىشى بابىن، «تۇرىك «البېيىنىڭ» ءوزىن تۈزەتۋ وزگە «البېيى» المۇدان انا عۇرلىم وڭاي» دەگەن سوزدەرى شىعارلىپ، قالعانى قابىلدانسىن-دەپ ءۇسىندى، اقمەت جوباسىدا، «نازىردىڭ ءۇسىنىسىدا»، داۋىسقا قويىلىپ: دالەل رەتىندە ايتىلعان سوزدەر قالىسىن دەگەن ءۇسىنىسقا ءتورت داۋىس بەرىلدى-ء. كوپشىلىك بەن جوبانىڭ دالەل رەتىندەكى سوزدەرى اقمەت ايتقان تۇردە قابىلداندى؛ جوبانىڭ 1- نىشى بابىن وزگەرتبەي، اقمەت ءۇسىنان تۇردە قابىل المۇعا 11 داۋىس بەرىلىپ، ولدا وزگەرىسىز قابىلداندى.

«رالى ۇلى نۇرتازا»: جوبانىڭ 2 نىشى بابىندا «لاتىن «البېيىن» المۇ دەگەن ءسوزدى اۋىزعا الماسقا كەرەك» دەگەن ءسوزدى شىعارىپ، ونىڭ ورنىنا «لاتىن «البېيىن» المۇ مەرتەرەك» دەگەن ءسوزدى كارگىزىۋ كەرەك-دەپ ءۇسىندى.

مرجاقىب: جوبانىڭ اياغىندا «اۋزعا الماسقا كەرەك» دەگەن سوزدى تۈزەتەتە «لاتىن البېيىن الئۇ دەگەن سوزدى ورنىسىز دەپ تانىۋ كەرەك» دەگەن دۇرس دەپ ۇسنىدى.

اقمەت: جوباسىن مرجاقىب ايتقانىشا تۈزەتۈگە بولاتۇنىن ايتىپ، جوبانىڭ 2 نىشى باين داۋىسقا سالغاندا مرجاقىب تۈزەتكەن تۈردە سالمۇدى - تىلەدى.

جوبانىڭ 2 نىشى باي داۋىسقا قويىلىپ: ونى مرجاقىب ۇسنىسىنشا قابىل الئۇغا 8 داۋىس بەرىلدى دە، نۇرتازانىڭ ۇسنىسىنشا 7 داۋىس بەرىلدى (سىيەزدىڭ بىر مۇشەسى داۋىس بەرۈگە قاتىسباي قالدى). سۈيىتەب، البېيى تاقىرىپتى اقمەت جوباسى مينا تۈردە قابىلانىدى: - قازاق - قىرعىز بىلىمپازدارىنىڭ سىيەزى، البېيى تۈزەۋ تۇۋرالى جاسالغان باياندامانى تالقىغا سالىپ تەكسەرگەننەن كەيىن، جانا وسى كۈنگى تۇتىنىپ چىرگەن تۇرىك البېيىن تاستاپ، لاتىن البېيىن الامىز دەگەن پىكىردىڭ دە دۇرس تەرىسەن تەكسەرىپ قاراغاننان كەيىن، ميناۋ قاراردى شىعاردى:

1 - قازاق تۇتىنىپ وتىرعان تۇرىك البېيىننىڭ باسپا تۇرىنىڭ دارا بولماۋى باسپا تىستەرىندە، ۇيرەتۈ جاعىندا قولايىسىزدىق قىلاتۇن بولغاندىقتان، - ول قولايىسىزدىقتان قۇتىلىۋ ۇشىن تۇرىك البېيىننىڭ ۇزىن تۈزەتۈ وزگە البېيى الئۇدان انا عۇرلەم وڭاي بولغاندىقتان: تۇرىك البېيىننىڭ جازبا تۇرىن وسى كۇيىندە قالدۇرىپ، باسپاسىن دارا تۇرىندە الئۇ كەرەك.

2 - لاتىن البېيىننىڭ تۇرىك البېيىننەن ارتىقتىعى جالعزاق

دالالىق جاعىنان بولماسا، باسقا جاعىنان قولايىسىز كە، شىلىكتەرى كوپ بولغاندىقتان، ول ارتىقتىعى دا تۇرىك البېيىننىڭ باسپا تۇرىن دارالاساق جوعالاتۇن بولغاندىقتان، - جانادا لاتىن البېيىن جۇرگىزىۋ جۇمىسى وتە كوپ مۇس، كوپ كۇش كەرەك قىلاتۇن بولغاندىقتان، - لاتىن البېيىن الئۇ دەگەن سوزدى ورنىسىز دەپ تانىۋ كەرەك

بۇل قاۋلى قابىل الئىغاننان كەيىن نۇرتازا: البېيى تاقىرىپتى زالىي ۇلى نۇعاننىڭ جازىپ، قول قويىپ جىبەرگەن ۇسنىسىن وقىپ شىمەپ، ونى دا داۋىسقا سالمۇدى تىلدى.

نۇعاننىڭ ۇزى قازاعىستان ورتالىق اتقارۋ كامىيەتىنىڭ ماجىلىسىندە بولغاننان سىيەزدىڭ بۇل كۈنگى ماجىلىسىندە بولا العان جوق دى؛ البېيى تاقىرىپتى ۇسنىسىن ورسىشا جازىپ جىبەرىپتى؛ قازاقشاسى ميناڭدى:

## لاتىن جازىۋىن قولدانىۋ تاقىرىبتى ۋىسنىس:

ماسەلە اسا ماڭىزدى بولغاندىقتان، جانادا اراب ۋىلىبىيى مەن لاتىن ۋىلىبىيىنىڭ ايرىماسى تىيىستى ورنىداردا كۇن بىلگەرى تەكسەرلىمە گەندىكتەن، - بۇل ماسەلە تۇۋرالى تاغايىندى قارلر شىعارلىماسىن ، بۇل ماسەلە قازاق قالقى بىرىكە كەنەن كەيىن ، قارا قالپاق تاغى باسقارلىرىنىڭ وكىلدەرى قاتىناساتۇن يولاشاق سىبەزگە سالىنىۋ ۋىشىن وقىۋ كەمەسەرىيەتىنە تابىرىلىسىن .

نۇعمانىنىڭ بۇل ۋىسنىسى داۋىسقا قويىلىپ ، - ونى قولداۋىشلاردىڭ ساتىدا وعان قارسى بولىۋىشلاردا بىردەي ، سەكىز - سەكىزدەن بولىدى . ماجىلىستە بولماغان مەن ، ۋىسنىسنا قول قويىپ بەرگەن نۇعمانىنىڭ ۋوز داۋىسىن قوسىپ سەبەتەكەندە ، ونىڭ ۋىسنىسىن قولداۋىشلاردىڭ ساتى 9 ، وعان قارسى 8 داۋىس بولىدى .

مۇنان كەيىن ماجىلىس اعاسى : قازاقشا ۋپان سوزدەرى تاقىرىبتى بايانداما جاساۋ ۋىشىن ومار ۇلى ەلدەسكە ۋسوز بەردى .

## قازاقشا ۋپان سوزدەر تاقىرىبتى ەلدەستىڭ بايانداماسى .

ەلدىڭ مادەنىيەتىن وركەندەتىۋ ۋىشىن قولدان كەلەتۇن شارالاردىڭ ەك ماڭىزدىسى باسبا ۋسوز . باسبا ۋسوز ۋىسى بەرەكەلى بولىۋ ۋىشىن ، باسبا ۋسوزدىڭ ەلگە ، جالپى بۇقاراعا پايداسى تىيەتۇن بولىۋ ۋىشىن ، ونى بۇقارا تۇسىنىپ وقى الاتۇن بولىۋى شارت ، - ول بولماسا ، جازىلىپ شىققان كىتەب ، گازەت ، جورنالداردىڭ سوزىنە ەل تۇسىنەيتۇن بولسا : باسبا سوزدەن تۇك پايدا بولمايدى .

قازاقشا كىتەب ، جورنال ، گازەتتەردى قازاق تۇسىنىپ وقى الاتۇن بولىۋ ۋىشىن : ونىڭ ۋىلى قازاقشا بولىۋ كەرەك ، - ۋەلى ، سوزدەرى قازاقشا بولىۋى كەرەك ، كەنىشى ، قازاقشا سوزدەر قازاقشا تىزىلىپ جازىلىۋى كەرەك .

بۇل ەكى شارتقا كەلمەي جازىلعان سوزدەردى قازاق تۇسىنە المايدى ؛ سوندىقتان ونداي ۋسوز ەلدىڭ ، مادەنىيەتىن وركەندەتىۋ تۇگىل ەرمەگىنەدە جارامايدى ، باسبا ۋسوزىمىز كۇشەيىپ ، كىتەب ، جورنال ، گازەتتەرىمىزدىڭ ساتى كوپەيگەن مەن ۋىلى تۇسىنىكتى بولماسا ، - ونىڭ پايداسىنان زىيانى ارتتىق بولماقشى : جۇرە بارا قازاقشا كىتەب ۋىلى مەن جالپى بۇقارانىڭ

ئىلى باسقانىپ، ئىرىنىڭ سوزىدە ئىرى تۇسىنە المايتۇن بولۇپ شىقماقشى، —  
 ولاي بولاتۇن بولسا، باسبا سوزدەن، كازىر تۇكىل تۇبىندە دەپ پايىدا بولمۇ  
 مۇمكىن بولمايدى؛ ول بولماي بۇقارا باسبا سوزدىڭ بىلىق ئىشلىن ۇيرەنىپ  
 الپ، جالىپى بۇقارانىڭ ئىلى كىتەپ تىلىنىشە بىلىغا بەرەتۇن بولسا، — قازاقنىڭ  
 ئىلى بۇزىلماقشى. مۇنىڭ قايسىسى بولغاندا جاقسى بولمايدى.

ولاي بولماۋ ئۇشىن، — كىتەپ ئىلى بۇقارانىڭ تىلىنىشە باسقانىپدا  
 كەتتەي، ەلدىڭ ئىلى دە بۇزىلماي، — باسبا سوز قىزىمە تىن تىسىنشە  
 اتقارىپ، ەلگە پايىدالى بولمۇ ئۇشىن: قازاقشا باسلىپ شىعاتۇن كىتەپ،  
 گازەت، جورنالدارنىڭ ئىلى قازاقشا بولمۇن وسى باستان الدىن الا  
 ەسكەرىپ، قام قىلىۋ كەرەك.

سوزدەردىڭ ئوزى دە — ئىزلىنىۋ دە قازاقشا بولمۇ شارالارنى سىتەۋ  
 كەرەك.

سوزدى قازاقشا ئىزىۋ قولدان كەلمەيۇن جۇمىس ەمىس: ول ئۇشىن،  
 جازىۋىشى جات ئىلىنىڭ سوز تىزىمىنە لۇەس بولمۇدى قويىپ، قازاقشا  
 سويلەم جۇيەسىنىڭ ئىستى رەجەسىن جاتتاب السا، — قازاقشا سويلەمنىڭ  
 انىقتاۋىشى انىقتالاتۇن سوزدىڭ الدىنا، تولىقتاۋىش، پىسىقتاۋىشتار وزدەرىنىڭ  
 تولىقتاب پىسىقتىتۇن سوزدەرىنىڭ الدىنا كەلىپ اراسىنا باسقا سوز سالماي  
 جالغاسا تىزىلەدى — دەگەن جالغىز رەجەنى جاتتاب السا بولادى.

ماسەلەنىڭ قىيىنى: سوزدىڭ تۇسىنىكىتى بولمۇندا، باسبا سوز ئۇشىن  
 اسرەسە ئپان كىتەپتەرى ئۇشىن ئپان سوزدەر كەرەك. وندا ئى سوزدەر  
 قازاقنىڭ ئوز تىلىندە بۇرىن بولماغان؛ ونى جاڭكەلەن ويلاپ شىعارىۋ  
 كەرەك. باسلىپ شىققان گازەت، جورنالداردى قازاق وقىپ الاتۇن بولمۇ  
 ئۇشىن، — ونىڭ ئپان سوزدەرى دە قازاققا تۇسىنىكىتى بولمۇ كەرەك.

بۇرىن ەستىلەگەن جاڭا سوز ەلگە بىردەن تۇسىنىكىتى بولا قويمايدى.  
 ئىراق ئپان سوز قازاقنىڭ ئوز تىلىنەن ئىنىپ، ماغاناسى ازدا بولسا ئىستى  
 ۇسىدى سەزدەرەلىك بولسا: ونى ئۇسىنىۋ قىيىن بولمايدى. سوندىقتان  
 ئپان سوزدى قولدان كەلگەنشە قازاقنىڭ ئوز تىلىنەن المۇ كەرەك.

ئپان سوزدى قازاق تىلىنەن العاندا تۇرلى تۇبىرگە (يا تۇقۇلغا) تۇرلى  
 جۇرناقىتار جالغاب الئۇعا بولادى. قازاق تىلىندەكى جۇرناقىتاردى ماغانا جاعىنان  
 تەكسەرىپ ەكى بولمۇگە بولادى: «لىق»، «شى»، «شىل»، «لى»، «سىز»  
 «ئۇشى» تار سىقىلىدى تۇرلاۋلى جۇرناقىتار بولادى، — بۇلار تۇبىرگە جالغاناندا

ھاز قايىسىنى ايرىقىشا ھېر تۇرلاۋلى ماغاندا ايتىلغان سوز بولمىش شىعاردى ؛  
 «ق» ، «ھن» ، «اق» سىقىلىدى تۇرلاۋسىز جۇرناق تار بار ، - بۇلاردىڭ ھى  
 ھېرىندەدە تۇرلاۋلى ماغانا جوق: ماسەلەن : «ق» جۇرناق «تار» دەگەن  
 تۇبىرگە جالغاساق ، «تاراق» بولادى ، «تاراق» تارايتۇن اسبابنىڭ اتى ، -  
 مۇنداقى «ق» - «ۋىش» نىڭ ورنىدا ؛ سول جۇرناقنى «توسە» دەيتۇن  
 تۇبىرگە جالغاساق «توسەك» بولادى ، - «توسەك» ، - توسەيتۇن اسباب مەھس ،  
 توسەلەتۇن نارسە ؛ «ن» دى «ساۋ» دەگەن تۇبىرگە جالغاساق «ساۋىن» بولادى ؛  
 سول «ن» دى «جۇۋ» غا جالغاساق ، «جۇۋىن» بولادى ؛ «ساۋىن» - ساۋىلاتۇن  
 حال ، - «جۇۋىن» جۇۋىلاتۇن ھېر - دەمە بولمۇغا كىرەك ھدى ، ولاي مەھس  
 جۇۋعاننان قالغان سۇۋ ؛ «كەسەك» بىن «كەس» + «ك» «قوناق» «قون»  
 + «اق» - تادا سونداي باسقالىق بار .

قازاقشا جۇرناق تار دىبىس جۇيەسى چامىنان تاغى ھكى تۇرلى بولمىش بولمىدەدى :  
 تۇبىر مەن ۋىدەسىب جالغان تۇن جۇرناق تار بار ؛ ( «لىق» «امك» ، «اق» -  
 «ك» ؛ «شى» ، «شى» سىقىلىدى جۇرناق تار ۋىدەسىب زامىنا كەلمەيتۇن  
 جۇرناق تار بار ( «كەر» ، «قور» ، «دىكى» ) .

قازاق تىلىنىڭ جۇرناق تارى جەتە تەكسەرلىگەن مەھس . تۇرلاۋسىز  
 جۇرناق تارنىڭ دا تۇبىر سوزنىڭ ماغاناسىنا دىبىستارنا قازاي ؛ ايرىقىشا ھېر  
 مانىسى بولمۇ مۇمكىن ، سوندىقتان تۇبىرگە تۇرلاۋسىز جۇرناق جالغاندا  
 ئاساساق بولمۇ كىرەك . قازاقشا تۇبىر سوزگە جۇرناق جالغاب چاڭكا سوز  
 شىعارغاندا - قولدان كەلگەن شە تۇرلاۋلى جۇرناق بىن شىعارمۇ كەۋەك ؛  
 قۇرلاۋسىز جۇرناق تاردى جالغاب چاڭكا سوز شىعارمۇ ۋىش ؛ اۋەلى ونداي  
 جۇرناق تاردى تەكسەرىب سىرىن ھېلىب المۇ كىرەك . مۇندەستىك زامىنا  
 چامىنبايتۇن جۇرناق تارنىڭ كوپى قازاق تىلىنە سىڭىپ كەتكەن جات جۇرناق تار ؛  
 ولار مەن مانىلەسى تۇبىر مەن ۋىدەسىب جالغان تۇن قازاقنىڭ ۋوز جۇرناق تارى  
 چار . چاڭكا سوزدى ، تۇبىرگە جات جۇرناق جالغاب شىعارغاننان ۋوز  
 جۇرناق تار بىن شىعارغان ارتىق .

پان سوزدى ۋوز تىلىمىزدەن تابا الماعان كۇندە ، ياۋرپا قولدىنغان  
 لاتىنشا پان سوزدەردى المۇغا بولادى . ھېراق ونداي جات سوزدەردى  
 الماعاندا ، - ونى تىلىمىزدىڭ زامىنا كەلمىسەب وزگەرتىب المۇ كىرەك ،  
 ۋىتەيى ، جات سوزنىڭ اسىل تۇرىن بۇزباي ساق ؛ ونداي سوزگە  
 قازاقنىڭ تىلى كەلمەيتۇن بولادى ؛ جانا قازاق تىلىنىڭ زامىنا كەلمەگەن

سوزدى، وعان قازاقشا جۇرناق، جالعاۋلار جالعاب وزگەرتىۋگەدە بولمايدى. ونداي سوز قازاق تىلىنە قازاقتىڭ ءوز سوزىندەي بولسۇن سىڭىسەدە المايدى،- ءبىر ءتۇرلى ەرسى سوز بولسۇن قالادى. جات سوز قازاق تىلىنە سىڭىپ تۇپكىلىكتى قازاق سوزى بولسۇن شىعۇ ءۇشىن،- ماعاناسى تۇسىنىكتى بولماسادا، ايتىۋعا جەڭىل، قۇلاققا ەرسى بولماۋى كەرەك. بۇل شارقتا كەلمەگەن سوز قازاق سوزى بولا المايدى، تەك كىتەب سوزى بولسۇن قانا قالادى. ولاي بولسۇن كەتسە، كىتەب ءتىلى ەل تىلىنەن باسقانسىپ شىعادى،- كىتەپتىڭ ەلگە پايداسى بولمايدى. چانا: ءتىلدىڭ زاڭىنا كەلمەيتۇن جات سوزدەر كوپەيسىپ كەتسە، ءتىل بۇزىلادى،- ءتىلدىڭ نەگىزگى قاسىيەتتەرى، تۇرلاۋلى زاڭدارى بۇزىلادى.

ولاي بولعاندا جاقسى بولمايدى.

جات سوز قازاقتىڭ ءوز سوزىنە ۇساب قازاق تىلىنە سىڭىپ كەتەتۇن بولسۇن ءۇشىن،- ونى قازاق ءتىلىنىڭ مىناداي زاڭدارىنا كەلتىرىپ الىۋ كەرەك.

1- قازاق تىلىندە ۇندەستىك زاڭى بار. قازاق تىلىندە ۇندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن سوزدەردە جوق ەمەس؛ سونى ايتىپ ۇندەستىك زاڭىنا قارسى بولسۇن جۇرگەن ازاماتتارىمىزدا بار. ۇندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن سوزدەردىڭ بارىدە قازاقتىڭ ءوز سوزى ەمەس،- قازاق تىلىنە كەرسىپ كەتكەن جات سوزدەر. ۇندەستىك زاڭىنا كەلمەيتۇن قازاقشا سوز تۇرى جالعزاق «نىكى»، «دىكى»، «تىكى» مەن جالعانبى ايتىلاتۇن ءتۇر.

قازاق تىلىندە ۇندەستىك زاڭى بار ەكەنىنە وسى «نىكى» دەن باسقا قارسى دالەل جوق. دۇرىسىندا ەش ءبىر تىلدەدە تاستاي قاتقان تۇرلاۋلى زاڭ بولمايدى: ءبىر زاڭنىڭ كۇشى مەن ەكىشى زاڭعا باغىنباي كەتەتۇن سوز تۇرلەرى بولماي قالمايدى. ونداي زاڭعا كەلمەيتۇن بىرەن- ساران سوز تۇرلەرىنەن ول زاڭدى جوققا شىعارىۋ،- يا ول زاڭ جوعالماۋعا بەت العان دەپ جورىۋ- قاتا،

قازاق تىلىندە ۇندەستىك زاڭى بار ەكەنى بىراس بولسا: قازاق تىلىنە كىرگىزگەن جات سوزدەردىڭ ءبارىندە سول زاڭعا كەلتىرىپ الىۋ كەرەك،- سوزدىڭ شىندەگى دەپىستارىنىڭ ءبارىندە بىرىڭعاي جىڭشىكەرتىپ، يا ءبارىندە جۇۋاندىتىپ الىۋ كەرەك.

2- قازاق تىلىندە جۇمىساق «ا» سوزدىڭ باس بۇۋىنىنان باسقا

بۇۋىندارنىدا بولمايدى، اسرەسە سوزدىڭ سوڭى بۇۋىندارنىدا جۇمساق «ا» بولمايدى.

بۇل: ۋىندەستىك زاڭنىڭ سالىدى مەن بولغان، قازاق تىلىنىڭ ايمىقىغا ئىبر قاسىيەتى. قازاق تىلىندە، «مارىيا»، «كامىيلا» سىقىلىدى، سوڭى بۇۋىندىدا جۇمساق «ا» بار سوزدەردە جوق مەس؛ ئىبراق ول سوزدەر ئرابشا وقىغان مولداردىڭ زورلاپ كىرگىزگەن سوزدەرى، مۇنداي سوزدىڭ ەرسى جەرى - بۇلارغا جالعاۋ قوسىپ وزگەرتكەندە، بۇلار قازاق تىلىنىڭ سوز جۇبەسىنشە وزگەرە المايدى «كامىيلا» نىڭ ۋى جۇمساق بولغان مەن، ماسەلەن بارس جالعاۋى، قازاقشا سوز جۇبەسىنشە «كامىيلاگە» بولمايدى «كامىيلاغا» بولادى. قازاق تىلىنىڭ مۇنداي سوزدىڭ باس بۇۋىندىدا باسقا جەرىنە جۇمساق «ا» نى سىدىرمايتۇن قاسىيەتى بولغان سوڭ: باس بۇۋىندىدا باسقا بۇۋىندارنىدا جۇمساق «ا» سى بار جات سوزدەردى قازاق تىلىنە كىرگىزگەندە، «ا» نى وزگەرتىپ يا «ە»، يا جۇۋان «ا» قىلىپ البۇ كەرەك (دادىيات) - «ادەبىيەت».

3 - قازاقشا سوزدەردە «و»، «ۇ» دىبىستارى باس بۇۋىندارداغانا بولادى. باسقا بۇۋىندارنىدا «و»، «ۇ» دىبىسى بار، «بەينەتقور»، «قامقور» سىقىلىدى سوزدەر - ونىڭ اباغىندا «قور» دەگەن جات جۇرناق بولغاننانا بولس بولس تۇر. تىلىمىزدىڭ ئىبراسىنشا «و»، «ۇ» دىبىستارى باس بۇۋىندىدا باسقا جەردە تۇرالمايتۇن بولغان سوڭ: باس بۇۋىندىدا باسقا بۇۋىندارنىدا «و»، «ۇ» سى بار جات سوزدەردى قازاق تىلىنە كىرگىزگەندە «و»، «ۇ» لاردى باسقا ئىبرداۋىستى دىبىسقا اينالدىرىپ المۇ كەرەك. (Покров - بوقىراۋ).

4 - قازاقشا سوزدىڭ اباغى «ع»، «گ»، «د» بولس تىنبايدى، «ق»، «ك»، «ت» بولادى. ونداي سوزدەرگە داۋىستى دىبىس بەن باستالاتۇن جۇرناق جالعاۋلار (جىكتەۋلەر) قوسىلىپ «ق»، «ك»، «لەر» («ت» مەس) ەكى داۋىستى دىبىستىڭ اراسىنا تۇسسە (ولاردىڭ الدىنداغى دىبىستارىدا داۋىستى بولسا، - «ع» «گ»، بولس وزگەرەدى. ئىبراق «ت»، «د» بولس وزگەرەيدى، «ت» كۇيىندە قالادى. «ع»، «گ»، «د» دىبىستارى مەن تىنغان جات سوزدەردى قازاق تىلىنە كىرگىزگەندە سوز اباغىداغى «ع»، «گ»، «د» لارىن، «ق»، «ك»، «ت» قىلىپ المۇ كەرەك؛ بۇل دىبىستاردىڭ الدىنداغى دىبىستارى داۋىستى دىبىس بولغاندا، ارتىنان جانا داۋىستى دىبىس جالغانسا: «ق»، «ك» - لەر «ع»، «گ» بولس وزگەرەتۇن بولس، «ت» - وزگەرەيدى.

سول كۆيۈمىدە قالانۇن بولمۇ كەرەك؛ ونداى سوزدىڭ اباغىنداى «ق»، «ك» - لەردىڭ الدىنداى دىبىس داۋىستى بولماسا، ول سوزدەرگە داۋىستى دىبىس بەن باستانانۇن جالغاۋ، جۇرناقنار جالعاغاندا «ق»، «ك» لەر وزگەرمەيتۇن بولمۇ كەرەك، يا بولماسا سوز اباغىنداى «ع»، «گ»، «د» لاردى مۇلكە جوعالتىپ جىبەرىۋ كەرەك. (Оренбург - «ورىنبور»)

5 - قازاق تىلىنىڭ ۇزدىكىسىزدىك زاڭى بىر قازاقشا سوزدىڭ. شىندەكى داۋىستى دىبىس الدىنداى داۋىسسز دىبىستان ايرىلىپ (ونان كەينىكى بۇۋىنغا) شەما المايدى («قاراعاي»، «قاراعاي» بولىپ ۇزىلىپ بۇۋىندالا المايدى)؛ - «ماسەلە»، سىقىلى ۇزىلىپ بۇۋىندالاتۇن سوزدەر قازاق تىلىندە بولمايدى. جانا: «بىر سوزدىڭ شىندە، اراسنا داۋىسسز يا جارتى داۋىستى دىبىس سالماي، ەكى داۋىستى دىبىس قاتارىنان كەلمەيدى. ۇزدىكىسىزدىك زاڭىنا كەلمەيتۇن جات سوزدەردى قازاق تىلىنە كىرگىزگەندە، وزگەرتىپ ۇزدىكىسىز قىلىپ الۋ كەرەك. (ماسەلە - «ماسەلە»، «مۇمىن» - مومىن).

6 - قازاقشا سوزدىڭ ەكىنى سوڭى بۇۋىنىدا بولادى. سوندىقتان سوڭى بۇۋىنىنان باسقا بۇۋىندارىندا بولغان جات سوزدەردى قازاقشا لاندىرغاندا ەكىنن سوڭى بۇۋىنغا كەلتىرىپ الۋ كەرەك.

(Самара - «سامار»، Пуховый - «بوكهбай»)

7 - قازاقشا سوزدە «بىر دىبىس قوسارلانىپ كەلمەيدى. سوندىقتان دىبىسى قوسارلانغان جات سوزدەردى قازاق تىلىنە كىرگىزگەندە قاتارىنان ەكى قايتا ايتىلاتۇن دىبىستىڭ بىرەۋىن يا مۇلكە جوعالتىپ جىبەرىۋ كەرەك دە، يا بولماسا ورنىنا باسقا «بىر دىبىس كىرگىزىپ الۋ كەرەك. («ماككا» - «مەكە»، «اللا»، «الدا»).

8 - قازاق تىلىنىدە وزىندە چىرق دىبىستاردان تىزىلگەن سوزدەر بولماسقا كەرەك.

شىندە جات دىبىستارى بار جات سوزدەردى «پان سوز قىلىپ الالاندا، ونىڭ جات دىبىستارىن شىعارىپ تاستاپ ورنىنا قازاقشا دىبىس كىرگىزىپ الۋ كەرەك. جات دىبىستاردىڭ «ار قايسىسنا الدىن الا قازاق دىبىسىن ارناب كورسەتمۇگە بولمايدى؛ برەتىنە قاراي ماسەلەن ورىسشا «B» «ۋ»، «پ»، «ب» بولىپ وزگەرىۋى مۇمكىن؛ «ح» دىبىسى



قازاقشا كەيدە «ك»، كەيدە «ق» بولسۇپ وزگەرىپ، كەيدە مۇلدە جوعالىپ كەتسۇى مۇمكىن.

9 - قازاق تىلىنە كىرگەن جات سوزدەر تۇبىر سوز سەبەبىنە «لىنىپ»، قازاق تىلىنىڭ زاڭدارىنىشا وزگەرتسۇن بولسۇغا تىبىس.  
 جات سوزدى جات جۇرناغى مەن الئۇغا بولمايدى؛ جۇرناغى مەن كىرگەن سوز بولسا، - ونىڭ سول جۇرناقتى تۇرىن تۇبىرگە بالاب الئۇ كەرەك.

ماجىلىس اغاسى قازاقشا پان سوزدەر تاقىرىبىتى ايتىس اشىلانئۇنىن جارىيالاب، ايتىسۇشىلارغا ولاردىڭ جازىلمان رەتى مەن سوز بەردى.  
 تازىرىن: بىلىم كەڭەسىنىڭ «قىزىل قازاعىستاندا» جارىيالاعان پان سوزدەرىنەن مىسالدار كەلتىرىپ، - بىلىم كەڭەسى قابىلداغان سوزدەرىندە جالپى نەگىز جوق ەكەنن ايتتى. قابىلداغان سوزدەردەن: بىلىم كەڭەسىنىڭ پان سوزدى، قالايىدا بولسا، قازاق تىلىنەن الئۇدى ارتىق كورەتۇنى كورىنىپ تۇر. پان سوزدى قازاق تىلىنەن العان دۇرىس، - بىراق قازاقشا پان سوز ازىنالغان ئۇمىعا عدال كەلىپ، تىلگە جەڭىل، قۇلاققا ەرسى بولماوى كەرەك. بىلىم كەڭەسىنىڭ «دىبىس جۇيەسى»، «سوز جۇيەسى» سىقىلى سوزدەرى - سول شارىتاردىڭ بارىندە عدال كەلەدى، - ماغانا جاعىناندا، ايتىو، ەستىلىو جاعىناندا كەمشىلگى جوق. پان سوزدەردى قازاق تىلىنەن الئۇمۇشىن، - ونىڭ وسى «سوز جۇيەسى» سىقىلى مەنسىز بولئوى شارىت. ولاي بولماي، «بىبىياۋىرمالدىق» سىقىلى، ماغانا جاعىناندا قولايىسىز، ايتقاندا قۇلاقدا ەرسى ەستىلىپ تۇراتۇن سوزدەردى پان سوز قىلىپ الئۇدىڭ جونى جوق: قازاق تىلىنەن لايىق سوز تاپىلمائىتۇن بولعاندا، پان سوزدى اسىل تۇبىرىنەن الئۇ كەرەك. جانا: بارلىق قالىقتاردىڭ بارىنە ورتاق، «بىنتەرناتسىيونال»، «دەموكراتىيا» سىقىلى، پان سوزدەردى وزگەرتبەي، جالپى ياۋرپانىڭ ايتىپ وتىرعان تۇرىندە الئۇ كەرەك. «اپتوموبىل»، «تەلەگىراپ» سىقىلى تەكنىكە سوزدەرىن دە سول جالپى ياۋرپانىڭ قولدانغان تۇردە الئۇ كەرەك. ونداى سوزدەردى قازاقشا اۋدارىپ ياۋرپادان المىستاۋدىڭ پايداسى بولمايدى:

بۇل كۇندە ئۇمىشلىپ كەتكەن ەسكى سوزدەرگە قىزىعبۇدىڭ دا كەرەگى جوق، قازاقتىڭ وز تىلىندە جوق باسقا تۇرىكتەردىڭ سوزىنە قىزىعبۇدىڭ دا كەرەگى جوق. قازاقتىڭ وسى كۇنگى تىلىندە بار جالپىعا تۇسىنكىتى

سوز بولماسا، ۋەمىتلىپ كەتكەن ەسكى سوزدەن دە، قازاققا تۇسىنىكسىز باسقا تۇرىكتەردىڭ سوزىنەن دە ياۋرپا سوزىن العان ارتىق - دەپ ەيدىمۇ كەرەك .

مانان: بايانداما تولىق بولغان جوق. ەپان سوزدەرىن قايدان الامىز، نە ەتۇرلى ەتىب الامىز، جات ەسوزدى العاندا كىمىنەن الامىز، ەتىل بزدە گەندە كىمىنەن بزدەيمىز، جات ەسوزدى العاندا قالايشا ەتىب الامىز؟ - دەگەن سۇراۋلارعا جاۋاب كۇتىب ەدىك. بايانداۋشى ەك سۇغى سۇراۋعا عانا جاۋاب بەردى. باسقارلى تاقىرىبتى ەش - دەمە ايتا العان جوق، بۇرىننان باسپا سوزدە جازىلىپ جۇرگەن، تۇركىستەننىڭ داۋ قىلىپ جۇرگەن ماسەلەلەرى - الدىكى سۇراۋلار دەى. ونىڭ جاينان بايانداۋشى ەش - دەمە ايتقان جوق. سوندىقتان باياندامانى تولىق ەمەس دەپ ەيلىپ، قايتادان ولقى بايانداما جاسالۋىن سۇراۋ كەرەك. ەپان سوزدەرى تاقىرىبتى مەن ۇز تارايمىنان مىناداي جوبالار ۇسىنامىن: ەپان سوزىن اۋەلى قازاقتىڭ ۇز تىلىنەن بزدەۋ كەرەك؛ ونان تابىلماعان كۇندە باسقا تۇرىك قاۋىمدارىنا كىرىپ كەتكەن سوزدەردەن بزدەۋ كەرەك؛ قازاقتىڭ ۇز تىلىنەن دە باسقا تۇرىكتەردەن دە تابىلماعان سوزدى عىلىمنىڭ شىققان ەلىنەن المۇمىز كەرەك - دەدى.

قالل: قازاق ەتىلى تەكسەرىلىپ بولغان جوق. ەبىز جات تىلدەرگە قىزىمىۋدى قويىپ، اۋەلى ۇز ەتىلىمىزدى دۇرىستاب تەكسەرىۋىمىز كەرەك. شىنداب تەكسەرسەك، قازاق ەتىلىنىڭ وزىنەن پانگە جارايتۇن كوب سوزدەر تابىلادى. قازاق تىلىنەن تابىلماعان سوزدەردى باسقا تۇرىكتەردەن المۇ كەرەك. ەنازىردىڭ: جات سوزدەردى اسىلىن وزگەرتىپى المۇ كەرەك - دەۋى قاتا. ەبىز تىلىمىزگە جات سوز كىرگىزگەندە، ونىڭ ەتۇبىرىن عانا كىرگىزىۋىمىز كەرەك، - جانا ەتۇبىرىنىڭ وزىن دە قازاق ەتىلىنىڭ زاڭدارىنا كەلتىرىپ وزگەرتىپ المۇمىز كەرەك. جات ەتىلدىڭ جۇرناققارىن المۇدىڭ ەجونى جوق، جات تىلدەن المىعان تۇبىرىگە ەبىز ۇز جۇرناققارمىزدى جالعايتۇن بولىۋىمىز كەرەك.

ەپان سوزدەرىن قابىلداۋ رەتى مىناداي بولىۋ كەرەك: ەبۇتىن قازاق قالقى ۇشىن جالغىز ەبىلىم كەتەسى بولىۋ كەرەك؛ ول ەبىلىم كەتەسىنىڭ جانىندا ار ەپاننىڭ مامىندارىنان سايلانغان كەمەسىيەلەر بولىۋ كەرەك؛ ەپان سوزدەر اۋەلى ەتىپىستى كەمەسىيەنىڭ سىنىما تۇسىپ، ونىڭ قابىلداپ

الغان سوزدەرى باسپا سوز جۇزىندە جاريالانئىب ، كويىنىڭ ئالقىسىغا تۇسۇڭكە ئىيسى؛ ول ئپان سوزدەر سونان سوڭكەانا بارىب ئىلىم كەكە- سىنىڭ قاراۋىنا ئۇسىب بەكىلىب شىعوغا ئىيسى .

پىشانئىعالىي : ئپان سوزىن قازاق تىلىتىن ، ونان تابىلىغان كۇندە چالىي تۇرىك تىلىتىن المۇ جولىن قۇۋاتتاب ، - قازاقشا لۇعات كىتەپىن جازىب شىعارىۋ كەرەك كەكەن - ايتتى .

مانان : تارتىستىڭ سوزىلىب كەتكەن سەبەبى - باياندامانىڭ تولىق بولمىغاندىغان دەپ جاڭكادان بايانداما جاسالغۇن تىلەدى .

ئاجىلىس اعاسى پىشانئىعالىي : بايانداما تولىق بولمىدى - دەۋ قاتا . مانانىڭ قاناعاتانباغان ماسەلەلەرى بولسا ، - ول تۇۋرالى بايانداۋشى قورىتىندى سوزىندە ئىشپ ايتىۋى مۇمكىن . سوز سۇراۋشى ەش كىم جوق؛ سوندىقتان ەندى ەلدەس قورىتىندى سوزىن سويلەيدى .

ەلدەس : ئپان سوزى ئاقىرىتى نەگىزگى جولىمىز قانداي بولمىغا ئىيسى كەكەن مەن باياندامادا ايتىپ وتتىم؛ ونى قايتا ايتىۋىڭ قىچەتى جوق . سۇيتىسەدە ، مانانغا جاۋاب بەرمەي بولمايدى . مانانىڭ : « ئپان سوزدەر؛ قايدان الامىز؟ » ، « نە تۇرلى ەتب الامىز؟ » « جات سوزدى العاندا كىمىنن الامىز؟ » « تىل بزەگەندە كىمىنن بزەيمىز؟ » ، « جات سوزدى العاندا قالاشا ەتب الامىز؟ » - دەپ جاۋاب كۇتكەن سۇراۋلارى دۇرىسىندا تولىب جاتقان سۇراۋ ەمس ، سوزدى تۇرلىشە قۇراستىرىپ ، قايتا قايتا ايتقان كى اق تۇولى سۇراۋ . مۇنىڭ بىرەۋى « نە تۇرلى ەتب الامىز؟ » بەن « جات سوزدى العاندا قالاشا ەتب الامىز؟ » - دەگەن سۇراۋغا جاۋاب يولنى ، -

ونى مانانىڭ ۇزى ايتىپ وتتى . مانانىڭ باسقا سۇراۋلارى : چالىي تۇرىك تىلى مەن ياۋرىپا تىلىنىڭ قايسىسىغا ارتىق باغا بەرىۋ كەرەك دەگەن سۇراۋ . مەنىڭشە باياندامادا بۇل سۇراۋدا جاۋابسىز قالغان جوق ەدى . ئپان سوزى ئاقىرىتى نەگىزگى جولىمىز : ونىڭ قازاققا ، - چالىي بۇقازغا تۇسىنىكىتى بولمىۋى ، قالا بەردى : تىلىنە جەكىل بولىپ ، قۇلاعىنا ەرسى بولماۋى . ئپان سوزىن اۋەلى ، پىرانسوزدان بزەيمىز ، ونان تابىلىسا نەمىستەن بزەيمىز ، - ونان تابىلىسا ، قىتايدان بزەيمىز - دەگەن سىقىلىدى ،

جەر جۇزىندەگى تىلەردىڭ ئبارىن باعالاب ، الدىن الا رەتتەپ قويىۋ مۇمكىن ەمس . قازاق تىلىنىڭ زاڭىنا كەلمەيتۇن نوعاى سوزى مەن ، قازاق تىلىنىڭ زاڭىنشا وزگەرتىپ ، جالعاۋ ، جۇرناقبار جال-اۋعا كەلەتۇن تىلگە

جەڭكىل، قولاققا جايلى قىتاي سوزىن سالىستىرىپ تاڭگەيتۇن بولساق، -  
 مەنىگىشە: قازاق تىلىنىڭ زاڭىنا گەلەتۇن. قىتاي سوزىن المۇ كەرەك.  
 قازاق تىلىنە جاڭا سوزدەر كىرگىزگەندە، ەڭ اۋەلى ون جاڭا  
 سوزدىڭ قازاققا جات بولماۋ، پۇقارانىڭ تىلىنە اۋىر بولماۋ، قۇلاعىنا  
 ەرسى بولماۋ جاعىن قاراىستىرىۋ كەرەك. بۇل شارىقا كەلمەگەن سوز:  
 تۇرىك سوزى بولسادا؛ قىتاي سوزى بولسادا، - قازاقشا سوز بولمۇعا  
 چارامايدى.

بىزدىڭ بۇل ەپىلىمپازدار سىمىزى سىقىلى سىمىزدىڭ تەكسەرگەن  
 ماسەلەلەرى جالپى، نەگىزگى تۇردە عانا تەكسەرىلىۋگە تىيىس. سوندىقتان  
 باياندا ماددا جالپى تۇردە جاسالدى. قاي جۇرتتىڭ تىلى بىرىنشى ورىندا،  
 قايسىسىنىكى 2 ىنشى ورىندا بولمۇعا تىيىس ەكەندىگى ايتىلغان جوق.  
 سۇيىتسەدە، سىمىزدە: قازاق تىلىنەن تابىلماغان سوزدى اۋەلى باسقا  
 تۇرىكتەردەن يزدەۋ كەرەك دەگەن جوبا كوپ ايتىلدى. بۇل جوبا تاقىرىبتى  
 مەنىڭ ايتاتۇنىم: باسقا تۇرىكتەردەن، ولاردىڭ جازىلغان كىتەپتەرىن تۇسىنە  
 الماستاي بولىپ، - المىستاب كەتپۇ چارامايدى؛ سوندىقتان باسقا تۇرىكتەردە بار  
 سوزدى شەتتەن يزدەمەۋ كەرەك دەگەن جوبا قىيىنسىدى؛ بىراق تۇرىك  
 قالقتارىنىڭ بىزىمنىڭ پان سوزى بىر مەس: وىزەك، بۇقارامى سىقىلى  
 ەلدەردىڭ تىلىندەگى سوزدەردىڭ كوپى پارسى سوزى، ازىربايجان، وسپان  
 تۇرىكتەرنىڭ پان سوزدەرى كوپىنە اراپتان المىنعان، نوعاى تىلىندە اراپ،  
 پارسى، ورس سوزدەرى - بارى دە بار، سوندىقتان باسقا تۇرىكتەردىڭ  
 سوزى دەگەندى: تۇرىك قالقتارىنىڭ بارىنە ورتاق جالپى تۇرىك سوزى  
 بولماسا، تۇرىك قالقتارىنىڭ كەز كەلگەن بىرەۋىندە بار سوزدى جاقىن  
 كورىۋدىڭ قىيىسىنى بولمايدى. قازاققا جوق سوزدى باسقا تۇرىكتەردەن  
 يزدەۋ كەرەك - دەگەن جوبانى: تۇرىك قالقتارىنىڭ بارىنە ورتاق سوزدەردەن  
 يزدەۋ كەرەك - دەپ تۇسىنىۋ كەرەك.

بارلىق قالقتارعا ورتاق سوزدەردى جاتىر قاماۋ كەرەك دەگەن دۇرس،  
 بىراق جات سوزدەردى جالپىعا بىردەي دەپ؛ جات تۇرىندە المۇعا بولمايدى -  
 قازاق تىلىنىڭ زاڭىلارنا كەلتىرىپ، قازاقتىڭ سوز سوزىنە ۇساتىپ  
 المۇ كەرەك.

قازاقشا تۇبىر سوزدەرگە جۇرتاق جالعاب جاڭا سوز شىعارىۋ،  
 جات سوزدەردى قازاق تىلىنە كىرگىزگەندە قالايشا وىزگەرتىپ كىرگىزىۋ

قافرىتى مەنىڭ جوبالارىما قارىسى سويلەۋشى بولغان جوق. سوندىقتان  
ول جوبالاردىڭ وسى سىيەز قاولىسى سەبىندە قابىللىنىۋىن تىلەيمىن .  
سىيەز ۋېان سوزدەرى ئاخىرىتى بۇلاي قاولى قىلىمى:

1 - قازاقشا ۋېان سوزدەرى قازاقتىڭ ۋوز تىلىنىن اللىناتۇن بولسىن  
قازاقشا سوزدەن، تۇبىرگە جۇرناق جالاب، چاڭكا ۋوز شىعارغاندا، -  
جۇرناقشادى دەستىڭ باياندا ماسىندا ايتىلغان جول مەن تالاب المۇعا تىيىس  
2 - قازاقتىڭ ۋوز تىلىنىن تابىلماعان ۋېان سوزدەر، باسقا تۇرىك  
قالىقتارىنان بىزدەلسىن؛ باسقا تۇرىكتەر تىلىندەگى ۋېان سوزدەر - جالپى  
تۇرىك ۋوزى بولمى، جات تىلنىڭ اسەرىنەن امان بولسا، - ونداى  
سوزدەر جاتىر قاماي اللىسىن .

3 - ياۋروپا قالىقتارىنىڭ ۋېاننىڭ دە تىلىنە سىڭمى كەتكەن جالپى  
جۇرتقا ورتاق ۋېان سوزدەر، قازاق تىلىنىڭ زاڭدارىنا كەلتىرىلىپ،  
بىزگە دە ۋېان ۋوز بولمى اللىسىن؛ ونداى سوزگە ماعاناسى عدال كەلەتۇن  
قازاقتىڭ ۋوز ۋوزى بولسا، - جالپى ياۋرۇپيا ۋوزى مەن قازاقشا  
ۋوز، تۇبىندە كەۋى جالپى قالىقتىڭ تالعاۋنا ۋوسىپ، قاي قولايلىسى  
اللىناتۇن بولمۇ ۋوشىن، كەۋى قاتار جازىلىپ وتىراتۇن بولسىن؛  
4 قازاقتىڭ ۋوز تىلىنىن باسقا تىلدەردەن اللىنغان ۋېان سوزدەر  
قازاق تىلىنىڭ باياندامدا باينالاب كورسەتىلگەن زاڭدارىنشا وزگەرتىپ  
اللىسىن .

5 - قازاقشا ۋېان سوزدەرىن تەكشەرىپ قابىلداپ اللىناتۇن ورىن -  
قازاقشا ۋېلىم كەڭەسى، - جالپى قازاق قالقى ۋوشىن جالغىز بولسىن؛ ۋېان  
سوزدەر اۋەلى ۋېلىم كەڭەسىنىڭ جانىندا ۋېاننىڭ ماماندارىنان  
سايلانغان، ۋېاننىڭ وزىنە دەرىس كەمەسىيەلەردە تەكشەرىلەتۇن  
بولسىن؛ كەمەسىيەنىڭ قابىلداپ اللىنغان سوزدەرى باسقا ۋوز جۇزىندە  
جارىيالاپ، كوپتىڭ سىنىنا تۇسكەننەن كەيىن، ۋېلىم كەڭەسىنىڭ قاراۋنا  
تابىرىلىپ، سوتان بەكىپ شىعارتۇن بولسىن؛

6 - قازاقشا سوزدەر ۋېلىپى رەتى مەن قىزىلىپ، لۇعات كىتەپى  
بولمى جازىلىپ شىعارىلىسىن .

بۇل قاولغا قوسىمىشا سەبىندە، ۋېلىپ - قاننىڭ: قاعاز، بەتىنە كىسىنىڭ  
اتى - جۇننن جازعاندا، ورسشاعا ەلىكتەپ، كەسىنىڭ اتىنا «وپ» دەپ  
قوسىپ جازىۋ قالسىن - دەگەن ۋسىنىسى تەكشەرىلىدى .

ەلەس : دۇرۇسىدا كىسىنىڭ ۈز اتىنا اكهسىنىڭ اتىن قوسىپ ايتىۋىدىڭ كەرەگى جوق. كىسىنىڭ ۈز اتىنا اكهسىنىڭ اتىن قوسىپ ايتىۋ، جالغىز قازاق مەس، جالپى تۇرىكتە جوق. قازاق تىلىندە بىرەن ساران كىسىلەردىڭ اتىنا، ونى اتاس كىسىلەرى مەن قاتىستىرماۋ ۋشىن اكهسىنىڭ اتىن قوسىپ ايتاتۇن ورىنداردا بولادى، - ۋىراق وندايدا اۋەلى اكهسىنىڭ اتىن ايتىپ، وعان «ۋلى» دەگەن ۋسوزدى قوسادىدا، كىسىنىڭ ۈز اتىن سوعان جالغاب ايتادى : ەسكى اڭگىمەلەردە جانىبەك باتىردى «قوشقار ۋلى جانىبەك» - دەيدى. كىسىنىڭ اتى - ۋچونىن جازىۋ رەتى يىزدە دە جالپى تۇرىكشە بولمۇ كەرەك : كىسىنىڭ ۈز اتىن اتاس كىسى مەن قاتىستىرماۋ ۋشىن عانا بولسا، اكهسىنىڭ اتىن جازىباي، ۋز اتىن عانا جازىۋ كەرەك؛ اكهسىنىڭ اتىن جازعاندا، ونى اۋەلى جازىپ، وعان «ۋلى» دەگەن ۋسوزدى قوسىپ، ۋز اتىن سونان سوڭ جازىۋ كەرەك.

بۇل مائىنەلەنى سىيەز بۇلايشا شەشتى :

كىسىنىڭ اتى - ۋچونىن جازعاندا، ونىڭ ۋز اتى عانا جازىلاتۇن بولسىن؛ ۋكىمەت ورىندارىنىڭ قازانىدا، كىسىنىڭ ۋز اتىن اتاس كىسىلەردىڭ اتى مەن قاتىستىرماۋ ۋشىن، اۋەلى اكهسىنىڭ اتى جازىلىپ؛ وعان «ۋلى» دەگەن ۋسوز قوسىلىپ، سونان سوڭ ۋز اتى جازىلاتۇن بولسىن.

كۇندىزگى ۋماجىلىس وسى مەن جابىلىدى.

## ۋيەننىڭ 16 سى كەشكى ۋماجىلىس.

ۋماجىلىس اعاسى ۋالىي - قان : قازاقشا ۋتورت جىلدىق مەكتەبتەردىڭ پىروغىراممى تەكسەرىلەتۇنىن ايتىپ، ونىڭ جاپىنان بايانداما جاساۋ ۋشىن شونان ۋلى تەلچانغا ۋسوز بەردى.

تەلچان : قازاقشا ۋتورت جىلدىق باستاۋىش مەكتەبتەردىڭ پىروغىراممىنا مەن تۇردە وقىب شىقتى :

قازاقشا ۋتورت جىلدىق باۋلىۋ مەكتەبتەرنىڭ پىروغىراممى.

1- باستاۋىش مەكتەپ وقۇننا جوسبار جاساۋداعى ماقسات - اۋەلى ۋيەتۋىگە كەرەك نارسەلەردىڭ ورنىنا كەرەكسىز نارسەلەر ۋيەتەلىپ،

بالالاردىڭ ئومۇمىي بوسقا وتبەۋ مۇشۇن ؛ ەكىنشى كەرەكتى نارسەلەردى  
 ۋىرەتكە نىڭ وزىندە دە ، بالالاردىڭ سانا شاماسىنىڭ ، نازىك تابىعاتىنىڭ  
 اۋانسا قاراي؛ جەگەلمەن اۋىرىنا ، جاقىننان السىنا كوشۇ مۇشۇن؛ مۇشۇنشى  
 تاجىرىبىبا مەن مەرزىمەدە باستاۋىش مەكتەبتە ۋىرتلەتۈن بىلىمەردىڭ كۆلەم  
 مولشەرىن كورسەتتۇ مۇشۇن .

2- بالانى ۋىرەتۋدەگى ماقسات تىرشلىك سىنە دايارلاۋ: تىرشلىك  
 سىنە دايارلاۋ مۇشۇن بالالارعا تابىعاتتى تانىستىر تۇكەرەك، تابىعاتتى پايدالانىۋىڭ  
 ادبىسىن ، ونەر بىلىمىن ۋىرەتتۇ كەرەك.

ونەر بىلىم دەگەن ۋشان تەگىز شىپاقتى ۋشى - قىيمىرى جوق نارسە  
 ونەر بىلىمنىڭ بارىن ۋىرەتتۇگە بالالىق كۆيى شىپاقتى ادام مۇمىرىنىڭ  
 بىر از عانتاي جالى تۇگىل ؛ بۇتىن ومىردە جەتەيىنى . باستاۋىش مەكتەب  
 مۇشۇن جاسالغان جوسبار ؛ سونداغى وقىتۋن بالالاردىڭ جاسىنا ولشەب  
 شاعىنداب بولمىش شەارغان ونەر بىلىمىنىڭ كۆلەم شاماسى عانا بولادى،

3- مادەنىيەتى ناگەرى جۇرتتاردا، ماسەلەن ورس جۇرتىندا باستاۋىش  
 مەكتەب مۇشۇن جاسالغان تولمى جاتقان جوسبار بار. ولار بىرىنەن بىرى  
 ۇزاق كەتە قويمايتۇن بىرىنە بىرى قارالاس جوسبار ؛ ولاردىڭ بىر بىرىنەن  
 ايرىلاتۇن جەرى ار قايسىسى ، ار تۇرلى نارسەنى بۇلداپ ، وزى بۇلداغان  
 نارسەسىن وقىتۇ تۇرىنە وتىرعىزىۋىنداغانا .

سوگەي زامانداغى جاسالغان جوسبارلادا ونەر بىلىم بالالارعا باۋلىۋ  
 تۇرىندە عىس ۇستىندە ۋىرەتلىسىن دەگەن پىكىر كۆشتى . بىزدىڭ رەسەي  
 وقىمۇ كەمەسەرىيەتى دە وسى پىكىردى قۇۋاتتاب باستاۋىش مەكتەبتەردىڭ  
 بارىندە دە وقىۋ باۋلىۋ تۇردە بولمىس دەپ وتىر . بىراق بولمىس دەگەن مەن  
 باستاۋىش مەكتەبتەردىڭ بارى باۋلىۋ مەكتەبى بولمىش جاتقان جوق ؛ سەبەبى  
 ۋىرەتتۇ سولاي بولمىس دەسە دە ، ولاي وقىمۇ سايلاغان نارسە جوق ؛ ولاي  
 سىنەگەندە وعان لايىقتاب جاسالغان قۇرال بولمۇي كەرەك . ولاي ۋىرەتتۇگە  
 دايارلاغان مۇعالم بولارعا كەرەك . ونداى قۇرالداردا مۇعالمداردا الى  
 جوق ؛ قاتتا تاجىرىبىبا بولمىش جۇمىسىن كورگەننەن كەيىن جاسالىپ وتىرغان  
 ولاي وقىتۋىڭ جوسبارىدا جوق .

4- وقىۋ تۇرىن عىس بەن ۋىرەتتۇدى قويىپ ، ونەر بىلىمگە بالالار  
 باۋلىۋ ىرەتىندە دايارلانغان قۇرال مەن مۇعالم باسقارلاردا بولماغاندا ، بىزدە دە

بولمايتۇنى بارشامزغا مالىم نارسە. ولاي بولسا وقتۇ تۇرىنە ئىستى قويسىمۇ  
جوسبار جاساي الماعاننىمىزدىڭ ئەلنىسى جات كورىنبەسكە كەرەك.

بۇل ئۇسىنىپ وتىرعان جوسبار نىرشىلىكىگە كەرەك ونەر بىلىمىنەن  
باستاۋىش مەكتەپكە شاعىنداب شاماكورسە تەنۇن عانا جوسبار. ول ونەر بىلىم -  
دەردى قۇرالى ساي مۇعالىم ئىس ئۇستىندە ئۇيرەتەر؛ قۇرالى جوق مۇعالىمنىڭ  
قولىنان كەلمەيتۇن چەرلەردە ئسوزبەن ئۇيرەتەر، كىتەب بەن ئۇيرەتەر؛ بولماسا  
جوسباردىڭ كوزدەيتۇنى ئركىم الەنەقاراي ئۇرلى جول مەن ئۇيرەتكەندەمە  
بالالارغا بىلىدەرەتۇن ونەر بىلىمنىڭ بەلگىلى كولەمى بولسىن دەگەن.

5- باستاۋىش مەكتەپ بالالاردى وقتۇغا ئۇزداندىرىپ بىلىم ئادامىن  
الدىرىپ سەپىندەگى، تويىلىقتى، نىكەسلىقتى بىلىم بەرمەيتۇن شالا مەكتەپ  
كەنى بارشامزغا مالىم. ونەر بىلىم تارلىى كوپ نارسە بولغاندىقتان  
تاراۋىدا كوپ نارسە كەنى بەلگىلى. باستاۋىش مەكتەپ ئۇشش جوسبار  
جاساۋدىڭ بىر قىيىن جەرى - سول تولىپ چاتقان ونەر، بىلىم تاراۋلارنىڭ  
بارىنەن بولماغان مەن كوپىنەن بالالار ئىس جۇزىندە پايدالانغانداي، شاما  
شارقىنا قاراي بىلىم الارلىق تەب جوسبار جاساۋ كەرەك.

6- تارتىتەب بالالار ئۇيرەتەب، تاجىرىپىبا كوپ كورگەن جۇرتتاردا  
باستاۋىش ئۇيرەتەتەتۇن ونەر بىلىم جوسبارلارى بار كەندىگى جوعارىد  
سەكەرتىلىپ وتتى. بىزدەي مەشەل ئوسىپ مەشەۋلەپ كەلە جاتقان جۇرت  
سونىندان سونىغا قونىپ، سونىندان سونىغا جول سالىپ جاتقان الداعى  
جۇرتتاردىڭ ارتىنان رەمەسەك، الدىنا شىغىۋعا، قاتتا قاتار جۇرپۇگەدە  
شامامىز كەلمەيدى؛ وقتۇ جۇزىندە جاشادان جول سالىپ، جوسبار جاساۋ  
بىزدىڭ قولمىزدان كەلمەيدى. الداعى جۇرتتاردىڭ اعاننى الىپ، سىتەگەنن  
سىتەۋگە جاساق سودا بىزگە ازىرىنە جارايدى. بىز باستاۋىش مەكتەپمىز  
ئۇشش جوسبار جاساعاندا الدىمىزداعى جۇرتتاردىڭ جاساعان جوسبارلار بىن  
نەگىز قىلىپ، الارلىغىن الىپ، الماستىغىن تاستاب، كەرەك بولغان جەرىنە  
قوسىپ، سولاردىڭ تاجىرىپاسىنا سۇيەنىپ جاساۋىمىز كەرەك. مۇنى نەگىزگە  
الماي، ئوز تاجىرىپامىز بىن جاساۋعا، ئوز تاجىرىپامىز ئالى از.

7- باستاۋىش مەكتەپتە وقتىنۇن بالالار (ورس قازاق دەمەي) جاسى بىر،  
تابىعاتى بىردەي بولغاندىقتان، جالپى ادامعا بىردەي، ونەر بىلىم تاراۋلارى، جاعىنان  
ورس مەكتەپى ئۇشش جاسالغان جوسبارلاردى ئوز جاعدايىمىزعا ئىراق بىگەندەگەنمىز  
بولماسا، ونشاۋزگەرس كىرگىزبەي الامىز. دايار جوسبار جوق نارسەلەر: قازاق



ئىلى، تارىقى، تۇرمىس جۇيەسى، بۇلار مەكتەپتەرىندە قىلمايتۇن بولغان. دىقتان، قىلسادا ۋز ئىلى، ۋز تارىقى، ۋز تۇرمىسى قىلغاندىقتان بىزگە بىلىق ماددەنىپەتتى ەلدەردىڭ يا ورستىڭ جوسبارى جوق. بۇلار ۋشىن جوسبار جاڭدان جاسالماقشى. قازاقتىڭ ئىلىن، تارىقىن، تۇرمىس جۇيەسىن، مەكتەپتە ۋيرەتمۇ جوسبارىن جاساۋ وڭاي جۇمىس مەس، ۋىتكەنى قازاق ئىلىن تارتىبتى مەكتەب ۋيرەتكەن تاجىرىپا ەلى از. قازاق تارىقىن، تۇرمىس جۇيەسىن ۋيرەتكەندەي تاجىرىپا ئىبتى جوق. تاجىرىپەسىز جاسالغان، وقىمۇ جوسبارى مەكتەب بويىنا شاق كەلە قوبار دەب مەش قايسىمىزدا ايتا المايمىز. قازاق تىلىنە، تارىقىنا، تۇرمىس جۇيەسىنە شامالاب جوسبار كەسىب پەشكەندەدە ۋبىز ول تاجىرىپامىزعا سۇيەنبەي، وزگەلەرگە قاراب پەشمىز.

ورس مەكتەپتەرىندە قازاق تارىقى قازاقتىڭ تۇرمىسىنىڭ جۇيەسى، ئىلى قىلماغان مەن، ۋز ئىلى ۋز تارىقى، ۋز تۇرمىسى قىلادى؛ سولار ۋشىن جاسالغان جوسبارلارعا قاراب ۋبىزدە شامالاب جوسبارلايمىز، 8 - قازاق باستاۋىش مەكتەبى ۋشىن، جوسبار جاساردا نەگىزگە ئىنغان جوسبارلار:

1) 4 جىلدىق باۋلىمۇ، نەگىزگى باستاۋىش مەكتەب ۋشىن 1910 نىشى جىلى مۇعالىمدار كەمەسىيەسى كاركۇپتە جاساعان جوسبار.

2) 4 جىلدىق باستاۋىش مەكتەب ۋشىن 1911 نىشى جىلى ماسكەۋ مۇعالىمدارنىڭ ايرىقشا كەڭەسىندە جاساعان جوسبارى.

3) ماسكەۋ وقىمۇ كەمەسىرىيەتى تاراپىنان 1921 نىشى جىلى شىققان باۋلىمۇ مەكتەپنىڭ ۋبىرىنىشى باسقشى ۋشىن جاسالغان جوسبار.

4) سوڭعى جوسباردان قازاق مەكتەپتەرىنە بىكەمدەب جاساعان قازاقىستان وقىمۇ كەمەسىرىيەتنىڭ جوسبارى.

9 - وسى ايتىلغان جوسبارلارعا قاراب شامالاب ونەر ەبىلىمنىڭ جالپى ادامعا بىردەي تاراۋلارىن ونشا وزگەرتبەي، ۋز جاعدايمىزعا بىكەمدەب العانداغى، ونداغى جوق نارسەلەر ۋشىن سونىڭ ۋزى بولماغان مەن سونداي نارسەلەردىڭ جوسبارىنا قاراب شامالاۋ مەن جوسبارلاعانداغى ازدا بولسا، وزىمىزدە بار تاجىرىپاغا سۇيەنىپ جاساعانداغى 4 جىلدىق قازاق

باستاۋىش مەكتەپىندە ونەر ئېلىم تاراۋلارى تومەندەكى كورسەتلىگەن نارسەلەر بولماق، ول نارسەلەردىڭ ار قايسىسىنىڭ كولەمى، شاماسى بولماق.

ەسكەرتىۋ: ونەر ئېلىم دەكەن قارىستاپ، قۇلاشتاپ، ولشەۋكە يا بولماسا، باتبانداپ، مىسقالداپ، ولشەۋكە كەلمەيتۇن نارسە ەكەنى بارشامزعا مالەم. ۋوزى سونداي نارسە بولغان سونۇڭ ونىڭ ۇيرەتتۇ جوسبارىنادا ولاي ولشەۋ كەلمەيدى. مەكتەپكە قانشاما شاعىنداپ جوسبار جاسالغان مەن، ول جوسبار بويغا ولشەپ تىككەن كىيىمدەي شاپشاق بولا قويمايدى. جوسباردىڭ اتى جوسبار؛ جوسبار دەكەن سىلتەگەن ەجون، مەرزىمدەلگەن جەر ماعاناداعى عانا نارسە. ول سىلتەگەن مەرزىمگە جەتتۇ، جەتتۇ ەجۇرىستىڭ كۇشتىلىگىنە قاراعان سىياقتى، موعالىمنىڭ دا كۇشىنە قارايدى.

تورت جىلىق قازاق باستاۋىش مەكتەپتەرىندە ۇيرەتەتتۇن نارسەلەر، ولاردىڭ ار جىلغا شامالانغان كولەمدەرى (1) انا ەتلى (سويلەۋ، وقۇ، جازبۇ، 2) شاما ەتلى (سان جۇيەسى) (3) تابىعات تانۇ (تابىعاتتىڭ ەنانى، كۇشى، ەسى) (4) جەر تانۇ (جەردىڭ ەشى، تىسى، تۇگى، اۋاسى) (5) ەل تانۇ (تۇرلى جۇرت، تۇرلى تۇرمىس كەسىپ) (6) تارىپق. (7) سۇگىرەت سالىۋ.

### انا ەتلى.

1- باستاۋىش مەكتەپتە انا ەتلىنىڭ ساپاعىنان ەتىل ەبلىمى تورت تاراۋ بولىپ كىرەدى بىرىنشى سويلەۋ اۋىزەكى، جازبا مەن سۇگىرەت سالىۋمەن پىكىرىن ايتا ەبلىۋ.

2- وقۇ: باسپا جازبا قايسىسىن بولسادا جاقسىلاب وقى ەبلىۋ. وقىعانىن دۇرىس ئۇسىندىرىۋ؛

3- جازبۇ: سوزدى تىنىستاردى دۇرىس جازبۇ.

4- ەتىل تانۇ: دۇرىس ايتتۇ، دۇرىس جازبۇ ۇشىن ەتىل زاڭىن دۇرىس ەبلىۋ كەرەك.

باستاۋىش مەكتەپتىڭ تورت جىلىندا دا ەتىل ەبلىمىنىڭ وسى تورت تاراۋى دا انا ەتلىنىڭ ساپاعىندا قالماستان قاتار ەجۇرىپ بارماق.

## 1 نىشى جىل.

1- سويلەۋ: بالالاردىڭ ساناسا گلاۋ شاماسى، سوز بولمى، نارسەنى تانىمى قاي داراجادا كەننن بايقاۋ ۋەشىن جاسالانۇن اگگىمە. اگگىمە تاقىرىبى بالالارعا وزدەرىنە تانىس نارسەلەردەن بولمۇى كەرەك. ماسەلەن. چاز ويناغانداغى وينىندارى، ۋىدە بىستەيتۇن بىستەرى، چاقىسى كورە تۇن مالدارى، مەكتەبكە كەلىۋى، بۇرىن وقىعان وقىمىغانى، وقىعان بولسا قايدا بولمىغانى، كىمەننن وقىمىغانى، قانداي ەرتەگى، مان بىلەتۇنى تاعىسىن تاعى سونداي نارسەلەر (بالالار ۋىيالناي، قورىنباي، بوينىن بىيەلەپ سويلەپ ۋىرەنمۇ ۋەشىن اگگىمەلەسكەندە فاتاسىن تۇزەتەي ەركىن سويلەتۇ كەرەك). قۇرال بولسا مۇعالم ۋوزى ايتقان اگگىمەسىن سۇگىرەتتەپ كورسەتۇ كەرەك ۋەلبىبىدىڭ ۋارپ تانىتاتۇن بولمىن بىترگەننەن كەيىن، بالالاردىڭ ۋوعىمىن كەگىتۇ. بالالار بىلەتۇن نارسەلەردىڭ تاپتارى مەن تانىستىرۇ.

بالالاردىڭ تانىمى شامالى بولانۇن بولسا، بولارلىق نارسەلەردى - سۇگىرەتتەپ تانىتۇ. جىل، اي، جۇما، كۇن، تۇن، ساعات سىياقتى ۋاقىت بولمىدەرى مەن تانىستىرۇ، تۇرمىستا كوبرەك ۋەشرايتۇن ۋساق ۋەشەۋ، ۋساق اقشا تۇرلەرى مەن كوزبە كوز تانىستىرۇ. ادامنىڭ دەنەسىن، دەنەسىنىڭ مۇشەلەرىن اتاتۇ، بەس سەزىم مۇشەسىن تانىتۇ. نارسەلەردىڭ جۇمساقلىقى، سۇيىقتىق، مولدىرلىك، قايتىبالىلىق، سىياقتى قاسىيەتتەرىن تانىتۇ. اق، قارا، كوك، جاسىل، سارى، سىياقتى تۇستەرىن تانىتۇ ۋەقۇيەنىڭ قويدىڭ، ەشكىنىڭ ۋوسى تۇگىن تانىتۇ.

ۋوسى اگگىمەلەردىڭ اداعىندا سويلەۋ چاغىنان بالالاردا مىناداي بىلىم بولمۇعا غىيس:

- 1) قىسقا بولسا، جۇيەلەپ سويلەي بىلىۋ.
- 2) قىسقا مازمۇندى، سۇگىرەتتەردى سوز قىلا بىلىۋ.
- 3) ەسىندە قالغان ەستىگەن اگھارغان ۋوز باسىندا بولغان ۋاقىعالاردى سوزبەن يا سۇگىرەت بەن ايتا بىلىۋ.
- 4) وقىلغان ماقالالاردىڭ مازمۇتىن ۋوز سىنىشقا جۇيەلەپ ايتا بىلىۋ.
- 5) سۇگىرەت يا ماگىيىنداعى زاتتاردىڭ اتتارىن جازا بىلىۋ.
- 6) ايلاردىڭ اتتارىن، كۇندەردىڭ ساندارىن تىركەي بىلىۋ.

(۷) جىل قۇسى كەلگەن كۈننىن ، مۇزدىڭ بۇزىلغان كۈننىن ،  
بايشەشەك شىققان شامانى ، مالدىڭ بالالاغان مەزگىلىنى ، مۇيدىڭ قىستاۋدان  
شىققان كۈننىن تىركەي ئېلىۋ .

2- وقىۋ : «وقىۋ قۇرالنىن» الەببىدىن قىسقا ماقالالاردى اشىق وقىي  
ئېلىۋ ، وقىغان ماقالانىڭ ماناسىن تولىق ۇعىنىۋ . استارلى ماعاتانى اشەين  
ماعانادان ايرا ئېلىۋ . قىسقا- قىسقا ولەڭدەردى شاماسىنشا بەزەندىرىب  
وقىي ئېلىۋ ؛ انگە سالاتۇن ولەڭدەردى انگە سالىپ اينا ئېلىۋ .

3- جازىۋ : سوزدى بۇۋىنغا ، بۇۋىندى دىبىسقا بولىپ جازىب  
داعدىلانىۋ . اۋەلى اشىق بۇۋىندى سوزدەردى جازىب داعدىلانىۋ . («بالا»  
اشىق بۇۋىندار ، «اق» «اۋ» بىتەۋ بۇۋىندار) . داۋىسىسىز دىبىستاردىڭ قوسارىننان  
بىر بۇۋىندا كەلەتۇن سوزدەردى جازىب داعدىلانىۋ . مۇنداي سوزدەردى  
تاقىيغا ، يا دەپتەرگە جازىلغان جازىبادان دا ، كىتەپتەكى باسپادان دا جازىب  
داعدىلانىۋ ، سونداي سوزدەردى كىتەپتەن بالالاردىڭ وزدەرى تاۋىپ جازىۋدى  
داعدىلانىۋ ؛ دايەكشى ، دايەكشىسىز سوزدەردى ايرىپ جازا ئېلىۋ  
(كوشىرتىۋ) .

وسى ايتىلغانلاردى ۇيرەنگەننەن كەيىن بالادا مىناداي ئېلىم قالدۇي  
كەرەك .

- 1) سوزدىڭ بۇۋىننىن دۇرىس ايرا ئېلىۋ .
- 2) بۇۋىن بىشىندەكى دىبىستاردى انىق ايرا ئېلىۋ . ار دىبىستىڭ  
جىگىن بەرىك ئېلىۋ .
- 3) داۋىستى دىبىس بەن داۋىسىسىز دىبىستى ايرا ئېلىۋ .
- 4) سوزدىڭ جۇۋان جىڭىشكەسىن ايرا ئېلىۋ .
- 5) دايەكشى قوبىلاتۇن ، قوبىلمايتۇن ورىنداردى ايرا ئېلىۋ .
- 6) سويلەم اياغىنا ۇلى تىنىستى قويا ئېلىۋ .
- 7) قوسىلاتۇن ، قوسىلمايتۇن ارىپتەردى جاقسى ئېلىۋ .

## II - جىل .

- 1) سويلەۋ : اڭگىمەلەسە ئېلىۋ . جۇيەسىن جۇۋىستىرىب اڭگىمە  
اينا ئېلىۋ . مازمۇنى مولىراق سۇڭىرتىنەردى سوز قىلا ئېلىۋ .  
وقىغان ماقالالار ماناسىن قۇۋاتىتۇن ، ومىرىندە وشىراغان ياستىگىن  
ۋاقىيالارنىن مىسالدار كەلتىرىپ اينا ئېلىۋ . مۇعالمىنىڭ نۇسقاۋى  
بويىنشا شىتگىن ماقالالاردىڭ كەرەكتى جەرلەرىن تاۋىپ الا ئېلىۋ .

مەكتەبتە، ياۋىدە وقىغان ماقالالارنىڭ قىسقا شا مازمۇنى مۇئەللىمىنىڭ جەتەكتەۋى مەن جۇيەسىن كەلتۈرۈپ كىگىمە قىلىپ ايتا بېلىۋ.

سەرۋەنگە شىققاندا، اۋەلى قىدىرىغاندا نازارى تۇسكەن نازىرەلەردى، تابىعات جۇزىندەگى قۇبلىستاردى، شارىۋا جۇزىندە سىتەلىپ جاتقان سىتەردى جۇيەلىپ كىگىمە ەتەپ ايتا بېلىۋ.

مۇئەللىمنىڭ جازغان سۇراۋلارنا جاۋاب تاۋىپ جازىۋ. قىسقا مازمۇندى سۇگىرەتنىڭ مازمۇنىن ۋىزى جازا بېلىۋ. مەكتەپ تۇرمىسىندا بولغان ۋاقىيالاردى قىزە بېلىۋ. مۇئەللىمنىڭ جۇنن كورسەتەپ بەرگەن جەڭىل تاقىرىبتارى بويىنشا قىسقا قىسقا ماقالالار جازىۋ. بىر بىرىنە قىسقا قات قىسقا قاتار جازا بېلىۋ.

(2) وقمۇ: قىبراغات كىتەبىندەگى سوزدەردى، قارا سوزدەردى، ماقالالاردى، سېسالكەلەردى ولەنگەردى وقمۇ؛ ادەملەرىن جانتاۋ. وقىغان ۋىساقى كىگىمە شاعىن ەرتەگى سىياقتى سوزدەردىڭ مازمۇنىنا قۇسنىپ وقىۋ. ماقالالار مازمۇنى (ولەڭ بولسىن، قازا سوز بولسىن) كويىنەسە، بالالاردىڭ ۋىدەگى، مەكتەپتەگى ومىرلەرى جايىنان، اۋىل ايماق، تۇرمىس جايىنان اۋىل ماڭىنداعى تابىعات جايىنان بولىۋ كەرەك.

(3) جازىۋ: قىل تانىۋ. اينىما ارىپتەردىڭ (ق، ك، پ، غ، گ، ب، - عا اينالاتۇن سرتەرى مەن تانىستىرىۋ «ۋ»، «ى» ارىپتەرى «ۋ» كىلىندا كەلتۇن سوزدە مەن تانىستىرىۋ بىتەۋ بۇۋىندى سوزدەردى اشىق بۇۋىنە اينالىدىرا بېلىۋ، اسرەسە «ۋ» كىلىندا «ۋ»، «ى» كەلتۇن سوزدەردىڭ بۇۋىندارىن ايتىپ داغدىلانۇ.

«قۇۋۇ»، «بۇۋۇ»، «تۇۋۇ»، «سۇۋۇ»، سىياقتى سوزدەردىڭ قىاي بۇۋىنى بولسادا بىتەۋ تۇرىندە، اشىق تۇرىندە جازدىرىپ داغدىلاندىرىۋ. «ى» كىلىندا «ى» كەلتۇن سوزدە مەن تانىستىرىۋ.

بىتەۋ بۇۋىنداردى اشىرىپدا، اشىرمايدا جازدىرىپ داغدىلاندىرىۋ. «ى» دىبىسى «ى» دىڭ كىلىندا، ارىندادا كىلەتۇن سوزدە مەن تانىستىرىۋ؛ ولاردىڭ بۇۋىندارىن اشىپدا بىتەۋ كۇيىندە جازدىرىپ داغدىلاندىرىۋ. سوزدەردىڭ تۇلعاسىنا قاراي دا ماغاتاسىنا قاراي دا سۇرىپ تالاتۇن بېلىۋ. قوس سوز، قوسالقى سوز، قوسىمشالار قالاي جازى لاتۇن بېلىۋ. باستى باستى جۇرناق تار مەن تانىستىرىۋ. جۇرناقسىز سوزدى جۇرناق تار جالغانتىپ داغدىلاندىرىۋ. سوز جۇرناق تار جالغاندا ماغاتاسى وزگەرىپ تۇۋىندى سوزگە اينالاتۇن بۇۋىن بېلىۋ. باستى جۇرناق تار

تاردىڭ سوزگە بەرەتۈن بەلگىلى ماعانلار بىن بىلىۋ. اتاۋشى سوزدەر مەن شىلاۋ سوزدەردى ايمرا بىلىۋ. اتاۋشى سوزدەردىڭ دە، شىلاۋ سوزدەردىڭ دە ءوز ارا ايرىلانۇن تۇرلەرىن بىلىۋ. سويلەمنىڭ تۇرلاۋى ، تۇرلاۋسىز مۇشەلەرىن تانىۋ .

تورلاۋى مۇشەلەردىڭ اقىن دا بىلىۋ، جالاڭ سويلەم مەن جايىلىما سويلەمدى ايمرا بىلىۋ. ساناما ورىندا قوس نۇكتە، تەرسىس ءۇتىر قويىلاتۇنىن بىلىۋ، تاسىمال تارتىمىن بىلىۋ.

### III - جىل .

1) سويلەۋ: دۇرىستاب اڭگىمە ايتىۋ. وقىعان ماقالالاردىڭ مازمۇنىن ايتىۋ. ۇشبايران ۋاقىيالاردى. ماقالانىڭ لۇعاتى مانىن بۇزباي، قوسىپ ۇلعايتىمىن ايتىۋ. وقىعان مىسال ەرتەگى شىپاقتى سوزدەردىڭ قولايلى جەرلەرىن الىپ؛ ايتىسقان ولەڭدەردى، ولەڭسىز جازىلعان ادەمى سوزدەردى جانتاپ بەزەندىرىپ ايتىۋ. وقىعان ماقالالاردىڭ مازمۇنىنان ماقال، ماتەلە تاقىباق، جۇمباق شىپاقتى سوزدەر شىعارىۋ. وقىعان ماقالالار بىن مۇشەلەۋ (جوسىبارىن ايمرتىۋ).

وقىعان ماقالانىڭ مازمۇنىن جازىۋ؛ ماقالانىڭ نىكەيىنا قاراي ءوز ومىرلەرىنەن ۋاقىيالار الىپ جازىۋ. ماقالاعا ۇيلەس مازمۇندى ماقالا جازىۋ. ءوز ومىرىندە، يا باسقارلاردىڭ ومىرىندە بولعان ۋاقىيالاردان الىپ سول العان ۋاقىيالار بىن الپىتەب (سۇۋرەتتەب) جازىۋ. كىتەبتەن ۇناتقان ولەڭدەرىن، ادەمى سوزدەرىن ءوز الدىنا تەركەب جىيناۋ. كۇن ساينىن ۋاقىعا تىزىپ، تىزىۋ تەرتىپ بىلىۋ. (جۇرگىزىۋ).

2) وقىۋ: تۇرلى دارىندى سوزدى، پاندى ماقالالادى، ولەڭدەردى، مىسالداردى، اڭگىمەلەردى 3 نىشى جىلدىق «وقىۋ قۇرالى» قىيراعات كەتەبىنەن وقىتىۋ. مۇندادا چاقسى ولەڭدەردى، مىسالداردى الپىتەب بەزەندىرىپ ايتا بىلىۋ ايتىسى بار سوزدەردى سول ايتىسقان كۆپىنە كەلتىرىپ ايتا بىلىۋ. ەلىك سوزدەردى ەلىكتەب ۇيرەنىۋ.

3) جازىۋ ۇيرەنەۋ، تانىۋ: سوزدىڭ سەبتەۋ، جىكتەۋ، تاۋەلدەۋە كۆپتەۋ، جالعاۋلار بىن ايمرا بىلىۋ. اياعى تۇرلى دىبىستى سوزدەردى الپىتەب، جىكتەب، تاۋەلدەب، كۆپتەب جالعاۋلاردىڭ سوزدىڭ ايساق دىبىسىنا قاراي وزگەرتىۋىن اشعارتىۋ. سوزدەردى تۇرلى جالعاۋلارى مەن



# قازاقشائى تورت جىلدىق باۋلىق مەكتەپىندە وقىلاتۇن تۇرمىس جۇيەسىنىڭ پروگراممىسى .

## I - جىل .

اۋەلگى جىلدارى تۇرمىس جۇيەسى بولەك پان بولىپ وقىلماي ،  
باسقا پاندىر مەن ارالاس وقىلىپ كەتەدى . تۇرمىس جۇيەسى كويىنەسە قازاق  
ئىلى ، تابىعات تانىم سىقىلى پاندىر مەن ارالاس بولىۋى كەرەك . ۇنىكەنى  
تۇرمىس جۇيەسى علمىنىڭ شۇغىلىنىپ قارايتۇن پانى . - ادام مەن ادامنىڭ ،  
ادام مەن تابىعاتنىڭ ارالى .

سول جول مەن جۇرگەندە كومپىلەكس ادسىنە قارايدا بەيمدەلەيمىز ،  
بالانىڭ ۇعىمىندا ۇيلەسە الامىز دەپ ويلايمىز . العاشقى جىلى تۇرمىس  
جۇيەسى تومەندە كورسەتمەگەن تۇردە بولىۋى كەرەك بولادى : بالانىڭ  
ئۇي ئىشىنىڭ ادامدارى ؛ بالالاردىڭ مەكتەپتەگى ۇيىمدارى ، مەكتەپ ئارتىبى ،  
ۇيىندەگى ادامدارنىڭ قايىسى نە سىتەيتۇندىگى ( ئۇي شىندەگى ادامداردىڭ  
جۇمىستى بولىپ سىتەۋى ؛ ۇل جۇمىستى قالاي باسقارتۇندى ) ، ئۇي  
شىندە قارا جۇمىستان باسقا تاغى نە مەن ەرمەك قىلادى . مەكتەپتە ، ئۇي  
شىندە دەن ساۋلىق ساقتاۋ . ئۇي ئىشىنىڭ ەگىن . سالۋى شوب شاپۋى  
سىقىلى كەسىپتەرى تاقىرىبىتى بالالارغا اڭگارتىپ تۇسىندىرىۋ . ئۇي  
ئىشىنىڭ جازغى ، قىسقى كەسىپى ، ساۋن مال ، جۇمىس مالى ، جۇمىس  
قۇرالدارى ، قارىپ قاسەرلەرگە قوعام جاردەبى . بۇلارغا بالالاردىڭ وزدەرىن  
ارالاستىرىۋ . وكتەبىر مىيرامى سىقىلى مىيرامدار .

## II - جىل .

ەگىن سالۋ ، پىشەن شاپۋ ، مال تولدەۋ سىقىلى ، اۋىل شارۋاشلىغىنىڭ  
ماۋسىم ۇاقتى ، مەكتەپتەگى بالالار ۇيىمنىڭ ئۇرلەرى ، ( اتقارۋ كامىيەت ،  
جىيىلىس ، ۇيرەملەرى ) . مالدىڭ قاي ئۇرۇنىڭ تولدەگىشى ، ساۋنغا  
قولايلىغى ، جۇندەسىنگى ، جۇمىسقا بەرىكتىگى ، وتىرعان جەرلەرىندە قانداي  
استىق ارتىق ، قانداي استىق كەم شىعاتۇندىغى ، ولاردىڭ شىعىمىن  
سالىستىرىۋ ، جۇت جىلدارى : ولار نەلىكتەن بولغانى . تەمىر ۇستاسى ،  
ورمەكشى ، تەكشى ، اعاش شەبەرلەرىنىڭ كەسىپتەرى ، اۋىل قالادان نە نارسە  
ساتىپ الادى ، قالاعا اۋىل نە نارسە ساتادى .



ايرباس جايىندا قىسقا ماعلىۋمات، اۋىل كەڭەسى قالا جايىندا اڭگىمە،  
 اۋىلداغى جالشى، اۋىلداغى تاپتار، جارلى، ورتا، باي. ماي مىيرامى  
 سياتى مىيرامدار.

### III - جىل .

ئۇشنىشى جىل تۇرمىس جۇيەسى جاعىراپيانىڭ ئۇشنىشى جىلدىق  
 پروگراممىنىڭ بىنە كىزگىزىلگەن؛ سوندىقتان ئۇشنىشى جىل تۇرمىس  
 جۇيەسى جاعىراپيا مەن ئىبىر كەتەدى. تەك تۇرمىس جۇيەسى ئۇشنى اۋىل  
 مالىنىڭ سەبى، بولس جايىنا تولەمىراق كىدىرىپ وتىۋ كەرەك.

سەكەرتىۋ: I، II - جىلدا كورسەتىلگەن نارسەلەر بولەك وقىلادى دەپ  
 ئۇعدۇ كەرەك ەمەس. ولاردا قازاق تىلى جاعىراپيا سىياقتى ۇستىندە  
 جولاي قىستىرىلىپ كەتەدى دەپ ئۇسىنىۋ كەرەك.

### IV - جىل .

ئۇي شارىۋاشلىغىنىڭ كەرەك نازىسەلەرى: جەر، قۇرال، مال، جۇمىس  
 قىلارلىق ادام. ئۇي شارىۋاشلىغىنىڭ ماقساتى، ئۇي ئىشنىن اسراۋ، بىرلەستىك،  
 قالاغا نارسە جەتە كىزىۋ، تاعىسىن تاعىلار. شارىۋاشلىق جوسبارى (قاندا  
 چىشەن شاپىۋ، ەگىن سالىۋ، مال ساۋىۋ، جۇمىس مالىن قالاى ۇستاۋ كەرەك؛  
 تاعىسىن تاعىلار).

شارىۋالىققا قولايلى قولايىسىز شارىتتار: توپىراق ئتۇرى، اۋا  
 رايى، بازاردىڭ السى جاقىندىغى سىياقتىلار. جانا ئىلىم، جامان ادەتتەر،  
 شارىۋالىقتىڭ كۇشى؛ جەرىنىڭ سانى ساپاسى، السى جۇۋىقتىغى، جىل  
 مەزگىلىنە قاراي پايدالانىۋ، مالىنىڭ سانى ساپاسى. قۇرالنىڭ ئتۇرى.  
 جۇمىس قىلارلىق ادامدارى، تاعىسىن تاعىلار.

جەر پايدالانىۋ ئتۇرى: ورتاق پايدالانىۋ، شاكىراققا بولىۋ سىياقتىلار.  
 جەرىندە نە نارسە ەگىلەتۇندىگى مال سانىنىڭ ئورشىب ئوشىۋى. باسقا  
 جەرلەرمەن سالىستىرىۋ. شارىۋالىقتىڭ كىرىس شەمىسى، وزىندىك ئام اقشالى  
 بولىمدەرى؛ اقشاعا اۋىلدىن الاتۇنى. اۋىل شارىۋاشلىغىنىڭ جۇيەلەرى: جارلى،  
 ورتاشا، اۋقاتتى، باي؛ بۇلاردىڭ اراسى؛ ئىبىر بىرىنە جاعىبى، اۋىل  
 نارسەسىن قايدا ساتادى؛ نە ئۇشنى ساتادى. اۋىل مەن قالا كەرەك نازىسەسىن  
 بۇرىن سوعىس كەزىندە، وسى كۇنى قايدان الادى. بازار جارمەككە  
 ئالىپساتار كاپەرەنسىيە. اۋىل كەسىبى، قالا كەسىبى بۇلاردىڭ ايرىباسى.

قوعام اراسىندا ەڭبەككە بولمىس، قاي تۇرمەن جالشىلارمەن قارا  
شاربۇانىڭ بېرىگىنى، تۇرغان اۋىلىنىڭ قوعام ۋەشىن اتقارب تۇرغان.  
قىزمەتى. بىر وڭكەي اۋىل شاربۇانىڭ سالغى؛ ونىڭ ماقساتى: اۋىلغا  
بولسقا، ۋەزگە نەگىزگى دىلگەر نارسەلەر نە؟

قۇرالدار كەرەكتىگى، وتىرعان اۋىلىنىڭ، بولسىنىڭ، ۋەزىنىڭ  
تارىقى. ولاردىڭ شاربۇاشلىغى تابىعات قۇبلىستارى مەن وزگەرب تۇرىۋىن.  
تۇسىندىرىۋ؛ مەكتەب، وقىۋ ۋىي، مىرامدار، تىياتىر، جاستار ۋىمى،  
ونىڭ قىزمەتى مەن ماقساتى؛ پەبىرال توڭكەرىسى. وكتەبىر توڭكەرىسى.  
جالشىلار قوجالىغى، كەكەس ۋكىمەتى، گۇبىرنەلىك ۋكىمەت، قازاعىستان  
ۋكىمەتى، تۇركىستەن ۋكىمەتى.

#### 4 جىلدىق باۋلىمۇ مەكتەبتەردە تابىعات تانىمۇ پروغىراممى.

#### IV - نىشى جىل.

تابىعات: ەلى، ەتىرى تابىعات، ونىڭ كۈپلەرى، قاسىيەتى، تەر-  
مومەتىردىڭ كەرەكتىگى.

1- سۇۋدىڭ قاسىيەتى، تابىعات بەن ادامعا سۇۋدىڭ نە ۋىشىن.  
كەرەكتىگى، سۇۋعا قاتىسقان نارسەلەر، سۇۋدى تازارتىۋ ادىسى، بۇۋ،  
بۇلت جاڭبىر، قار، بۇرشاق، قىراۋ، شىق.

2- اۋانىڭ تەكتەرى، قاسىيەتتەرى:

3- جەر: جەردىڭ قۇيقاسى؛ قۇيقانىڭ زاتى، مىنارالدار. جەر  
جىنىستارى: ساز، قۇم، شارقى تاستار، شاقبات تاستار، وسىمدىككە  
بۇلاردىڭ كەرەگى، بولاردى تۇرمىسقا تۇتىنىۋى. كەندەر: تۇز، تاس  
كومىر، شىم كوڭ، مۇناي؛ بۇلاردىڭ كەرەكتىگى، قازاعىستاندا بۇل  
زاتتار قاي جەردەن تابىلاتۇنى.

4- مىنالدار: ولاردىڭ ايرىقىشا قاسىيەتتەرى. كەن تاستار؛ مىنالداردى  
قازىب الىۋ، تەمىر، مىس، قالايى، قورعاسىن، سىناب، كۇمىس، التىن.

1- وسىمدىكتىر: وسىمدىكتىڭ ۋسىۋى داننىڭ وسەتۇن شارتتارى.  
قانداي داننەر وسە الادى، سۇۋ، اۋا، جىلىۋ، جارىقتاردىڭ ەدان وسىۋنە.

كەرەكتىڭى وسىمدىكتەردىڭ مۇشەلەرى : تامىر، ساباق، چاپىراق، گۈل،  
ولاردىڭ وسىمدىكى كەرەكتىڭى؛ گۈلدى گۈلسىز وسىمدىكتەر.  
جەمسىس دانىنىڭ تۇقىم تۇرلەرى، كەندىر، كارتوب، كودە، بىداي،  
تارى، قاراغاي، تەرەك، توبىلى، باكتەرىيە؛ ولاردىڭ قاسىيەتى، كوبەيىپ  
ازايىۋى، پايدالى زىياندى باكتەرىيەلەر.

### جانىۋارلار

- 1- ادم - ادامنىڭ سۈيەگى: سۈيەكتىڭ كەرەكتىڭى، سۈيەكتىڭ  
قالاي قوسلاتۇنى، باستىڭ دەنەنىڭ، ايلىق قولدىڭ سۈيەكتەرى.
- 2- ەت، ونىڭ كەرەكتىڭى، ەتنىڭ قىزمەتى، سىڭىر ونىڭ قىزمەتى.
- 3- قورەكتەنۋ؛ قورەكتەنۋدىڭ كەرەكتىڭى؛ اس قازلىنىڭ قىزمەتى.
- 4- دەم المۇ؛ دەم المۇدىڭ كەرەكتىڭى؛ دەم المۇغا كەرەك مۇشەلەر.
- 5- قان جۇرىۋى، ونىڭ كەرەگى، قان جۇرىۋىگە كەرەك مۇشەلەر.
- 6- كەرەكسىز نارسەلەردى سىرتقا شىعاراتۇن مۇشەلەر، تەرى، بۇيرەك.
- 7- مېي، مېي تامىر سىلاسى، ونىڭ كەرەكتىڭى.
- 8- سەزىم مۇشەلەرى؛ كورىۋ، سىتىۋ، تاتىم، سىپاۋ، بىسىكەۋ.

### سۇت قورەكتى جانىۋارلار.

غەيت، مىسىق، قويان، سارشۇناق، سۇۋىر، چىلقى، سىيىر،  
قۇستار.

تورغاي، تاۋىق، قىرغاۋىل، ۇيرەك، قاز، تىرنا، دۇۋاداق، بۇركىت.  
باقا - شايان : كەسىرتكە، كۈل باقا.  
بالمىقتار: الابۇغا، شورتان، تابان.

قۇرت قۇمبىرسقا: قاراشىبىن، بۇرگە، غەيت، قاندالا، شەگىرتكە،  
يىنەلىك، ارا، جىبەك قۇرقى، ادام شەگىندەگى چىلان.

## تورت جىلدىق باۋلىق مەكتەبتەرىندە وقىلاتۇن جەمراپىيانىڭ (جەرتانىۋ) پىروغىراممى:

تورت جىلدىق مەكتەبتەردىڭ العاشقى جىلدارىندا جەمراپىيانى بولەك  
عىلىم بولۇپ وقىتىلمايدى. تەك انا غەيلىنىڭ ساباقى مەن ارالاس جەمراپىيانىدان.

مەلىئۇماتتار ۇيرەتلىپ كەتەدى. بولەك عىلىم سەبىندە بولب جاعراپىيا  
 ۇشىنى جىلدان باستاب وقتىلادى. بۇلايشا جاعراپىيانى وقتقاندا اۋەلى  
 تۇۋعان جەر، سونان جاقىن ماشايى، سونان كەينى دۇنيە جۇزى مەن  
 تانىستىرۋ كەرەك.

### III - جىل .

وتان تانىۋ، جەردىڭ دوڭگەلەكتىكى، پىلان، ماشتاب، تورت تۇس،  
 تۇستىق، جەر بەتى؛ كىلاستى، مەكتەب ۇيىن، قورانى پىلانداۋ. جەردىڭ  
 مېكەتتىگەن اشعارىۋ، اۋىل اينالاسىنداعى ويپاڭ بىيىك جەرلەر، اۋىلداغى  
 چۇرتتىڭ كەسپتەرى. دىيقاناشلىق، مال اسراۋ، باقشاشلىق، ساۋدا، باسقا  
 كەسپتەر جاقىن قالا مەن اۋىل اراسىندا تاۋار، خاننا باسقا ۇندىرىستى  
 زاتتار ايرىباسى. اۋىلدا الەۋمەت شارىۋاشلىقتارى؛ ولاردى باسقارىۋ جولى.  
 اۋىل بولسىنىڭ بولسى، اۋىلدىڭ قالقى. بولسى، بولسىنىق مەكەملەر،  
 ۇيەز، ۇيەزدىك قالا؛ بولسىنىڭ، ۇيەزدىڭ قالقى، ۇيەزدە تابىغاتتىڭ رايى .  
 اۋا، جاشقىر، قار، قراۋ، داۋىل، بۇرشاق، جىل توقسانى، اعىندى  
 اعىنىسز سۇۋلار؛ قۇدىقتار وزەن .

ۇيەز گۇبىرنە جەرىنىڭ بەتى؛ تەگىستىك، توبە، تاۋ، ۇستىرت  
 سايلار، وزەننىڭ اشعارى، سور، جەر قۇيقاسى، جەر توپىراغى، جەر  
 جەكسىنى، كەندەر. گۇبىرنەدەگى جانىۋار، وسىمدىكتەر. گۇبىرنە، گۇبىر-  
 نەلىك قالا. قالا شارىۋاشلىغى، قالاداغى ۇكىمەت كەشەلەرى گۇبىرنەدەگى،  
 ۇيەزدەگى بەلگىلى قالالار.

قالا قالقىنىڭ كەسپى، ساۋدا كەسپ، جول قاتنىشى، قالا مادەنىيەت  
 كىندىگى، قالانى اۋىل مەن سالىستىرۋ. جۇمىس تۇرلەرى: ەگىنىشلىك  
 مال باعۋ؛ كىتەب قانالار، قۇلىبتار، تىياتىرلار.

گۇبىرنە قالقى، گۇبىرنەدەگى قالقىنىڭ سانى، تەجىزىدى، تۇنىسى،  
 گۇبىرنەدەگى قالقىتاردىڭ كەسپتەرى، جولى. مەملەكەت نە نارسە؛ گۇبىرنە  
 رەسپۇبلىكەنىڭ بولسى مەكەندىگى .

جەر: جەردىڭ پىشىنى، شاماسى، جەردىڭ قابىغى؛ ەشى .  
 اسپان، اسپاندا كورنەتۇن نارسەلەر. اي، ونىڭ پىشىنى، كۇن، كۇننىڭ  
 جولداسىتارى. كۇننىڭ جەرگە اسەرى. پىلانەتتەر، جۇلدىزدار، ۇركەر، تەمىر  
 قازىق، اق بوز ات، كوك بوز ات، ولاردىڭ ارقانى؛ قۇبىرىقتى جۇلدىزدار،  
 ولاردىڭ كورنىۋى، اقبا جۇلدىزدار.

## IV - جىل .

- 1 - قازاقىستان، تۇركىستان چەرىنىڭ كەڭىگى، تابىيات جاعدايى ، قالقى، قالقىنىڭ كەسىبى، جولىدارى، كىندىك قىلالارى، ەل بىلەۋ تۇرى.
- 2 - كەڭەستەر وداعىنىڭ پىلانى مەن تانىسۇ، وداق جەرىنىڭ ۆزىنى كولدەنەنى، اۋدانى، شەگى، كورشى مەلەكەتتەر.
- 3 - وداقتىڭ شارۋاشلىق اۋداندارعا بولىنىۋى .
- 4 - ياۋرپالىق رەسەي؛ ونىڭ جەرىنىڭ بەتى، اۋاسى، وسىمدىكتەرى، جاندىكتەرى، جەرىنىڭ قۇيقاسى، ياۋرپالىق وداقتىق جاراتىلىستىڭ جاعدايىنا قاراي بولىنىتۇن اۋداندارى: ۱ - سول تۇستىڭ دىيقانىشلىقى جوق ول-كە، ونىڭ جاعدايى، قالقىنىڭ تۇرمىسى، كەسىبى؛ ۲ - دالالىق دىيقانىشلىق ول-كە؛ ۳ - كەسىبىشلى ول-كەلەر، ونىڭ كەندەرى (وال، دون كەندەرى) ۴ - قاپقاز، ونىڭ تاۋلارى، تاۋنىڭ تۇرمىسى، تابىياتىنىڭ جالىپى جاعدايى، قالقىنىڭ تۇرمىسى، كەسىبى؛ ۵ - جىلى ۇيەك ول-كەسى (قىرىم) قارا تەڭىز جاعاسى. سىبىر ونىڭ اۋاسى، جەرىنىڭ بەتى، تابىياتىنىڭ جاعدايى، قالقىنىڭ تۇرمىسى، كەسىبى، كەندى قاپقاز ورال سىياقتى اۋدانداردىڭ كەسىبى، ولاردىڭ وداق پايداسى، وداقتى بىلەۋ برەتى .

## شاما ەتىلىمنىڭ پروگراممى .

## I - جىل .

- 10 - عا دەيىن سان ۇيرەتتۇ :
- 1) ماڭايداعى نارسەلەردى 10 - عا دەيىن ساناۋ ، ماڭايداعى شامالاردى ولسەۋ .

ەسكەرتتۇ: ماڭايداعى تۇرلى شامالاردى ولسەكەندە جانىراق زلشەۋدەن ولسەتەيى وزدەرىنە بەلگىلى، تۇتام، قادام (ادىم) قۇلاش، سۇيەم؛ وزدەرىنىڭ ەللىرى مەن ولسەتتۇ .

- 2) 10 عا دەيىن بىلگەرى قاراي، سونان كەيىن ونان كەيىن قاراي ساناۋ .

3) ونىڭ بىشىندەگى سانداردى قوسىۋ الىۋ .

4) سېپىرلار، قوسىۋ، الۋ بارا بارلىق بەلگىلەرى مەن تانىسىۋ .  
 ونعا دەيىن كوبەيتىۋمەن بولۇۋ . (كوبەيتىۋمەن بولۇۋ بەلگىلەرى) بولشەك  
 ساندار:  $1/2$  ،  $1/4$  ،  $1/8$  ، مەتىر ولسەۋى مەن تانىستىرىۋ .

## II

20 - غا دەيىن اۋىزەكى ساناۋمەن سەپىرلاردى جازا ، تانىي بېلىۋ .  
 1) 20 - غا دەيىن ساندارغا 4 - امالدى تۇتىنا بېلىۋ . 20 نىڭ  
 شىندەكى سانداردى كوبەيتە بېلىۋ . ۋىزىندىق ولسەۋلەرى مەن تانىسىۋ ؛  
 بولشەك ساندار :  $1/2$  ؛ مالدىڭ بارلىق ەتىن 12 جىلكە كە بولۇۋ ، اي  
 جىلدىڭ  $1/12$  ەكەنىن بېلىۋ .

## III

100 - گە دەيىن جازادا، اۋىزىشادا ساناي بېلىۋ .  
 1) وندىقتاب عتورت امالدى بېلىۋ .  
 2) عىرام ، دە كاغىرام ، گە كىنوعىرامداردى بېلىۋ .  
 3) ۋاقىت ولسەۋلەرى (جىل ، اي ، اي اتتارى ، جەتى ، (جەتىدە گى  
 كۇنىڭ ساندارى مەن ولاردىڭ اتتارى مەن تانىسىۋ، ايتا بېلىۋ) ساعات ،  
 مەيىنوت ، سەكۇنتتەر مەن تانىستىرىۋ .  
 4) اشىق جەردەگى ۋىزىندىقتى ولسەۋ ؛ نارسەلەردىڭ سالماقتارىن ولسەۋ .

## II - جىل .

1) 100 دىڭ شىندەگى ساندارغا عتورت امالدى تۇتىنا بېلىۋ ،  
 (جازادا ، اۋىزىشادا ساناي بېلىۋ) .  
 2) 100 - دىڭ شىندەگى سانداردىڭ كوبەيتىۋ كەستەسىن بېلىۋ .  
 3) مىڭغا دەيىن جازا اۋىزىشادا ساناي بېلىۋ .  
 4) 1000 - نىڭ شىندەگى ساندارغا عتورت امالدى تۇتىنا بېلىۋ ،  
 بولگىشى 2 ، 4 ، 8 ، 16 بولسە كە لە تۇن بولشەك سانداردى قوسىۋ ،  
 بولگىشى 10 ، 100 بولشەكتەردى وقىي ، جازا بېلىۋ ، بولاردى قوسىۋ مەن  
 بېلىۋ . سانداردى 10 ، 100 ەرتە كوبەيتىب ، ازايىتا بېلىۋ . مەتىر  
 ولسەۋلەرنىڭ عتۇرى مەن تانىستىرىۋ ، ولاردى ازايىتبە كوبەيتىب ۋىزىقتىۋ .  
 5) نۇكتە ، سىزىق (عتۇزىۋ ، سىنىق سىزىق) عتۇزىۋ سىزىقتاردى جازاد  
 بېلىۋ ، شارشى ، تىك بۇرىشتى تورتكىلىكەردى سىزا بېلىۋ .

## III - جىل .

- قانداي سان بولسادا جازادا ، اۋىز شادا ياناي بىلىۋ ،  
 (1) قانداي سان بولسادا ، قوسادا الادا بىلىۋ . چاقشا ، تىك قورشاۋ ،  
 يۇۋىندى قورشاۋ ، كوبەيتىۋ مەن بولىۋ .  
 (2) ەكى ، ۇش ، تۇرت سىپىرلى ساندارغا بولىۋ ، وندىق بولشەكتەر  
 مەن تانىسۇ . بۇلاردىڭ قوسىلىۋى مەن النىۋى . مەتىر ولشەۋلەرى . وندىق  
 بولشەكتەردىڭ كوبەيتىۋ مەن بولىۋ .  
 (3) تۇزىۋ سىزىقتى اشامەن بولىۋ تىك بۇرىشتى تورت كىلىكەردىڭ  
 اۋدانىن ولشەۋ . دىگىگە لەكتەردى قاعازدان ويۋمەن سىزىۋ (اشامەن) ،  
 ورەمەن ۇرس . شارشىنى 2 ، گە - 4 ، كە ، 8 ، گە ، بولىۋ) عرادۇس بەن  
 تانىسۇ ، دىياعىرلىمدار جاساي بىلىۋ .

## IV - جىل .

- ارناۋسىز ، جىيىندى ، ارناۋلى سانداردى 4 - امال مەن سەبەتى بىلىۋ ،  
 جىكىسىز (وزىنەن باسقاغا بولىنبەيتۇن) ساندار ، جىكتى (وزىنەن باسقاغا  
 بولىنبەتۇن) ساندار ؛ 2 ، 3 ، 4 ، 5 ، 6 ، 8 ، 9 - غا بولىنبىۋ بەلگىسى ،  
 جىكتى سانداردى ، جىكىسىز ساندارغا جىكتەۋ . ۇلى بولىنبە مەن كىشى  
 بولمە ، ولاردى تابىۋ . جاي بولشەكتەر ؛ بولشەك بەن تانىسۇ ، ولاردىڭ  
 قالاي شىعاتۇنى . دۇرس بولشەك ، بۇرس بولشەك ؛ ارالاس ساندار .  
 جاي بولشەكتەردى ۇز ارا ، جانا وندىق بولشەكتەر مەن سالىستىرىۋ  
 جاي بولشەكتى وندىق بولشەككە اينالدىرىۋ . بولشەكتى كوبەيتىۋ ،  
 ازايىتىۋ ، نىقامداۋ ، بولىمەردى بۇتىندەردى تابىۋ .  
 ارناۋسىز بولشەكتەردى (تورت امال مەن) ارناۋلى بولشەك بەن تورت  
 امال مەن سەبەتەۋ پىروسەنت سەبەت شىعارىۋ .  
 دىياعىرام بىستى ، جازا بىلىۋ ، بۇرىشتاردىڭ قوسىندىسى ؛  
 (تىرانسىپلرتر) ۇشكىلىكەردىڭ تۇرلەرى مەن بارابارلىعى .  
 ەكى جاعى مەن ارانسىنداى بۇرتشىنا سۇبەنىپ ۇشكىل سىزىۋ ؛ وسى  
 بەلگىلەردەن ەكىنشى ۇشكىلىكە بارا بارلاب سىزىۋ . ورتاسى وتكەلسىز  
 ەكى نۇكتەنىڭ ارانسىندا ولشەۋ ؛ ۇشكىل ، تىك بۇرىش تورتكىل جەرلەردىڭ  
 پىلاننىن جاساۋ . كوپكىلىكەردە ، تەڭگىلىكەردە ، كوپكىل جەرلەردىڭ  
 پىلاننىن جاساۋ .

بايانداۋشدا تۇرۇپ ساۋالدار بەرىلىپ جاۋاب المىزانان كەيىن «  
بايانداما تاقىرىبىتى ايتىس اشلىقى.

سپىز بايانداما تاقىرىبىتى سويلەگەن شەشەندەردىڭ سوزىن  
تەكسەرە كەلە: باستاۋىش مەكتەبتەر پىروغرامى اۋەلى سول ۇشۇن  
سايلاىنب قويغان كەمەسپىدە قارالسىن - دەپ ۇيغاردى.

## ۋيەنەڭ 17-ى، كۈنىزىڭى ماجىلىس.

ماجىلىس اعاسى \*الى-قان: باستاۋىش مەكتەب پىروغرامىنە  
قارايتۇن كەمەسپى جۇمىسىن بىتىرمەگەنن ايتىپ، اۋىز ادەبىيەتن جىيىۋ  
تاقىرىبىتى بايانداما جاساۋ ۇشۇن دوسپاعامبەت ۇلى قالەلگە سوز بەردى  
قالەل: قازاقتىڭ اۋىز ادەبىيەتن جىيىۋ جۇمىسى بۇل ۇاقىبتا شەيىن  
نە كۆيدە بولىپ كەلگەنن،- بۇرىنقى جاعراپىيا ۇيىمدارىنىڭ نە سىتەب  
نە قوبىغانن،- توڭكەرىستەن سوڭ كەڭەس ۇكىمەتى زامانىدا جىيىلغان  
اۋىز ادەبىيەتى قانداى بولغانن، ولاردىڭ نە تۇردە جىيىلغاننن اۋىز ەكى  
يتىپ ۇتتى (جازبۇلى بايانداماسى بولغان جوق).

مۇنان كەيىن ايتىس اشلىپ قازاقتىڭ اۋىز ادەبىيەتن جىيىۋ تاقىرىبىتى  
ۇل ۇاقىقتا شەيىن سىتەلىپ كەلگەن شارالار تەكسەرلىپ، تالقىغا ۇتۇستى.  
قالەل: قورسنىدى سوزىندە: قازاقشا اۋىز ادەبىيەتن جىيىۋ  
اشارالارى - دەپ مىناداي جوبا ۇسىندى: ەلدىڭ اۋىز ادەبىيەتن جىيىۋ  
ۇشۇن، ار ايماقتا تۇرىپ قىزمەت قىلاتۇن ەبىلىم كەڭەسنىڭ قويغان  
كىسىلەرى بولىۋعا كەرەك؛ ولاردىڭ جىيىغان سوزدەرى ەبىلىم كەڭەسى  
جانىنداى مامانداردىڭ سىنىپان ۇوتىپ، قابىل المىغاندارى توقتاۋسىز  
باسىلىپ شەعبەل ەل شىنە تارايتۇن بولىۋ كەرەك. اۋىز ادەبىيەتن  
جىيىغاندا، ەل اۋىزىنداى سوزدەردىڭ مىناسى جاقسى، مىناسى جامان-دەبە  
تالعاۋ كەرەك ەمەس، بارىن جىيا بەرۋگە كەرەك،- جىيىلغان ادەبىيەتنىڭ  
قانшалىق كەرەك ەكەننن اشاتۇن ورىن ەبىلىم كەڭەسى عانا بولىۋ كەرەك.  
مۇنىڭ ۇستىنە، سپىز قالىق ادەبىيەتن جىيىۋدىڭ اسا كەرەكتىگىن  
ايتىپ، ول ۇشۇن قازىندان جەتكىلىكتى قارجى بولىپ تۇرۇن-  
سۇراۋ كەرەك.



ئالې-قان: بۇل ۋىسىنىسى تولىقتىرىپ، بۇلاي دەدى: قالقىنىڭ ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىۋ كەزكەلگەن كىسىنىڭ قولمىنان كەلە بەرمەيدى؛ سوندىقتان ەلنىڭ ئۈزى ادەبىيەتتىن جىياتۇن كىسىلەردى ونى جىيا بىلەنۇن كىسىلەردەن عانا ساپلاۋ كەرەك. ەلنىڭ ئۈزى ادەبىيەتتىن قالاي جىيىۋ، قايدان جىيىۋ كەرەك ەكەننى تۇسىندىرىپ ۋوز الدىنا ۋبىر كىتەب جازىب شىعارىۋ كەرەك، ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىۋشىلار سول كىتەبنىڭ نۇسقاۋى مەن ۋسى قىلاتۇن بولىۋ كەرەك. وقىۋ كەمسەرىيەتنىڭ وقىۋ جولىنا ۋستايۇن بارلىق قارىجىسىنىڭ ۋبىر بەلگىلى ۋلەسەن (پروسەنتىن) ەلنىڭ ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىۋ جۇمىسىنا ارناۋ كەرەك. سوندا ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىۋعادا، ونى باستىرىپ تاراتىۋعادا قارىجى بولىدى.

سىيىز: قالەلنىڭ ۋسىنىسىن، ئالې-قاننىڭ تولىقتىرىپ، تۇزەتكەن قالىپتى قابىلداپ، بولايشا قاۋلى قىلىپى:

- 1 - ەلنىڭ ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىۋ تاقىرىپتى، ونى قالاي جىيىۋ كەرەك ەكەننى تۇسىندىرەتۇن نۇسقاۋىش كىتەب شىعارىلسىن؛
- 2 - ەل ارانىدا تۇرىپ قىزمەت قىلىۋ ۋشىن، ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىۋ بىلەنۇن كىسىلەردەن ۋز ارىماققا ارناپ كىسى ساپلانسىن؛
- 3 - جىيىلغان ادەبىيەت ۋبىلىم كەڭسەنىڭ سىنىنان ۋوتىپ قابىلداغىنان سوڭ، توقتاۋسىز باسلىپ شىعبى ەل شىنە تارايتۇن بولىسىن؛
- 4 - ئۈزى ادەبىيەتتىن جىيىپ باستىرىپ شىعارىۋعا جەتكىلىكىنى قارىجى بولىۋ ۋشىن، وقىۋ كەمسەرىيەتنى ۋزىنىڭ بارلىق قارىجىسىنان سول جۇمىسقا ارناپ ۋبىر بەلگىلى پروسەنتتىن بەزىپ تۇراتۇن بولىسىن.

مۇنان كەيىن وقىۋ، ۋبىلىم كىتەبىتىرىن كوپەيتىۋ ماسەلەسى تەكسەرىلدى. موزا ۋلى مۇقتاردىڭ: بۇل ماسەلە تاقىرىپتى جازغان بايانداماسى وقىلىپ شىقتى.

## وقىۋ، ۋبىلىم كىتەبىتىرىن كوپەيتىۋ تاقىرىپتى مۇقتاردىڭ بايانداماسى.

ۋبىلىم ادەبىيەتتىن ورگەندەتتىۋ شارالارى وسى كەزگە شەيىن قولدانىپ كەلگەن شارالار مەن جانا ادەبىيەتتىڭ وسى كۇنگى جايى مەن باپلاۋلى

بولمۇغا تىمىس . بۇلار ۈز جاعىنان باسبا ۈز مەكەملەرنىڭ سىتەرى مەن بايلاۋلى بولماق . سوندىقتان قازاق باسبا سوزدەرى مەن قاتناستارى بولمى كەلگەن؛ قازاعىستاننىڭ مەملەكەتتىك ، ماسكەۋدىڭ كۇن شىعەستىق ، تۇركىستەننىڭ مەملەكەتتىك باسبا ۈز مەكەملەرنىڭ سىتەرى مەن قىسقاشا تانىسىپ وتۇرگە تۇورا كەلەدى .

قازاغىستانداغى مەملەكەتتىك باسبا ۈز مەكەمسىنىڭ 1923 جىلدىن بەرى باسىپ شىعارغانى ، 121 كىتەب . ونىڭ سەگىزى كورىكتى ادەبىيەتتەن ، 46 - سى مەكەملىك كىتەبتەر ، 18 - سى مەزگىلكىتەر ، جالىپى ۈبلىم ادەبىيەتتەن . جانا لاتۇندارى 49 كىتەب ، بارلىق كىتەبىنىڭ ۈزىن سانى مەن سالستىرعاندا جۇزدىڭ 40 شاماسى .

ۈبلىم ادەبىيەتتەن ۈز ارا جىكتەگەندە 49 كىتەبىنىڭ 23 (جۇزدىڭ 47 سى) ساياسات كىتەبتەرى ، 13 (جۇزدىڭ 26 سى) وقۇمۇ قۇردالدىن ، 7 سى (جۇزدىڭ 14) شاربۇا ج اىندان ، 2 ۈى (جۇزدىڭ 4 ۈى) دەن ساۋلىق كىتەبتەرى ، قالغاندارى بىرەن - ساران تارىبىيە ؛ كەسىپ وداقتارى ەكبەك جايلىرىنان . بۇل كىتەبتەردىڭ كوپى ، كەسىپ بىرەتتەن ، ورسشادان جىبىرما ۈشىنىشى جىلدىڭ بەر جاعىندا اۋدارىلعاندار ، - اسرەسە مەكەملىك ساياساتتىق كىتەبتەر . مەكتەب قۇردالدىنىڭ 4-ۈى قالق اعارتمۇ كەسەر - يەتتىنىڭ شارتتارى بويىنشا ، ۈشەۋى ۈز بىتەن ، التاۋى وزگەرىستەن بۇرىن جازىلعاندار . سونى مەن قازاغىستاننىڭ مەملەكەتتىك باسبا ۈز مەكەمسىنىڭ ، جازبۇشى ازاماتتاردىڭ ەكبەكتەرى كوپىنە مەملەكەتتىك كىتەب بەن ساياسات كىتەبتەرىنە جۇمسالغان ؛ اسرەسە وتە كەمسىتى بولمى كەلگەن مەكتەب قۇردالدى .

ماسكەۋدىڭ كۇن شىعەستىق باسبا ۈز مەكەمسىنىڭ باسىپ شىعارغانى باسبۇعا ازىر تۇرغانى بارلىعى 28 كىتەب . مۇنىڭ كوپى كورىكتى ادەبىيەتتەن ( 10 كىتەب ) ، سونان سوڭكىسى جاراتىلىستان ( 7 كىتەب ) ، ۈشىنىشى ۇرىندا شاربۇالىق ( 5 كىتەب ) ، دەن ساۋلىق تازالىق تاقىربىتى كەۋ ، مەكتەب قۇردالدىن بىرەۋ ، ساياسات جايىنان بىرەۋ . كىتەبتەرنىڭ كوپى ورسشادان اۋدارىلعان كورىندەدى . كورىكتى ادەبىيەتتىڭ كىتەبتەرى دە نە اۋدارما نە قالق اۋزىندا ساقىتالمى كەلگەندەر :

تۇركىستەن كىتەبتەرنىڭ كوپى كورىكتى ادەبىيەتتەن ( 9 كىتەب ) جانا كەۋنەن باسقىسى كىلەك قالق اۋزىنداغى باتىرلار جايىنداغى

بولۇشۇر. ەكىنچى ورنىدا چاڭا شىققان مەكتەب قۇرالدارى (5 كىتەب)  
 (بۇل رەتتە بۇرىننان بار بەس كىتەب سانالماي وتىر). جارائىلىستان ۋىر  
 كىتەب ساياسات جايىنان ۋىر كىتەب ۋاجازا بىرەن-ساران پروغىرامدار.  
 تۇركىستان باسبا ۋسوز مەكەمەسىنىڭ سىنەن دەروكتى تولق  
 ماعلىۋماتەر بولماغاندىقتان جوعارىداغى كورسەتىلگەن سەبتەردى تولق  
 دەۋگە بولمايدى.

قازاق ادەبىيەتىنىڭ وسۋىنە جاردەشى بولب كەلگەن بۇل ۋۇش  
 مەكەمەنىڭ سىتەرىن باقتارىن جالپى تەكسەرگەندە: سىتەرىنىڭ ونىمسىزدىكى  
 شىعارعان كىتەبتەرىنىڭ ازدىغى ماڭىزسىزدىغى جۇمىستارىنىڭ باغىتىسىزدىقتارى  
 كوزگە تۇسەدى. قازاق ەلىنىڭ چاڭا تۇرمىسقا كىرىسىب سىتەب  
 وتىرعان تىرشىلىگىنە، قويىب وتىرعان ماقساتىنا قاراعاندا ايتىلىپ وتكىن  
 كەمىشلىكتەر وتە موتە كوزگە تۇسەكشى. ونىڭ بەر جاعىنداغى ەرسىلىك:  
 باستىقى باسقىشتا جوعارى داراجالىغا دەيىن اشىلعان مەكتەبتەرگە قازاق  
 قىلىندە وقتاسىزدەب قازاق بالالارىن مىڭداپ جىيىب الىپ سول  
 مەكتەبتەردىڭ ون ەكىدىن ۋىر نۇسقاى جوق بولب داغىلار ب تۇرغاندا  
 ۋشەۋنىڭ بىرەۋىندەدە مەكتەبتەرگە قۇرال بولارلىق جارتىمدى كىتەبتەر  
 جوق بىرەن-ساران بولعان مەندە بلايىقسىز، ازە شىندە ۋىلىم ادەبىيە.  
 تىنىڭ جولنا تۇسكىكىرەگەن جالغىزاق كۇن شىعىستىق باسبا ۋسوز  
 مەكەمەسى كورىندى. ۋىراق ونىڭدا مەكتەبىنىڭ كىتەبىتىرى جوقنىڭ  
 قاسىندا (بىرەۋاق) تۇركىستەننىڭ مەكتەب قۇرالدارى بولنا تۇسكىسى  
 كەلگەن مەندە جازىۋشى جاعىنان بوگەلەتۇن سەكىلدى.

قازاقىستان ۋوزىنىڭ مىندەتتى جولنا قاراعاندا ۋىلىم ادەبىيەتىن  
 وركەندەتۋ جولىندا، اسىرەسە مەكتەب قۇرالدارى بولنا جاعىنان ش دەمە  
 مستەمەگەنگە تايان.

ازىنە بۇل سىتەلمەۋ جۇمىستىڭ ونبەۋى، باغىتىسىزدىق ۋىزىلى  
 سەبەبتەر مەن بايلاۋلى.

ول سەبەبتەر مىنالار:

1- ۋەلى جازىۋعا شۇغىل كىرىسىب وتىرعان وقتان ازاماتنىڭ كەمىدىكى.

2- مەملەكەت قارجىسىنىڭ تاپشىلىغى.

3- وسى تاپشى نارسەلەردى قۇراستىرىپ، سۇراستىرىپ ۋىر جەرگە

قوسىپ برەتەب باسشىلىق قىلىپ وتىرعان مەكەمەنىڭ جوقىغى.

4- قازاق ازاماتارىنىڭ باسبا شوز مەكەمەلەرىنە كەم قاتناسۇلارى..  
 ۋوزى اۋەلەن از وقىعانلاردىڭ كوپى جالپى مەملەكەت جۇمىسنا كىرىسەب  
 كەتەب ادەبىيەت جولنا ەرىكسىزدىكتەن قاتناسا الماي جۇر. شىر  
 سىپىرلارى شىر جاعىنان تۇرمىس ىرەتتە، ەكىنشى جاعىنان قالىق اغارتىۋ  
 كەمەسەرىيەتنىڭ كىتەب جازدىراتۇن شارتتارىنىڭ ۋاقىتى ورىنسىز تەجىزدىغان  
 بەرەتۇن اقىسىنىڭ شاماسى كەم ىرەتى قولايىسىزدىغان جەڭىل اۋدارمالارعا  
 كەسەب ىرەتتە تۇسەب كەتەب وتىر.

تەجىزدىقتىڭ ورىنسىز مانىسى : كەزىندە جازىلىپ باسبا تاىسىرىلمان  
 كىتەبتەن شىر جاعىنان قارىجىنىڭ كەمەنگىنەن ، ەكىنشى باسبا قۇرالدىڭ  
 جەتەسەبەگەندىگىنەن باسلا قويمايدى.

شىر سىپىرا كىتەبتەن جازىۋىشى شىقسادا قارىجىنىڭ جوقتىغان كەلەسى  
 جىلدارعا قاراتىلىپ وتىر.

اقىرىندا باسبا قانا جۇمىسنا قازاق ازاماتارىنىڭ كەم قاتناسقاندىقتارىنان  
 ەتىستى جەڭىل شارالاردىڭ شىرىدە دۇرىستالمىپ قولدانىلماي وتىر.

ارىيەنە بۇل ايتىلمان كەمشىلىكتەردى ۋكاي ىردەن جويىپ جىبەرىۋەگە  
 بولمايدى ، ۋيىكەن مەندە وسى كەمشىلىكتەردى جەڭىلەتەب شىلم ادەبىيەتن  
 قاتارعا جەڭىزىۋەگە ەتىستى شارالاردى قاراستىرىۋ كەزەكتەگى ەكىندى  
 ەبىنىڭ شىرى دەپ سانالسا ، بۇل جولداعى جۇمىستار ورىندالماي قالماسا  
 ەدى.

ەگەر ەتىستى شارالار قولدانىلماي وسى اياق السى ، وسى باعىتىمەن  
 كەتە بەرەتۇن بولسا شىلم ادەبىيەتنىڭ جەتەسەۋى كوپ جىلدارغا كەتەكشى.  
 ولاى بولسا ناعىز كەرەكتى كەزىنە جەتەسە الماعاندىقتان ماقساتسىز زايى  
 ەڭبەك بولماقشى. ۋيتەكەنى مەكتەب كىتەبتەرى كەزىندە دايالانەب ۋلگىرە  
 الماعاندىقتان ، قازاق تىلىندەگى وقىۋ اۋىرلاب قولايىسىز بولماقشى ، وقىبە  
 جۇرگەن بالالاردىڭ كوپى شىعبە كەتەكشى. ارا - تۇرا وقىۋدى قىمىعانلاردى  
 وقىۋىن شىرىب شىققان مەندە ودان كەيىن مەكتەبتەن الەب شىققان نەگىزگى  
 بىلىمدە رىن وز بەتى مەن كۈلەمدە تۋەگە تىرشىلىكتە شىس جۇزىندە  
 قولدانىۋعا تولق شىلم ادەبىيەتسىز بولۋىنا كوزى جەتەكەننەن كەيىن «  
 ورس ادەبىيەتن ماقسات قىلىپ ، ورس مەكتەبتەرىنە اۋىب كەتەكشى -  
 وسى كۈنى قۇرال جاعىنان - قىيىن بولسادا قازاق مەكتەبتەرىندە وقىبە  
 جۇرگەندەردىڭ كوپى ورسشاعا قوللارى جەتەبەي جۇرگەندەر ، ارا - تۇرا

ھازاق مەكتەپنەن ۋىمىتى بارلار. ەندى كەلىپ جاس بۇۋىن كە دەي  
 ھالارنىڭ ۋىمىتىن كە زىندە اقساي الماساق تۇرمىس جۇزىندە كۇنالمىز.  
 ونىڭ بەر جاعىندا سولاردىڭ وبالى بىزگە جۇكتەلمەك. قازاقشا مەكتەپنەردە  
 وقۇشۇشلاردىڭ ، ورسشاعا قولى جەتپەي ، امالسىز وقىپ جۇرگەندەرى  
 اۋىپ كەتسە ، قازاقشا وقۇدان ۋىمىتى بولىپ وقىپ جۇرگەن بىرەن - ساران  
 وقۇشۇشلاردى ۇستاي المايمىز. سونىڭ مەن قازاق مەكتەبى جويىلماقشى. ولاي  
 بولسا قازاق ىلىم ادەبىيەتى بولماقشى ەمەس. ارا - تۇرا شىققان كىتەپتەر  
 چاپلاسۇر ەرمەك ىرەتمىدە بولماق .

سوندىقتان كەلەشەكتەن ۋىمىتىمىز شىن بولاتۇن بولسا ، نۇرمىس  
 ۋاكتىن دۇرىس تانىتۇن بولساق جوعارىدا ايتىلىپ كەتكەن ىرەتسىز -  
 دىكتەردى ، كەمىستەكتەردى جويىپ ىيلىم ادەبىيەتىن تەز ارادا ىبىر جونغە  
 سالىپ ۇسىدۇدىڭ ، تولىقتىرىۋىدىڭ شارالارنا كىرىسىۋ كەرەك.  
 ونىڭ ۇشىن الدى مەن ادەبىيەت جۇمىسىن توتەنشە جۇمىس ىرەتمىدە  
 انۇ ىيىس .

سونان كەيىن قازاقىستان ورتالىعىندا جىگەرلى ، قولدازىنان ىس كەلەتۇن  
 قۇاماتتاردان ەركى مەن ىس قىلا الاتۇن كەكەس سايلانىۋى ىيىس . بۇل  
 كەكەستىڭ مىندەتىندەگى جۇمىسى مىناداي بولۇعا ىيىس:

- 1 - ادەبىيەت جۇمىسىنىڭ ىرەتن باغىتىن تەكسەرىپ جازىۋىشلارعا  
 باسشىلىق قىلىپ جۇن كورسەتۋ .
- 2 - باسبا ىنوز مەكەملەرنىڭ جۇمىستارىن نىتتاقاستىرىپ كەمىستەرىن  
 جويىۋعا شارالار قولدانىۋ .
- 3 - جازىۋىشلاردىڭ باسنى قوسىپ وتىرىۋ ، جانا سولاردى قامىسىز -  
 داندىرىۋ شارالارىن ىستەۋ .

كەكەستىڭ وسى ايتىلغان مىندەتتەرىن ورىنداي الارلىق ارناۋلى  
 قارجىسى بولمۇ ىيىس. ونان باسقا بارلىق كىتەپكە دەپ ارىنالغان اقسالاردىڭ  
 ىبارى دە سول كەكەستە بولمۇ جۇن . ەگەردە بۇل قارجىلاردا كەم سوعاتۇن  
 بولسا قازاقىستان ۇكىمەتى ارىقلى وداقتىق ۇكىمەتتەن وسىعان ارىنالىپ  
 قوسىمشا قارجى سۇرىلمۇ كەرەك.

كىتەپتەردىڭ كەزەكتىك ىرەتمەن ، الدى مەن مەكتەپ قۇرالىدارى  
 قۇگەندەلىنىس دەگەن نۇسقاۋ بەرىلىس . سودان كەيىن نەگىزگى پاندەردەن  
 تولىق ماغلىۋمات بەرەردىك جاردەمشى كىتەپتەر اۋدارىلىس دەۋ كەرەك .

وسىلارمەن نە قاتار، نە ئىلەشلا جالپى ەل ۇشىن دەن ساۋلىق ، شارۋا ،  
تۇرمىس جايلارىنان، قازاقتىڭ ەسكى تۇرمىسىنان كىتەپتەر شىعارىلاتۇن  
بولسىن. كەڭەس العاشقى كەزدە جازۇشىلارغا شىعارمانى كەم جازىمىز.  
ورىسشادان تەك قازاققا ۇيلەستىك برەقىندەگى وزگەرىستەرمەن عانا اۋدارتىپ  
وتىراتۇن بولسىن.

جالغىز بول شارالارمەن قاناعاتىناىي جاردەمشى برەقىندە ەبىلىم ادەبىيەتنىڭ  
قاۋىمدار، سەرىكتىكتەر اشلىپ وتىراتۇن بولسىن.

بۇلارغا ۇكىمەت پارتىيالاردان تۇرلى كەڭشىلىكتەر جاردەمدەر بەرىلىپ  
ەبىلىم ادەبىيەت كەڭەس باشى بولاتۇن بولسىن، ۇستىب ۇكىمەت؛ پارتىيە  
ازاماتتار، جالپى ەل بولىپ ىر جەرگە كۇش قوسىپ ىسكە كىرىسكەن  
كەزدە عانا قازاق ەبىلىم ادەبىيەتى العا باسىپ، قازاق ەلى كەلەشەكتەگى  
مادەنىيەتنى تۇرمىستان ۇمىتتى دەۋگە بولادى. ەگەردە وسى كۇنگى قازاق  
ەبىلىم ادەبىيەتنىڭ ناسارلىغىنا، تۇرمىس برەقىندەگى دىلگەرلىگىنە، اسسىستىنا  
قاراي ايتىلىپ وتكەن شارالار قولداناماسا، باسقا شارالار جەمىستى بولادى  
دەپ ۇمىتتەنۋ بەكەر بولماق.

بايانداۋشىغا ساۋالدار قويىلىپ، ىيىستى جاۋابتار اللىنغانن كەيىن ،  
ايتىس اشلىدى.

قالال : تاشكەنتتە قانداي كىتەپتەر باسلىپ جاتقانن ايتىپ ۇتتى .  
غازىي : كۇن شىعىستىق باسپا ۇسوز مەكەمەسىندە باسلىپ جاتقان  
كىتەپتەردىڭ قانداي ەكەنىن، مەكتەپكە كەرەك وقىۋ كىتەپتەرنىڭ ەلىگە  
چاقىن ورىنبورمەن تاشكەنتتە باسلىۋى قولايلى بولادى - دەگەن وي مەن، -  
ونداي كىتەپتەردىڭ كۇن شىعىستىق باسپا ۇسوز مەكەمەسىنىڭ جوسپارىنا  
كىرمەگەنىن - ايتتى .

بىشانغالىي : قازاقشا باسپا ۇسوز ىسى رەتكە قويىلماعانىن ، وقىۋ  
ەبىلىم كىتەپتەرنى شىعارىۋ جونىندە بەرەكەلى شى - دەمە سىتەلمەگەنىن -  
كوردىڭ . قىرعىزشا باسپا ۇسوز سىنە كەلسەك ، - ونىڭ كالى ىتپىتى  
جامان : ىبىزدىڭ ورىسشا كىتەپتەردى قىرعىزشا اۋدارا الاتۇن كىسىمىز  
چوق؛ ىبىزدىڭ ازىرگە قولمىزدان كەلىپ وتىرعانى : قازاق تىلىندە  
جازىلماعان : كىتەپتەردى قىرعىزشا اينالدىرىۋعانا . سوندىقتان قازاق تىلىندە  
جازىلماعان كىتەپ قىرعىزعا دا پايداسى تىيمەي قالمايدى . قىرعىزدىڭ ۇز  
وقىغاندارى از بولغان سوڭ : قىرعىز قالقى . كوپىنە قازاق وقىغاندارىنا

سەنەدى. ۋىراق قازاق ازاماتتارى قىرعىزدى كۆپ سەكەرمەيدى. قىرعىز  
 اراسىنا شەيب، بالا وقتىب، يا باسقاشا قىزمەت قىلىپ جۇرگەندەر. كۆپىنە  
 باشقۇرت بەن نوعاي بولادى؛ ولار قىرعىزدىڭ ئىلىن جاتىنىبايدى، ەل  
 شىنە بارسى مەن كۆپ ۇزاماي اق ۇيرەنىپ الادى. قازاق ازاماتتارى قىرعىز-  
 شانى ۇيرەنە المايدى. دۇرسىندا قىرعىز قالقىنا باسشىلىق قىلىپ، وعان  
 ونەر ەبلىم جاعىنان قىزمەت قىلىۋ. قازاق وقىعاندارنىڭ مىندەتى بولىۋ  
 كەرەك ەدى؛ - ۋىراق قازاق وقىعاندارى بۇل ۋاقىتقا شەيىن قىرعىزءادا  
 قول ۇشىن بەرىۋ كەرەك ەكەنن ويلاعان جوق. ۋىز ەلى دە جاردەمدى  
 قازاق ازاماتتارىنان كۆتمەز، قازاق وقىعاندارى: قىرعىز قالقىن دا ۇمىتباسقا  
 كەرەك.

مىرچاقىم: باياندامانى قولداپ: مەملەكەتنىڭ باسپا ەسوز بولىمىنىڭ  
 باسۋعا دايارلانغان كىتەبتەردى مەزگىلى مەن باسپ شىعارا الماي وقىرعانن،  
 باسلىغان كىتەبتەردى ەل شىنە تاراتادا الماي وقىرعانن ايتىپ ۇتتى.  
 ونىڭ سەبەبى باسپا ەسوز سىبە قاتىناسقان قازاق ازاماتتارىنىڭ كەمد-  
 گىنەن ەكەنن، جانا: قازاقشا كىتەبتەردى باسپ شىعاراتۇن باسپا قانانىڭ،  
 كىتەب تاراتاتۇن ەرىنداردىڭ دا - ورسشامەن ورتاق ەكەنن ايتىپ، -  
 قازاقشا باسپا قانانىڭ دا كىتەب ساتاتۇن دۇكەندەردىڭ دە ورسشادان بولىنىپ  
 ۇز الدىنا بولىۋىن ۇسىندى.

قازاقشا كىتەب جازاتۇن ازاماتتاردىڭ كۆپى باسقا ورىنداردا قىزمەت  
 قىلىپ جۇرگەنن ايتىپ، - ولاردىڭ جازىۋىسىنە كىرىسىۋ كەرەك، ەبلىم  
 ورداسىنىڭ نىكەر كىسىلەرى دە، قارجىسى دا ساي بولىۋىن ۇسىندى.  
 قازاقشا باسپا ەسوز ۇسىنىڭ بەركەسىز بولىۋىنا اسىرەسە قارجىنىڭ  
 كەمدىكى سەبەب بولا كەلگەنن ايتىپ، - كىتەب شىعارىۋىسىنە قارجىنى  
 جەتكىلىكتى قىلىپ ارناۋ كەرەك - دەدى.

باسۋعا دايارلاپ جازىپ شىعارغان وقىۋ كىتەبتەرى باسپا قانادا كەزەك  
 تىيمەي بوگەلىپ جاتقانن - ايتىپ، - باسپا قانادا ەكەنن ەلى مەن وقىۋ  
 كىتەبتەرى باسپاتۇن بولسىن - دەدى.

كىتەب باسپىرۇعا قازاقستان باسپا ەسوز بولىمىنىڭ ۇز كۇشى  
 جەتكىلىكسىز ەكەنن ايتىپ، - كىتەب باسپىرۇ جاعىنان ماسكەۋدەكى كۆن  
 شىعەستىق باسپا ەسوز بولىمىنىڭ جازدەمى كەرەك، مۇندا باسپا الماعان  
 كىتەپتەردى ماسكەۋدە باسپىرۇ كەرەك - دەپ ۇسىندى.

سپىز، ماسەلەنى تەكسەرە كەلە بۇلاي دەپ ۇيعاردى:

1 - ۇپلىم كەڭەسنىڭ كىتەب جازا بىلەتۇن ماماندارى دا قارجىسى دا جەتكىلىكتى بولاتۇن بولسىن،

2 - كىتەب شىعارىۋ سىنە قارجى جەتكىلىكتى بولىپ ارىنالاتۇن بولسىن.

3 وقىۋ كەمەسەرىيەتى جازىۋشىلاردى باسقا قىزمەتتەردەن بوپاتىب، خازىۋ چۇمىسىنا الاڭسىز كىرەسەتۇن قىلىسىن .

4 - قازاقشا باسپا قانا ، كىتەب تاراتاتۇن ورىندار ورسشادان ۇبوانىب ۇز الدىنا ۇس قىلاتۇن بولسىن .

5 - باسلىب شىققان كىتەبتەرەل شىنە تەز تاراتىلاتۇن بولسىن .

6 - باسپا قانالاردا ەڭ الدى مەن وقىۋ كىتەبتەرى باسلىتۇن بولسىن.

7 - قازاقشا كىتەب باسپ شىعارىۋ سىنە ماسكەۋدەكى كۇن شىعىستىق باسپا ۇسوز بولمىنەن كومەك سۇرالىسىن .

ۇنىڭ ۇستىنە، - قازاناب ۇلى قاناپىيانىڭ : مەملەكەتتىك باسپا ۇسوز ۇشىن سۇرالغان اقشا توقتاۋسىز بەرىلىپ تۇراتۇن بولسىن - دەگەن ۇسىنىسى تەكسەرىلىپ، - سپىز: ول ۇسىنىستى دا قابىل الدى .

ۇماچىلىس اعاسى: باسناۋىش مەكتەپ پىروغىراممى، مەكتەب تۇرلەرى قاقربىتى ماسەلەلەردىڭ كەمەسىيەدە شەشىلىپ بولماعانىن ، جانا بۇ كۇنگى كەشكى ماچىلىسكە شەيىن بىتپەيتۇنىن دە ايتىپ ، - سول كەمەسىيەنىڭ : بۇ كۇن كەشكە بولاتۇن ۇماچىلىستىڭ ەرتەڭگە قالىۋىن - تىلەگەن ۇسىنىسىن - سپىزگە سالىدى .

سپىز: ۇيەننىڭ 17 نشى كۇنىكى كەشكى ۇماچىلىس ۇيەننىڭ 18 نىنە قاراتىلىسىن - دەپ ۇيعاردى - سونى مەن ۇماچىلىس جابىلىدى .

## ۇيەننىڭ 18 - ى، كۇندىزگى ۇماچىلىس .

ۇماچىلىس اعاسى بىشانمالي: مەكتەب ، ۇتۇرى ، پىروغىراممدار قاقربىتى كەمەسىيەنىڭ قازىلارنى بايانداۋ ۇشىن شونان ۇلى تەلجانما ۇسوز بەردى .

تەلجان: كەمەسىيەنىڭ مىنا تۇردە جازىلعان ۇماچىلىس قاتىن وقىپ

شىقتى :



## مەجلىس قات .

1424 نىشى جىل ۋيەننىڭ 17 سى. مەجلىستە بولغانلار :  
 مەجلىس اعاسى: دوسماعامبەت ۋلى قالەل ؛  
 مۇشەلەرى : بايتۇرسىن ۋلى اقمەت ، اراباي ۋلى بىشانئەلىي ، مۇقان  
 ۋلى سەقالي ؛

قاتشى : شونان ۋلى تەلجان .  
 مەجلىس باشلىغان سوڭ ، مۇئەللىمىدار دايارلايتۇن تەكنىكومدەرمەن  
 ەنىستىمىتۇتتەر پروغىراممىدارىنىڭ نەگىزى قارالدى. كەمەسىيە ، سويلەسە كەلە ،  
 بۇلاي دەپ ۇيغاردى :

### مۇئەللىمىدار دايارلايتۇن تەكنىكومدەر .

- 1- قازاقشا تورت جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتەرگە مۇئەللىمىدار دايارلاۋ  
 ۇشىن تەكنىكومدەر بولادى .
- 2- قازاق تەكنىكومدەرىنىڭ بارىنىڭ پروغىراممىسى بىر وڭكەي  
 بولادى.
- 3- وقىۋانا تىلىندە بولادى ؛ تەكنىكومنىڭ جوعارى بولىمىدەرىندە ،  
 شاراسىز بولغاندا ، ورس تىلىندە وقىتىۋادا بولادى.
- 4- مۇئەللىمىدار دايارلايتۇن تەكنىكومدەر پروغىراممىسى مۇئەللىمىداردى  
 ازىرلەيتۇنغانا بولىپ ارنالىپ جاسالادى.
- 5- تەكنىكومنىڭ وقىۋى 4 جىلدىق بولادى ؛ ونىڭ العاشقى 2 جىلىندا  
 جالىي علمىدار وقىلىپ ، سوڭى ەكى جىلى مۇئەللىمىدىق علمىدارعا  
 بەيىمەلدى .
- 6- تەكنىكومگە 4 جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتى بىتىرگەندەر الىنادى .
- 7- تەكنىكومنىڭ ، نەگىزگى تورت بولىمىنەن باسقا ، ەكى جىلدىق  
 ازىرلىك بولىمىدەرى بولادى .
- 8- تورت جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتى بىتىرگەندەر ، سىنعا  
 تۇسىپ ، بىلىمىنە قاراي ازىرلىك بولىمىدەرىنىڭ 1 نىشىسىنە يا 2 نىشىسىنە  
 الىنادى .
- 9- گۇبىرنە باسى ، ەڭ از بولغاندا ، بىر تەكنىكومىنەن بولادى ؛  
 مۇمكىن بولغاندا ، ۇيەزدىك تەكنىكومىدەردە بولادى .

## مۇعالمىدار داپارلايتۇن ەنستىتۇتتەر.

- 1- 7 جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتەرگە مۇعالمىدار داپارلاۋ مۇشۇن ەنستىتۇتتەر بولادى.
- 2- قازاق ەنستىتۇتتەرنىڭ بارىنىڭ پروگراممىسى بىر وڭكەي بولادى.
- 3- ەنستىتۇتتىڭ وقۇۋى انا تىلىندە بولادى؛ ەنستىتۇتتىڭ جوعارعى بولمىدەرىندە امالسىز بولغاندا، ورس تىلىندە وقتىئۇدا بولادى.
- 4- ەنستىتۇت پروگراممىسى مۇعالمىدار داپارلاۋ مۇشۇن ارنالىب جاسالادى.
- 5- ەنستىتۇت وقۇۋى 4 جىلدىق بولادى. ەنستىتۇتتىڭ نەگىزگى 4 بولمىسى بولادى؛ مۇنىڭ اۋەلگى ەكى بولمىسىدە جالپى پاندەر وقلادى سوئكى ەكى بولمىسى مۇعالمىدىق پاندەرگە بەيىمدە لەدى.
- 6- ەنستىتۇتكە 7 جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتەردى بىتىرگەندە كىرەدى.
- 7- ەنستىتۇتتىڭ، نەگىزگى 4 بولمىسىدە باسقا، ۋاقىتشا 2 جىلدىق ازىرلىك بولمىدەرى بولادى.
- 8- جەتى جىلدىق مەكتەپنى بىتىرمەي كەلگەندەر سىنا تۇسىب، بىلىمىدە قاراي، 1 نىشى يا 2 نىشى ازىرلىك بولمىسىدە كىرەدى.
- 9- ەنستىتۇتتەر وبلستىق ولىكلەردە بىر- بىردەن بولادى.
- 10- تەكنىكۇم مەن ەنستىتۇتتىڭ وسى جوسپارىنا لايىقتاب قازاعىستان مەن تۇركىستاننىڭ وقۇۋى كەمەسەرىيەتتەرى پروگراممىسى جاساب شىعارادى. مۇنان كەيىن پىسىقتاۋىش كۇرىستەر ماسە لەسى سوز بولب كەمەسىيە: پىسىقتاۋىش كۇرىستەر 4 جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتەردى بىتىرگەندەر مۇشۇن عانا بولسىن دەپ ۇبىعاردى.
- مۇنىڭ ارتىنان باۋلۇ مەكتەپتەرنىڭ تۇرى تەكسەرىلىدى. كەمەسىيە، سويلەسە كەلە، بولاي دەپ قاۋلى قىلدى:
- 1- ەل شىندەگى 4 جىلدىق باستاۋىش مەكتەپتەردىڭ جالپى تۇرى ەنتەرناتسىز بولادى.
- 2- جۇمىسشىلارى كۆپ جەرلەردە، ەلى وتە كە دەي جەرلەردە، كوشەبىلى ەلدەردە بولاتۇن مەكتەپتەر شىكول- كوممۇن تۇرىندە بولادى.
- 3- تورت جىلدىق مەكتەپكە جارايتۇن مۇعالمىدار تاپىلماعان

جەرلەردە باستاۋۇش مەكتەب 2 جىلدىق قانا بولادى ، - وندا 4 جىلدىق مەكتەپنىڭ باستاۋۇچى 2 جىلدىدا وقاتلۇن ساباقاتار وقلادى .

4- وتىرىقىش قالمىقنىڭ مەكتەبى ئىمىر جەردە بولادى؛ كوشپەلى ەلدىڭ مەكتەبى ۋوزى مەن بىرگە كوشىپ جۇرەدى .

5- وتىرىقىش ەلدەگى مەكتەپنىڭ وقىمۇ مەزگىلى جالپىشا ( قىستى كۇنى) بولادى ؛ كوشپەلى يا قىستاۋى بىتىراندى ەلدەردە وقىمۇ مەزگىلى جەرگىلىگىتى جاعدايعا قاراي باسقاشا ( قىستان باسقا ۋاقىتتاردا) بولىۋىدا مۇمكىن .

6- 4 جىلدىق مەكتەپتەردى بىتىرگەندەر ۋۇشنى 7 جىلدىق بشكولە كامۇندەردىڭ جوعارعى 3 بولىمى بولادى .

7- جىمىي وتىرعان ەلدەردە 4 جىلدىق مەكتەپتەردى بىتىرگەندەر ۋۇشنى 7 جىلدىق مەكتەپتەردىڭ جوعارعى 3 جىلدىق بولىمى ەنتەرتەسبىز اشلىسادا بولادى .

مۇنان كەيىن 4 جىلدىق باستاۋۇش مەكتەپتەردىڭ پروغىراممى قارالدى . ار ئۇنىڭ پروغىراممى ۋوزالدىناتەكسەرلىپ ، ۋەلى شامائىلىنىڭ پروغىراممى قارالدى :

۱- وقىۋىشلار ئىمىرىنىشى جىلدا اق عىرام ، مەتىر ولىشە ۋىشتەرى مەن ئانىستىمىرلىسنى .

۲- ەكىنىشى جىلى مەتىر ولىشە ۋىشتەرىنىڭ نۇرلەرى مەن تۇگەل ئانىساتۇن بولسنى - دەگەن وزگەرىستەرمەن شامائىلىنىڭ پروغىراممى قاپىل اللىندى .

مۇنان كەيىن انا ئىلىنىڭ پروغىراممى قارالىپ ، كەمەسىيە ونى ەش ئىمىر وزگەرىستىمىز قاپىل اللى .

تۇرمىس جۇيەسىنىڭ پروغىراممى تەكسەرلىپ ، كلامەسىيە : ونى ، - 4 ئىشى جىلدىڭ ايعىندا جەرگىلىگىتى ۋىلىدىڭ ، بولمىستىڭ ، ۋىيەزدىڭ قىسقاشا تارىبقى وقىتىلسنى - دەگەن وزگەرىستىمىز قاپىلدى .

تابىيات تانىمۇ پروغىراممى تەكسەرلىپ ، جانىۋارلار بولمىننە بۇرگى ، ئىمىت ، قىرغاۋىل ، بۇركىت - كىرگىزىلىدى ؛ «تومار» ەمىي تامىر سالاسى ، سىمىقلى قولايسىز ئىپان سوزدەرى ئىبلىم كەگەسىندە قايتا تەكسەرلىسنى - دەلىندى .

جەر تانىۋ پىروغىرامىدارنىڭ نەگىزى دۇرس ، مازمۇنى تۇرمىسقا جۇۋىق ، بالارا ۋەمىدى - دەپ بىلىدى .  
سىيەز: كەمەسىيەنىڭ قانۇنلارنى تەكشۈرە كەلە ، - ئارىن دە وزگەرىسىمۇ قابىل دى . \*

ماجىلىس اعامى: قازاعىستان مەن تۇركىستەننەن باسقا جەرلەردەگى قازاق قالقىنىڭ مادەنىيەتىن ورکەندە تىۋ تاقىرىپتى باياندا ما جاساۋ ۋىشىن دۇۋلات ۇلى مىراجىبقا سوز بەردى .

مىراجىق: اۋىزەكى جاساعان باياندا ما سىندا : شەت جەرلەردەگى قازاقتارنىڭ ۇزبەتتى مەن بىلگەرى باسا المايتۇننەن ، قازاعىستان وقىۋ كامەسىرىيەتى ولارمەن ۇزىنكىسىز قاتناسىپ جاردەم بەرىپ تۇرىۋى كەرەك كەننەن ، - ولارا مۇعالىمدار جىبەرىپ ، باسىلىپ شىققان كىتەپ ، گازەت ، جورنالداردى جىبەرىپ تاراتىپ تۇرىۋ كەرەك كەننەن - ايتىپ ۇتتى .  
سىيەز ، بۇل ماسەلەنى تەكشۈرە كەلە ، بۇلاي دەپ قانۇلى قىلدى :

1- بۇقار ، قورازىم قازاقتارنى قازاعىستاننان وقىتىۋىشلار ، ۇگىتىشىلەر جىبەرىلسىن .  
2- قازاعىستانداغى مەكتەپتەزدەن بۇقار ، قورازىم قازاقتارنىڭ وقىۋىشلارنى ارناپ سىتەپەندىيە اشلىسن .

3- قازاعىستان وقىۋ كەمەسىرىيەتنىڭ جانىندا بۇقارمەن قورازىم قازاقتارنىڭ مادەنىيەتىن ورکەندە تىۋ جۇمىسىن باسقارتۇن دەرىس كەمەسىيە بولسىن ، - ول كەمەسىيە مۇشەلەرنىڭ بىرەۋى قازاعىستان وقىۋ كەمەسىر - يىيەتنىڭ وكىلى ، بىرەۋى بۇقار قازاقتارنىڭ وكىلى ، بىرەۋى قورازىم قازاقتارنىڭ وكىلى بولسىن ؛ كەمەسىيە بۇقارمەن قورازىمداغى قازاقتارنىڭ جاي - كۇيى مەن كوزبە - كوز تانسىپ ، ولاردى ساۋاتتاندىرىۋ شارالارنى سىتەيتۇن بولسىن ؛ كەمەسىيە نە سىتەپ ، نە قويعاننەن قازاعىستان وقىۋ كەمەسىر - يىيەتنە بىلىك بىرىپ سەب بىرىپ تۇراتۇن بولسىن .

4- كەگىستەر وداغىنىڭ قازاعىستان مەن تۇركىستەننەن باسقا جەرلەر - نىدەگى قازاقتارغا قازاعىستاننان وقىتىۋىشى ، وقىۋ كىتەپتەرى جىبەرىلىپ تۇرسىن ، قازاعىستان وقىۋ كەمەسىرىيەتى ولاردى ساۋاتتاندىرىۋ سىننە باسشىلىق قىلىپ ، كۆمەك كورسەتەتۇن بولسىن .

5- بۇل قانۇلى ، وسى سىيەزدىڭ تىلەگى سەبىندە ، قازاعىستان

\* باياندا ما رەتىندە باسماھان پروغىرام (91-103 ئىشى بات) سىيەزدىڭ ۇيعارۋىنىشا نۇزەتداپ باسماھان .

وقىۋ كەيسەرىيەتى ارقىلى ئىيىتى مەكەمەلەردىڭ قاراۋىنا ئۇسىن .  
 مۇنان كەيىن، قالەل مەن مەرجاقىبتىڭ : وسى سىيەزدىڭ قارۋىلارى  
 قازاقستاننىڭ ئىيىتى مەكەمەلەرى ارقىلى بەكىپ، زاڭ سەبەبىدە جارىيالاىسا  
 ەكەن؛ قازاقستان وقىۋ كەمەرىيەتى سىيەزدىڭ ماچىلىس قاتىن ۋوز  
 الدىنا بىر كىتەپ قىلىپ باستىرىپ شەھارسا ەكەن؛ سىيەزدىڭ بارلىق  
 قارۋىلارى ار قايسىسى ۋوز الدىنا بولەك كىتەبشە بولمىپ باسلىپ شەھىپ،  
 ونان ار كەم ۋوز كەرەگىن بىلىپ وتىراتۇن بولسا ەكەن. دەگەن ۋسىنىستارى  
 تەكسەرىلىپ، - سەيىز: بۇل ۋسىنىستاردى ۋوز اتىنان وقىۋ كەمەسىرىيەتىنە  
 ارىالغان ۋتىمىش سەبەبىدە قاپىل الدى.

ماچىلىس اءاسى بىشانەلىي: سىيەزدىڭ قاراۋىنا تابىرىلغان ماسەلەلەردىڭ  
 ەبارى دە تەكسەرىلىپ بولدى. بۇل سەيىز، بۇرىن - سوڭكى بولمىغان، قازاق -  
 قىرعىز قاقىنىڭ عىلىم ماسەلەلەرىن باستاپ اۋىزعا العان، قازاق قىرعىز  
 ەبىلمىپازدارىنىڭ باستاپ باس قوسقان تۇڭكەش سىيەزى بولدى. بۇل  
 سىيەزدىڭ ماڭىزى زور، قىزمەتى ازمىقشا. سىيەز نەگىزدى ماسەلەلەردى  
 شەشتى، ەلدىڭ بولاشاعىنا جون سىلتەپ، جول سالىدى؛ قازاق - قىرعىز  
 قالقى قاراڭغى اءاندىقتان بوسانىپ، مادەنىيەت جولنا تۇسكەننىڭ كورسەتتى بۇلاي،  
 بولمىزدىڭ تۇب سەبەبى وكتەبىر تۇڭكەرسى: وكتەبىر تۇڭكەرسى ەلدىڭ  
 تۇرمىسىنا قانداي وزگەرس كىرگەن سە، عىلم ادەبىيەت جۇزىندە دە سونداي  
 وزگەرس جاسادى؛ بىزدىڭ بۇل كورىپ وتىرعانىمىزدا سول وزگەرىستىڭ بىز  
 تاراۋى. كومەنەس پارتيەياسىنىڭ باسشىلىغىنا ەرگەن كەڭەس ۋكىمەتى تۇڭكەرسى  
 ەداۋىرىن باسنان وتكىزىپ، عىلم - ادەبىيەت سەپە شۇغىلكانىپ كىرسە  
 باستاۋانى جاڭادانا ەدى؛ بىزدىڭ بۇل كورىپ، سۇيىنىپ وتىرعانىمىز:  
 سول از ۋاقىتتىڭ شىندە عانا بولغان جۇمىستىڭ امەرى. قازاق - قىرعىز  
 قاقىنىڭ ۇيىقىسى اشىلىپ، مادەنىيەت جولندا بىلگەرى باسۋ ۇشىن، - بىز  
 مۇنان بۇلاي دا بارلىق كۇشىمىزدى كەڭەس ۋكىمەتىنىڭ قوسقان قىزمەتىنە  
 سالىۋىمىز كەرەك، كەڭەس ۋكىمەتىنە شىن كۆڭىل مەن تىلەكتەس بولمىپ  
 الاڭسىز سىكە كىرىسۋىمىز كەرەك.

چاساسىن كەڭەس ۋكىمەتى!

چاساسىن كوسەمىمىز لەئىمىننىڭ سالىپ كەتكەن جولى!

سىيەز بىشانەلىيدىڭ سوزىن قوشەمتەپ، تول شاپاقتايدى،


ءماچىلمىس اعاسى بيشانعالىي : سوزىن ئىتتىرىپ ، سىيەزدىڭ  
جاپىلماننىن چارىيالادى .

سىيەز كۇندىزكى ساعەت 1 - دە جاپىلمىدى

سىيەز اعاسى : عزالىي ۇلى نۇعمان .

ناۋرىز بايى ۇلى مىرزا . بوكەي-قان ۇلى ۲الىي-قان . كەنجە ۇلى اسپاندىيار . ارا بايى ۇلى بيشانعالىي .	}	پىرەزىيدۇم مۇشەلەرى :
---	---	-----------------------

الدوڭعار ۇلى ەرعالىي . تۇرەانبايى ۇلى مانان .	}	سىيەزدىڭ قاتشىلارى :
--	---	----------------------




## قاتا باسلعان سوزدەر

قاتا باسلعان	به تي	جولى (*)	دۇرسى
قالقارى . . . . .	6	10	قالقنارى
قالق . . . . .	7	4	قالق
البيبى مەن . . . . .	—	6	البيبى مەن
سقىلدى . . . . .	—	13	سقىلدى
تېسىس . . . . .	8	10	تېسىس
تۇۋسقان . . . . .	—	1	تۇۋسقان
ۋىسنىس . . . . .	9	12	ۋىسنىس
بار كەنن . . . . .	—	18	بار كەنن
ياۋروپا . . . . .	10	8	ياۋروپا
البيبىنەن . . . . .	11	13	البيبىنەن
تانىتۇن . . . . .	—	1	تانىتۇن
«تېۋى» . . . . .	15	8	«تېۋى»
كەننېز . . . . .	—	1	كەننېز
سوزدەي العان مەن . . . . .	16	1	سوزدەي العان مەن
«بىنى» . . . . .	—	5	«بىنى»
مونان . . . . .	—	13	مونان
كېيىندى . . . . .	—	11	كېيىندى
وزدىكسز دىك . . . . .	16	5	وزدىكسز دىك
«كېيىم» انىقتالاب «كەيىم» . . . . .	—	4	«كېيىم» انىقتالاب «كەيىم»
«جۇرمىز» . . . . .	19	8	«جۇرمىز»
ۋىتكەندە . . . . .	20	3	ۋىتكەندە
باسقاشا . . . . .	29	9	باسقاشا
بىردى . . . . .	31	14	بىردەي

(\*) مۇنىڭ تۇسىنداعى سىپىرلار جولىڭ، جوعارىدان تومەن قاراي ساناعاندا شىغانتۇن، نۇمبىرىن كورسەتەدى؛ الدىندا تەرىس بەلگىسى («-») بار سىپىرلار جولىدى تومەننن جوعارى قاراي ساناعاندا شىغانتۇن نۇمبىرىن كورسەتەدى.

دۇرسى	جولى	بەتى	قاتا باسالماعان
«ۋ» مەن «ى»	3-	31	«ۋ» مەن «ى» . . . . .
«ارپ»	6	33	«ارپ» . . . . .
«بىز اىزىز»	12	38	«بىز اىزىز» . . . . .
ارپتەر	2-	43	ارپتەر . . . . .
تاب - تابقا بولغىنىب	3	50	تاب - تابقا، بولغىنىب . . . . .
راقىم (ورنىبورداغى)	13	51	راقىم ورنىبورداغى . . . . .
«البىيىنىڭ»	13-	55	«البىيىنىڭ» . . . . .
«البىيى»	9-	—	«البىيى» . . . . .
الار ەدەدە،	13-	56	الار ەدەدە، . . . . .
n (2)	8-	61	n (2) . . . . .
«بىر اق تۇرلى»	4	66	«بىر، اق تۇرلى» . . . . .
قالقى	14-	—	قالقى . . . . .
قارا تانىتۇندار-	2	68	قارا تانىتۇندار- . . . . .
تىسىنىشە	7	76	تىسىنىشە . . . . .
كە ۋە ك	12-	77	كە ۋە ك . . . . .
سوندىقتان سوڭى	16,15	80	سوندىقتان سوڭى . . . . .
«پان سوزدەر؛ قايدان الامز؟»	16.15	83	«پان سوزدەر؛ قايدان الامز؟» . . . . .
پىروغىرامىن	5-	86	پىروغىرامىن . . . . .
پىروغىرامى	3-	—	پىروغىرامى . . . . .
تاجىرىيەسىز	7	89	تاجىرىيەسىز . . . . .
سويلە ۋ: اۋىزە كى	9-	90	سويلە ۋ اۋىزە كى، . . . . .
ۋشىراغان	3-	92	ۋشىراغان . . . . .
(ورال،)	11	101	(ورال،) . . . . .
ولشە ۋ دەن	5-	—	ولشە ۋ دەن . . . . .
بە ر كە سىز	10-	111	بە ر كە سىز . . . . .
كىتە بىرەردى	1-	—	كىتە بىرەردى . . . . .
مە كىتەب، تۇرى، پىروغىرامدار	5-	112	مە كىتەب، تۇرى، پىروغىرامدار . . . . .





# ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМША



Мырза Наурызбайұлы




Әнуар-паша



М.И.Калинин және Бұхара қайраткерлері



Бұхара сарбаздары



Бұхара жәміі алдындағы саяси жиын



Бұхара әмірінің әулеті



Большевиктерге қарсы күрескен қазақтар




Бұхара әмірі төңкеріс алдында



Бұхараның қазақ әскері



Әнуар паша  
Еуропа  
әскерілерімен



Петрбор. Бұхара әмірі театрда



Кеңестік Бұхара басшылығы



Орталық Азиядағы әскери шеру



Файзолла Ходжаев және саяси серіктері





**НАЦИОНАЛЬНО-ГОСУДАРСТВЕННОЕ РАЗМЕЖЕВАНИЕ  
РЕСПУБЛИК СРЕДНЕЙ АЗИИ в 1924-1925 гг.**

320 0 320 640 км

- |       |  |           |                            |
|-------|--|-----------|----------------------------|
| ..... | Границы республик до размежевания                | ————      | Границы после размежевания |
| ①     | Туркестанская АССР                               | ————      | союзных республик          |
| ②     | Хорезмская Советская Социалистическая Республика | - · - · - | автономных республик       |
| ③     | Бухарская Советская Социалистическая Республика  | -----     | автономных областей        |

Межелу жэне Бұхара республикасы (карта)

## АЛАШТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҮЛҒАСЫ МЫРЗА НАУРЫЗБАЙҰЛЫ

Алаш тарихында айтулы бір оқиға бар. Ол – 1924 жылы маусымда Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі (*түпнұсқада осылай жазылған*). Бұл – ХХ ғасырдың бас ширегіндегі ағартушылық, дүниетанымдық, ғылыми бағдары жөнінен ең маңызды жиын болатын. Сол сиезге қатысқандар кейін, 30-жылдары түгел дерлік нақақ репрессияланды, атылды. Арасында жалғыз адам тірі қалды. Ол – Мырза Наурызбайұлы.

20-жылдары Шығыстағы ең ірі саяси мәселенің бірі – «Орта Азия мен Қазақстанды межеллеу» болғаны мәлім. Осы тарихи шараға Бұхара халық кеңес республикасы (түпнұсқада - Бухоро халқ шоро жумхурияти *بخارا خلق شوروی جمهوریتی*) тарапынан қатысқан бірден-бір қазақ қайраткері – Мырза Наурызбайұлы.

Осы тұлғаның тағдыр-талайын білу үшін алғаш «Алаш козғалысы Қазақ елі аумағынан тысқары жерлерде қалай жүрді?» деген сұраққа жауап іздеген орынды.

Бүгінгі ғылым тіліндегі «репатриант», «ирредент» ұғымдарын ХХ ғасыр басына аударсақ, тарих пен тағдыр бедерінде қазақ этносының әлеуеті біреулер ойлағандай тым әлсіз емес екенін аңғарамыз. Ол кезде Омбы, Орынбор, Астрахан, Самар, Сарытау, Селебі, Түмен, Қорған, Алтай, Байөлке, Ташкент т.б. қазағы өзін ешқашан атамекеннен бөлек сезінбеді. Оны айтасыз, түрлі тағдырмен өзбек яки сарт арасына жайлау мен қыстау салып орныққан Бұхара, Хорезм қазақтары «бөтен жұрттамын» деп есептемеді. Бір ғана Бұхара халық республикасындағы қандастар санына көзжіберіңізші: «Кермена уэлаятында – 160 мың, Қаршыда – 100 мың, Гузарда – 100 мың, Бұхарада – 80 мың, Нұратада – 5 мың қазақ болған» (ғалым Б.Қалшабаеваның дерегі). Ал, басында Хорезм, кейін Хиуа хандығы ретінде танылған, артынан кеңестік Хиуа халық республикасы атанған аумақта 40 мыңға жуық қазақ мекендеген (бұл да сонда; олар кейін бөлінген Қарақалпақстан мен Түркіменстан жерінде қалған).

Еуропа көзімен қарағанда, бір шағын мемлекеттің тұрғынына татитын осы қазақ қауымының генеалогиялық құрамында «мың

өліп, мың тірілген» елді тұтастандырған барлық ру-тайпа бар десек, қателеспейміз.

Сонда ханмен де, қарамен де дауласа кетсе - артынан бірнеше түмен сарбаз-ұрпақ қалдырып, Самарқан әмірі атанған Жалаңтөс баһадүр, ұлт ұстыны Әйтеке би, атаман Чагановты Хиуаның құл базарына сататын Сырым Датұлы, Хиуа әмірі Мұхаметрахымның тізесін дірілдеткен, соңынан «Ар жақта дүбірлеген Арынғазы, Жайлаған арғын, найман Өтенсазы» (Шернияз) делінген аңыз қалдырған Арынғазы Абылғазыұлы т.б. тұғырлы тұлғалармен рухтанатын мұндағы қазақ жұртын ешкім жадағай «кірме» дей алмас еді.

Патшалық Ресейдің Түркістан өлкесімен «тонның ішкі бауындай» - кейде онымен арбасқан, кейде оған сырын ашып, әлсіздігін танытқан бұл өңір қазағы Петербордан - Орынборға, Омбыдан Ташкентке дейінгі Алаш тағдырына алаңдаумен болды.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында әлем де, заман да жаңарған еді. Бір шеттен – Англия, екінші шеттен – Ресей Орталық Азия аумағын түртпектеп оятқан-ды. Басқасын қойғанда, Түркі дүниесіне жанашыр ұлық ағартушы, қаламгер Исмайыл Гаспыралы сонау Қырымнан Түркістан өлкесіне екі мәрте келіп, Ташкент, Самарқан, Бұхара, Хиуа (соңғы екеуі Ресейге толық бағынбаған кез) жағдайымен танысады. Бұхара, Хиуа әмірлерімен (хан) жақсы байланыс орнатып, ол аймақтарда да білім реформасын жүргізуге кеңес береді. Олар да Қырымда демалғанда, И.Гаспыралымен жолығып, түркі дүниесіне ортақ жоба – «Тәржіман» газетін салаландыруға қаржылай көмек көрсетеді.

Бұхара, Хиуа, Хорезм, Қоқан, Самарқан, Ферғана, Өндіжан, Марғұлан т.б. шаһарлар Алаштың этникалық һәм эпикалық жадында түрлі оқиғалармен сақталып қалған. Халқымыз оның бірін дінмен, екіншісін айшықты бұйымымен, үшіншісін кесене-ғимаратымен, төртіншісін зорлық-зомбылығымен, тағы да өзге сипатымен өрнектеп жатады. Мұның арасында «Өзбек - өз ағам, сарт – садағам», «Естімеген ел де көп, есек мінген сарт та көп», «Қазақ байыса, қатын алады; өзбек байысы, үй салады», «Қазақ мал танымас, сарт жай танымас», «Сары атанның қадірін, Ел қыдырған сарт білер, Сеңсен тонның қадірін, Сексендегі қарт

білер» т.б. нақыл сөздер де біраз ақиқаттан хабар береді. Сондай-ақ әзілді әспеттейтін ауыл адамдары аузында «Самаурын суалды» хабары әп-сәтте «Самарқанды су алдыға» айналып, қыран-топыр күлкіге ұйытқы болған деседі...

Иманды, кешірімшіл, аңғал қазақ халқы бұрында, қазір де өзбек ұлты алқалап отырған Әмір Темірге (Ақсақ Темірге) ықыласпен қарайды. Бұл тұлға Түркістанда тұрғызған Өзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Ясауи) кесенесінен бастап, оның сүйегі жатқан Самарқандағы Гүр Әмір кесенесіне дейін ілтипатпен айтады. Мысалы, әйгілі Ақансерінің «Майда қоңырындағы»: «Жігіттің падишасы - Әмір Темір» деген жолдар – сөзімізге дәлел.

Ал, XX ғасырдың 20-жылдары Алаш астанасы бола жаздаған Ташкент және оны қазақтар билеген елеулі кезеңдері, елге ұстын Төле би зираты, шаһар маңындағы қалың ауылдар, аты-заты бар рулар – тайға таңба басқандай тарихи факті.

Қазақ мекендеген Түркістан аймағынан немесе сонымен шектес өңірден шығып, түркі және ұлт бірлігіне қызмет еткен Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұл, Сұлтанбек Қожанұлы, Жалау Мыңбайұлы, Сейітқали Меңдешұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Әзімхан Кенесарин, Серәлі Лапин, Нәзір Төрөкқұл, Серікбай Ақайұлы, Дінше Әділұлы, Санжар Аспандиярұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Телжан Шонанұлы т.б. тұлғалардың елеулі ізденісі, айрықша ұстанымы, дара қайраткерлігі, маңызды шығармашылығы ұмытылмақ емес.

Осы есімдер қатарына енетін бірегей тұлға – Мырза Наурызбайұлы.

Бұл тұлға туралы жалпы халық аз біледі. Оның бірнеше себебі бар.

**Біріншіден,** М.Наурызбайұлының қайраткерлігі тарихи Түркістан республикасынан бөлек Бұхара республикасында өткен. Ол сол кездегі атаумен айтқанда, Бұхара кеңестік халық республикасы (1920-1925) Нәзірлер шорасында (Министрлер кеңесінде) жауапты қызмет атқарды. Ауызша жеткен деректерде «төраға орынбасары болды» делінеді. Бүгінгі ұғымда – вице-премьер. Сондықтан ол мемлекеттік құрылым жойылғаннан кейін осының басы-қасында болған қайраткерлердің де аты-жөні ұмытыла бастады.

**Екіншіден,** Бұхара кеңестік халық республикасы Министрлер кеңесі төрағасы Файзолла Ходжаев Н.Бухарин, А.Рыковтармен бірге Германия, Жапония, Польша, АҚШ «шпионы» ретінде ұсталып, атылғаннан кейін аталған Орталық Азия республикасын еске алу түгіл, сол кездегі жалпы саяси үдерісті ұмытуға тура келді.

**Үшіншіден,** ақылы бар адамды былай қойғанда, хайуан екеш хайуанда «өзін өзі сақтау», «тіршілік үшін күрес» деген сезім-инстинкт болады. Қызыл террор немесе кеңестік саяси қуғын-сүргін жылдары біраз қайраткер «пәледен машайық қашыпты» жолымен жүрді. Олар: эмиграцияға кеткен Мұстафа Шоқай, Ыбырайым Жайнақұлы, Сібір елді-мекендері арасында жүріп тірі қалған Сәдуақас Ғылмани, Ахмет Жанталин, Алматы НКВД түрмесінде екі жылдай отырып босап шыққан Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков, осы тақылеттес – Базарбай Мәметов, түрлі жағдайда жер аударылып, 37-нің қырғынына ілінбей қалған Дәулетше Күсепқалиұлы, Мұстафа Бұралқиев, Садық Аманжолов т.б. Әрине, бұлардың көбісі анду мен бақылауда жүрді, тіпті Ыбырайым мен Мұстафа кейін шетелде өлтірілді. Дей тұрғанымен, қанқасап мезеттен аман қалуы – белгілі дәрежеде олардың күресі, амалы деу дұрыс. Осы қатарға Қырғызстанға кетіп, бой тасалаған Мырза Наурызбайұлын да қосқан орынды.

Енді кейіпкеріміздің ресми және бейресми ғұмырбаянына тоқталайық.

Мырза 1927 жылы 10 қаңтарда «бүкілодақтық партия санағы» анкетасына өз қолымен жазған жауабында «1900 жылы Сырдария облысы Байқабыл болысы Сарыағаш ауылында тудым...» деп жазыпты.

Ал, кейін 1953 жылы 1 қаңтарда жазған өмірбаянында «1900 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы № 13 ауылында тудым» деп көрсетеді. Және осы жазбасында «ағайын-туысымның ешқайсысы репрессияланбаған» дейді.

Бұл деректердің астарында «қайраткер Қызылқұмда туса, сонау Бұхарада неге жүр?», «ешбір ағайыным саяси қуғынға түспеді деп, кімді сақтандырып тұр?» сұрақтар қылтияды. Оған үзілді-кесілді жауап беру де мүмкін емес. Аталған жерде өмірге келді дегеннің өзінде, отаршылдық дүмпуімен «ел үшін, дін

үшін» руымен, аталығымен көшіп-қонған, бас сауғалаған қазақ ауылдары жолын іштей сезінуге болады. Қалың Алаш ішінде М.Наурызбайұлы түп-тұқиянының тарам тағдыры да ғылыми бір жүйеге түскен емес. Шәкәрім қажы шежіресінде бабаларының Сыр бойына бару сыры мен Әмударияға қарай ойысуы меңзеледі. Қайсыбір ауызша әңгімелерде «ол жаққа Тобықты ауылдары Кенесарыұлы Сыздық төренің бастауымен жылжыған» болып шығады. Мұхамеджан Тынышбайұлы арғын руларының XVI ғасырдың соңында Қаратауға жылжып, Тәуекел хан мен Есім ханның Ферғана, Самарқан, Бұхара жорықтарына қатысқанын жазады (*Тынышбайұлы М. Қазақ руларының шежіресі // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 3-т. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998*).

Шәкәрім қажы шежіресінен: «1723 жылы қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырынды көріп, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, біздің Тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың қара ағашына барған, онан да әрі барған Кіші жүз қазағы орысқа қарамақ болыпты деген соң, сонан қорқып Тобықты көшіп, Ырғыз, Торғай өзендеріне келген» деген жолдарды оқимыз (*Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1991*). Ал, Мұхтар Әуезов «Абайдың туысы мен өмірі» атты мақаласында тұлға бабаларының Батыстан Шығысқа қарай жылжыған жолын: «Ақынның үшінші атасы – осы Ырғызбай, бұ кісі 1750 жылдарда Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға сырғып ауған жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты. Ырғызбай – Айдос баласы, Айдостың өзге балаларының ішінде Көтібақ, Торғай дегені, одан соң Айдостың туысқаны Жігітектің баласы Кеңгірбай – барлығы да жаңағы жолдағы өзен-сулардың атымен аталған. Көтімалды өзенінің жағасында Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында Торғай, Кеңгір өзенінің жағасында Кеңгірбай туыпты» деп әуезелейді (*Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 8-т. - Алматы: Ғылым, 2002*).

Осы шағын деректің астарында елеулі тарих жатқанын аңғару қиын емес. Абайдың өзі және айналасы – тарихи ата қонысқа жылжыған Тобықтының жаңа рухани өрісін, ұлтқа серпін берген әлеуетін көрсетсе, Мырза Наурызбайұлы сынды жастар тарыдай

шашылған қазақтың қай жерде болсын ізденіп, табысқа жете алатынын байқатты.

Мырза ғұмырбаянында Самарқан түзем гимназиясында оқығаны жазылған. 1927 жылғы анкетада «2 жыл орыс-түзем училищесінде оқығанын» көсеткен. Әрине, бұған дейін ол мұсылманша мектеп-медреседе (мұсылманша бастауыш және орта білім жүйесі) оқыған болуы тиіс. Өйткені ол шақта оқуға талпынған бар шәкірт осы жолдан өтеді. Оның үстіне бұл мектеп-медреселер жаңару яғни жәдитшіл бағытында еді. Исмайыл Гаспыралының қайта-қайта Орталық Азияға аландауының мәні осында болатын. Оның үстіне Самарқан енген өңірді ХІХ ғасырдың 60-жылдары патшалық Ресей толық жаулап алды. Бір есте болар факт: Нәзір Төреқұлұлы да осы Самарқанда оқыған.

Енді тағы бір сұрақ туады: «Мырза Наурызбайұлы қалайша 20-жылдары Бұхара республикасының үкімет төрағасының орынбасары деңгейіне көтерілген?». Орысша-мұсылманша сауатты болғаны үшін ғана ма? Бұлай десек, ол кезеңде Мырзадай азаматтар аз емес еді. Әлде мұның басқа да сыры бар ма?.. Біздіңше, ол өлкеде рухани жаңғыруларды бастаған жас бұхаралықтар («младобухарцы») яғни жәдитшілдер қатарында болып, танылған. Олар осындай табанды пікірімен Ташкентті, Самарқанды, т.б. қалаларды дүр сілкіндіргені тарихтан мәлім. Осы қозғалыстан біршама хабардар С.В.Чиркин естеліктерінде: «Жас бұхаралықтардың қатарын орысша оқып, Түркістан мен Ресей қалаларын түрлі жолдармен аралап, танысқан азаматтар құрады. Олар көп болса 200-дей ғана еді. Арасында күдікті да жандар болды» деп, ресейлік мүддесін де байқатса (*С.В.Чиркин. Двадцать лет службы на Востоке. Москва: Русский путь, 2006*), ұйымның басы-қасында болған қайраткер Файзолла Ходжаев: «Бұл қозғалыс тек жастардан тұрмайтын. Оған Бұхара әмірінің жөнсіз, әлеуметке зиянды істеріне қарсы қалың жұртшылық қатысты» деп жазды (*Ходжаев Ф. Избранные труды в трех томах. /Ред. колл. А.А.Аззамходжаев и др./ Т. I.- Ташкент: Фан, 1970*).

Аталған ұйымға кірген азаматтардың біразы (Ұсман Ходжаев, Абдурауф Фитрат) Түркияда оқыған болатын. Бұл шақта ол елде саяси жаңғыруларды бастан кешті. Тарихтан белгілі факт:

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Бұхара қайраткерлері «Жас бұхаралықтар» атты комитет құрды. Оның құрамында Мырза Мұхиддин Мансұров (төраға), Фитрат (хатшы), Ұсман Ходжаев (қазынашы), Абду Вахид Бұрханов, Мұса Санджанов, Ата Ходжаев, Ахмеджан Абдул Саидов, Файзулла Ходжаев, Хамид Хаджа т.б. (мүшелері). Бұл ұйым басында әмірге қарсылардың басын құраған болатын. Уақыт келе мүдделер тайталасы байқалды. Либералдық бағыт ұстанғандар азая берді. 1918 жылы ұйым қожырап кетті. 1920 жылы Файзолла Ходжаев Ташкентте «Жас бұхаралықтардың Түркістан орталық бюросын» құрды. Оның жанында ақын, қайраткер А.Фитрат жүрді. Бұл кезде саяси жолдың бағыты да тарылып қалған болатын. Енді Бұхара әмірін большевиктердің әлеуметтік теңдік ұранымен ғана құлату мүмкін деп шешілді. Бұл ретте Ташкент большевиктері тарапынан терең саяси алдаусырату жүрді. Т.Рысқұловтың коммунистік бағытта егемен Түркістан Республикасы идеясын «көз қылып» ұстап, олар «азат Бұхара халық республикасын» құрып беру уәдесін айтты. Сөйтіп, Бұхара кеңестік халықтық республикасы орнады. Ф. Ходжаев, А. Қадыри, А. Мұхитдинов т.б. оның үкімет құрамына кірді.

Біз мұның бәрін неге тәптіштеп отырмыз? Бұлай істеуімізге себеп: осы оқиғалардың барысында Бұхара халқы арасында қазақтан шыққан жас қайраткер Мырза Наурызбайұлы жүрді. Әрине, бастапқыда елеулі саяси қызмет атқармаған шығар. Бірақ жаңаруға бағытталған қоғамда бір қауым қазақ ұлты көзін жауып, құлағын бітеп отырмасы ақиқат еді. Біздіңше, бастапқыда оқыған Мырза «қазақтың өкілі», «қазақ қауымының қалаулысы» ретінде көрініп, сөзі, ойы, ұсынысы, пікірі, батылдығы, қағидаты, талабы билік тарапынан қабылданды.

Қолжетімді энциклопедия деректері былайша сөйлейді: «Бұхара халық кеңес республикасы 1920 жылы 14 қыркүйекте жарияланған. Оның жер көлемі - 182.193 шаршы шақырым, халқы – 2.2 млн адам болған. Түркістан кеңестік республикасыменмен, Хорезм халық республикасымен, Ауғанстанмен шектеседі. Негізгі халқы – тәжік, өзбек, түркімен». Қазақ туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Қазақ тұрмаса, М.Наурызбайұлы неге үкімет



төрағасының орынбасары болып жүр? *(Оның осындағы өз ұлтының саны туралы дерегін төменде келтіреміз).*

Осы жерде большевиктік Ресейдің қилы-қилы қулығының ұшығы шығады. Мысалы, ол Маңғыт руынан шыққан Бұхараның соңғы әмірі Сейіт Әлімханды (атасы – Мұзафар, бабасы – Насрулла) «Сен басмашыларға болыспа, біз әмірлігіңнің тәуелсіздігін танимыз» деп, 1920 жылға дейін алдаусыратып отырды. Мұның мәні – Түркістанды толық жусатып, әскери күшті мықтап, тұтқиылдан тап беру еді. Кешікпей онысы да жүзеге асты: М.В. Фрунзе бастаған басқыншы қызыл армия 9 мың адамды мұздай қаруландырып, 230 пулемет, 40 зеңбірек, 5 бронды пойыз, 11 ұшақ күшімен «тәуелсіз әмірлікті» жермен-жексен етті. «Сейіт Әлімхан Ауғанстанға қашып, сонда бас сауғалап, жат жұртта 1944 жылы 64 жасында қайтты» деген мәлімет ұшырасады...

Биліктен басы айналған бұл әмір жас қайраткерлерін тыңдаса, уақыттың сұранымын түсінсе, тарих дөңгелегі басқаша айналар ме еді, кім білсін?.. Жас бұхаралықтар да қызыл әскердің әріде жатқан басқыншы ойын қалай түсінбеді? Төрт-бес жыл қуыршақ республика қылды да, таратты емес пе?..

Осы орайда тарихи Түркістан автономиясының құрылуы мен жойылуын өз көзімен көрген Алаш тұлғасы Хайретдин Болғанбайдың мына сөзі ойымызда жаңғырады: «Сорлы Түркістан! Сен кеше «Бостандық болды, теңдік күні туды» деп қашанғы жоғалтқан еркіндігіңе талпындың ғой. Сен Русияның үлкен өзгерісінің буына желігіп, баяғы айбыны күшті Темірің мен ақылы дана Бабырларыңды есіңе алдың ғой. Жоқ, босқа алданғасын! Шеттен келген бұл бумен үлкен теңдік тірілмейді. Сен ол теңдікті шын өксіп, анық сағынған болсаң, өзгеріс буы өзіңнен шықсын. Сырттан – Русиядан, Еуропадан келген өзгеріс буы саған әл болмайды» *(Болғанбай Х. Шығармалары - Тағдылымы. Астана: Парасат әлемі, 2004).*

Қызыл әскердің Бұхараға келуі, өздерінше айтсақ, «Бұхараны бағындыруы» өңірдің қоғамдық-саяси дамуын күрт өзгертті. Большевизмге қарсы Орталық Азиядағы бас көтеру (ғылыми әдебиеттерде «басмашылық» делінеді) үдерісін жүйелендіруге ауыр соққы берілді.

Міне, осы тұста Мырза Наурызбайұлы өмірбаянының тағы да «ақтандағы» көрініс береді. Мынандай сұрақ туады: 1) Қайраткер неге «басмашыға қарсы тұрдым» деп бір ауыз жазбаған? (Ол кезде бұл өңірде саяси қызметте болғандар бағытын анық көрсетуі тиіс еді); 2) Ресми ғұмырбаянында қайраткер не себепті Бұхарадағы жоғары лауазымды саяси қызметін «ұмыт қалдырады»?; 3) Кеңестік «жылымықтан» кейін қайраткер неліктен өлкені межелеу («размежевание») шарасына қатысқанын және осы мәселемен М.И.Калинин қабылдауында болғанын айта отырып, неге өте күрделі текетірестен шөкімдей де мәлімет бермейді?

Бұл сұрақтарға Мырзаның жауап бермеуі немесе оны саналы түрде айналып өтуі – қайраткердің осы оқиғалардың жуан ортасында жүргенін дәлелдейді.

Бір ғана долбар айтайық. Мәселен, сіз бір елдің ресми басшыларының бірісіз. Еліңізде табиғи түрде бір қозғалыс пайда болды (бағытына қарамай). Енді осы қозғалыстағылар ресми басшылықпен жолықпай ма, құрығанда ұсыныстарын алға тартпай ма, тіпті шарт-ультиматум қоймай ма?

Осы тұрғыдан келгенде, М.Наурызбайұлы және басқа да Бұхара халық республикасының басшылары большевизмді қабылдамағандармен ресми-бейресми талай кездесті деп есептейміз. Біз мұны айтамыз, башқұрттың эмиграцияға кеткен қайраткері Зәки Уәлиди Тоғанның жазуынша, Түркістан кеңестік республикасы басшыларының бірі Тұрар Рысқұл өзі басмашылармен келіссөз жүргізген (*Тоган Заки Валиди. Воспоминания. Борьба мусульман Туркестан и других Восточных тюрок за национальное существование и культуру. - Москва: типография N12, 1997*). Неге? Байыпты, саликалы қайраткер елінде, өңірінде болып жатқан оқиғалардың бәріне жіті қарап, жан-жақты бағалап, алысты болжап, шешім шығарады. Әлемнің саяси тарихы осындай.

Алаш басшыларының Бұхара басмашыларына адамдар жіберуі (ішінде М.Әуезов, Х.Болғанбай, Д.Әділұлы бар), сөйтіп «дінге сүйенген екі өзбек партиясы, социалистік емес жәдиттер партиясы, «Ерік» социалистік партиясы және қазақтың Алаш Орда партиясы 7 баптан тұратын платформаға біріктік: 1. Тәуелсіздік;

2. Демократиялық республика; 3. Ұлттық армия; 4. Түркістанның тәуелсіздігі мақсатына орай экономикалық басқаруды, теміржол құрылысын, каналдар жүйесін қолға алып, жүргізу; 5. Қазіргі заманға сай ағарту мен білім, орыстың араласуынсыз Батыс мәдениетімен танысудың жолын іздеу; 6. Ұлттық мәселе, мектеп пен ұлттық байлықты елде тұратын халықтардың арасалмағына сәйкес тең пайдалану; 7. Дінге толық еркіндік, діннің саясатқа араласпауы» деп қаулы қабылдауы – тарихи факт. 1921 жылы ақпан айында өткен шара (*Зәки Уәлиди Тоған естелігінен*).

Айтқандайын, осы естелікте әйгілі османлы тұлғасы Әнуар пашаның 1921 жылдың ортасында Бұхараға келгені, көмекшісі қазақ ұлтынан болғаны, сондай-ақ басмашылар арасында Ақмоладан барған кәсіби офицер (Мәскеуде оқыған делінеді) Қалқаман атты азаматтың жүргені жазылады...

Біздіңше, Мырза Наурызбайұлы осы оқиғалардың бәрінен хабардар еді. Тіпті жоғарыда аты аталған азаматтар қиырдағы қазақ басшысына жолықпады дегенге адам сене ме?

Мына ресми дерекке көңіл аударыңыздаршы: «Өлкенің байырғы тұрғындарының ұлттық, діни т.б. ерекшеліктерін ескермеген жаңа мемлекеттік құрылыс халық наразылығын күшейтіп, сол жылы Бұхарада “Иттихад-и ислам” (Ислам бірлестігі) атты партия құрылды. Оның қатарында БХКР жетекшілерінен Ә.Мұхитдинов (сауда және өнеркәсіп нәзірі), К.Мұқамиллов (Бұхара компартиясының жауапты хатшысы) болды. Бұл партия кеңестік биліктің жүгенсіз әрекетіне қарсы шығып, жергілікті халықтың ұлттық, діни сезіміне құрметпен қарауды, жеке меншікке қол сұқпауды және РК(б)П-ның Түркістан бюросы мүшелері мен қызыл армияның Бұхарадан кетуін талап етті. Орталықтағылар оған құлақ аспады. Нәтижесінде жергілікті коммунистер О. Полатхожаев (Бұхара орталық атком төрағасы), А. Арипов (әскери нәзір), Ә. Риза (милиция бастығы) секілді өкімет өкілдері басмашылар жағына шығып кетті...» (*Уикипедия мәліметі*).

Басмашы дегенде, олардың көшбасшылары: Орталық Бұхарадағы Сәлім паша, Шығыс Бұхарадағы Ибрагим-бек, Батыс Бұхарадағы Абдул Қаһар – бәрі де өз деңгейінде елге сыйлы, намысты қайраткерлер болатын. Әрине, саяси көзқарасы жөнінен

оларды «демократ емес еді» десек те, амалсыз қару ұстап, ел мен жерін қорғағанын жоққа шығару мүмкін емес. Елдің қорғаныс министрі мен ішкі істер басшысы құзыреттерінен бас тартып, көпшілік жағына шықса, ол шеп «қарақшы», «басбұзар», «жауыз», «қанішер» болуы мүмкін бе?..

«Кейін өз қолымен жазған ғұмырбаянында қайраткер неге Бұхарадағы жоғары лауазымды саяси қызметін ұмытты?» дегенге келсек, мұны көрсету - өз-өзін ұстап берумен бір есеп еді. Оны «ескі жараны тырналау» деуден гөрі «кеңес өкіметі қабылдамаған шындықты еске алмау, саналы түрде ұмыту» деген дұрыс.

Ал, «Орта Азия мен Қазақстанды межелеу» - кеңестік большевизмнің «зор жеңісі». М.Шоқай мен Т.Рысқұлдың түрлі форматта көтерген «тұтас Түркістан» идеясына ленинизмді жалғастырған И.В.Сталин осылай нүкте қойды. Сырттай қарағанда әр ұлтқа өз алдына республика берген секілді, іштей патшалық саясаттаңдасып түсетін астарлы жұмыстар атқарылды. М.Наурызбайұлының «Калининді іздеуі» - нағашысын іздеу емес, әрі «тал қармау», әрі сол кездің шындығына қайта бір үңілгісі келген адами ниеті болатын. Бұл оқиғадағы «текетірес» ақиқаты – шаң басқан архивтерде тұр және одан да тереңірегі Мыраз сынды бақиға көшкен азаматтармен бірге кетті.

Сонымен, XX ғасыр басындағы Түркістан өлкесі мен Бұхара халық республикасындағы Мырза Наурызбайұлының қоғамдық-саяси қызметін былайша тұжырымдаймыз:

**Біріншіден**, М.Наурызбайұлы жәдитше оқып, орысша сапалы орта білім алған көзі ашық азамат ретінде Бұхарадағы қазақ ұлтының жоқтаушысы бола білді.

**Екіншіден**, заманында озық ойлы «Жас бұқаралықтар» ұйымы жұмысына қатысып, саяси-танымдық деңгейін көтерді, Орталық Азиядағы түркі жастары қоғамдық серпілісінің ішінде жүрді.

**Үшіншіден**, еңбегімен, танымалдығымен Бұхара халық республикасы үкіметі басшыларының бірі деңгейіне көтеріліп, өз тұсындағы мемлекеттік шаралардың қақ ортасынан табылды.

**Төртіншіден**, М.Наурызбайұлы – 1924 жылғы әйгілі «Орта Азия мен Қазақстанды межелеу» тарихи шарасына Бұхара халық республикасы атынан қатысқан 5 басшының бірі.

**Бесіншіден,** Орталық Азияда большевизмге қарсы тұру қозғалысы кезінде салиқалы, байыпты көзқарас ұстанды.

**Алтыншыдан,** демократиялық негізде өмірге келген Алаш автономиясы мен Түркістан автономиясы (1917 жылғы) идеяларына адал болып, Орталық Азия қайраткерлері мен қазақ қайраткерлерінің арасындағы өңірлік даму мен ықпалдастыққа байланысты келіссөздерге шамасы келгенше атсалысты.

Біз «алтыншы тұжырымдамаға» кеңірек тоқтала кеткіміз келеді. М.Наурызбайұлының Алаш рухты Қазақстан тұлғаларымен жақын қарым-қатынасын дәлелдейтін бірнеше дерек бар.

**Біріншісі** – Қазақстан мен одан тысқары жерлердегі қазақ жұртына кең тарайтын ресми өлкелік партия комитетінің үні «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1924 жылы жарияланған Бұхарадағы алаш жұртының хәлі туралы мақалалары. Олар: «Бұхара қазақтары» (№ 183), «Бұхара қазақтарының хәлі» (207), «Бұхара қазақтарының хәлі һәм алдағы істің пыланы» (№224), «Тағы да Бұхара қазақтары туралы» (№ 236). Сонымен бірге осы басылымдағы «Рахым» атымен жарық көрген «Бұхара қазақтарының хәлі» (№ 196), «Орта Азияны ұлт республикаларына айыру һәм екі мемлекетті қосып алу мәселесі» (№ 231) атты материалдарда да М.Наурызбайұлы мәліметтері пайдаланылған деп санаймыз.

**Екіншісі** – 1924 жылы 12-17 маусым аралығында Орынборда өткен тұңғыш Білімпаздары сиезіне Бұхара мен Хорезм қазақтары атынан қатысып, сөз сөйлеуі, ұсыныс беруі, жиын қаулысын жүйелеуге атсалысуы.

Осы екі оқиға бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, көрсетілген газет материалдары аталған сиез барысында шыққан.

Тұңғыш Білімпаздар сиезі – педагогика, психология, филология (лингвистика, әдебиеттану), фольклористика, мәдениеттану, тарихтану сынды отандық гуманитарлық ғылымдардың бастауында тұрған, осы салаларға ізашар болған жиын.

Өкінішке қарай, осы нағыз білім мен ғылымға арналған тарихи жиынды тіл және тарих саласы мамандары 2000-жылдардың ортасына дейін байыптап, зерделеген де жоқ. Біз ізденістеріміздің нәтижесінде бұл туралы Тәуелсіздікке дейін-ақ арнайы көлемді мақала жазып, талдау, тұжырымдама жасау бақытына ие болдық

(Мыңбаев Д.Қ. *Қазақ Білімпаздарының тобы: тарихы мен тағылымы // Республикалық «Өркен» газеті, 1990 жылы 29 желтоқсан*). Бұл материалымыз 1997 жылы шыққан «Руханият» атты кітабымызға да енді («Білім» баспасы).

Қазақ Білімпаздарының тобы – кеңес өкіметі тұсында ұлтымыздың білікті оқығандарының алғашқы бас қосуларының бірі еді. 20-жылдардағы баспасөз бетерінде бұл жиынға **«Қазақ-қырғыз Білімпаздарының алғашқы тобы», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі»** деген сипаттама айдар берілді. Топты (шақырылардың алдында да, сол уақыттағы баспасөзде де сиез «топ» делініп қазақша аталды, кешікпей-ақ оқығандардың өзі мұны «сиез» деп қалыптастырып жіберген болатын) Қазақстан Оқу комиссариатының білім кіндігі 1924 жылы 10 маусымда шақырды. Алайда сиез белгісіз себептерден маусымның 12-сі күні күндізгі сағат 12-де ашылды.

1924 жылы 23 мамырда «Еңбекшіл қазақ» газеті топқа қай жақтан неше кісі келуге тиіс екендігін жазады: «Мәскеудегі Шарқ (*Күншығыс – Д.Қ.*) баспасынан – 1, Шарқ институтынан – 1, Хорезмнен –1, Түркістаннан – 4, Қазақстаннан – 16».

Топтың қарайтын мәселесі де алдын-ала белгілі болады. Олар: «1. Қазақ емлесін бірөнкейлеу. 2. Қаріп жағдайын қарастыру. 3. Халық әдебиетінің халін һәм оқылатын пәндерді жоспарлау. 5. Оқу һәм білім кітаптарын көбейту шарасын қарастыру. 6. Қазақ пән сөздері бір болу мәселесі».

Ескі газеттерден білетініміз (*Әлтай. Қазақстаннан тысқары қазақ елдері. «Еңбекшіл қазақ» газеті, 1926 жыл 27 қаңтар*): «Қазақ Білімпаздарының тұңғыш сиезі» деген атпен 116 беттік топтың толық стенографиялық есебі басылып шыққан. Біз осы жәдігерлікті Алматыдағы Ұлттық кітапхана қорынан кезіктірдік (*картотектегі нөмірі: 494. Қ-17. РК. Қазақ Білімпаздарының тұңғыш сиезі. Орынбор, 1925 жыл*).

Сиез Орынборда ағарту қызметкерлері ұйымының үйінде өтеді. Оны ашқан Қазақстан халық ағарту комиссары Нұғыман Зәлиұлы жер-жерден келген азаматтарға алғысын айтып, сиез жұмысының дұрыс өтуін тілеп, сөзін аяқтайды. Ал Халық ағарту комиссарының орынбасары Молдағали Жолдыбайұлы уәкілдерді топқа келген кісілермен таныстырады.

1. Мәскеудегі Күншығыс баспасөз тарататын кіндік ұйымнан – Әлихан Бөкейхан мен Нәзір Төрекұлұлы.

2. Бұхарадағы қазақтар атынан – Мырза Наурызбайұлы.

3. Түркістаннан – Халел Досмұхамедұлы мен Ишанғали Арабайұлы.

4. Қазақстанның аймақтық партия комитетінен – Аспандияр Кенжеұлы.

5. Жалпыресейлік кәсіпшілер кеңестер ұйымының қазақ аймағы бөлімінен – Мұхтар Саматаұлы.

6. Орынбордағы қазақ институтынан (КИНО) – Мұхтар Мырзаұлы.

7. Қазақстан халық ағарту комиссариатынан – Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Нұртаза Ералыұлы, Нұғман Зәлиұлы, Молдағали Жолдыбайұлы.

8. Қостанай губернелік оқу бөлімінен – Ерғали Алдоңғарұлы.

9. Семей губернелік оқу бөлімінен – Мәннан Тұрғанбайұлы.

10. Орал губернелік оқу бөлімінен – Нығмет Шағиұлы.

11. Бөкей губернелік оқу бөлімінен – Рүстем Ағыбайұлы.

12. Қазақ аймағын зерттеп, ғылым жиятын қауымнан – Міржақып Дулатұлы.

13. Орынбордағы газет-журнал басқармаларынан – Рақым Сүгірұлы.

Мұнан соң қалыптасқан жиналыс рәсімі бойынша Н.Зәлиұлының топ басқармасын сайлау керек деген ұсынысымен М.Жолдыбайұлы топбасшылыққа лайықты бес кісінің аты-жөнін атайды. Олар: Әлихан Бөкейхан, Нұғман Зәлиұлы, Аспандияр Кенжеұлы, Мырза Наурызбайұлы, Ишанғали Арабайұлы. Топ бұл қалаулыларды бірауыздан бекітеді де, сиездің хатшылығына Тұрғанбайұлы Мәннан мен Алдоңғарұлы Ерғалиды сайлайды.

Топ бұған дейін баспасөзде жарияланып үлгерген сиез қарайтын 6 мәселені қабыл алды. Осыдан кейін топқа келген уәкілдерге сөз беріліп, олардың ұсыныстары тыңдалады. Х.Досмұхамедұлы жалпы мектеп мәселесі туралы талқыланатын кезде бастауыш мектеп түрі мен білім орындарының оқу жобаларын қосымша қараудың қажеттігін айтса, М.Наурызбайұлы Хорезм мен Бұхараға қараған қазақтарды оқыту, мәдени ағарту шараларын бөлек түрде сөз болуын сұранады.

Сиез Х.Досмұхамедұлының ұсынысын бірауыздан мақұлдайды да, М.Наурызбайұлының сұранымы бойынша ол мәселені тек екі өлкемен шектемей, жер ыңғайына қарап қиянда, Қазақстан мен Түркістаннан өзге республикаларда қалып отырған қазақтар үшін ауқымды түрде шаралар қарастыру керектігін жөн деп табады.

Сонымен, топ мәселердің толығып болған ұзын-ырғасын түгел бекітіп, сиездегі баяндамалар мен сөйлеушілерге, толықтырушыларға уақыт белгілеп, келісіп отырып тиянақтайды.

Тарихи сиезді құттықтап, ниет-тілектерін білдіріп сөйлегендердің қатары да едәуір болады. Топты құттықтауға Қазақстан Орталық комитеті мен оқу комиссариаты атынан – Н.Зәлиұлы, Қазақстан аймақтық партия комитеті мен халық комиссарлары кеңесінен – А.Кенжеұлы, Түркістан оқу комиссариатынан – И.Арабайұлы, Жалпыресейлік кәсіпшілер кеңестері ұйымының Қазақстан бөлімінен – М.Саматұлы, Аймақтық оқытушылар курсынан – Ырысбайұлы, Қазақстан орталық білім кіндігінен – Лебедев, Башқұрт өкіметінен – Ибраһимұлы, Бұхарадағы қазақтардан – М.Наурызбайұлы шығып, ілтипат-лебіздерін білдіреді. Құттықтаушылардың әр жерден әр деңгейдегі ұйымдардан келгені сияқты, сөздерінің дені де түрліше болады. Мысалы, А.Кенжеұлы: «Қазақ зиялылары кеңес қызметіне тезінен жегіле қойған жоқ. Тарихи үлкен міндетін сезінбей отыр. Оған Семей губернесіндегі хал мысал бола алады», - деп оқығандарға «тиісе» айтса, И.Арабайұлы: «Түрік қауымының ішіндегі алдыңғы мәдениет басқышында деп саналатын Ғұсман түріктері әдебиет жүзінде адасып кетті. Емле сәйкессіздігіне байланысты Анато́л түріктері Ыстамболда жазылған кітаптарды оқи алмай отыр... Өте орысшыл болып, дайын тұрған орыс әдебиеті, орыстың ғылым тілдерін алып жүре берсек, үлкен адасқан боламыз. Соны естен шығару жарамайды», – дейді. Ал Лебедев болса Әлихандай, Ахметтей ғұламалар отырған жерде «ғылым деген сөздің не екенін, қиялды жолға кетпей, тұрмысқа жақын жүру керектігін, оқығандардың халықтан бөлінбеуінің қажеттігін» алға тартса, М.Наурызбайұлы жаны шырқырап Білімпаздар тобынан сарт өлкесіне таман тұратын қазақтардың этнос ретінде құрып бара жатқанын



айта келе: «Қазір Бұхара өлкесінде жарты миллион қазақ бар. Оларды бұл уақытқа дейін сарттар езіп келді. Жарты миллион қазақ сарттармен араласып отыр. Солар өздерінің қазақ екенін жасырады. Бүкіл Бұхара, Хорезм бойынша кеңес қызметіне 2-ақ қазақ алынып отыр», – деп мысал ретінде әрі қарай сөзін таза өзбек тілінде жалғастырып, сиез уәкілдерінің «жағасын ұстатады» (*Қайраткер 1927 жылы анкетаға жауабында «қазақ, өзбек, орыс тілдерін еркін меңгергенін» жазады*).

Құттықтаулардан шығатын ұжымдасқан қорытынды біреу-ақ болатын: «топ қордаланған көкейкесті мәселерді қайтсе де шешуі қажет».

Жиын барысында емлеге, әліпбиге, пән сөздеріне (терминология), ел әдебиетін жинап, жүйелеуге, оқулықтар әзірлеп бастыртуға, аудармаға т.б. қатысты қадау-қадау ойлар, пікірлер айтылып, орайымен қаулылар қабылданады.

Қайраткер Мырза Наурызбайұлы көтерген және шешуге атсалысқан шеттегі қазақтарды ағарту жайы да аса ыждағатпен талқыланады.

Білімпаздар сиезі күн тәртібін бекітетін бірінші күнгі жиналыста Бұхарадан келген қайраткердің ұсынысы бойынша (ұсынысы оқығандар тарапынан толыққанды) қаралатын мәселелердің қатарына «Қазақстан республикасынан тыс жүрген қазақтарды ағарту, ана тілінде оқыту шараларын белгілеу» делінген баптың енгенін айттық. Расында, қайшылыққа толы территориялық айрылым науқаны талай халықты қасіретке ұшыратқан болатын. Жері мен пейілі кең қазақтың тағдыры да осы теперіштің құрасуында қалды. Жігері құм болып көңіліне қаяу түскен алаш баласының 20-жылдары шыққан ащы дауысы, жүректі жылатар зары бүгін де құлаққа шалынады, тарих қойнауынан жаңғырып естіледі ...

Топта «Қазақстан мен Түркістаннан сыртқары қазақ халқын ағарту туралы» деген тақырыпта Міржақып Дулатұлы баяндама жазады.

Баяндамада жер ыңғайына қарай республикадан алыс отырған қазақтар халінің дұрыс болуы, оқу мен өнерінің артуы өздеріне байланысты емес, мұндағы үкіметке байланысты екені сөз етіледі. Үкімет қазақтармен қатынасты реттеп, оларды ағарту

үшін мамандар даярлап жіберуге мүдделі болуға тиісті делінеді.

М.Дулатұлы сөзінен соң шығып сөйлеген шешендердің лебізін жинақтай отырып бұл күнгі мәжіліс төрағасы А.Байтұрсынұлы Қазақстан облыстық ортақшыл комитеті мен халық ағарту комиссариатына өтініш ету үшін уәкілдерге мынандай (М.Наурызбайұлының сұранымына сәйкес) ұсыныстар жасайды: «1. Бұхара, Хиуа қазақтарына қазақ оқытушыларын, өсиетшілерін жіберу. 2. Қазақстанда ашылған мектептерден олардың шәкірттеріне стипендия ашып, орын арнап қою».

Осы екі ұсынысты уәкілдер толық қабылдағаннан кейін, М.Наурызбайұлы шығып: «Арнаулы комиссия құрылуға тиіс», – деп ой айтады. Мұны Х.Досмұхамедұлы қолдайды. Нәтижесінде үшінші ұсыныс мақұлданады. Онда. «Бұхара, Хиуа қазақтарын аралап, хал-жайын, тілін, ағарту жұмысын жөнге салатын бір комиссия жасалсын. Комиссияға кіретіндер: Қазақстан халық ағарту комиссариатынан – біреу, Бұхара қазақтарынан – біреу, Хиуа қазақтарынан – біреу» делініп жазылады. Комиссия жұмысы төңірегіндегі ақпар мен есепті Қазақстан халық ағарту комиссариатына беруге міндеттелді.

Алыста жүрген ағайынның тағдыр-талайы әңгіме болған осы жиында М.Тұрғанбайұлы Ресей территориясында, Қытай мен Моңғол жерінде қалып отырған қазақтар туралы пікірін айтып, оларды да ескеру керектігін хабардар етеді. М.Тұрғанбайұлын толықтырып, оны қолдай сөйлеген И.Арабайұлы (Уфада Ғалия медресесінде жүріп 1911 жылы «Қазақ және қырғыз балалары үшін әліппе...» жазған автордың бірі, Алаш қозғалысына қосылған қырғыз зиялысы – осы Ишанғали Арабаев) сиезден аталған ұсыныс хақында қаулы шығаруын өтінеді. Топ ұсынысты негізінен қабыл алып, қаулы шығарады. Мәжілістің соңын ала сөйлеген Х.Досмұхамедұлы: «Сиезде айтылған пікірлер, бекітілген қаулыларды кітапша етіп шығаруды Қазақстан халық ағарту комиссариаты өз мойнына алса екен» деген ниетін білдірсе, М.Дулатұлы: «Алынған қаулыларды Декрет арқылы заң күшіне асырса екен» деп ұсыныс жасайды. Сиез мұны да бірауыздан қабыл алады.

Жиын бітерде мінберге Түркістаннан келген уәкіл И.Арабайұлы көтеріліп, сиезді межелеген жұмысын мақсатына

жеткізуімен құттықтап, күні ертең бұл қаулыларды іске асыру барысында ел мүддесін жоғары қойған әрбір азамат күш-жігер жұмсайтынына сенім білдірді.

Сөйтіп, алты күнге созылған Білімпаздарының сиезінің жұмысы 1924 жылы 17 маусымда сәтті аяқталады. Осы жиын шешімдері кейін ұлт ғылымының іргетасы болып қалды.

Білімпаздар сиезіне қатысты М.Наурызбайұлының тарихи қызметін былайша бағалаймыз:

**Біріншіден,** Мырзаның санаулы ғана адамдардың ішінде қазақтың тұңғыш ғылым жиынына шақырылуы оның қайраткерлік қана емес, зиялылық (парасат иесі, өлкесіне абыройлы азамат) беделін көрсетеді.

**Екіншіден,** сиездегі қайраткердің баяндамасы, жарыссөзге шығуы, ұсыныс беруі оның біліктілігін, жауапкершілігін, батылдығын айқындайды.

**Үшіншіден,** тарихи сиездің барысындағы, алды-артындағы оқиғалар М.Наурызбайұлының көрнекті Алаш зиялыларымен тығыз байланыста болғанын аңғартады.

Осы ретте республикалық басты газет – «Еңбекшіл қазақта» (1925 жылдан «еңбекші» атын алды) жарияланған мақалалары қайраткердің ұлт тағдырына байланысты ойының ерекшелігін айқындай түседі.

Айталық, Бұхара қазағының тарихи жолы туралы былай дейді: «Бұл қазақтар мұнан 143 жыл бұрын келіп орныққан. Бірақ Қызылжар, Есіл дария жағынан көшіп келгенін, түбінің қазақ екенін аздап біледі. Бұлардың көбі найман, қаңлы, тама, қыпшақ болады». Әлгі межені есептеп жіберсек, 1781 жыл шығады.

Жоғарыда жалпы Бұхара халқы құрамының бүгінгі ресми деректерде жүрген «қазақсыз» кейпін келтірдік. Бұған байланысты Мырза: «Бұхара республикасының қарамағында 375 мың қазақ бар. Бірақ айтуға ғана болмаса, іс жүзінде барлық Бұхар топырағында жасаған 3 миллион халықтың 8-ден бірі болып сыбағалы еншісін ала алмаған халық» деп жазады.

Мәселені шешу үшін М.Наурызбайұлы Бұхарада қазақ облысын ашып, оған Қазақстан мен Түркістаннан ұлт мамандарын шақырып, білім жүйесі мен билік жүйесін елдік мүддеге сай құрып, дамытуды ұсынады. Осы арқылы Орталық Азиядағы

межелелеудің қиындығы мен күрделілігін меңзейді. Қайраткердің мақалаларында «өзбек болып кеткендерді қазақ қылу» деген бүгінгі оқырманды селт еткізетін ой айтылады. Бұл – 90 жыл бұрынғы шындық...

Мырза бас газет жүзінде бөліскен бір материалында Ауғанстан шекарасына таман отырған қазақтарды большевиктерден қашқан Бұхара әмірі «әскерге бір жегіп» қинағанын, ал кейін «қызылдар» сол үшін олардың бар мал-мүлкін тартып алып қаңғыртқанын жазады.

**Баспасөз мақалаларынан шығатын қорытынды:** а) қайраткер большевиктік өкіметтің әлеуметтік және ұлттық теңдік ұранымен жүргізіп отырған саясатының кереғар жайын көрсеткен; ә) жаңа саяси биліктің жергілікті жерлердегі бұрмалаушылықтарын сипаттаған; б) Ресей отыршылдығы мен әлемдік империализмнің құрбаны болған Бұхараның қилы тағдырын баяндаған; в) қиырдағы қазақ этносының тіршілік үшін күресі, үлкен саясаттың диірменіне түсуі әуезеленеді; г) бүгінгі тілмен айтқанда, диаспораны саяси және рухани басқару, дамыту мәселелері қарастырылады.

Тұтастай алғанда, М.Наурызбайұлының 20-жылдары БАҚ-та жарық көрген материалдары – қайраткер өмір сүрген кезеңнің айнасы, күрделі уақыттағы ұлт тағдырының жылнамасы дей аламыз.

Қайраткер – елдің қамын, ұлттың тағдырын ойлауымен ғана емес, соның жолында күресуімен және нақты істер атқаруымен қайраткер. 1924 жылы 19 тамызда **Ұлттық межелеу комиссиясы** атынан Лукьянов төрағалық еткен отырыс өтеді. Оған Бұхара республикасынан Санджанов, сондағы қазақ бөлімі атынан Наурызбайұлы қатысады (хатшысы – Фокин). Күн тәртібінде – **«Қазақ республикасында тұратын қазақтарға автономиялық облыс бөлу туралы»** (мәселе де өте құйтырқы құрылған. Орысшасы «О выделении автономную область киргиз, живущих в Кирреспублике»). Сұрақ туады: осы арқылы «қазақ Бұхараға көшіп келген» деп тұр ма? Әлде ... одан да нәзік саяси мәселе ме?

Отырыстың мазмұнына келейік. Санджанов айтады: «Бұхарада бар-жоғы 30 мың қазақ тұрады» деп. Наурызбайұлы бұған: «Жоқ, 360 мың қазақ тұрады» деп дау айтады. Лукьянов екеуін тексермек

болып: «Қазақтар Құрылтайға неше делегат жіберуші еді?» деп сұрайды. Санджанов: «5-10 адам ғана» деп азайтып көрсетеді. Наурызбайұлы: «Дұрыс емес, 22 адамға дейін жіберілді» деп нақтылайды. Санджанов: «Өзбек республикасы ішінде қазақ уалаятын құруға қарсы емеспіз» десе, Наурызбайұлы: «**Біз Өзбек республикасы ішінде қазақ автономиялық облысын құруды талап етеміз!**» деп табандап тұрады.

Ақыр соңында отырыс төрағасы Лукьянов Санджанов жағына жығылып, уалаятты (аудан мәртебесінде) қолдап шығады (*Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві, 62 қор, 2-тізім, 109-іс, 73-парақ*).

Бірақ тарихта хатталып қалған осы тайталастың өзі Мырза Наурызбайұлының ұстанымын, беделін, елшілдігін аңғартады.

«Орманды қорғайтын арыстанды орман да қорғайды» деген сөз бар. Бұхара республикасының вице-премьері бұл мемлекет жойылғаннан соң, 1924-1926 жылдары Орынбордағы жұмысшы факультетін (рабфак) бітіреді. Сірә, ол Алаш зиялылары дәріс оқыған Қазақ халыққа білім беру институтының (КИНО) құрылымы болса керек. Бұдан соң Қазақстанға келіп, Арыс аудандық жер бөлімін басқарады. Ресми ғұмырнамасында «1929-1932 жылы Орталық Азия мақта-ирригация институтында оқып, 4-курста түберкүлез болып шығып қалдым. 1932-1935 жылдары Түркістанда агроном, жер бөлімі басшысы қызметін атқардым. 1935 жылы Жер халкомының шешімімен Қырғызстанның Жалалабадына агроном-жоспарлаушы болып ауыстым. 1943-1949 жылдары Қырғыз КСР Мемлекеттік бақылау саласында жауапты қызмет атқардым. 1949-1953 жылдары КСРО Мемлекеттік бақылау органы Қырғызстан тобында II дәрежелі мемлекеттік бақылаушы болдым...» деп жазады. Шымкент мұрағатынан табылған материалдарда «М.Наурызбайұлының 1929-1930 жылдары Мойынқұм және Түлкібас аудандық атқару комитетін басқарып, аяғында партиядан шығарылып, қызметтен алынғаны» көрсетілген. Партиядан шығару ісінде «Бұхарада 1,5 жыл түрмеде отырғаны, қазақ пен қырғыз жайылымдарын үйлестіретін Жайлау комитеті төрағасының орынбасары болып жүріп қарауындағы мәселеге таптық тұрғыдан қарай алмағаны» қылаң береді. Осының өзінде ілгеріде айтқан «өмірбаян құпиясының»

(большевизмге қарсы Орталық Азия бас көтеруімен, Алаш қозғалысымен мүдделес болғаны) астары аңғарылады.

Айталық, 1929 жылы Қазақстаннан Өзбекстанға кету себебін – сол уақытта елде Алаш зиялыларының тұтқындала бастауымен түсіндіруге болады. Ал, 1937 жылы Қырғызстанға кетуін – 1934-1935 жылы айдаудан келіп, шамасына қарай әр жерде жұмыс істей бастаған ұлт тұлғаларының қайта ұсталып, қатаң репрессиялануымен (атылуымен) сәйкестендіре аламыз.

Кейде өте тосын салыстырулар жасауға болады: қайраткер Мырза Наурызбайұлының тағдыры - күштеп жойылған Бұхара халық республикасының тағдырына немесе сұраусыз қалып, кісәпірліктің шеңгеліне ілінген сол өңірдегі қазақ ұлтының тағдырына ұқсайды...

Бұған қарап өткен күннен белгі бар екенін де, белгі жоқ екенін де ұғынасыз.

М.Наурызбайұлы 1953 жылы Оңтүстік Қазақстанға келіп, екі жылдай сол кездегі Киров ауданының Фрунзе кеңшарының директоры болған. Бұл – тәубаға келген кеңестік «жылымықтың» бастапқы шағы еді. Одан соң Ленин аудандық тұтыну кооперациясының басшылығында қызмет еткен. 1963 жылы зейнет демалысына шығып, Шардара қаласына келіп қоныс тепкен. Адам қартайған сайын топыраққа жақындайды (1978 жылы сол жерде қайтқан). Бір кезде Бұхараны мекен еткен Мырзаның ағайындарынан аман қалғандар немесе олардың ұрпағы кейін ашылған аудандар – Шардара мен Жетісайға жиналғанын шамалауға болады.

Қайраткердің аты мен заты осы еңбек авторының «Руханият» кітабында («Білім» баспасы, 1997), «Алаш және әдебиет» монографиясында («Фолиант» баспасы, 2002), Ш.Құрманбайұлы әзірлеп құрастырған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сііезі» (жиын мәтіні, Алматы, 2005), Намазалы Омашев бастаған ғалымдар тобы әзірлеп құрастырған «Жиырмасыншы жылдар журналистикасы. 1-том» («Қазақ энциклопедиясы», 2014), Е.Тілешев пен Д.Қамзабекұлының «Алаш қозғалысы» анықтамалығында («Сардар» баспасы: 1-басылымы – 2008, 2-басылымы – 2014) айтылып, жазылды.

Соңғы жылдары М.Наурызбайұлы ғұмырбаянын зерттеу ісіне елімізге белгілі тұлға, **генерал Ержан Исақұловтың** кіріскенін жақсылыққа балаймыз. Өйткені кезінде лауазымды қызмет атқарған азамат мұрағат деректеріне байланысты ғалымдардың «қолын ұзартты». Ол кісі Шымкент аймақтық мемлекет мұрағатынан біршама тың деректер тапты. Сондай-ақ Қырғызстан мемлекеттік мұрағаты мен Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатына хабарласып, қосымша мәліметтер жинастырып жатқан жайы бар.

Е.Исақұловтың тағы бір елеулі жұмысы - «Қазақ Білімпаздарының тұңғыш сиезі» түпнұсқа жинағын (стенографиялық есеп) мамандарға ұсынып пысықтатып, бүгінгі қолданылымдағы әріпке қайта түсіруге мұрындық болды. Сондықтан 2005 жылғы жинақ пен бұл жинақты өз бетінше даярланған еңбектер деп қабылдаған дұрыс. Ғылымда мұндай балама нұсқалар қатар өмір сүре алады. Осы нұсқаның және бір ерекшелігі – факсимелесімен ұсынылғанында. Сондай-ақ М.Наурызбайұлы туралы мұрағат деректерінің қосымша енгізілуі де бұл мұраның маңызын арттыра түседі.

Ал, Халықаралық Түркі академиясы (**президенті Дархан Қыдырәлі**) бұл тарихи мұраны басып шығаруды өз қолына алды. Бұған негіз де бар. Атап айтсақ, Білімпаздар сиезіне қатысқан тұлғалардың көбі – отандық түркітану саласының басында және әлемдік түркі бірлігі мұратының қатарында тұр. Оның үстіне бұл жиында айтылған сүбелі ойлар 1926 жылы Бакуде өткен Бірінші түркітану сиезінде дамытылып, салаланды. Сондықтан бұл сабақтастықты бүгінгі ықпалдастық аясында жаңаша қарау – Тәуелсіздік пен заман талабы деп білеміз.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**  
*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

## Атаулар көрсеткіші

**1. Арабаев Ишеналы** – (1882-1933) қырғыз ағартушысы, қоғам қайраткері. Қазақ тіліндегі оқулық, еңбектердің авторы. 1924 ж. өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының I съезін ұйымдастырушылардың бірі. 1926 ж. I түркітану съезіне (Баку) қатысты. Ол қырғыз тіліндегі алғашқы газет – «Еркін тооның» («Еркін тау») редакторы, «Манас» эпосының қағазға түсуіне басшылық жасап, «Семетей» жырын жазып алып, алғаш жарыққа шығарды. Кейін қуғынға ұшырап, 1933 ж. түрмеде белгісіз жағдайда қаза тапты.

**2. Байтұрсынов Ахмет** – (1873-1938) қазақ халқының XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

**3. Досмұхамедұлы Халел** – (1883-1939) Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым.

**4. Дулатов Міржақып** – (1885-1935) Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист, XX ғ. бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі.

**5. Жолдыбаев Молдағали** – (1887-1938) қоғам қайраткері, педагог, журналист. 1913-1914 жж. «Айқап» журналында «Қазақтардың қазіргі халі», «Болашақ», «Ауылда», «Құрметті Әлжановқа жауап» мақалалары, 1915 ж. «Қазақ» газетінде «Бала тәрбиесі», «Ғалымның надандықтан жеңілуі» мақалалары жарық көрген. 1917 ж. I Орал облысы қазақ съезін ұйымдастыруға қатысты. Қазақстанның ғылым-білім саласына үлкен еңбек сіңіріп, көптеген мақалалар мен әңгіме-новеллалар жазды, доцент ғылыми атағына ие болды. 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесілді.

**6. Жұбанов Құдайберген Қуанұлы** – (1899-1938) тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры (1932), түркітанушы, педагог. Жұбанов қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары



үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазды. Оның «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының материалдары» (1-том), «Фонетика» (орыс тілінде), «Қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуге кіріспе», «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар», «Буын жігін қалай табуға болады», «Қазақ тілінде біріккен сөздің жазылуы», «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», т.б. іргелі ғылыми жұмыстары қазақ тіл білімін қалыптастыруға қосылған елеулі үлес болды.

**Зәлиев Нұғман** – (1889-1938) алғашқы халық мұғалімдерінің бірі, қоғам қайраткері. «Қазақстан» газетін шығаруға қатысты. 1925-1926 жж. оның басшылығымен Гурьев-Доссор тар табанды теміржолы салынды. Халық ағарту ісіне зор үлес қосты. 1937 ж. репрессияға ұшырады.

**Кенжин Аспандияр** – (1887-1938) қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының, Батыс Алаорданың белсенді мүшелерінің бірі. 1906-1917 жж. Орал губерниясының мектептерінде мұғалім болған. Сол кездегі қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты көптеген мақалалар жазған. 1938 ж. Алматыда репрессияға ұшырап атылды.

**Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы** – (1887-1934) ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы. Ұзақ жылдар ұстаздық еткен. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттеріне әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялады. Бірқатар журналдарда жауапты қызметтер атқарған. «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» әдістемелік кітаптарын шығарған.

**Мырзаұлы Мұхтар** – Алаш қозғалысына қатысушы. Орынбордағы қазақ институтында (КИНО) қызмет атқарған.

**Наурызбайұлы Мырза** – (1910-1978) Бұхара кеңестік халық республикасы (1920-1925) Нәзірлер шорасында (Министрлер кеңесінде) жауапты қызмет атқарған.

**Нұртаза Ералин** – қайраткер, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1919-1924 жылдары Қостанай уездік халық ағарту бөлімінің нұсқаушы-ұйымдастырушысы, азық-түлік комиссарының орынбасары, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, атқару комитетінің жауапты хатшысы болды. 1924 жылдың қыркүйегінен қарашасына дейін Қазақ АКСР-і әділет халық комиссары, 1925-1937 жылдары Орынбордағы өлкелік кеңес партия мектебінің лекторы, Қазақ мемлекеттік сауда конторы уәкілінің орынбасары, Қазақ астық сауда басқармасының басқарушысы, «Ақтөбехимқұрылыс» бастығының орынбасары, Қазақ өлкелік мүгедектер кооперациясы одағы басқармасының төрағасы, Шу ауданы атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1938 жылы ату жазасына кесілген. 1960 жылы қаңтар айында ақталды.

**Омаров Елдес** – (1892-1937) қоғам қайраткері, педагог, публицист. Алашорда үкіметін құруға белсене араласты. Бірінші және екінші жалпықазақ създеріне қатысты. Көптеген мақалалардың авторы. Қазақ тілінде физика, геометрия оқулықтарын жазып, математикалық терминдерді қалыптастыруға зор үлес қосты. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны.

**Саматов Мұхтар** – (1894-1938) Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1914-1916 жж. «Бірлік» атты оқушы жастар одағын ұйымдастыруға қатысты. Азамат соғысы жылдарында дутовшыларға қарсы жасақ ұйымдастырды. Көптеген басшылық қызметтерді атқарды. 1938 ж. репрессия құрбаны болды.

**Төрехұлов Нәзір** – (1892-1937) мемлекет және қоғам қайраткері, публицист. 1932-1936 жж. КСРО-ның Сауд Арабиясындағы өкілетті елшісі.

**Тұрғанбаев Мәннан** – (1886-1937) Алаш қозғалысына қатысушы. 1919 ж. «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы, тұңғыш шығарушы болған. «Пайғамбар заманы», «Тіл құралы», «Есеп», «Этика» т.б. еңбектердің авторы.

**Шонанов Телжан** – (1894-1938) қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы, тілші ғалым. Қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі. Латын әліпбиін енгізуді жақтады. 1924 ж. өткізілген қазақ білімпаздарының тұрғыш съезіне, Қазақ АКСР-і ғылым саласы қызметкерлері съезіне, 1926 ж. Бакуде өткізілген Бүкілодақтық түркологтар съезіне қатысты. Орыс тілінен көптеген әдеби шығармаларды аударған. Ол 1923-1937 жж. аралығында 32 оқулық, кітаб, 72 мақала жазған. 1937 ж. репрессияға ұшырап ату жазасына кесілген.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. – 528 бет.
2. Алаш. Алашорда. Энциклопедиясы / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004.
4. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 бет.
5. Толковый словарь казахского языка. Т.2. – Алма-Ата: Из-во АН КазССР, 1961. – 535 с.
6. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. Құраст.: Ш. Құрманбайұлы. Алматы, 2005. – 144 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
8. Уикипедия. Ашық энциклопедиясы // <https://kk.wikipedia.org>
9. Қамзабекұлы Д. Алаштың Орталық Азиядағы тұлғасы Мырза Наурызбайұлы // <http://etjendi.egemen.kz/?p=52724>
10. Нұртаза Ералин // [http://kk.encyclopedia.pink/nrtaza-eralin\\_13546467.html](http://kk.encyclopedia.pink/nrtaza-eralin_13546467.html)

## Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Мәжіліс қат.....	10
Үйіннің 12-сіндегі кешкі мәжіліс.....	15
Жазу ережелері тақырыпты Елдестің баяндамасы.....	16
Үйіннің 13 күнгі ертеңгі мәжіліс.....	29
Үйіннің 13 күнгі кешкі мәжіліс.....	38
Үйіннің 14 күнгі ертеңгі мәжіліс.....	45
Үйіннің 14 күнгі кешкі мәжіліс.....	49
Үйіннің 15-і, күндізгі мәжіліс.....	55
Әлібби тақырыпты Ақметтің баяндамасы.....	55
Нәзірдің баяндамасы.....	63
Үйіннің 15-і, кешкі мәжіліс.....	67
Үйіннің 16-сы күндізгі мәжіліс.....	69
Әлібби тақырыпты Ақметтің жобасы.....	70
Қазақша пән сөздері тақырыпты Елдестің баяндамасы.....	73
Үйіннің 16-сы кешкі мәжіліс.....	82
Қазақша төрт жылдық баулу мектептерінің пыроғырамы.....	83
Үйіннің 17-сы күндізгі мәжіліс.....	98
Оқу, білім кітаптарын көбейту тақырыпты Мұқтардың баяндамасы.....	100
Үйіннің 18-і күндізгі мәжіліс.....	106
Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі (факсимиле).....	111
Ғылыми қосымша.....	233
<i>Д.Қамзабекұлы. Алаштың Орталық Азиядағы тұлғасы</i>	
Мырза Наурызбайұлы.....	242
Атаулар көрсеткіші.....	264
Пайдаланылған әдебиеттер.....	268

# ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СИЕЗІ

Техникалық редакторы: *Ж.Бәделұлы*  
Беттеуші-дизайнер: *Г.Трусбаева*  
Корректор: *Д.Әбішев*

ISBN 978-601-7793-28-9



Басуға 14.12.2015 қол қойылды . Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 16,8. Пішімі 60х90 1/16. Таралымы 500 дана.

---

«Ғылым баспасы» ЖШС  
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Мостовая көш., 6.  
тел. +7 (7172) 57-49-83, 24-37-79